Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.581’373.21:003.034 (043) Қолжазба құқығында

КОЙБАКОВА АЙЖАН СЪЕЗДОВНА

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялаудың лингвистикалық негіздері

«8D02305 - Шетел филологиясы (шығыс тілдері)»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының кандитаты,
профессор Калибекулы Т.
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Профессор Арвас А.
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР 3
НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....5
КІРІСПЕ.....6
1 ҚЫТАЙ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТАҢБАЛАУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....13
1.1 Қытай ономастикалық атауларының зерттелуі мен лингвистикалық ерекшеліктері.....13
1.2 Қытай ономастикалық атауларын трансформациялаудың теориялық негіздері.....25
1.3 Қытай ономастикалық атауларын кирилл графикасында беру: көпнұсқалылық себептері.....34
1.4 Қытай ономастикалық атауларын кирилл-латын графикасында транслитерациялау мәселелері.....48
Бірінші тарау бойынша қорытынды.....64
2 ҚЫТАЙ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫ ЖӘНЕ ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ: ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛЫҚ СӘЙКЕСТІК.....66
2.1 Қытай тілінің буындық-фонологиялық құрылымы.....66
2.2 Қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйесіне салғастырмалы талдау.....78
2.3 Пиньинь жүйесі мен жетілдірілген әліпби құрамындағы дыбыстар сәйкестігінің тілтанымдық негіздері.....89
Екінші тарау бойынша қорытынды.....109
3 ҚЫТАЙ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫН ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ МОДЕЛІ.....112
3.1 Қытай ономастикалық атауларын шет тілдерінде транскрипциялау: халықаралық тәжірибе.....112
3.2 Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжанның латын графикасына көшу тәжірибесі: лингвистикалық талдау.....125
3.3 Қытай қазақтары қолданған латыннегізді әліпбидің тілтанымдық сипаты.....140
3.4 Латын графикасына негізделген орфографиялық транслитерациялау моделі.....153
Үшінші тарау бойынша қорытынды.....175
ҚОРЫТЫНДЫ.....178
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....181
ҚОСЫМША А 192
ҚОСЫМША Ә 200
ҚОСЫМША Б 202

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Антономасия − жалқы есім мен жалпы есімнің орын алмастыруы арқылы жасалатын стилистикалық тәсіл.

Антропоним − адамның жеке басын анықтау үшін қолданылатын кісі есімдері, фамилиялары, әкесінің аты, лақап аттар, псевдонимдер жиынтығы.

Графема – жазу жүйесіндегі мағынаны немесе дыбысты білдіретін ең кіші таңбалық бірлік. Ол фонеманың жазудағы шартты бейнесі болып табылады.

Графика − белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын жазбаша түрде бейнелейтін таңбалар жүйесі және сол таңбаларды қолдану ережелерінің жиынтығы.

Ғылыми транскрипция − тіл дыбыстарын мүмкіндігінше дәл, жүйелі және халықаралық стандартқа сай арнайы таңбалар арқылы беру тәсілі.

Инициаль (қыт. 声母) − қытай тіл біліміндегі термин, ол буынның бастапқы дауыссыз дыбысын немесе буындық тілдердегі буынның бастапқы дауыссыздар тобын білдіреді.

Ойконим − елді мекендердің атаулары.

Оним − жалқы есімді білдіретін лингвистикалық термин.

Орфографиялық принцип − сөздің қабылданған ережеге сәйкес жазылуы мен қалыптасқан үлгісін анықтайтын көрсеткіш.

Пиньинь (қыт.汉语拼音) – қытай тілінің (путунхуа) дыбыстық жүйесін латын графикасы арқылы таңбалауға арналған ресми транскрипциялық жүйе. Ол қытай иероглифтерінің оқылуын көрсету үшін қолданылады.

Практикалық транскрипция − шетелдік сөздер мен жалқы есімдерді белгілі бір тілдің орфографиялық және фонетикалық заңдылықтарына бейімдеп жазу тәсілі.

Прономинация − жалқы есімді тікелей атамай, оны есімдік арқылы атау немесе алмастыру тәсілі.

Трансформация − бір тілдік бірліктің (дыбыстық, графикалық, морфологиялық немесе семантикалық) басқа тілге ауысу барысында құрылымдық өзгеріске ұшырауы.

Топоним − георграфиялық нысанның аты.

Финаль (қыт. 韵母) − қытай тіліндегі (пиньинь жүйесінде) буынның бастапқы дауыссыздан (инициалдан) кейін келетін соңғы бөлігі.

Экзоним − бір халықтың, жердің немесе географиялық нысанның сол жерде тұратын байырғы халық қолданбайтын, басқа тілдерде қалыптасқан сыртқы атауы.

Эндоним – белгілі бір географиялық нысанның (ел, қала, өзен, тау т.б.) сол нысан орналасқан елдің немесе сол жерде тұратын халықтың өз тілінде қолданылатын түпнұсқа атауы**.**

Хороним − аймақтардың, облыстардың, аудандардың географиялық атаулары.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығы [Мәтін]: 2017 жылғы 26 қазан, №569 // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2021). Қазақ орфографиясының жаңа ережелері. Нұр-Сұлтан. https://qazlat.kz/kz/docs/introduction?utm_source=chatgpt.com

3. 2017, 2018, 2021 ж. бекітілген қазақ әліпбиі нұсқалары

4. «汉语拼音方案» (Hanyu Pinyin Fang'an), 1958 – Қытай атауларын латын графикасында берудің ресми ережесі.

5. GB/T 16159 – 1996 汉语拼音正词法基本规则 **(**The basic rules of Chinese phonetic alphabet orthography) [Мәтін]. – 北京：中国标准出版社，1996. – URL: https://openstd.samr.gov.cn/bzgk/std/newGbInfo?hcno=BA7C7F9EA79D944ADB19FE27A6748A1E

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ISO (International Organization for Standardization) − Халықаралық стандарттау ұйымы

ISO 9:1995 − Кирилл − латын транслитерация стандарты

ICAO (International Civil Aviation Organization) − Халықаралық азаматтық авиация ұйымы

IPA − Халықаралық фонетикалық әліпби

Unicode − әлемдегі барлық жазу жүйелерінің таңбаларын (әріптер, цифрлар, иероглифтер, символдар, эмодзилер т.б.) бірегей кодпен белгілеуге арналған халықаралық стандарт.

UNGEGN (United Nations Group of Experts on Geographical Names)− Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы

БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) − халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған жаһандық ұйым.

ЮНЕСКО − Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысы қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында бірізді таңбалаудың лингвистикалық негіздерін айқындауға арналған. Бүгінгі халықаралық ғылыми-ақпараттық кеңістікте жалқы есімдер жүйесіне жататын антропоним, топоним, ойконимдердің тұрақты жазылымы тек тілдік норма мәселесі емес, мемлекеттік құжат айналымы, картография, медиа және цифрлық іздеу жүйелеріндегі сәйкестендірудің де негізгі шартына айналып отыр. Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың кеңеюі қытай антропонимдері мен топонимдерінің қазақ мәтіндерінде жиі қолданылуына әкелді, ал жазу тәжірибесінде олардың бір атауға бірнеше нұсқада берілуі орныгып келеді. Бұл көпнұсқалылықтың басты себептері ретінде орыс тілі арқылы қалыптасқан транскрипциялық дәстүр, Палладий жүйесінің инерциясы және пиньинге жақындаған жаңа жазылымдардың қатар жүруі көрінеді. Сондықтан қытай жалқы есімдерін қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтары мен жаңа әліпби талаптарына сәйкес ғылыми тұрғыдан жүйелеу, орфографиялық тұрақтылыққа шығару және стандарттаудың тілтанымдық алғышарттарын нақтылау өзекті міндет болып табылады.

Жұмыстың мазмұны үш өзара сабақтас бөлімге құрылған. Бірінші бөлімде қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалаудың теориялық мәселелері қарастырылып, атауларды тілдер арасында берудің принциптері нақтыланады және кирилл графикасындағы көпнұсқалылықтың фонетикалық, орфографиялық, тарихи себептері талданады. Екінші бөлім қытай тілінің буындық-фонологиялық жүйесін және қытай-қазақ дыбыстық сәйкестіктерін салғастыруға негізделіп, пиньинь жүйесі мен қазақ-латын әліпбиі арасындағы транслитерациялық үйлесімнің тілтанымдық негізін дәлелдеуге бағытталады. Үшінші бөлімде халықаралық тәжірибе ескеріліп, қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында бірізді берудің орфографиялық транслитерациялау моделі ұсынылады және оны жүзеге асыратын қағидалар жүйесі тұжырымдалады. Осы құрылым зерттеудің теориялық қорытындысын қолданбалы шешімге жеткізіп, қытай атауларын қазақ жазуында тұрақтандыруға, ономастикалық сөздік пен дерекқорларды толықтыруға, сондай-ақ цифрлық тілдік жүйелер үшін сенімді стандарт ұсынуға қызмет етеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі бүгінгі ұлттық жаңғыру, цифрландыру және ғылыми-инновациялық даму басымдықтарымен тікелей сабақтасып, қазақ ономастикасының жаңа графикалық жүйедегі нормативтік әрі қолданбалы міндеттерін айқындауды талап етеді. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» және «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобалары, сондай-ақ «Ұлы Дала Елі» идеясы ұлттық бірегейлікті нығайту, мәдени кодты сақтау және оны цифрлық кеңістікте орнықтыру міндеттерін алға қояды. Осы міндеттер аясында жалқы атауларды дұрыс беру, біріздендіру және стандарттау ұлттық жадының тілдік репрезентациясын қамтамасыз ететін маңызды тетікке айналады. Сонымен қатар жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға

арналған тұжырымдамасы қолданбалы зерттеулердің нәтижесін практикаға енгізуді, дерекке сүйенген стандарттар мен ғылыми негізделген ұсынымдарды қалыптастыруды басым бағыт ретінде белгілейді.

Зерттеудің өзектілігін, *біріншіден*, қазақ жазуын латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшіру үдерісі күшейтеді. Жаңа графика ұлттық орфографиялық жүйені жаңғыртумен бірге шеттілдік жалқы атауларды, соның ішінде қытай ономастикалық атауларын беру қағидаларын қайта қарастыру қажеттігін туындатады. Бұған дейін қалыптасқан жазу тәжірибесі көбіне орыс тілі арқылы орныққан транскрипциялық дәстүрге сүйенгенімен, латыннегізді жазу жағдайында дыбысты таңбалау ұстанымдары өзгереді. Мұнда мақсат жалаң «әр дыбысты бір әріппен беру» емес, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай, оқылымы мен танылуы тұрақты, ғылыми тұрғыдан дәл әрі бірізді графикалық үлгіні қалыптастыру болып табылады.

Екіншіден, қазіргі қазақ тіліндегі БАҚ, оқу әдебиеттері және аударма мәтіндерінде қытай ономастикалық атауларының бірнеше орфографиялық нұсқада қатар қолданылуы тұрақты норманың толық орнықпағанын көрсетеді. Мұндай көпнұсқалылық мәтінді қабылдауды қиындатып қана қоймай, цифрлық дерекқорларда, ақпараттық іздеу жүйелерінде, ресми құжат айналымында және деректерді сәйкестендіру үдерістерінде нақты кедергілер туғызады. Осы тұрғыдан алғанда ономастикалық атауларды біріздендіру мен стандарттау тілдік норма деңгейінен асып, ұлттық ақпараттық инфрақұрылымның тиімді жұмыс істеуіне тікелей әсер ететін фактор ретінде көрінеді.

Үшіншіден, қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық құрылымы, жазу принциптері мен ономастикалық жүйелері типологиялық тұрғыдан едәуір алшақ. Қытай тілінің буындық ұйымдасуы, тондық жүйесі, иероглифтік жазуы және пиньинь транскрипциясы атауларды алфавиттік принципке негізделген, агглютинативті қазақ тіліне бейімдеуде фонологиялық әрі графемалық қиындықтар тудырады. Бұған қоса қытай атауларын латын графикасында беруге арналған арнайы зерттеулердің саны шектеулі, ал кирилл негізіндегі тәжірибенің өзі толық жүйеленіп, нормативтік тұрғыдан бір ізге түсті деуге келмейді. Сондықтан қытай ономастикалық атауларын латын графикасында транслитерациялаудың лингвистикалық негіздерін айқындау ономастика, орфография және қолданбалы лингвистика тоғысындағы өзекті ғылыми бағыт болып табылады, әрі ол халықаралық қолданысқа жақындау, дыбыстық бұрмалануды азайту, цифрлық ортада енгізу мен іздеуді жеңілдету арқылы қазақ тілінің ғылыми-ақпараттық кеңістіктегі орнығуын күшейтуге қызмет етеді.

Зерттеудің нысаны. Қытай ономастикалық атаулары, транлитерация, транскрипция.

Зерттеу пәні. Қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде транскрипциялау және транслитерациялау процесінде қолданылатын фонетикалық, графикалық және орфографиялық заңдылықтар мен принциптер.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйелерін салғастырмалы талдау негізінде қытай ономастикалық атауларын латын графикасында бірізді беруге мүмкіндік беретін ғылыми

негізделген, практикалық қолдануға жарамды транслитерациялық модель әзірлеу.

Алға қойған мақсатты орындау мынадай нақты **міндеттер** белгіленді:

− ономастикалық атаулардың лингвистикалық табиғатын айқындап, қытай жалқы есімдерінің семантикалық, құрылымдық және функционалдық белгілерін ономастика теориясы тұрғысынан сипаттау;

− қытай ономастикалық атауларын бір тілден екінші тілге берудің теориялық негіздерін жүйелеп, транскрипция мен транслитерацияның ғылыми принциптерін және олардың қолданылу шектерін нақтылау;

− қытай ономастикалық атауларын кирилл графикасында беру тәжірибесін талдап, жазылымдағы көпнұсқалылықтың фонетикалық, орфографиялық және тарихи себептерін анықтау;

− қытай тілінің буындық-фонологиялық жүйесін сипаттап, инициальдар мен финалдар құрылымының транскрипция және транслитерация үдерістеріне әсерін дәлелді түрде көрсету;

− қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйелерін салыстырып, дыбыстық сәйкестіктер мен алшақтықтарды айқындау арқылы қытай жалқы есімдерін қазақ тіліне транслитерациялаудың фонетикалық алғышарттарын негіздеу;

− қытай ономастикалық атауларын латын графикасында бірізді беруге арналған ғылыми негізделген орфографиялық транслитерация моделін әзірлеп, оны жүзеге асыратын қағидалар жүйесін ұсыну.

Зерттеудің дереккөздері. Қазақстандық https://akorda.kz/, https://kaz.inform.kz/, https://aikyn.kz/ электронды БАҚ құралдарындағы қытай ономастикалық атаулары, анықтамалықтар: Т. Қалибекұлының «Қытайдағы қазақтар қоныстанған елді мекен атауларының анықтамалығы» (2024), «Қазақ тілінің жаңа латын графикалы ұлттық әліпбиі бойынша орфографиялаудың ғылыми-теориялық негіздері. Орфографиялық проспект», «Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығы» (2020), онлайн энциклопедиялық дереккөз https://www.wikipedia.org/, Т.Қалибекұлы мен М.Сабированың «Қытайша-қазақша ономастикалық атаулар сөздігі» (2025), пиньинь транскрипциялық жүйесі зерттеу материалдарының дереккөздері ретінде пайдаланылды. Зерттеу барысында 200 топоним, 120-дан астам антропоним жиналды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері.

− ономастиканың жалпы теориясы мен ономастикалық жүйенің құрылымын, жалқы есімдердің қызметі мен типологиясын негіздейтін қағидалар отандық ономастика мектебіндегі Ә.Қайдар, Т.Жанұзақ, Б.Бияров, А.Жартыбаев, Қ.Рысберген, Е.Қойшыбаев, А.Әбдрахманов, А.Нұрмағамбетов, Г.Мәдиева, С. Иманбердиева, Н.Рсалиева еңбектеріне, сондай-ақ орыс және батыс ономастикасындағы А.В.Суперанская, В.Д.Бондалетов, В.А.Никонов, Э.М.Мурзаев, А.К.Матвеев, Н.В.Подольская, Д.И.Ермолович, Р.Коутс, В.Ван Лангэндонк, Джон Стюарт Милль тұжырымдарына сүйенді.

– қытай тіл біліміндегі жалқы есімдер жүйесін, ономастикалық бірліктердің мәнін түсіндіру, жіктеу, нормалау және стандарттау бағыттарын сипаттайтын зерттеулер Ма Цзянжун, Ли Цзиньси, Янь Боцзюн, Ван Ли, Лю Шусин, У Цзувэн, Чэн Зянминь, Цао Чанюань, Ян Личжун, Чжун Анни, Чжоу Шуцзюнь, Ши Фу, Лю Чанфэнь еңбектері арқылы негізделді. Жалқы есімдердің норма мен стандарттау мәселелерін тіл саясатына жақын арнада қарастырған Лу Чзюньда мен Ван Ниннің ұстанымдары;

– қытай және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін салғастыру, дыбыстарды таңбалау және латын графикасында орфографиялық шешім ұсыну үшін қытай тілі фонетикасы саласындағы Т. Қалибекұлы, Д. Мәсімханұлы, қазақ тілінің фонетика-фонология саласындағы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ә.Жүнісбек, С.Мырзабеков, және өзге зерттеушілердің еңбектеріндегі фонема, артикуляция, үндесім, орфоэпия жөніндегі қағидалар басшылыққа алынды. Қазақстанда ономастикалық атауларды кирилл және латын графикасында таңбалау, біріздендіру және стандарттау мәселелерін көтерген Н.Уәли, Ә.Жүнісбек, Қ.Рысберген, А.Базарбаева, А.Фазылжан, Қ.Күдеринова, Ж.Жұмабаева, Н.Әміржанова, Б. Қалиұлы, Т.Қалибекұлы, Қ.Ғабитханұлы еңбектері қытай атауларын латыннегізді графикада беру тәжірибесін жүйелеуде басшылыққа алынды.

– жазу реформасы, латыннегізді әліпби, емле және орфография теориясына қатысты отандық еңбектер де зерттеудің әдіснамалық негізін толықтырды. Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің теориялық мәселелерін талдаған Н.Уәли, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Е.Қажыбек, А.Алдаш, Б.Момынова, Қ.Қалыбаева, А.Салқынбай, Б.Қапалбек, Ш.Жалмаханов, О.Жұбай, Қ.Күдеринова, А.Фазылжан, Н.Әміржанова, Е.Маралбек және т.б. тұжырымдары;

– транскрипция мен транслитерация мәселелерін құрылымдық лингвистика және таңба теориясы деңгейінде пайымдаған Р.О.Якобсон, Б.А.Успенский, фонетикалық жүйелердің типологиялық сипаттарына сүйенген Л.В.Щерба, Л.Р.Зиндер, графикалық жүйелердің өзара сәйкестігі мен орфографиялық стандарттау мәселелерін қарастырған А.М.Сухотин, Н.Ф.Яковлев, сондай-ақ практикалық транслитерация қағидаттарын талдаған С.А.Бондарук, С.А.Тюрин, Х.Зикмунд, С.В.Колесник еңбектері жалқы есімдерді тілдер арасында берудің принциптерін нақтылауда басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде қытай ономастикалық атауларын латын графикасында берудің лингвистикалық негізін айқындау үшін сипаттамалы-талдау әдісі қолданылып, антропоним, топоним, эргоним, идеоним, хороним үлгілері жүйеленді. Қытай тілінің инициаль-финал жүйесінің ерекшелігін және оның қазақша таңбалануға ықпалын анықтау мақсатында фонологиялық талдау жүргізілді. Екі тілдің дыбыстық жүйесіндегі сәйкестік пен алшақтықтарды нақтылау үшін салғастырмалы-лингвистикалық әдіс пайдаланылды. Пиньинь мен латын графикасы арасындағы таңбалау шешімдерін ұсыну үшін графемалық сәйкестік талдауы және орфографиялық модельдеу әдістері арқылы баламалар салыстырылып, ең ұтымды нұсқалар іріктелді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

− қытай жалқы есімдерінің семантикалық, құрылымдық және функционалдық белгілері ономастика теориясы негізінде жүйеленіп, қазақ тіліндегі сипаттау өлшемдері нақтыланды. Бұл қытай экзонимдерін қазақ ономастикалық кеңістігіне енгізудің теориялық критерийлерін айқындады.

− қытай атауларын тілдер арасында беруге қатысты транскрипция мен транслитерацияның ғылыми принциптері және қолданылу шектері нақты жүйеленді. Соның негізінде жетілдірілген латын әліпбиіне сүйенетін тілге тәуелді транслитерациялау ұстанымы дәлелденді.

− кирилл графикасындағы қытай ономастикалық атауларының көпнұсқалылығы кешенді талданып, оның фонетикалық, орфографиялық және тарихи себептері айқындалды. Бұл құбылыстың орыс тілі арқылы ену арналары мен графемалық ықпалға тәуелді екені негізделді.

− қытай тілінің буындық-фонологиялық жүйесі транслитерация міндетімен байланыстырылып, инициальдар мен финалдардың латын графикасында берілу мүмкіндіктері сипатталды. Дәл таңбалауда қиындық туғызатын проблемалық дыбыс қатарларының тізімі анықталды.

− қытай және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйелері салғастырылып, транслитерациялаудың тілтанымдық негіздері анықталды. Нәтижесінде *j, q, x, zh, ch, sh* және бірқатар финалдар үшін қазақша графемалық шешім ұсынуға негіз берді.

− қытай ономастикалық атауларын латын графикасында бірізді таңбалауға арналған орфографиялық транслитерация моделі мен қағидалар жүйесі әзірленді. Модель қазақ фонологиясын және халықаралық сәйкестендіру талабын қатар сақтайтын компромистік графемалық амалдарды негіздеді.

Зерттеудің теориялық маңызы. Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында берудің тілтанымдық негізін ономастика мен фонология тоғысында жүйелі түрде дәлелдеуімен айқындалады. Диссертациялық жұмыс қытай жалқы есімдерінің буындық-фонологиялық құрылымы мен қазақ тілінің фонемалық-орфографиялық жүйесінің түйісу механизмдерін нақтылап, тілдер арасындағы атау трансформациясының теориялық моделін ұсынады. Отандық ономастика үшін шеттілдік экзонимдерді ұлттық ономастикалық кеңістікке енгізудің типологиялық және нормалық өлшемдерін айқындап, стандарттаудың ғылыми уәжін күшейтеді. Қазақ орфографиясы тұрғысынан зерттеу кірме жалқы есімдерді таңбалауда фонологиялық сәйкестік пен графемалық тұрақтылықтың арақатынасын теориялық деңгейде нақтылайды. Қытайтану бағыты үшін қытай антропонимдері мен топонимдерінің дыбысталуы мен жазылымын қазақ тілдік қабылдауға бейімдеп сипаттау арқылы қазақша қытай ономастикасын жүйелеудің теориялық негізін қалыптастырады.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеудің практикалық маңызы қытай ономастикалық атауларын латын графикасында бірізді таңбалауға арналған транслитерациялық модель мен орфографиялық қағидалар жүйесін ұсынуымен айқындалады. Ұсынылған шешімдер мемлекеттік құжат айналымында, картографияда, білім беру мен медиамәтіндерде қытай жалқы есімдерін тұрақты қолдануға және көпнұсқалылықты азайтады. Зерттеу

нәтижелері қазақ-қытай ономастикалық сөздігін және тақырыптық ономастикалық анықтамалықтарды әзірлеуде дереккөздік әрі нормативтік негіз ретінде пайдалануға жарамды. Жинақталған атаулар мен дәлелденген жазылым үлгілері Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы ономастикалық ішкорпусты толықтыруға, сондай-ақ цифрлық дерекқорларда іздеу мен сәйкестендіруді жеңілдетуге қызмет етеді. Зерттеу материалдары ұлттық үлгідегі үлкен тілдік модельдерге, соның ішінде QazLLM үшін ономастикалық дерекқорын толықтырып, жалқы есімдерді дұрыс тану мен генерациялаудың сапасын арттыруға қолданылады.

Зерттеудің ауқымы мен болашағы. Қытай ономастикалық атауларын бірер ғылыми жұмыстың аясында толық қамту мүмкін емес. Сол себепті жиналған тілдік бірліктер болашақта қытай ономастикалық атауларының сөздігін жасауға негіз болады. Жұмысқа енбей қалған тілдік деректердің мазмұны мен материалдық аясы ұлғайтылады. Сонымен қатар қытай ономастикалық атауларын латыннегізді әліпбиде жүйелі әрі дұрыс конвертациялау үшін қазақтілді ЖИ жүйелеріне негізделген AI-әзірлеме жасалады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

− қытай ономастикалық атауларының иероглифтік-буындық әрі морфемалық бейтарап құрылымы қазақ тілінің фонемалық және агглютинативтік табиғатымен типологиялық тұрғыдан толық қабыса бермейді. Соған қарамастан қытай буындық ұйымдасуын сақтап, қазақ тіліндегі дыбыстық сәйкестік заңдылықтарын жүйелеу арқылы қазақ-латын графикасында ғылыми негізделген транслитерациялық модель құруға болады.

− қытай жалқы есімдерін латын графикасында таңбалау пиньинге механикалық тәуелді болмауы тиіс, өйткені нормативтік нәтиже қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтары мен орфографиялық ішкі логикасына сәйкес келуімен өлшенеді. Осыған сай транскрипция мен транслитерацияның қағидалары нақтыланып, қытай атауларын берудің тілге тәуелді моделі негізделді.

− қазақ мәтіндік тәжірибесі қытай ономастикалық атауларының бірнеше параллель жазылым нұсқаларының тұрақты қатар қолданылатынын көрсетті. Бұл көпнұсқалылықтың фонетикалық, орфографиялық және тарихи себептерін айқындап, бірізді транслитерация жүйесін ғылыми тұрғыдан стандарттаудың қажеттігін дәлелдейді.

− ономастикалық атауларды бір ғана әмбебап принциппен беру антропоним, топоним, эргоним, идеоним және хоронимдер құрамындағы семантикалық әрі мәдени ақпараттың бір бөлігін көмескілендіреді. Сондықтан атау топтарының функциясы мен қолданыс табиғатына сай дифференциалды стратегия қажет екені негізделіп, антропонимдерге толық транслитерация, топонимдерге шектеулі калькалау элементтері, ұйым мен шығарма атауларына және хоронимдерге гибридті тәсілдің тиімділігі айқындалды.

− қазақ латын графикасының мүмкіндіктері пиньинь жүйесіндегі негізгі фонемаларды жеткізуге жалпы жеткілікті, бірақ *j/q/x және zh/ch* типтес қатарлар

мен *i, e* финалдарын дәл таңбалау арнайы орфографиялық шешімдерді талап етеді. Осы дыбыстар үшін қазақ фонетикасына үйлесетін әрі халықаралық сәйкестендіруді сақтайтын компромистік графемалық амалдар ұсынылды.

− қытай ономастикалық атауларын транслитерациялау тек тілдік мәселе емес, тіл саясаты, білім беру, картография және цифрлық сәйкестендіру талаптарымен сабақтас әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс ретінде сипатталады. Сондықтан ономастикалық стандарттау ұсыным деңгейінде қалып қоймай, институционалдық тұрғыдан бекітіліп, қолданымға енгізілуі тиіс.

Жарияланымдар туралы мәлімет. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда ғылыми мақала ретінде жарық көрді. Олардың саны – 7.

Scopus базасында:

1. The issue of writing Chinese onomastic names in the Kazakh-Cyrillic and Kazakh-Latin scripts // Global Chinese. – 2025. -№ 11(1). Pp. 109-127 https://doi.org/10.1515/glochi-2024-0029

2. On Toponyms Belonging to Certain Turkic Languages in China's Xinjiang Region // Folklor Edebiyat Open source preview. – 2025. № 31(123). Pp. 741-756 https://doi.org/10.22559/folklor.3816

БҒСҚК тізімінде:

3. Қытай онимдерін қазақ-латын графикасында трансформациялау мәселесі // // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы». − 2022. − №2 (65). − 83-100 бб. https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.007

4. Қытай және қазақ тіліндегі топонимдік атаулардың лексика-семантикалық топтастырылуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – 153-162 бб. https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.12

5. Қытай экзонимдік атауларын қазақ-латын графикасында транскрипциялаудағы фонетикалық мәселелер // Tiltanym. – 2024. – № 1 (93). – 177-188 бб. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-177-188

Халықаралық конференция жинағында:

6. Қытай иероглифтерін транскрипциялау мәселелері // Қазақстан және шетелдегі қытайтану ғылымы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 17 ақпан, 2023 жыл. − 44-48 бб.

7. Cultural semantics of chinese anthroponyms // Узбекистан-Китай: развитие исторических, культурных, научных и экономических отношений. Материалы международной научно-практической конференции. Ташкент, 18 ноября, 2023 г. - 104-110 с.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы 3 бөлімнен, кіріспе мен қорытындыдан, 10 кесте, 4 сурет, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен 3 қосымшадан тұрады.

1 ҚЫТАЙ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТАҢБАЛАУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Қытай ономастикалық атауларының зерттелуі мен лингвистикалық ерекшеліктері

Қазіргі тіл білімінде ономастика жалқы есімдерді (онимдерді) және олардың қалыптасу тарихын, даму мен өзгеру үдерістерін, лексикалық құрамын, морфологиялық құрылымын, семантикасы мен этимологиясын зерттейтін дербес ғылыми сала ретінде орныққан. «Ономастика» атауы көне грек тіліндегі *onomastikē* («ат қою өнері») сөзінен тарайды және жалқы есімдерді зерттеуге бағытталған тіл білімінің саласын білдіреді.

Ономастика теориясының қалыптасуында әртүрлі ғылыми мектептердің еңбегі айрықша. Орыс ономастика мектебінде негізгі термин ретінде «оним» алынса, ал оның лингвистикалық мәртебесі мен қызметін жүйелі сипаттаған іргелі тұжырымдардың бірі А. В. Суперанская еңбектерінде беріледі. Ғалым жалқы есімдерді тілдің ерекше семиотикалық бірліктері ретінде қарастырып, олардың номинативтік және референттік қызметін айқындайды. Ол жалқы есімнің басты міндеті – белгілі бір объектіні даралап атау, сондықтан ол жалпы есімдер сияқты жалпылаушы мағынаға емес, нақты референтке бағытталған атау ретінде қызмет етеді деп санайды.

Осы ұстаныммен сабақтас түрде Суперанская онимнің үш негізгі ерекшелігін көрсетеді: оним класқа емес, жеке нысанға телінеді; иеленуші нысан әрдайым нақты айқындалған әрі шектелген болады; жалқы есім тілдік деңгейде ұғыммен тікелей байланыспайды [1, 32-33 бб.]. Онимнің өзегі ретінде нақты референтпен тұрақты байланысы аталса, ал «ұғымдық мазмұн» оним үшін міндетті белгі емес. Бұл қағида жалқы есімдердің семантикалық табиғатын және оларды өзге тілдік бірліктерден ажыратудың теориялық өлшемдерін көрсетеді.

Ғалым В. А. Никонов есімдердің әлеуметтік сипатына баса назар аударады. Ол жалқы есімдерді тілдің ерекше жүйесі санап, онда жалпы тілдік заңдар өзіндік ерекшеліктері бар деп есептейді. Есім адамды қоғамның белгілі бір тобымен байланыстыратын әлеуметтік құрал қызметін атқарады дейді [2, 155 б.].

Ю. А. Карпенко онимдердің қызметін «дифференциалды» (бөлуші) деп атайды, себебі олар біртекті нысандарды бір-бірінен ажырату үшін қолданылады [3, 14 б.].

А. Реформатский жалқы және жалпы есімдердің функционалдық айырмашылығына мән береді. Оның пікірінше, жалқы есімдер ең алдымен номинативті (атау) қызмет атқарады, ал жалпы есімдер семасиологиялық қызмет атқарып, зат туралы ұғымды білдіреді [4, 168 б.].

Батысеуропалық ғылыми дәстүрде ономастика, ең алдымен, жалқы есімдердің теориялық негізін, уәжді этимологиясын және семантикалық ұйымдасуын сипаттауға бағытталды. Бұл арнада антропоним мен топонимді жеке жүйе ретінде қарастырып, атаулардың тарихи-әлеуметтік қабатын талдаған классикалық еңбектер маңызды орын алады. Неміс зерттеулерінде есімдердің

шығу төркіні мен қоғамдағы қызметі қатар түсіндірілсе [5, 94-б.], француз ономастикасында жер-су атауларының тарихи қабаттарын, тілдік өзгеріс пен этномәдени факторлардың ықпалын айқындайтын бағыт орнықты [6, 66 б.].

Батыс лингвистикасында жалқы есімнің «мағынасы» туралы мәселе логика-философиялық деңгейде қарастырылған. Кейбір бағыттарда жалқы есімдер көбіне нақты нысанды даралайтын белгі ретінде танылыпғ олардың ұғымдық мазмұны шектеулі деп қарастырылды [7, 31 б.]. Екінші бір бағытта «мән» мен «мағына» арақатынасы ажыратылып, жалқы есімнің ақпараттық әлеуеті дискурстық тану мен референция механизмі арқылы айқындалатыны көрсетілді [8, 27 б.]. Референция теориясы аясында жалқы есімдердің семантикалық табиғатын арнайы қарастырған зерттеушілердің бірі - Нирит Кэдмон. Ғалым жалқы есімдердің мағынасы олардың ішкі лексикалық мазмұнымен ғана шектелмей, нақты коммуникациялық жағдаятта жүзеге асатын референциялық акт арқылы айқындалатынын атап көрсетеді. [9, 135 б.].

Қазақ тіл білімінде ономастика жалқы есімдердің табиғатын тілдің номинациялық жүйесімен, тарихи-мәдени жадпен және әлеуметтік коммуникациямен сабақтастыра қарастыратын дербес зерттеу өрісіне айналды.

Бұл бағыттағы жұмыстардың өзегінде бірнеше ірі аспект тоғысты: біріншісі – ономастикалық атаулардың лексика-семантикалық сипаты мен уәжділігі, яғни атаудың нысанмен байланысын түсіндіретін мағыналық негіз; екіншісі – тарихи-диахрондық қыр, атаулардың қалыптасу кезеңдері мен тілдік қабаттар арқылы сақталу жолдары; үшіншісі – құрылымдық-морфологиялық талдау, антропоним, топоним сияқты топтардың модельдері мен сөзжасамдық типтері; төртіншісі – нормалау және қолданым, ресми жазылым, орфографиялық біріздендіру, картографиялық және құжаттық кеңістіктегі тұрақтандыру мәселелері. Осы төрт арна жалқы есімдерді «жай атау» деңгейінде емес, тілдік жүйенің өзіндік заңдылығы бар қабаты ретінде сипаттап, әрі ономастиканы фонетика, орфография, лексикография және тіл саясаты сияқты салалармен ұштастырады.

Қазақстанда ономастика мәселелері XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ұлттық тіл тарихын, этномәдени кодты және атаулар жүйесінің құрылымдық сипатын бір арнада қарастыратын дербес ғылыми бағыт ретінде орнықты. Бұл үдерісте қазақ антропонимиясы мен топонимиясын тарихи дерек пен тілдік норма тұрғысынан сабақтастыра зерттеу күшейіп, жалқы есімдердің семантикалық уәжі, қызметі, жасалу үлгілері мен қолданыс тұрақтылығы негізгі нысанға айналды. Т.Жанұзақов еңбектері қазақ антропонимиясын кезеңдеу, есімдердің мағыналық топтарын айқындау, уәждік негізін көрсету арқылы бұл саланың теориялық қаңқасын қалыптастырды.

Антропонимиялық зерттеулерде ғалым Т.Жанұзақов қазақ есімдерінің ғасырлар бойғы дамуын тарихи-әлеуметтік факторлармен байланыстыра отырып, есімдерді жан-жануар, аспан денелері, ырым-тыйым, тілек-арнау сияқты өрістерге жіктеу арқылы антропонимдердің мәдени-танымдық мазмұнын дәлелді түрде ашты. Осы бағыт жалқы есімдердің «атау» қызметімен қатар,

этностың дүниетанымдық репертуарын сақтайтын семантикалық қор екенін көрсететін әдіснамалық ұстанымға айналды [10].

Этнолингвистикалық бағытта академик Ә.Қайдар жалқы атауларды халықтың дүниетанымымен, тұрмыс-салт тәжірибесімен және мәдени жадымен сабақтастыра қарастырып, атаулар жүйесін этностың өзін-өзі таныту тетігі ретінде түсіндіреді. Ғалымның этнолингвистикалық сөздік-еңбектерінде «Адам-Қоғам-Табиғат» өрістері арқылы мәдени бірліктердің тілдегі бейнесі жүйеленіп, атаулардың уәжділігі мен мәдени семантикасын талдауға деректік негіз ұсынылады [11, 163 б.]. Мұндай ұстаным ономастиканы тек номинация нәтижесі емес, мәдени ақпаратты жинақтайтын семиотикалық жүйе ретінде пайымдай аламыз.

Топонимиялық бағытта Е.Қойшыбаев жер-су атауларын тарихи қабаттар мен аймақтық деректерге сүйене отырып сипаттап, топонимдердің этимологиясын, уәжін және географиялық таралуын нақтылауға ден қойды. Оның сөздік және зерттеу еңбектері топонимиялық материалды бір жағынан тарихи дерек, екінші жағынан нормативтік қолданысқа қызмет ететін тілдік қор ретінде қарастыруға жол ашты [12, 13 б.].

Елімізде адамдардың аты-жөндерін және жер-су атауларын жазуда қазақ әдеби тілінің нормасы мен емле ережелері басшылыққа алынады. Қазақ тілінің емлесі жайлы көптеген қазақ ғалымдары сөз қозғаған, солардың бірі академик Р.Сыздық былай дейді: «Қазақ емлесі мен сөзді дұрыс дыбыстауға қатысты күні бүгінге дейін орын алып келген қиындықтардың түптөркіні 1929 жылы араб жазуынан латынға, 1940 жылы латыннан криллицаға көшкен кезде әрі қауырттықтан «екі сәттің де саясат тоқпағынан «от ала келгендей» тездікпен орындалғанын білеміз), әрі сол кезде тіл, жазу, сөзді дұрыс айту мәдениеті дегендердің ғылыми танымдары қалыптаса қоймағандығынан туған жайттарда жатқанын айту керек. Тіпті бұл күндердің өзінде өзінде тіл мәдениетінің өзекті проблемасы норма дегеннің теориялық негіздері түгел қаланып, практикалық шешімдері түгел жүзеге асып болған дей алмаймыз» [13, 49 б.].

Жалқы есімдердің жазылуы мен нормасын тұрақтандыру мәселесінде белгілі ғалым Н.Уәли зерттеулері тіл мәдениеті, орфографиялық дәстүр және қолданыс уәжі сияқты өлшемдерді қатар ұстанудың ғылыми негізін көрсетеді. Бұл еңбекте ономастикалық атаулардың дұрыс жазылуы ғана емес, мәтіндік дәстүр, стильдік орындылық және коммуникациялық түсініктілік сияқты прагматикалық факторлар да маңызды екені айқындалып, ономастикалық стандарттау жұмыстарының лингвистикалық әрі әлеуметтік қырлары нақтыланады [14, 28 б.].

Ғалым Б. Бияров қазақ ономастикасы мен топонимикасының теориялық-әдіснамалық негіздерін тереңдете зерттеген ғалымдардың бірі ретінде жалқы есімдер жүйесін, әсіресе жер-су атауларының сөзжасамдық табиғатын арнайы қарастырды. Оның еңбектерінде қазақ топонимдерінің жасалу тетіктері туынды, күрделі, тіркесті және көпқұрамды модельдер арқылы сараланып, атаулардың құрылымдық үлгілері уәжділік, семантикалық өріс, тарихи қабат және этномәдени мазмұн тұрғысынан жүйеленеді. Ғалым топонимді тек географиялық

нысанның таңбасы ретінде емес, ұлттық жадыны, кеңістікке қатысты танымды, тарихи-мәдени ақпаратты сақтайтын тілдік бірлік ретінде қарастырады [15, 82 б.].

Зерттеуші Б. Тілеубердиев қазақ ономастикасының, соның ішінде антропонимия мен аймақтық топонимияның лингвокогнитивтік және этнолингвистикалық қырларын зерттеуге елеулі үлес қосты. Оның еңбектерінде жалқы есімдердің қалыптасуы тек номинациялық акт ретінде емес, халықтың танымдық тәжірибесімен, аймақтық тілдік ерекшеліктермен, тарихи жадпен және мәдени кодпен сабақтас құбылыс ретінде пайымдалады. Әсіресе Оңтүстік Қазақстан топонимиясына қатысты зерттеулерінде өңірлік атаулардың пайда болу арналары, диалектілік белгілері, этномәдени негіздері мен уәждік қабаттары ашылып, атаулардың жергілікті тілдік ортадағы қызметі сипатталады. Соның нәтижесінде ғалым қазақ ономастикалық кеңістігін когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және аймақтық тілтану тоғысында қарастыруға жол ашып, есімтану материалын тілдік дерек қана емес, ұлттық дүниетанымды танытатын кешенді таңбалық жүйе ретінде танытты [16, 17 б.].

Ғалым Ә. Әбдірахманов қазақ топонимикасының ғылыми негізін қалыптастырған, осы саланың теориялық-әдіснамалық арнасын орнықтырған көрнекті зерттеушілердің бірі саналады. Оның *«Топонимика және этнонимика»* атты еңбегі қазақ ономастикасындағы, әсіресе топонимия мәселелерін жүйелі түрде қарастырған іргелі зерттеулердің қатарынан орын алады. Ғалым бұл еңбегінде жер-су атауларын тілдік құрылымы, мағыналық сипаты және тарихи төркіні тұрғысынан саралап, топонимдердің қалыптасу арналары мен ұлттық-мәдени негіздерін ғылыми тұрғыдан дәйектеді [17, 29 б.].

Ғ. Қоңқашбаев та қазақ топонимикасының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Ол қазақ жер-су атауларының құрамындағы географиялық терминдерді арнайы зерттеп, олардың ғылыми сипаттамасын жасауға алғашқылардың бірі болып ден қойды. Ғалымның *«Словарь казахских географических названий»* атты еңбегі қазақ топонимдеріндегі жер бедері, табиғи орта, ландшафт ерекшеліктеріне қатысты атаулардың мағынасын, қолданыс аясын және танымдық негізін айқындаған құнды зерттеу болып табылады [18, 65 б.].

Ғалым Қ. Рысберген қазіргі қазақ ономастикасының теориялық мәселелерін жүйелі түрде қарастырып жүрген жетекші ғалымдардың бірі ретінде ұлттық ономастикалық кеңістіктің танымдық, семантикалық және этномәдени негіздерін арнайы зерттеді. Оның *«Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері»* атты монографиясында жалқы есімдер жүйесі тілдік таңба ғана емес, ұлттың тарихи жадын, дүниетанымын, мәдени тәжірибесін жинақтайтын когнитивтік құрылым ретінде пайымдалып, ономастикалық бірліктердің мағыналық уәжділігі, концептуалдық мазмұны және қызметтік сипаты ғылыми тұрғыдан сараланады. Сонымен бірге ғалым қазақ жазуын латын графикасына көшіру үдерісінде ономастикалық атауларды таңбалаудың тілтанымдық негіздерін айқындауға, әсіресе шеттілдік жалқы есімдерді қазақтың дыбыстық

жүйесі мен орфографиялық ұстанымдарына сәйкес біріздендіріп берудің ғылыми қағидаларын орнықтыруға елеулі үлес қосты [19, 71 б.].

Белгілі ғалым Г. Мадиева жалқы есім семантикасының теориялық мәселелерін арнайы қарастырып, онимдердің мағыналық табиғатын тіл біліміндегі мағына, ұғым, референт сияқты іргелі категориялармен сабақтастықта талдайды. Зерттеуші осы мәселе төңірегінде қалыптасқан түрлі ғылыми көзқарастарды топтастырып, өзара салыстыра отырып, жалқы есім семантикасына қатысты бірқатар маңызды тұжырымдар ұсынады. Ғалымның пайымдауынша:

– жалқы есім де тілдік жүйеге тән екіжақты бірлік, яғни оның да тұлғалық жағы мен мазмұндық жағы бар;

– жалқы есім мағынасы оның семантикалық құрылымының құрамдас бөлігі болып саналады;

– жалқы есім семантикасы өзі туындаған жалпы есім семантикасымен толық сәйкес келмейді;

– жалқы есімде апеллятивтік мағынаның сақталуы не сақталмауы олардың интегралды белгісінің бірі болып табылады;

– белгілі бір ономастикалық мағына нақты контексте ғана айқындалып, жүзеге асады, ал жалқы есім семантикасындағы экстралингвистикалық құрамдас бөлшек оның әмбебап сипатын танытады.

Ғалым жалқы есімдердің мағынаға ие екендігін, ал сол мағыналық байлықтың ең айқын көрінетін қабаты прецеденттік атаулар екенін ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, ұлттық мәдениеттің символына айналған жалқы есімдер, соның ішінде прецеденттік есімдер, онимдердің ұғымдық мазмұны ең жоғары деңгейде шоғырланған бірліктер қатарына жатады [20, 105 б.].

Қытай тіл білімінде ономастикалық атаулар көп талқыланатын мәселелердің бірі. Жалқы есімдердің мазмұны, қызметі және ерекшеліктері төңірегінде көптеген зерттеулер жүргізілген. Қазіргі таңда қытай ғылымында жалқы есімдерді зерттеу негізінен жалқы есімдердің мәнін (интерпретациясын) анықтау және олардың ауқымы мен жіктелуін топтастыру деңгейінде зерттелуде. Қытай ономаст-ғалымдары Ма Цзяньчжун (马建忠), Ли Цзиньси (黎锦熙), Ян Боцзюн (杨伯峻), Ван Ли (王力), Лю Шусин (刘叔新), У Цзунвэнь (伍宗文), Чэнь Цзяньмин (陈建民), Цао Чанюань (曹长远), Ян Личжун (杨立忠), Чжун Анни (钟安妮), Чжоу Шуцзюн (周树军), Ши Фу (石妇), Люй Чанфэн (吕长凤) қазіргі қытай тіліндегі жалқы есімдерді жан-жақты зерттеген. Лу Цзунда (陆宗达), Ван Нин (王宁) стандарттау, норма, тіл саясатына жақын бағыттарын, яғни жалқы есімдердің жазылуы, нормалануы тақырыптарында зерттеу жүргізді.

Қытай лингвистикасында атауларды зерттеу тарихи фонологиямен, диалектологиямен және мәдениеттанумен тығыз байланысты дамыды. Қытай ономастикасында иероглифтің семантикалық жүктемесі ерекше рөл атқарады, себебі әрбір таңба белгілі бір мағынаны білдіреді және атаудың ішкі формасы көбіне сақталып отырады. Осы тұрғыдан алғанда, қытай ономастикалық атауларын басқа тілдерде таңбалау тек дыбыстық сәйкестік мәселесі ғана емес, мәдени кодты тасымалдау мәселесі де болып табылады. Сондықтан

транслитерация мәселесі ономастика теориясымен тікелей байланысты қарастырылып отыр.

Қытай тіл білімінде ономастикалық атауларды белгілеуде бірнеше термин қолданылады: «专有名词», «专名» және «固有名词», «专有名词» термині негізінен грамматикалық категория ретінде қолданылып, жалпы есімдерге қарсы қойылатын сөз табын білдіреді. Ал «专名» термині ономастикалық зерттеулерде жиі қолданылып, атауды тек тілдік бірлік ретінде емес, әлеуметтік-мәдени номинация нәтижесі ретінде қарастырады. «固有名词» термині көбіне нормативтік және аударматанулық контексте пайдаланылады және дәстүрлі, стандартталған атауларды білдіреді. Сонымен «专有名词» ұғымы тілдік құрылымға, «专名» атаудың мәдени-тарихи табиғатына бағытталған. «专名» термині қытай ономастикасында (专名学, 地名学, 人名学) қолданылады. Бұл термин атауды тек сөз ретінде емес, номинация актісінің нәтижесі ретінде түсіндіреді. Қытай зерттеушілері Ван Чуаньгэнь (王泉根), Чэнь Цзяньмин (陈建民) «专名» әлеуметтік тәжірибеде қалыптасқан мәдени таңба ретінде сипаттап, атаудың уәжділігі, тарихи өзгерісі және идеологиялық мазмұнына ерекше көңіл бөледі.

Қытай тілінде бұрындары ономастикалық атауды жалқы есіммен теңестіріп келген, яғни *ономастикалық атау* (专名) *жалқы есім* (专名词) деп қарастырылған. Ономастикалық атауларды зерттеу еңбектерінде мұндай түсінік өте жиі кездеседі. *«Қазіргі қытай тілі сөздігі»* «现代汉语词典» жалқы есімге мынадай анықтама береді: «*Жалқы есім адам аты, жер-су атауы, мекеме мен ұйым атауы сияқты атауларды білдіреді,*мысалы: «*Лу Син, Хуайхы, Бейжің университеті*» («专有名词，指人名、地名、机关团体名之类，如《鲁迅、淮河北京大学》) [21, 113 б.].

Ли Цзиньси (黎锦熙) «Жаңа қытай тілі грамматикасында» «新著国语文» еңбегінде былай дейді: «Арнаулы атаулар - тек бір адамға немесе бір затқа ғана тиесілі, екеу болуы мүмкін емес… олар белгілі бір адамға немесе белгілі бір затқа ғана тән атаулар, сол тектес басқа адамдарға немесе заттарға қолдануға болмайды». Мұндағы «арнаулы атаулар» – жалқы есімдер [22, 81 б.].

Ян Боцзюн (杨伯峻）«Қытай грамматикасы бойынша жалпы түсіндірме» «中国文法语文通解» еңбегінде: «Жеке атаулар бір адамға немесе бір затқа ғана тән, ал ортақ атаулар өз атауынан көрініп тұрғандай, бір тектес заттардың жалпы атауы» деп көрсетеді. Мұндағы «жеке атаулар» мен «ортақ атаулар» қазіргі терминдермен айтқанда жалқы есімдер мен жалпы есімдер [23, 5 б.].

Ван Ли (王力）«Қытай тілінің қазіргі грамматикасында» («中国现代语法») зат есімдерді тікелей жалқы есімдер және жалпы есімдер деп бөледі де, былай дейді: «Зат есім білдіретін нысан көбінесе жалпы есім болады. Мысалы, «ат» сөзі белгілі бір нақты атты емес, барлық аттарды жалпылап білдіреді. Ал біз әдетте адам аттары немесе жер-су атаулары деп атайтындар белгілі бір адамды немесе белгілі бір орынды нақтылап көрсетеді. Мысалы, «Сунь Чжуншан» бір адамды ғана, «Шанхай» бір жерді ғана білдіреді. Мұндай зат есімдер жалқы есімдер деп

аталады, жалқы есімдер мен жалпы есімдер бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар». Бұл тұжырым жалқы есімдердің арнайы бағытталғандығы мен нақтылығын айқын көрсетеді [24, 18 б.].

Көптеген лингвистикалық еңбектердің ішінде Чэнь Цзяньминнің (陈建民) «Қытай тілі және қытай қоғамы» (中国语言和中国社会) атты еңбегі ерекше назар аударуға тұрарлық, өйткені бұл еңбекте жалқы есімдерге неғұрлым терең әрі жүйелі талдау жасалған. Аталған кітапта «Жалқы есімдер адам аттарын, жер-су атауларын және дүкен атауларын білдіреді, тұрмыста оларды жалқы есім деп атайды», – деп көрсетіліп, әрі қарай жалқы есімдердң жалпы сөздерден ажырататын төрт негізгі белгі айқындалады [25, 136 б.]. Біріншісі – нақтылық (арнайы бағытталғандық). Жалқы атаулар нақты референтпен тікелей байланысты болады, олар белгілі бір адамды немесе нысанды айқындайтын нақты белгі ретінде қызмет етеді. Екіншісі – айыру қызметі (идентификациялық сипат). Жалқы есімдерде қолданылатын тілдік материалдар көп жағдайда бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, негізінен айыру белгісі ретінде қызмет атқарады, яғни олар жалпы сөздерден өзгеше атаулық функция атқарады. Мысалы, тегі Гу, аты Үй болған адам есімі «Гу Үй» мен 24 маусымдық кезеңнің бірі болып саналатын «Гу Үй» (егін жаңбыры) ұғымының арасында мағыналық байланыс жоқ. «Жолбарысбас тау» деген атау да таудың пішіні жолбарыстың басына ұқсайтынын білдіреді, ол жерде шын мәнінде жолбарыс басы бар дегенді білдірмейді. Үшіншісі – ұқсастыққа бейімділік (аттас болу). Жалқы есімдер арасында аттас адамдар мен нысандар көп кездеседі. Мысалы, Бейжің қаласында «Гочин» есімді адамдардың саны шамамен отыз мыңға жуық. Төртіншісі – атау берудің уәжділігі. Ат қою, әдетте, белгілі бір мақсатқа, ниетке негізделеді. Бұл төрт белгі теориялық тұрғыдан толық даусыз деп айтуға болмаса да, жалқы есімдер туралы терең ой жүгіртудің көрінісі ретінде маңызды ғылыми мәнге ие [25, 137 б.].

Ономастикалық атаулар өзіне тән ерекше сипаттарға ие болғандықтан, ғылыми қауымдастықтың назарын ертеден-ақ аударған. Осыған байланысты жалқы есімдердің мазмұны, қызметі және ерекшеліктері төңірегінде бірқатар зерттеулер жүргізілген. Қазіргі таңда қытай ғылымында жалқы есімдерді зерттеу негізінен жалқы есімдердің мәнін (интерпретациясын) анықтау және олардың ауқымы мен жіктелуін топтастыру деңгейінде зерттелуде.

Ма Цзяньчжун зат есімдердің семантикалық табиғатын сипаттай отырып, антропонимдерді екі негізгі топқа жіктейді. Ол атаулардың бірінші түріне біртектес адамдар мен заттардың тұтас тобын білдіру үшін қолданылатын жалпы атауларды (公名) жатқызады. Ал екінші түріне нақты бір адамды немесе белгілі бір нысанды даралап көрсетуге арналған атаулар, яғни дербес есімдерді (本名) жатқызады. Ғалым қолданған *бынмиң* (本名) термині қазіргі қытай лингвистикасындағы *жуанмиң* (专名) ұғымына, яғни «жалқы есім» түсінігіне сәйкес келеді. Ма Цзяньчжун еңбектеріндегі зат есімдерді жалпы есім және жалқы есім деп жіктеу әрекеті Қытайдың жаңа кезеңдегі тіл білімінде алғаш рет ғылыми түрде жүйеленген қадамдардың бірі [26, 25 б.].

Ли Цзиньси жалқы есімдердің табиғатын түсіндіре отырып, олардың негізгі ерекшелігі даралық принципімен байланысты екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, арнаулы атаулар белгілі бір жеке тұлғаны немесе нақты нысанды айқындау үшін қолданылады және олар тек бір ғана объектімен байланысты болады. Сондықтан мұндай атаулар жалпы сипаттағы атаулардан айырмашылығы – бірегейлік қасиетіне ие болып, сол тектес басқа адамдарға не заттарға қолданылмайды. Басқаша айтқанда, жалқы есім белгілі бір жеке объектіні даралап көрсету қызметін атқаратын атау болып табылады. [22, 31 б.]. Мұндағы «ерекше атау» (特有名词) жалқы есім ұғымын білдіреді.

Қытай ономастикалық жүйесінің басты ерекшелігі − атаулардың иероглифтік және буындық құрылымға негізделуі. Қытай тілінде әр иероглиф, әдетте, бір буынды білдіреді және дербес лексикалық мағынаға ие. Бұл ерекшелік қытай антропонимдері мен топонимдерінің құрылымында айқын көрінеді. Антропонимдер қытай тілінде «人名», топонимдер – «地名», этнонимдер – «族名», хрононимдер – «朝代名», эргонимдер – «机构名», идеонимдер – «作品名», ивентономдар – «事件名» деп аталады.

Лю Шусин жалқы есімдердің мәнін анықтай отырып, оларды белгілі бір дара объектіні білдіретін ерекше ұғыммен байланыстырады. Ол жалқы есімдер жалпы категориялық мағына білдірмейтінін атап көрсетіп, олар керісінше нақты бір жеке нысанды атауға қызмет ететін атаулар ретінде сипаттайды. Мұндай атаулар белгілі бір объектіні даралап көрсету функциясын атқарып, оны өзге ұқсас нысандардан ажыратып тұрады. Зерттеуші жалқы есімдердің қолданылу аясына жататын нысандарды да нақтылап көрсетеді. Оның жіктеуінде жеке адамдардың есімдері, географиялық атаулар, мемлекеттер мен қалалар, ғимараттар, саяси партиялар, әртүрлі ұйымдар мен мекемелер, кәсіпорын атаулары, сондай-ақ нақты кітаптар, газет-журналдар және әдеби шығармалардың атаулары жалқы есімдер қатарына енгізіледі. Осы анықтамаға сүйене отырып, Лю Шусин жалқы есімдерді жалпы сөздерден ең алдымен ұғымдық немесе концептуалдық тұрғыдан ажыратады деген қорытынды жасауға болады. Яғни ол жалқы есімдердің басты ерекшелігін олардың жалпы ұғымды емес, нақты бір дара объектіні білдіру қасиетімен байланыстырады [27, 25 б.].

В. В. Дашеева қытай тілінің антропонимдік жүйесін жан-жақты зерттеді. Оның «Китайские антропонимы: вопросы истории, семантики и функционирования» еңбегінде қытай жалқы есімдерінің рөлі ашылып, олардың лексикалық-семантикалық сипаттамалары беріліп, қытай есімдері мен фамилияларының негізгі қызметтері айқындалған, қазіргі қытай антропонимикалық үлгісінің құрылымы талданған. Ол қытай антропонимдерінің лексика-семантикалық табиғатын кешенді түрде сипаттайды және оларды табиғи, әлеуметтік-материалдық және рухани әлемге қатысты семантикалық өрістерге жіктеу арқылы жүйелейді. Жалқы есімнің семантикалық дербестігі мен апеллятивтік негіз арасындағы динамикалық байланысты дәлелдей отырып, қытай антропонимдерін мәдени-тарихи ақпарат тасымалдаушы бірлік ретінде көрсетеді [28, 102 б.].

Қытайдың қазіргі замандағы топонимикасының дамуы негізінен, көне топонимика зерттеулерінің нәтижелерін, топонимикалық анықтамалықтарды құрастыру, топонимиканы стандарттауды зерттеу, шетелдік топонимика теорияларын таныстыру және Қытайдың топонимика теорияларын басшылыққа ала отырып дамыды. Апиын соғысынан кейін батыстық миссионерлер бірінен соң бірі келіп, Батыс топонимикасының заманауи зерттеу еңбектерін аударып, қытай топонимикасын зерттеуге белгілі бір ықпалын тигізген. Екінші жағынан, империалистік басқыншылық қытай ғалымдарының туған жерінің географиялық эволюциясын және жер-су атауларының эволюциясын зерттеуге деген ынтасын арттырды. Бұл тұрғыдан Ян Шоуцзиннің «水经注», «水经注图», «历代舆地图», «小方壶斋舆地丛钞», «蓬莱轩地理学丛书» еңбектерінің классикалық маңызы зор болды. Бұл жинақтар Қытай географиясы мен жер-су атауларының эволюциясы жөніндегі зерттеулердің алды болатын.

1930 жылдардың басында «中国地名大辞典» («Қытай географиялық атаулар сөздігі»), «中国古今地名大辞典» («Қытайдың ежелгі және қазіргі географиялық атаулар сөздігі») жарық көрді, оған 40 мыңнан астам жер-су атаулары енді.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін дүние жүзінде топонимиканың дамуымен, әсіресе халықаралық алмасулардың жиі болуымен, Қытайдың топонимдік атауларын зерттеу жұмысы жаңа дамуға қол жеткізді. Топонимдік атауларды стандарттау ғылыми-зерттеу жұмыстарының күн тәртібіне қойылып, жемісті нәтижелерге қол жеткізді. «Мәдени төңкеріске» дейін топонимдік атауларды зерттеу негізінен тарихи зерттеу нәтижелерін қорытындылауға және топонимдік атауларды стандарттауға, сондай-ақ шетелдік топонимдік атауларды зерттеуге, географиялық атаулардың теориялары мен әдістерін енгізуге бағытталды. Бұл Қытайдың қазіргі топонимикасының қалыптасуы мен дамуы үшін теориялық және деректер негізін қалады.

«Мәдени төңкерістен» кейін Қытайдағы топонимика туралы зерттеулер салауатты дамуға қол жеткізді. Ол негізінен, топонимика теориясы мен әдістемесімен, топонимиканың жүйелі, жан-жақты және қолданбалы зерттелуімен, топонимика зерттеулерінің халықаралық алмасуымен, топонимикалық басылымдардың құрылуымен және дәстүрлі зерттеу саласынан тыс топонимика анықтамалықтар мен топонимикалық еңбектердің жариялануымен ерекшеленді. Бұл тұрғыдан Хань Гуанхуэйдің (韩光辉) «论中国地名学发展的三个阶段», Хуа Линьфу（华 林 甫）«中国地名学源流» және Лю Баочуан (刘保全) «地名文化概论» еңбектерін атап айтуға болады.

Жалқы есімдердің лингвистикалық сипатын анықтауда олардың тілдің әртүрлі деңгейлерімен байланысын қарастыру қажет. Ең алдымен, ономастикалық атаулар тілдің фонетикалық жүйесімен тығыз байланысты. Әрбір тілдің өзіне тән фонологиялық құрылымы бар, сондықтан басқа тілден енген атаулар көбіне қабылдаушы тілдің дыбыстық заңдылықтарына бейімделеді. Бұл құбылыс әсіресе әртүрлі жазу жүйелеріне негізделген тілдер арасындағы атауларды беру кезінде айқын байқалады. Мысалы, қытай тіліндегі

ономастикалық атаулар иероглифтік жазуға негізделген буындық құрылым арқылы жасалса, қазақ тілі фонемалық жазу жүйесіне негізделген агглютинативтік тілдер қатарына жатады. Осы айырмашылықтар қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалау кезінде белгілі бір фонологиялық трансформацияларды талап етеді.

Жалқы есімдердің негізгі лингвистикалық ерекшеліктерінің бірі – олардың дараландыру немесе сәйкестендіру қызметі. Жалпы есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың тұтас класын білдірсе, жалқы есімдер нақты бір объектіні немесе тұлғаны көрсету үшін қолданылады. Мысалы, *өзен* сөзі белгілі бір табиғи нысандар тобының жалпы атауы болса, *Ертіс*, *Іле*, *Сырдария* атаулары нақты географиялық объектілерді білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, жалқы есімдердің семантикалық табиғаты олардың референтімен тікелей байланысты.

Жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу құбылысы лингвистикада *антономасия* немесе *прономинация* деп аталады. Бұл - бастапқыда тек белгілі бір адамды, нысанды немесе оқиғаны білдірген антропонимнің тілдік қолданыс барысында прономинацияланып, типтік мағынаға ие болып, жалпы есімдерге тән кейбір семантикалық қасиеттерді иелену үдерісі. Қытай тіліндегі «*Жугы Ляң*» (诸葛亮) антропонимінің «өте ақылды, көреген адам» мағынасында қолданылуы осы метафоралық прономинацияланудың айқын көрінісі болып табылады. Аталған есім бастапқыда нақты тарихи тұлғаны білдірсе, кейін оның танымал қасиеттері негізінде типтік бейне ретінде қолданыла бастайды. Осыған ұқсас құбылыстар қазақ тілінде де кездеседі, мысалы, «*Атымтай Жомарт*» - жомарт адамның бейнесі, «*Қожанасыр*» – аңғал әрі тапқыр кейіпкердің символы, сондай-ақ «*Шығайбай», «Қарынбай»* – сараң, қытымыр, «*Асан Қайғы»* – уайымшыл мағыналарында қолданылады. Бұл екі тілде де жалқы есімдердің прономинациялануы универсал когнитивтік механизмдерге негізделетінін көрсетеді.

Ономастикалық атаулар тек белгілі бір объектіні атаумен ғана шектелмейді, олар жалпы сөздер сияқты белгілі бір мағыналық мазмұнға да ие. Жалқы есімді сөздердің мағынасы деп сол атаумен белгіленетін объектінің түрлі қырларын, қасиеттерін ашып көрсететін мазмұнды айтамыз. Мысалы, «*Лу Син*» (鲁迅) деген жалқы есімнің мағынасына мынадай белгілер кіреді: «Қытайдың жаңа дәуірдегі көрнекті жазушысы әрі ойшылы», «AQ-дың шынайы тарихы» шығармасының авторы», «Чжэцзян өлкесінің Шаосинь қаласының тумасы», «Сюй Гуаньпиннің жұбайы» және т.б. Жалқы есімдер тек мағынаға ие болып қана қоймай, өте бай мағыналық мазмұнды қамтиды.

Ономастикалық атаулардың мағынаға ие екендігін оларды түсіндіру үдерісі де дәлелдейді. Мысалы, «*Бейжің*» деген атаудың мағынасын білмейтін адамға алдымен «Бұл – қала атауы» деп түсіндіреді. Бұл тек жалпы сипаттама ғана, ол жалқы есімнің мәндік немесе айырымдық белгілерін толық ашпайды. Сондықтан әрі қарай: «Бұл – Қытай астанасы» деп нақтылайды. «*Бейжің*» атауының мағынасы «Қытай астанасы» деген сипаттама арқылы айқындалады. Егер тыңдаушы Бейжіңнің тарихы мен қазіргі жағдайын жақсы білсе, онда бұл атауға қатысты мағыналық мазмұнды одан әрі толықтыра түсуге болады. Осыдан

байқайтынымыз, жалқы есімді сөздер мағыналық мазмұнға ие, ал бұл мағына - жалқы есім мен оның нысан ететін объектісі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін дәнекер болып табылады.

Ономастикалық атаулардың эмоциялық мағынасы атауды қолданушының эмоционалдық бағасын білдіретін қосымша мағына. Мысалы, адам аттары жүйесіндегі көптеген лақап аттар жағымсыз бағалау реңкіне ие: «*Дабаоя*» (大鲍牙 – үлкен тісті), «*Гоутуэйзы*» (狗腿子 – жағымпаз), «*Мапицзин*» (马屁精 – жағымпаз, жарамсақ) сияқты атаулар арқылы сөйлеушінің терістеу, кемсіту, сын айту қатынасы айқын көрінеді.

Ономастикалық атаулардың бейнелік мағынасы атаудың қолданушыға беретін көрнекі, елестетуге оңай образды әсерінен туындайтын қосымша мағына. Мысалы, Гуанси өлкесі Гуэйлинь қаласындағы табиғи нысан «*Сянбишань*» (象鼻山 – Піл тұмсық тауы) атауы таудың Лицзян өзенінің жағасында тұрып, тұмсығын созып су ішіп тұрған пілге ұқсайтын пішінінен туындаған. Мұндай атаулар адамға айқын әрі әсерлі бейне қалыптастырады, сөйтіп концептуалдық мағынаның үстіне қосымша бейнелік мағына қалыптастырады.

Ономастикалық атаулар – тек номинативтік қызмет атқаратын тілдік бірліктер емес, олар мәдени-танымдық ақпараттың шоғырланған формасы ретінде қарастырылады. Ономастикалық атаулар арқылы белгілі бір халықтың дүниені қабылдау ерекшеліктері, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік құрылымы және тарихи тәжірибесі көрініс табады. Сондықтан қытай ономастикасын этнолингвистикалық тұрғыдан талдау-тек атаулардың формасын емес, олардың астарындағы мәдени мазмұнды, символдық мәнді және когнитивтік құрылымды ашуға бағытталған. Қытай ономастикалық жүйесі бұл тұрғыдан ерекше күрделі әрі көпқабатты. Оның басты себебі – қытай тілінің иероглифтік табиғаты мен семантикалық уәжділігінің жоғары деңгейі. Әрбір жалқы есім тек дыбыстық таңба емес, мағыналық, мәдени және символикалық ақпараттың бірлігі ретінде қызмет етеді.

Қытай антропонимдері этнолингвистикалық тұрғыдан терең семантикалық құрылымға ие. Қытай есімдерінің негізгі ерекшелігі – олардың мағыналық уәжділігі, яғни әрбір есім белгілі бір тілек, қасиет немесе дүниетанымдық категорияны білдіреді. Бұл ерекшелік қытай халқының мәдени құндылықтары мен әлеуметтік нормаларының тілдік көрінісі ретінде қарастырылады. Қытай есімдерінде жиі кездесетін компоненттер адамның моральдық қасиеттерін (адалдық, батылдық, даналық), эстетикалық құндылықтарды (сұлулық, нәзіктік), әлеуметтік мәртебені, болашаққа бағытталған тілектерді білдіреді. Бұл құбылыс этнолингвистикадағы «мәдени таңба» ұғымымен тығыз байланысты. Антропоним тек жеке тұлғаны атау емес, белгілі бір мәдени модельді кодтайтын таңба ретінде қызмет етеді. Қытай қоғамында есім беру актісі кездейсоқ емес, ол ата-ананың дүниетанымдық ұстанымдарын, әлеуметтік күтулерін және мәдени бағдарларын бейнелейді. Сонымен қатар, қытай антропонимдерінде иероглифтердің символикалық мәні ерекше рөл атқарады. Бір иероглифтің өзі белгілі бір философиялық немесе мифологиялық ассоциациялар тудыруы мүмкін. Мысалы, табиғат элементтері, жануарлар немесе абстрактілі ұғымдар

арқылы жасалған есімдер қытай мәдениетінің космологиялық және эстетикалық жүйесін көрсетеді [29, 156б.].

Қытай топонимдері ұлттық кеңістік моделін қалыптастыратын маңызды тілдік қабат болып табылады. Олар тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, тарихи, саяси және мәдени ақпаратты сақтайтын күрделі семиотикалық жүйе ретінде қызмет етеді.

Қытай топонимдерінде кең таралған үлгілердің бірі – кеңістікті бағыттық принцип бойынша ұйымдастыру. Мысалы, «солтүстік», «оңтүстік», «шығыс», «батыс» компоненттері арқылы жасалған атаулар мемлекеттік құрылым мен кеңістікті тану ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл құбылыс қытай өркениетінің орталықтандырылған саяси жүйесімен және кеңістікті иерархиялық қабылдауымен байланысты. Сонымен қатар, қытай топонимдерінде табиғи-географиялық белгілер (тау, өзен, жазық) кеңінен қолданылады. Бұл қытай халқының табиғатпен үйлесімділікке негізделген дүниетанымын айқын көрсетеді. Даосизм мен конфуцийшілдік ілімдеріндегі «адам мен табиғат бірлігі» қағидасы топонимиялық жүйеде нақты тілдік көрініс табады. Этнолингвистикалық тұрғыдан топонимдер «мәдени ландшафттың тілдік бейнесі» ретінде қарастырылады. Олар белгілі бір этностың кеңістікті қалай құрылымдайтынын, қандай нысандарды маңызды деп санайтынын және оларды қандай семантикалық модель арқылы сипаттайтынын көрсетеді.

Қытай ономастикасының этнолингвистикалық ерекшелігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі – иероглифтік жазу жүйесі. Иероглиф тек фонетикалық белгі емес, ол мағыналық және мәдени ақпаратты бір мезгілде жеткізетін күрделі таңба болып табылады. Бұл ерекшелік қытай ономастикалық атауларының семиотикалық әлеуетін айтарлықтай арттырады. Әрбір атау бірнеше деңгейде: дыбыстық деңгей, мағыналық деңгей, мәдени-символикалық деңгейде қарастырылады. Мысалы, мифологиялық немесе символикалық мәні бар иероглифтердің қолданылуы атауға қосымша мәдени жүк береді. Этнолингвистикада мұндай құбылыстар «көпқабатты семиозис» ретінде сипатталады. Яғни, бір тілдік бірлік бірнеше мәдени және когнитивтік деңгейде интерпретацияланады.

Зерттеулерде қытай ономастикалық атауларын нысанның жанды немесе жансыз болуына қарай жанды нысандарға қатысты ономастикалық атаулар және жансыз нысандарға қатысты ономастикалық атаулар деп екіге бөледі.

Жанды нысандарға қатысты ономастикалық атаулар деп жанды объектілерді немесе шартты түрде жанды деп қабылданатын нысандарды атайтын ономастикалық атауларды айтады. Жанды нысандарға қатысты жалқы есімдерге адам аттары, интернеттегі лақап аттар (никнеймдер), жануар аттары, мифологиялық кейіпкерлер мен рухтар, әулиелер, жын-перілердің атаулары жатқызылса, *жансыз* нысандарға қатысты ономастикалық атауларға географиялық атаулар, әкімшілік-аумақтық атаулар, тау атаулары, су нысандарының атаулары, арал атаулары, жұлдыз атаулары, шоқжұлдыз атаулары, этнонимдер (халық, ұлт атаулары), нәсіл атаулары, тіл атаулары, әулет, дәуір атаулары, мереке атаулары, дін атаулары, тарихи оқиғалар атаулары,

мекеме атаулары, дүкен атаулары, тұрғын үй кешендерінің атаулары, көше атаулары, алаң, вокзал, әуежай секілді нысандардың атаулары, жарыс, фестиваль атаулары, тауар атаулары және т.б.жатқызылған.

Қытай ғалымдарының еңбектерінде ономастикалық атаулардың басты ерекшелігі ретінде олардың нақты референтке бағытталғандығы, даралық сипаты және айыру қызметі көрсетіледі. Ма Цзяньчжун, Ван Ли, Ли Цзиньси, Лю Шусин және Чэнь Цзяньмин сияқты зерттеушілердің теориялық тұжырымдары жалқы есімдердің жалпы сөздерден айырмашылығы олардың категориялық ұғымды емес, нақты бір нысанды белгілеуінде екенін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, қытай тіл біліміндегі ономастикалық зерттеулер жалқы есімдерді тек тілдік таңба емес, тарихи, мәдени және әлеуметтік ақпаратты жинақтайтын күрделі номинациялық жүйе ретінде танудың қажеттігін көрсетеді. Бұл ұстаным қытай ономастикалық атауларын өзге тілдерге беру үдерісінде олардың дыбыстық тұлғасымен қатар семантикалық уәжін, мәдени мазмұнын және қоғамдық қызметін қатар ескерудің маңызын айқындайды. Осыған байланысты қытай ономастикалық атауларын трансформациялау мәселесін теориялық тұрғыдан арнайы қарастыру өзекті болып табылады.

1.2 Қытай ономастикалық атауларын трансформациялаудың теориялық негіздері

Ономастикалық атауларды бір тілден екінші тілге беру күрделі әрі көпқырлы мәселе. Себебі ономастикалық атаулар фондық ақпарат тасымалдаушысы ретінде өзіндік ерекшеліктерге ие: олар екінші, яғни «жалпы есімдік» мағыналарға ие болуы мүмкін, мағыналық әлеуеті жоғары таңбалар ретінде, есім иесін сипаттайтын белгілердің тұтас кешенін білдіре алады. Мысалы, тарихи тұлғалардың, белгілі әдеби шығармалар кейіпкерлерінің, сондай-ақ белгілі бір халықта кең таралған есімдердің мәдени-тарихи жүктемесі зор. Ономастикалық атаулардың фондық әлеуеті олардың тарихи факторлар мен оқиғаларды бейнелеуінен, сондай-ақ ассоциациялық атаулардың болуынан көрінеді.

Дүниежүзінде барлық тілдер шет тілдерінен сөз қабылдайды. Бұл сөздер көп жағдайда қабылдайтын тілдің фонологиясы мен морфологиясына бейімделеді. Осыған байланысты екі топқа бөлінеді. Біріншісі – түпнұсқа тілде немесе аралық (делдал) тілде қалай жазылса, солай жазылатын (айтылатын) сөздер; ал екіншісі – фонетика-морфологиялық бейнесін өзгертіп, қабылдаушы тілдің заңдылығына икемделген сөздер. Басқа тілден сөз қабылдау мәселесіне байланысты ғалым А.А. Реформатский: «Кірме сөздердің ішінен, ең алдымен, «игерілген» (усвоенные), «меңгерілген» (освоенные) және «игерілген» (усвоенные), алайда «меңгерілмеген» (не освоенные) сөздерді ажырата білу керек» [30, 140 б.] деген тұжырым жасайды.

Ономастикалық атауларды бір тілден екінші тілге беру жөнінде әртүрлі көзқарастар бар. Джон Милльдің пікірінше, жалқы есімдер аударылмайды, оларды парафразалауға болмайды және оларды референттен әрі олардың коннотативтік мағынасынан бөлек қарастыруға болмайды [31, 69 б.].

В. Г. Гактың еңбектерінде жалқы есімдерді аудару мәселесі ұлттық-мәдени ерекшелікті сақтау қағидасымен тығыз байланыста қарастырылады. Ғалымның пайымдауынша, ономастикалық атауларды аударылатын тілдегі дайын баламалармен еркін алмастыру олардың бастапқы тілге тән ұлттық, тарихи және мәдени реңкін әлсіретуі мүмкін [32, 140 б.]. Сондықтан жалқы есімдерді беруде олардың дыбыстық тұлғасын барынша сақтау, яғни транскрипция мен транслитерация тәсілдеріне басымдық беру ғылыми тұрғыдан негізді деп танылады. Осыған орай қазіргі аударматануда да шеттілдік ономастикалық бірліктерді жеткізудің неғұрлым өнімді амалдары ретінде транскрипция мен транслитерация кеңінен мойындалады, өйткені бұл тәсілдер атаудың түпнұсқалық болмысын, этномәдени сипатын және танымдық жүгін сақтайды.

Нюмарк пен Хэрманс ономастикалық атауларды шартты түрде «аударылмайтын бірліктер» қатарына жатқызғанымен, нақты тілдік тәжірибеде олар міндетті түрде тіларалық бейімдеуден өтеді. Бұл бейімдеу, ең алдымен, тілдердің фонетикалық, графикалық және морфологиялық жүйелеріндегі айырмашылықтардан туындайды. Сондықтан ономастикалық бірліктерге қатысты «аудару» ұғымынан гөрі «беру», «трансформациялау», «адаптациялау» терминдерінің жиірек қолданылуы заңды. Бұл жалқы есімдердің семантикалық баламалаудан бұрын, олардың тұлғалық тұтастығын сақтай отырып, қабылдаушы тілдің нормасына икемдеу мәселесі алдыңғы қатарға шығатынын көрсетеді. Қытай ономастикалық атауларын трансформациялаудың теориялық негіздерін айқындауда жалқы есімнің формалық тұрақтылығы мен тілдік бейімделу тетіктерін қатар қарастыру қажет.

Т.А. Казакова ономастикалық атауларды берудің лексикалық тәсілдерін арнайы бөліп көрсетіп, олардың негізгі қызметі индивидті не нысанды сәйкестендіру болғандықтан, салыстырмалы түрде контекстен тәуелсіз бірліктер екенін атап өтеді. Алайда бұл тәуелсіздік олардың аудармадағы қызметін шектемейді: керісінше, аудармашы таңдаған тәсілге қарай оним мәтіннің прагматикалық бағытына, ұлттық реңкіне және қабылдану сипатына тікелей әсер етеді. Осы екіжақты табиғаты жалқы есімдерді стандартты емес тілдік бірліктер қатарына жатқызуға негіз болады және оларды беруде арнайы трансформациялық амалдардың қажет екенін дәлелдейді [33, 120 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, транскрипция, транслитерация, калькалау, семантикалық модификация, сипаттамалы аударма сияқты тәсілдер жай техникалық амал емес, атаудың тілдік тұлғасы мен мәдени жүгін сақтауға бағытталған функционалдық құралдар болып табылады.

Қытай ономастикалық атауларын трансформациялау теориясында транскрипция ұғымы айрықша орын алады. Жалпы тіл білімінде транскрипция белгілі бір тілдік бірліктің дыбыстық бейнесін шартты таңбалар арқылы қайта беру ретінде танылады. Оның өзегінде түпнұсқа атаудың графикалық қалпын емес, айтылымға жақын дыбыстық тұлғасын сақтау мақсаты жатады. Сондықтан транскрипция әртүрлі жазу жүйелері тоғысқан жағдайда, әсіресе иероглифтік және әліпбилік жүйелер арасындағы ауысымда, атауды қабылдаушы тілге көшірудің негізгі тетіктерінің біріне айналады. Бұл ретте транскрипция қытай

жалқы есімдерін өзге тілдерге беруде тек дыбыстау амалы емес, ономастикалық трансформацияның базалық механизмі ретінде танылады.

Транскрипцияның ғылыми және практикалық түрлерін ажырату да осы мәселені теориялық тұрғыдан нақтылай түседі. Ғылыми транскрипция фонетикалық не фонематикалық дәлдікті көздесе, практикалық транскрипцияның мақсаты – шеттілдік атауды қабылдаушы тілдің графикалық жүйесімен оқырманға мүмкіндігінше табиғи әрі түсінікті түрде жеткізу. Осы себепті қытай ономастикалық атауларын трансформациялауда IPA тәрізді әмбебап жүйелерден гөрі, практикалық транскрипция қағидалары жиі басымдық алады. Өйткені мұнда абсолютті фонетикалық дәлдік емес, атаудың дыбыстық бейнесін қабылдаушы тілдің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларына икемдей отырып беру мақсаты алдыңғы орынға шығады.

Е.М. Арынның редакторлығымен жарық көрген *«Қазақ тілі энциклопедиясында»* транскрипция дыбыстық не фонемалық құрамды дәл көрсетуге арналған шартты таңбалар жүйесі ретінде сипатталып, оның фонематикалық және фонологиялық түрлері ажыратылады [34, 98 б.]. Бұл анықтама транскрипцияның жалпы тілдік табиғатын ашқанымен, ономастикалық атауларды берудегі практикалық қырын толық қамтымайды. Ал қытай жалқы есімдерін трансформациялау барысында мәселе тек дыбысты белгілеумен шектелмейді, сонымен бірге өзге графикалық жүйедегі атауды қазақ тілінің жазу дағдысына икемдеп, бірізді нормаға түсіруді талап етеді. Сондықтан энциклопедиялық анықтаманы ономастикалық трансформацияның қолданбалы мақсаты тұрғысынан толықтыра қарастыру орынды.

С. Мырзабеков транскрипцияның фонетикалық және фонематикалық түрлерін ажыратып, фонематикалық транскрипцияның жалпылаушы, ал фонетикалық транскрипцияның нақтылаушы сипатта болатынын көрсетеді [35, 105 б.]. Бұл жіктеу жалқы есімді берудегі дәлдік деңгейін айқындайды. Алайда К. Аханов еңбегіндегі пайымдауларда осы екі түрдің арақатынасына қатысты өзгеше түсіндіру беріліп, бұл мәселенің теориялық тұрғыдан бірізді еместігі байқалады [36, 113 б.]. Мұндай алшақтық қытай ономастикалық атауларын беруде қай деңгейдегі дәлдік басшылыққа алынуы тиіс деген сұрақтың әлі де өзекті екенін көрсетеді. Біздіңше, ономастикалық трансформацияда фонетикалық абсолютті дәлдіктен гөрі, қабылдаушы тілдің дыбыстық және графикалық мүмкіндігіне сай орныққан практикалық нұсқа басым болуы керек.

А.А. Реформатский транскрипцияны фонетикалық, фонематикалық және практикалық деп үш түрге бөледі де, практикалық транскрипцияның шеттілдік сөздерді қабылдаушы тілдің әліпбиі негізінде, қосымша таңбаларсыз беру мақсатын айқындайды [4, 140 б.]. Бұл тұжырым қытай ономастикалық атауларын трансформациялау мәселесіне тікелей қатысты. Өйткені қытай жалқы есімдерін қазақ тілінде беру барысында арнайы ғылыми таңбалар емес, қазақ графикасының мүмкіндігі пайдаланылады. Осыдан келіп, практикалық транскрипция бір тілдегі атауды екінші тілдің дыбыстық-графикалық жүйесіне бейімдеп көшірудің негізгі үлгісі ретінде сипатталады. Трансформация ұғымы

бұл жерде жай механикалық көшіруді емес, қабылдаушы тілдің нормасына сай қайта құрылымдауды білдіреді.

С.Б. Коржова транскрипциялаудың бірнеше түрін ажыратып, фонематикалық транскрипцияны мағына ажыратушы белгілерді көрсетуге, фонетикалық транскрипцияны айтылым реңктерін дәлдеуге, ал практикалық транскрипцияны жалқы есімдер мен шеттілдік атауларды рецепиент тілдің орфографиялық жүйесі арқылы беруге байланыстырады [37, 14- б.]. Бұл жіктеу қытай ономастикалық атауларын трансформациялауда бірнеше талаптың қатар әрекет ететінін аңғартады: атаудың дыбыстық бейнесін сақтау, түпнұсқа графикасымен байланысын жоғалтпау, қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдылығын ескеру және дәстүрлі қолданысты сақтау. Осы талаптардың бір-бірімен үнемі қабыса бермеуі ономастикалық трансформацияның күрделі табиғатын көрсетеді. Сондықтан қытай жалқы есімдерін беруде бір ғана техникалық тәсілге сүйену жеткіліксіз, оларды трансформациялаудың теориялық негізі фонетикалық жақындық, графикалық ықшамдылық, ұлттық тіл нормасы және мәдени таным сияқты бірнеше ұстанымның тоғысында қарастырылуы тиіс.

Ғылыми транскрипция мен практикалық транскрипцияны ажырату қытай ономастикалық атауларын трансформациялаудың теориялық негізін айқындауда маңызды. Ғылыми транскрипцияда қабылдаушы тілдің орфографиялық нормасынан гөрі түпнұсқа тілдің дыбыстық жүйесін дәл көрсету мақсаты басым болады. Осы себепті ол арнайы шартты таңбаларға сүйенеді және әдетте тар ғылыми қолданыс аясында жұмсалады. Қытай тіліне қатысты мұндай жүйелердің бірі ретінде пиньинь аталады. Алайда қытай онимдерін қазақ тіліне беру барысында пиньинді сол күйінде сақтау жеткіліксіз, өйткені бұл үдерісте қазақ тілінің дыбыстық, графикалық және орфографиялық заңдылықтары да ескерілуге тиіс.

Осыған байланысты транскрипция мен транслитерацияның ара-жігін ашу қажет. Транскрипция атаудың дыбысталуын беруге бағытталса, транслитерация бір жазу жүйесіндегі таңбаларды екінші жазу жүйесіне әріпбе-әріп көшіруге негізделеді. Қытай антропонимдері мен топонимдерін қазақ тіліне беру тәжірибесінде бұл айырмашылық өте анық көрінеді. Мысалы, *Beijing* атауын мағыналық тұрғыдан аудару емес, дыбыстық бейімдеу арқылы *Бейжің* түрінде беру орынды. Сондықтан қытай ономастикалық атауларын трансформациялау үдерісінде дыбыстық жуықтық, графикалық ықшамдылық және ұлттық тіл нормасы бірлікте қарастырылады.

Бұл мәселені Нюмарк [38] пен Херманс [39] еңбектері де айқындай түседі. Аталған зерттеушілер жалқы есімдерді толық мағыналық аударудан гөрі, көшіру, бейімдеу, беру амалдары арқылы жеткізудің басымдығын көрсетеді. Яғни онимдер аудармада «әзір баламамен алмастырылатын» емес, көбіне тілдік ортаға икемделіп берілетін бірліктер ретінде танылады. Қытай жалқы есімдеріне қатысты бұл тұжырым әсіресе маңызды, өйткені мұнда атаудың ұлттық-мәдени реңкі мен тұлғалық тұрақтылығы сақталуы қажет. Сондықтан қытай онимдерін

трансформациялауда басты назар мағыналық баламалауға емес, формалық және функционалдық сәйкестікке аударылады.

Бұл қағиданы Р. Коутстың жалқы есімнің референциялық табиғаты туралы тұжырымы нақтылай түседі. Ғалым жалқы есімнің басты қызметі нысанды сипаттау емес, оны даралап көрсету екенін алға тартады. Сондықтан Ли Бай немесе Си Цзиньпин тәрізді атаулардың негізгі қызметі олардың ішкі мағынасын ашуда емес, нақты тұлғаны сәйкестендіруде жатыр. Осыған байланысты мұндай есімдерді семантикалық тұрғыдан еркін аудару олардың референциялық дәлдігін әлсіретеді. Ал дыбыстық-графикалық тұлғаны барынша сақтау жалқы есімнің идентификациялық қызметін қамтамасыз етеді [40, 360 б.].

Қытай ономастикалық атауларын қазақ тіліне беру үдерісінде ғылыми транскрипция, практикалық транскрипция және транслитерация өзара тығыз байланысты, бірақ қызметі әртүрлі тәсілдер ретінде танылады. Бұл жерде Нюмарк, Херманс, Коутс, Реформатский сынды ғалымдардың пікірлері жалқы есімдерді мағыналық аударудан гөрі, олардың референциялық тұтастығын сақтай отырып бейімдеп берудің дұрыстығын дәлелдейді. Сол себепті ономастикалық атауларды беру тәжірибесі қытай онимдерін трансформациялаудың негізгі қағидасы саналатын жалқы есімнің семантикасынан бұрын оның идентификациялық және тұлғалық тұрақтылығы сақталуы керек.

Қытай тіліндегі ономастикалық атаулар иероглифтік жазуға негізделгендіктен, олардың бастапқы мағынасы көбіне лексикалық сипатта болады. Алайда халықаралық қолданыста бұл атаулар пиньинь арқылы беріледі және референциялық функциясы басымдық алады. Коутс ұсынған жалқылық сипат концепциясы қытай ономастикалық атауларын қазақ тіліне транслитерациялау кезінде келесі ғылыми тұжырымдарды негізге алады:

1. Жалқы есімдерді толық мағыналық аударудан бас тарту;
2. түпнұсқа графикасына немесе пиньинь формасына барынша жақындықты сақтау;
3. Ономастикалық тұрақтылықты халықаралық деңгейде қамтамасыз ету [40, 365 б.].

Бұл қағидалар қазіргі қазақ ғылыми мәтіндерінде байқалады. Мысалы, *Мао Цзэдун, Ху Цзиньтао, Чжао Хунбо, Сыма Цянь, Цинь Шихуан т.б. к*өбіне транслитерацияланған түрде беріледі, ал олардың иероглифтік мағынасы аударылмайды.

Р. Коутстың жалқылық сипат концепциясы жалқы есімдерді семантикалық емес, референциялық бірлік ретінде қарастыру арқылы қазіргі ономастикадағы маңызды теориялық бағыттардың бірін қалыптастырды [40, 366 б.]. Бұл ұстаным қытай ономастикалық атауларын қазақ жазуында таңбалау мәселесінде ерекше өзекті, себебі ол атауларды мағыналық аударудан гөрі формалық тұрақтылықты сақтауға басымдық береді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ орфографиясындағы түпнұсқа, транслитерациялық және фонематикалық принциптер өзара оқшау емес, қайта жалқы есімнің идентификациялық қызметін сақтауға бағытталған біртұтас амалдар жүйесі ретінде танылады. Халықаралық стандарт пен ұлттық

тіл нормасының арасындағы тепе-теңдік жалқы есімнің дыбыстық не графикалық нұсқасын жай техникалық көшіру арқылы емес, оның референциялық қызметін жоғалтпай бейімдеу қажеттігін көрсетеді.

Қазіргі ономастикадағы маңызды бағыттардың бірі − географиялық атауларды жүйелеу мен стандарттау. Бұл үдеріс атауларды тек тілдік бірлік ретінде емес, халықаралық ақпарат алмасу, картографиялық бірізділік және нысанның жаһандық танымдылығын қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қытай топонимдерін қазақ тіліне беру мәселесі де жай орфографиялық бейімдеу шеңберінде қалмайды. Мұнда атаудың жергілікті нұсқасын сақтау, халықаралық кеңістікте орныққан үлгіні ескеру және қазақ тілінің ішкі орфографиялық заңдылықтарына сәйкестендіру сияқты бірнеше талап қатар жүреді. Сондықтан қытай ономастикалық атауларын трансформациялау түпнұсқалық сипат, халықаралық қолданыс және ұлттық тіл нормасы арасындағы тепе-теңдікке негізделуге тиіс.

Осы мәселені теориялық тұрғыдан түсіндіруде Н. Кэдмонның географиялық атауларды стандарттау жөніндегі тұжырымдары айрықша мәнге ие. Ғалым эндоним мен экзоним арақатынасын нақтылап, қазіргі халықаралық тәжірибеде эндонимге жақын нұсқалардың басымдығы артып келе жатқанын көрсетеді [41, 130 б.]. Бұл құбылыс қытай топонимдерін қазақ тілінде беруде де анық байқалады: мысалы, *Пекин* – тарихи орныққан экзоним болса, *Бейжің* – пиньинге жақын эндонимдік нұсқа. Қытай жазуының иероглифтік сипатына байланысты мұндай атауларды қазақ тіліне беру тікелей транслитерация арқылы емес, көбіне пиньинді аралық стандарт ретінде пайдалану арқылы жүзеге асады. Осыған сәйкес қазақ жазуындағы қытай топонимдерін таңбалау халықаралық үлгі мен ұлттық орфографиялық бейімдеуді ұштастыратын аралық стандарттау моделі ретінде қарастырылуы орынды.

Ғалым топонимдерді стандарттауда тек тілдік емес, саяси және мәдени факторлардың да рөлін атап өтеді. Географиялық атаулар мемлекеттердің тарихи тәжірибесі мен халықаралық қатынастарындағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Қытай топонимдерінің қазақ тілінде берілуінде бұл аспект те маңызды. Кеңес дәуірінде қалыптасқан орысша транскрипциялар қазіргі кезеңде пиньинге жақын формалармен қатар қолданылып келеді. Мұндай қосарлы жүйе стандарттау процесінің өтпелі кезеңін көрсетеді. Кэдмон теориясын қазақ ономастикасына қолдану арқылы төмендегідей бірнеше ғылыми қорытынды жасауға болады:

– қытай топонимдерін беру кезінде эндонимге жақын формаларды қолдану халықаралық стандарттарға сәйкес келеді;

– түпнұсқа принципі мен транслитерациялық тәсіл Кэдмон ұсынған стандарттау модельдерімен үйлеседі;

– Қазақ орфографиясында тарихи экзонимдер мен жаңа эндонимдердің қатар қолданылуы – стандарттау эволюциясының табиғи кезеңі.

Н.Уәлидің уәждемесіз принциптері мен Н. Кэдмон теориясы арасындағы байланыс та осы жерде көрінеді, яғни коммуникациялық тиімділік пен

халықаралық түсініктілік шеттілдік топонимдерді таңбалауда негізгі факторға айналады [43, 50 б.].

Херманс ономастикалық атауларды мәдени ақпараттың тасымалдаушысы ретінде қарастырады. Ол жалқы есім тек тілдік таңба емес, белгілі бір өркениеттік кодтың көрінісі деген пікірде [39, 13 б.]. Бұл тұжырым қытай әдебиеті мен философиясына қатысты атауларды қазақ тіліне беру кезінде ерекше маңызды, өйткені мұнда дыбыстық бейімдеу мен мәдени дәстүр қатар сақталуға тиіс. Мысалы *Confucius* атауының Конфуций, *Laozi* есімінің *Лао-цзы* түрінде орнығуы жай фонетикалық икемдеудің нәтижесі емес, тарихи-мәдени қолданыстың да ықпалы екені көрінеді. Сондықтан Херманс теориясы қытай ономастикалық атауларын беруде дәстүрлі форма пен калькалау элементтерінің неге қатар көрінетінін түсіндіре алады.

Ньюмарк жалқы есімдерді беру мәселесін мәтіннің жанры, коммуникациялық мақсаты және мәдени контекстпен сабақтастыра қарастырады [38, 131 б.]. Ол ономастикалық атауларды жеткізудің бір ғана әмбебап тәсілі болмайды, нақты мәтіндік жағдаятқа қарай транскрипция, транслитерация, калькалау және бейімдеу сияқты амалдар өзара ұштасып қолданылатынын баса айтады. Ньюмарктың семантикалық және коммуникативтік аудармаға байланысты жіктемесі қытай атауларын қазақ латын графикасында транслитерациялаудағы әртүрлі үлгілерді түсіндіруге қолайлы. Ғылыми мәтінде атаудың тұлғалық дәлдігін сақтау алдыңғы қатарға шықса, кең оқырманға арналған мәтінде қабылдауға жеңіл нұсқа басым болуы мүмкін. Мысалы, *Chang Cheng* атауының *Ұлы Қытай қорғаны* түрінде берілуі мәдени мазмұнды ашуға бағытталған бейімдеудің көрінісі.

Қазақ тіл біліміндегі Қ. Жұбанов, С. Мырзабеков және Н. Уәли еңбектері шеттілдік атауларды таңбалаудың ұлттық теориялық негізін айқындайды. Қ. Жұбанов сөздің дыбыстық жүйеге жақын таңбалануын маңызды деп таныса [44, 65 б.], С. Мырзабеков қазақ жазуының фонематикалық тірегін нақты көрсетіп берген [45, 54 б.]. Ал Н. Уәли бұл мәселені неғұрлым жүйелі түрде қарастырып, шеттілдік сөздер мен атаулардың жазылуы уәжді және уәждемесіз орфографиялық принциптердің өзара ықпалы арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Ғалым тілдердің фонологиялық жүйесі мен графикалық құрамындағы айырмашылықтар кейбір бөгде атауларды ұлттық орфографияның жалпы заңдылықтарына толық бағындырмайды, мұндай жағдайда коммуникациялық тиімділік, халықаралық үлгі және қабылдаушы тілдің нормасы қатар ескеріледі деген пікірде [46, 81-б]. Біздіңше, Н. Уәлидің осы ұстанымы қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалау мәселесіне тікелей сәйкес келеді, өйткені иероглифтік жүйеден фонемалық-әріптік жүйеге көшіру барысында түпнұсқа, транслитерациялық және транскрипциялық ұстанымдар бір мезгілде әрекет етеді.

Осыған байланысты қытай ономастикалық атауларын қазақ орфографиясында беру бір ғана фонетикалық не графикалық операция ретінде қарастырылмауы керек. Мұнда халықаралық танымал нұсқа, ұлттық орфографиялық бейімдеу және мәдени сәйкестік арасындағы тепе-теңдік

сақталуға тиіс. Егер Херманс мәдени кодты сақтаудың маңызын айқындаса, Ньюмарк стратегия таңдаудың мәтін мақсатына тәуелді екенін дәлелдейді. Ал Н. Уәли қазақ жазуында мұндай таңдаудың қандай орфографиялық негіздерге сүйенетінін көрсетеді. Сондықтан қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалау ісі семантикалық дәлдік, дыбыстық жуықтық және графикалық бірізділік ұштасатын көпдеңгейлі үдеріс ретінде танылуы тиіс. Бұл – қазақша қытай ономастикасын жүйелеудің де, латынграфикалы жазуда бірізді норма қалыптастырудың да негізгі теориялық алғышарты.

Шеттілдік атауларды игеруде транскрипция мен транслитерация қатар қызмет етеді: біріншісі атаудың дыбыстық бейнесін ұлттық фонетикаға жақындатып берсе, екіншісі графикалық сәйкестікті сақтайды. Зерттеуші Н. Рсалиева көрсеткендей, графема мен фонема арақатынасы алшақ тілдерде транслитерация, ал орфографиясы мен орфоэпиясы жақын тілдерде транскрипция басым қолданылады [47, 37 б.]. Бұл қағида қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде беруде де айқын көрінеді. Қазақстандағы қолданыста қытай кісі есімдері мен жер-су атауларын берудің аралас моделі қалыптасқанын көреміз. Ресми мәтіндерде көбінесе Палладий жүйесіне сүйенген дәстүрлі нұсқалар сақталса, әдеби және публицистикалық мәтіндерде дыбыстық бейімдеу жиі ұшырасады. Соның салдарынан қытай атауларының көпнұсқалылығы пайда болады, ал тарихи қалыптасқан жазу дағдысы мен дифференциалды принцип олардың қолданысын белгілі дәрежеде реттеп отырады.

Қытай атауларының кейбірі қазақ тілінде тарихи қалыптасқан дәстүрлі нұсқада қолданылады. Мысалы, *Бейжің, Шыңжаң* тәрізді атаулар пиньинь нормасына толық сәйкес келмесе де, тарихи-дәстүрлі принцип негізінде сақталып отыр. Мұндай құбылыс орфографиядағы дәстүр факторын көрсетеді және тілдік қауымның үйреншікті тәжірибесімен байланысты.

Қытай ономастикалық атауларын трансформациялау барысында үш негізгі деңгей айқындалады. Біріншісі − фонематикалық бейімдеу, яғни қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіру. Екіншісі − түпнұсқа немесе транслитерация, халықаралық стандартты сақтау, үшіншісі − мәдени бейімдеу, дәстүрлі немесе калькаланған нұсқаларды қолдану. Бұл модель қазақ орфографиясындағы қытай атауларын трансформациялау тәжірибесін теориялық тұрғыдан негіздейді.

Қытай ономастикалық атауларын беру мәселесі халықаралық деңгейде зерттелген. Ли Хайчжоу, Чжан Мин және Су Цзян [48, 720 б.], қытай ономастикалық атауларын транслитерациялауда *Тікелей графемалық транслитерация* (Direct Orthographic Mapping) моделін ұсынды. Бұл модель фонетикалық аралық кезеңсіз графемалық сәйкестікті қамтамасыз етеді. Қытай жалқы есімдерін беру барысында пиньинь жүйесінің маңызды рөл атқаратыны зерттеулерде анық көрсетіледі. Пиньинь жүйесі қытай иероглифтерін латын графикасында біріздендіріп, халықаралық стандарт ретінде қабылданған [49]. Ғалымдардың пікірінше, пиньинь жүйесі жалқы есімдерді халықаралық дерекқорларда сәйкестендіруді жеңілдетеді және мәдени ақпаратты сақтайды. Бірақ пиньинь транскрипциялық жүйесі тікелей қабылданса ономастикалық атаулардың қоғам тарпына қабылдануында мәселе туындауы мүмкін. Мысалы,

Қытай нарығындағы *JAC, Jetour, Hongqi, Chery, Chang'an, Haval, Tank, Exeed, Geely, Zeekr, FAW, Omoda, Jaecoo, GAC және Kaiyi* сияқты көлік атаулары мен *Xiaomi, Huawei* қазіргі таңда Қазақтанда кеңінен танымал. Бұл марка атауларының ішінде *Hongqi, Changan, Kaiyi, Xiaomi, Huawei* тікелей графемалық транслитерация принципімен жазылған. Оны қарапайым халық арасында қате оқу немесе айту жағдайлары жиі кездеседі, Мысалы *Chang'an*（长安）*атауы Chang (чаң) және an (ан)* деген екі буыннан тұрады, яғни дұрыс оқылымы − *Чаңан*. Ал халық арасында *Чанган* деген айтылымы басым. Мұның себебі біріншіден, қытай тілін білмейтіндер үшін пиньинь жүйесінің буындық ерекшелігі беймәлім, екіншіден, бұл атау екі буыннан тұратындықтан, ондағы дауыссыз дыбыстар *n және g* автоматты түрде екі буынға бөлініп ажырап кеткен. Бұл қазақ тілінің қалыптасқан табиғи дыбыс тіркесімдері мен буындық ерекшелігімен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі үнді *н* мен ұяң *г* дыбысы қатар келіп тұр, және *г* дыбысы сөз соңында келмейді,сондықтан ол қабылдаушы тілде екінші буынның басында айтылып тұр.

Кевин Найт пен Джонатан Грэйл транслитерацияны ықтималдық модельдер негізінде жүзеге асырудың теориялық тетіктерін жасап, жалқы есімдерді беруде таңбалар мен дыбыстардың бір жүйеден екінші жүйеге өту жолдарын ықтималдықпен модельдейтін формалды құрылымдарды қолданудың тиімділігін көрсетті [50, 510 б.]. Бұл бағыт кейінгі зерттеулерде қытай жалқы есімдерін транслитерациялау үлгілерін салыстыруға негіз болды. Атап айтқанда, Ли Хайчжоу, Чжан Мин және Су Цзян қытай атауларын беруде графемалық сәйкестікке негізделген модельдердің ықшам әрі нәтижелі болатынын дәлелдейді: олар орфографиялық бірліктерді тікелей сәйкестендіру аралық фонетикалық сатыларды қысқартып, қателік ықтималдығын азайтады деп санайды. Бұл тұжырым қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында беруде де маңызды. Себебі мұнда фонетикалық көпсатылы түрлендіруден гөрі графемалық тұрақтылықты сақтау арқылы бірізділік қалыптасады.

Қорыта айтқанда, қытай ономастикалық атауларын трансформациялаудың теориялық негіздері жалқы есімдерді жай таңбалық бірлік емес, тілдік, мәдени және орфографиялық факторлар тоғысындағы күрделі жүйе ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті. Тараушада талданған тұжырымдар қытай онимдерін беруде референциялық тұрақтылық, мәдени сәйкестік, орфографиялық бірізділік және қабылдаушы тілдің фонологиялық заңдылықтары қатар ескерілуге тиіс екенін дәлелдейді. Осыған сәйкес қытай жалқы есімдерін қазақ тіліне көшіруде транскрипция, транслитерация, түпнұсқа принципі, эндоним мен экзоним арақатынасы, халықаралық стандарт пен ұлттық норма арасындағы тепе-теңдік негізгі теориялық бағдарлар ретінде айқындалады.

Пиньинь жүйесі бұл үдерісте қытай иероглифтерін латын графикасында біріздендіретін халықаралық стандарт ретінде маңызды қызмет атқарады. Алайда оның графемалық үлгісі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне толық сәйкес келмейтіндіктен, қытай атауларын қазақ жазуында беру механикалық көшіруге емес, ұлттық орфографиялық және орфоэпиялық бейімдеуге негізделуі тиіс.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ тіліне таңбалау мәселесі тек латынграфикалы үлгімен шектелмейді, ол қазақ кирилл жазуындағы қолданыс ерекшеліктерін де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, қытай ономастикалық атауларын қазақ-кирилл графикасында берудегі көпнұсқалылықтың себептерін арнайы қарастыру қажеттігі туындайды.

1.3 Қытай ономастикалық атауларын қазақ-кирилл графикасында беру: көпнұсқалылық себептері

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-кирилл графикасында беру тәжірибесінде көпнұсқалылықтың қалыптасуы ең алдымен аралық тіл арқылы қабылдау арнасына байланысты. Қазақ жазба қолданысына енген қытай антропонимдері мен топонимдерінің едәуір бөлігі тікелей қытай дыбысталуына емес, орыс тіліндегі дәстүрлі транскрипциялық үлгіге, соның ішінде Палладий жүйесіне сүйеніп орнықты. Осыдан атаудың «түпнұсқа айтылымы - орысша транскрипция - қазақша жазылым» сияқты көпсатылы ауысымы пайда болып, әр сатыда фонетикалық жақындастыру мен графемалық бейімдеу қосымша өзгеріс тудырды. Нәтижесінде бір атау бір мезетте бірнеше графикалық бейнеде көріне бастайды: бір нұсқа орысша қалыпты толық сақтаса, екінші нұсқа пиньинге жақындауды көздейді, үшіншісі қазақ фонетикасына ыңғайлауды басым қояды. Жалқы есімнің референттік тұрақтылығы үшін бірізді жазылым қажет екенін ономастика теориясы да нақтылайды, өйткені онимнің негізгі қызметі – нысанды даралап көрсету және мәтіндік сәйкестендіруді қамтамасыз ету [51, 10 б.]. Сондықтан көпнұсқалылық жай «емле ала-құлалығы» емес, атауды ұлттық графикада тұрақтандырудың лингвистикалық қиындықтарын көрсететін жүйелі құбылыс ретінде қарастырылады.

Көпнұсқалылықтың екінші бір себебі қытай тілінің буындық-фонологиялық ұйымы мен қазақ тілінің фонемалық жүйесі арасындағы типологиялық алшақтықтан туындайды. Қытай тіліндегі инициаль – финаль құрылымы, тондық ерекшелік және бірқатар дыбыстардың қазақ фонетикасында тікелей баламасының болмауы кирилл графикасы арқылы «ең жақын сәйкестікті» таңдауды субъективтендіріп жібереді. Осы кезде бір ғана дыбысты әртүрлі әріптік тіркеспен беру, дауыстыларды қысаңдату немесе кеңейту, *ш* мен *ж, ц* мен *с* тәрізді графемалық алмастырулар жарыса қолданысқа түседі. Бұған қоса қазақ жазу тәжірибесінде транскрипция мен транслитерация принциптерінің ара-жігін әр контексте әрқалай ұстану да нұсқа көбейтуге ықпал етеді, ал бұқаралық ақпарат құралдары мен оқулықтардағы редакциялық әркелкілік «норма қалыптастыру» тетігін әлсіретеді. Орфографиялық норма мен қолданыстың арақатысын, сондай-ақ жазылымның түсініктілігі мен орнықтылығын қатар сақтау қажеттігін сөз мәдениеті мен норманы зерттеген еңбектер арнайы атап көрсетеді [52, 160 б.]. Қытай атауларын кирилл әліпбиінде жазуда көпнұсқалылық фонетикалық бейімдеу, графемалық таңдау, аралық тіл ықпалы және нормативтік реттеудің жеткіліксіздігі тоғысқан жерде пайда болатын күрделі ономастикалық-орфографиялық құбылыс.

Қытай тілінің тондық жүйесі, аффрикат дыбыстары, ретрофлекстік дауыссыздары қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде дәл балама таппайды. Соның салдарынан транскрипция әрдайым шамаланған сипатта болады. Сонымен қатар әртүрлі тілдерде қалыптасқан транскрипциялық дәстүрлер бір атаудың бірнеше нұсқасының қатар өмір сүруіне алып келеді. Қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде беруде дыбыстық бейімдеу ең жиі кездеседі. Оны әсіресе көркем шығарма аудармаларынан жиі кездестіруге болады:

«...*Шығыс Джинь* династиясы кезінде *Джыжияңда* атақты бір бай өмір сүрді. Бұл отбасында *Жу Иң Тай* атты қыз бар еді, ол кішкентайынан өте зерек және сұлу еді, қыз оқуға ынтызар болып, *Хаң Жуга* барып, ұстаздан білім алсам дейді..» [53, 24-25 б.].

«Ерте ерте ертеде, *Ымей* тауында ақ жылан мен жасыл жылан өмір сүріпті. Мыңдаған жылдар өткен соң бұл екі жылан екі сұлу қызға айналыпты. Ақ жылан өзіне *Бәй Су Чжын*, жасыл жылан *Сиау Чиң* деген ат қояды» [53, 35 б.].

«Бұл аңыздың бізге жеткеніне 2 мың жылдан астам уақыт өтті, мұндағы *Мэң Дзиаң Чүн Чиу* дәуіріндегі оқымысты *Фән Чи Лиаңның* әйелі - «*Чүн Чиу Зуо Ші»* кітабындағы жөн-жосықты білетін әйел образы» [53, 47 б.].

«Мұлан әкесі мен анасы оның мұндағы түрлеріне қарап, інісіне бір қарап...»

«Мулан әкесінің ойын түсініп, әкесімен сынасады....»

«Бір күні *Жуюань* әскер жайында кеңесіп отырған кезде *Гуфан* солдат соғыс басталғанын жариялайды. *Жуюань* әскерді өзі бастап, соғыс алаңына шығады. *Жуюань* қылышымен сермеп, *Ту Дуйені* тұтқында ала берген кезде кенеттен бір солдат артынан келіп, атынның аяғын шауып түсіреді [53, 57 б.].

«Хынан өлкесінің *Ло Яаң* шығыс терістігінде *Мың Жияң* дейтін ежелгі ел бар болатын...» [53, 194 б.].

«Мәдениет төңкерісінің» ащы шындығын тілге тиек еткен жазушылардан *Гау Шяушың, Лю Шин-у, Ли Гоуын* сияқты қаламгерлер ерекше орын алады [54, 12 б.].

«1980 жылдардағы «зиялы жас жазушылар» арасында *Хан Шаугүң, Шы Тиешың, Жаң Уый, Жаң Чыңжы* сияқты қаламгерлерді атауға болады» [54, 12 б.].

«... бүгінгі таңда Қытай әдебиетінде ерекше орын алып, әлем әдебиетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған жазушылар арасында *Мо Ян, Цзя Пиңуа, Цаншуе, Су Тұң, Уй Хуа* сияқты қаламгерлер бар» [54, 12 б.].

«Зыулиң шоқысы маңында шынымен бір қасқыр бар. *Кумәйрүң* тауға шыққан жылының алғашқы қысында-ақ сол қасқырды көрген болатын. Бұл оқиға туралы алғаш рет *Уаң шұншанға* айтып берген...»[54, 76 б.].

Дыбыстық бейімдеу немесе шамалас транскрипция арқылы жазылып жүрген нұсқалардан қытай тіліндегі дыбыстардың қазақ тілінің айтылу заңдарына қарай бейімделгенін, төл тілдегі сол дыбыстарға жуық бірнеше фонемалармен алмасқанын көруге болады, олардың ішінде әсіресе *о - ұ, j - ж, х - ш* дыбыстарының алмасуы арқылы пайда болған нұсқалар жиі кездеседі: *Мың Жияң, Цаншуе, Су Тұң, Гау Шяушың, Лю Шин-у, Ли Гоуын т.б.*

Калькалау немесе семантикалық әдістер атаудың құрамындағы мағыналық компоненттерді тікелей аудару арқылы беріледі. Бұл тәсіл көбіне топонимдерде, тарихи атауларда және мәдени символдық объектілерде кездеседі. Бұл әдіс атаудың семантикалық мазмұнын сақтағанымен, халықаралық танымалдылық пен ресми стандарттармен сәйкессіздік тудыруы мүмкін.

«Ал бүгінгі күнге дейін, кейінгі Инь дәуірінің ескерткіштері көптеп табылып, оның нәтижесінде осы мемлекеттің территориясы туралы, яғни Инь мемлекеті солтүстігінде Пекинге таяу жерге, *Ұлы Қытай қабырғасына* дейін, батысында – Сиань қаласына дейін, шығысында *Сары теңіз* жағалауына дейін және, оңтүстігінде қазіргі Хунань провинциясы жеріне дейінгі жерді алып жатқандығы туралы мәлімет алуға болады» [55, 16 б.]. Мұндағы 长城 (*Chang Cheng*) - *Ұлы Қытай қабырғасы* деп берілсе, 黄河 (*Huanghe*) – *Сары теңіз* деп берілген.

XVIII ғ., белді прозаик Цао Сюэчин (1715-1763) терең психологизмімен танылған *«Қызыл сарай түсі»* романында алғаш рет кейіпкердің ішкі-жан дүниесінің терең қалтарыстарына бойлау арқылы, сан қаптарлы сезім бояуларын қанық түрде бейнелеп көрсетеді» [56, 19 б.]. Шығарма атауы «红楼梦» (*Hong Lou Meng*)*«Қызыл сарай түсі»* деп аударылған. Дұрысы −«*Қызыл сарайдағы түс*».

«Қытайдың тағы бір танымал жазушысы *Чжан Каңкаңның* «Есепшіл әйел» («作女») атты прозасын кейінгі жылдары жарық көрген тамаша туындылардың бірі» [56, 22 б.].

«Эрамызға дейінгі V ғ. *Чунчю* (Көктем мен күз), *Жаңгуо* (Соғысушы мемелекеттер) дәуірінде жарыққа шыққан Қытайдың тұңғыш өлеңдер кітабы *«Шыцзиң»* («Жырнамада») да нәзік тіршілік иелері − әйелдер бейнесі орталық орынға қойылған» [56, 130 б.].

«... Қытай тарихының атасы *Сыма Цяннің «Тарихи жазбаларында»* осы әулеттің он жеті билеушісінің аттары және олардың билік ету кезеңдері жазылған». [55, 13 б.].

«...Сяның астаналарының бірі *Ло* өзенінің *Хуанхэге* келіп құятын тұсында, яғни *Яншао* мен *Луншань* мәдениетінің тараған тұсында орналасқан болуы керек» [55, 13 б.].

Қазіргі тәжірибеде ең кең тараған әдіс – *аралас тәсіл*, яғни транскрипция мен калькалаудың, немесе транслитерация мен аударманың үйлесуі. Әсіресе оқыту материалдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында осы тәсіл жиі қолданылады. Бұл әдіс прагматикалық тұрғыдан тиімді болғанымен, терминологиялық бірізділікке кері әсерін тигізеді. 北京大学 – Бейжің университеті/Пекин университеті; 黄山风景区 – Хуаншань ұлттық паркі; 中国共产党 – Қытай Коммунистік партиясы; «红楼梦» – «Қызыл сарайдағы түс», «西游记» – «Батысқа саяхат»; 文化大革命 – «Мәдени революция»; 五四运动 – «4 мамыр қозғалысы» т.б.

Қазақ тіліндегі қытай ономастикалық атаулардың берілу тарихы кеңестік кезеңдегі орыс тілі арқылы қалыптасқан транскрипциялық дәстүрмен тығыз байланысты. Бұл кезеңде қытай атаулары көбіне орыс тіліндегі нұсқасы яғни Палладий жүйесі негізінде қазақ тіліне енді. Мұны бір басты себебі – елімізде қытай тілінен қазақ тіліне, оның ішінде қазақ-кирилл жазуында транскрицциялайтын стандарт жасалған жоқ. Зерттеушілер мен аудармашылар көп жағдайда орыстың Палладий транскрипциялық жүйесін қолданса, кейбір зерттеулерде немесе аудармаларда дыбыстық бейімдеу бойынша жазылып жүр. Мұның нәтижесінде бір атаудың бірнеше жазылуы мен айтылу нұсқалары пайда болып отыр. Мысалы, *Beijing – Пекин, Shanghai – Шанхай, Mao Zedong – Мао Цзэдун.* Мұндай екі сатылы бейімделу қытай тілінің фонологиялық жүйесін тікелей емес, делдал тіл арқылы қабылдауға әкелді.

Зерттеуші С. Құлмановтың «шеттілдік сөздер қазақ тіліне көбіне орыс тілі арқылы транслитерацияланатындықтан, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынып келеді» деген тұжырымы қытай ономастикалық атауларын қазақ-кирилл графикасында берудегі көпнұсқалылықтың маңызды себептерінің бірін дәл сипаттайды [57, 83 б.]. Аралық тіл ретінде орыс тілінің транскрипциялық дәстүрі қабылдаушы жүйеге бірнеше деңгейде ықпал етеді: біріншіден, қытай атауларының дыбыстық бейнесі қазақ фонетикасының табиғи мүмкіндігімен емес, алдымен орыс графикасы мен орыс орфоэпиясы арқылы «қайта өңделіп» беріледі; екіншіден, бір атаудың орысша әртүрлі нұсқада орнығуы немесе бірізді болмауы қазақшада да параллель жазылымдардың қатар жүруіне әкеледі; үшіншіден, Палладий транскрипциясы мен пиньинге жақын үлгілердің медиамәтіндерде аралас қолданылуы қазақша кирилл жазу тәжірибесінде норма тұрақтануын тежейді. Соның салдарынан қытай антропонимдері мен топонимдері қазақ мәтіндерінде бірде орысша қалыпқа барынша тәуелді, бірде түпнұсқа дыбысталуға жақындатылған әркелкі тұлғаларда көрініп, графемалық таңдау «қазақ тілінің ішкі заңдылығынан» гөрі сыртқы дереккөздің ықпалына көбірек сүйенеді. Зерттеуші көрсеткен аралық тіл факторы қытай ономастикалық атауларын қазақ-кирилл графикасында стандарттаудың өзегінде тұрған мәселе болып, көпнұсқалылықты фонетикалық сәйкестікпен ғана емес, жазу дәстүрі мен ақпараттық айналымдағы үлгінің шығуына да қатысты.

Қытай тіліндегі ономастикалық атауларды орыс графикасында жүйелі берудің алғашқы үлгісін 1839 жылы қытайтанушы Иакинф Бичурин енгізіп, ол кейіннен Палладий транскрипциялық жүйесі ретінде танылды. Аталған жүйе ұзақ уақыт бойы посткеңестік кеңістіктегі негізгі үлгінің біріне айналып, қытай жалқы есімдерін орыс тілі арқылы қабылдайтын елдердің жазу тәжірибесіне елеулі ықпал етті. Қазақстандағы қытай ономастикалық атауларын жазу дәстүрі де осы арнамен қалыптасып, қытай ономастикалық атауларының қазақша жазылымы көп жағдайда түпнұсқа дыбысталуына емес, орыс тіліндегі қалыптасқан нұсқаға сүйеніп орнықты. Қытай ономастикалық атауларының қазақ тіліндегі қазіргі нұсқалары кездейсоқ қалыптапаған, олар орыс транскрипциялық дәстүрі арқылы орныққан тарихи тәжірибенің нәтижесі. Бұл жайт қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында қайта жүйелеу

барысында бұрынғы кириллдік қабатты, оның қалыптасу механизмдерін және делдал тіл арқылы енген графикалық үлгілердің әсерін міндетті түрде ескеруді талап етеді.

Паллайдий транскрипция жүйесі қытай тіліндегі дыбыстарды кирилл графикасы арқылы жазу принципіне негізделген және орыс тілінің артикуляциялық-акустикалық мүмкіндіктеріне бейімделген. Бұл жүйеде қытай фонемалары жуық дыбыстық баламалармен беріледі, алайда тондық оппозициялар мүлде белгіленбейді, ал кейбір фонемалық айырмашылықтар бейтараптандырылған. Нәтижесінде қазақ тілді аудитория үшін мәтіннің оқылымдылығы артқанымен, түпнұсқалық фонологиялық құрылымның дәлдігі әлсірейді. Сонымен қатар, кеңестік кеңістікте бірізді нормативтік стандарттың болмауы бір атаудың бірнеше нұсқада жазылуына алып келіп, терминологиялық тұрақсыздықты күшейтті.

Палладий жүйесін қытай фонетикалық әліпбиі пиньинмен салыстырып қарасақ, біраз мәселелерге тап боламыз. Екі тілдегі дауыссыз дыбыстардың көпшілігі сәйкес келгенімен (*b/б, p/п, d/д, t/т, g/г, k/к, h/х, f/ф, l/л, m/м, n/н)* кейбіреуінің мүлдем баламасы жоқ (*ng, u , ü, r).* Орыс тілінде *wu* буынындағы бастапқы *w «у»* түрінде жазылса, басқа буындарда «*в»* арқылы жазылады. Пиньиндегі *r* әрпі орыс тіліндегі «*ж*» дыбысына сәйкес келеді дейді, бірақ бұл жерде қытай тіліндегі *zh, j* әріптерінің дыбысталуы да «*ж*»-ға жуық болатындықтан, мәселе туындайды [58, 46 б.].

Пиньиндегі *j* мен *z* Палладий жүйесінде бір ғана «*цз*» арқылы беріледі: *ji -цзи, jia-цзя, jian-цзянь, jie-цзе, juan-цзюань, ju-цзюй; zi-цзы, zao-цзао, ze-цзэ, zei-цзэй, zan-цзань.* Сол сияқты *q* және *c* дауыссыз дыбыстары «*ц*», ал оларға жалғанатын дауыстылар әртүрлі дыбысталады: *qi/ци, ci/цы*. *N* және *ng* финалдары (буын соңында) әртүрлі беріледі. Тіл арты дыбысы *ng* – әдетте Палладий жүйесінде *«н»,* ал *«п»* – жіңішкелік белгісін қою арқылы *«нь»* деп беріледі. Егер *ng* дыбысынан кейін дауысты дыбыстан басталатын буын келсе, онда жуандық белгісі қойылады: *Танъинь* (汤阴 tāngyīn). Бұл финалды ажырату үшін алынғаны алға тартылады. Бірақ біздің ойымызша мұның негізгі себебі орыс тілінде «*ng*» дыбысына сәйкес «*ң*» дыбысының болмауы [58, 46 б.].

Мәсімханұлы Д. мен Әбиденқызы А. құрастырған «Үлкен қытайша-қазақша сөздікте» (2017) қытай тіліндегі кейбір дыбыстарды қазақ-кирилл әліпбиінде беру мәселесінде өзіндік ұстаным қолданылған. Атап айтқанда, *j* және *z* әріптері *цз* дыбыс тіркесі арқылы, ал *s* пен *x* дыбыстары бір ғана *с* таңбасымен берілген. Сонымен қатар *q, ch* дыбыстары *ч* әрпімен, *sh* дыбысы *ш* арқылы таңбаланған. Ал *r* фонемасы орыс тіліндегі қалыптасқан дәстүрге сүйеніп, *ж* әрпімен көрсетілген [59, 159 б.]. Сөздікте *ng* тіркесі қазақ тіліндегі *ң* әрпімен берілуі орынды әрі дау тудырмайды. Алайда *n* әрпінің қазақ тіліндегі *н* арқылы емес, орыс графикасындағы *нь* таңбасымен берілуі ғылыми тұрғыдан негізделмеген.

Жалпы, *j, q, sh, c, x, ch, zh* дыбыстары бар атаулардың саны өте көп және қолданылу жиілігі жоғары. Мысалы, қытай тіліндегі 400 негізгі буынның ішінде ең жиі кездесетін 14 буында *shi, zhi, zhe, wo,* ал 33 жиі қолданылатын буында

zhong, zi, shang, wei, xiang, zhu, sheng, zai, xiao, wu, chan, zuo, xian, quan, shuo сияқты буындар бар. Қытай топонимдері мен антропонимдерінде де *j, q, sh, c, x, ch, zh* дыбыстары өте жиі кездеседі. Мысалы: *Xi Jinping, Li Keqiang, Wang Yang, Wang Qishan, Zhang Wei, Cai Qi, Qiqihaer, Shandong, Shanghai, Changan, Zhengzhou* және т.б.

Тағы жиі қиындықтар тудыратын финалдар *іu-ю, іа-я, уи/ӱ-юй*. Қытай тілінің дыбысталуында орыс тіліндегі қысқа «*й*» жоқ. Палладий жүйесінде «*ио» о, уои - ю*. «*е*» дауысты дыбысы қатаң «э» *(ben/бэнь, le/лэ),* ал *іе* - жұмсақ «*е*» *(die/де, jie/цзе)* [61, 183 б.].

Ономастикалық атауларды қабылдаушы тілде беру барысында фонетикалық дәлдік пен орфографиялық бірізділіктің әрдайым бір-біріне сай келе бермейді. Сондықтан Палладий жүйесін бағалауда екі түрлі талап қатар көрінеді, бір жағынан, ол тарихи тұрғыдан қалыптасқан және кең қолданылған стандарт болса, екінші жағынан, қазіргі қытай тілінің нақты дыбысталуын, әсіресе путунхуа нормасын, толық бейнелей алмайтын жүйе деуге негіз бар. Мұны орыс ғалымдарының өздері де атап көрсетеді. Қытайтанушы Альберт Крисской Палладий жүйесінің қытай фонетикасын дәл бере алмайтынын алғаш байқаған кезде, көптеген зерттеушілер сияқты, оны жетілдіретін неғұрлым дұрыс балама кесте жасауға ұмтылғанын айтады. Алайда кейін ол қандай да бір орыс немесе латын әріптеріне негізделген жүйе қытай фонетикасын мүлтіксіз бере алмайтынын, сондықтан әркімнің жеке-жеке жаңа нұсқа ұсына беруі ортақ жазылым жүйесін әлсіретететінін айтқан. Ғалым қытай кісі есімдері, географиялық атаулар, брендтер және өзге де жалқы есімдер үшін ортақ әрі тұрақты жүйенің болғаны әлдеқайда маңызды екенін баса айтады [60. Бұдан мәселе тек фонетикалық дәлдікте емес, ғылыми айналым мен жазу тәжірибесінде бірізділікті сақтауда да жатыр деген тұжырым жасауға болады.

Зерттеушілер ономастикалық атауларын орыс тілінде берудің дәстүрлі жүйесі қазірге дейін кең қолданылғанымен, бірқатар қытайтанушылар оны қытай фонетикалық жүйесін барабар бейнелей алмайтын үлгі ретінде бағалайды [60]. Оның басты себебі бұл жүйенің XIX ғасырда, яғни кейінгі латыннегізді фонетикалық жүйелер қалыптаспай тұрған кезеңде жасалуында. Сол себепті Палладий транскрипциясы қазіргі қытай тілінің, нақтырақ айтқанда путунхуаның, дыбысталуын дәл беретін фонетикалық жазба ретінде қарастырыла алмайды. Сонымен қатар ол практикалық транскрипция, яғни бөгде тіл сөзінің айтылымын қабылдаушы тілдің жазу құралдарымен беру, және транслитерация, яғни бастапқы және қабылдаушы тілдің графикалық бірліктері арасындағы барынша жуық сәйкестікті белгілеу мәселелерін толық шеше алмайды [61, 55 б.].

Бұдан шығатын қорытынды − Палладий жүйесін қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде берудің бірден-бір мінсіз үлгісі ретінде қабылдау ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз. Ол тарихи дәстүр мен аралық тілдік тәжірибенің нәтижесі ретінде маңызды болғанымен, қазіргі қазақ жазуы, әсіресе латыннегізді әліпби жағдайында, қытай атауларының дыбыстық құрылымын неғұрлым дәл әрі жүйелі жеткізетін жаңа лингвистикалық шешімдерді қажет етеді. Сондықтан

қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалауда Палладий үлгісін тек дайын норма ретінде емес, қайта қарауды және салыстырмалы тұрғыдан бағалауды талап ететін тарихи транскрипциялық жүйе ретінде қарастырған жөн.

Қытай ономастикалық атауларын орыс графикасында беру тәжірибесінде Палладий жүйесінің орны ерекше болғанымен, оның мүмкіндігін бағалауда зерттеушілер арасында біркелкі пікір жоқ. Л. Р. Концевич бұл жүйені қытай жалқы есімдері мен географиялық атауларын орыс тілінде берудің тарихи тұрғыдан орныққан әрі уақыт сынынан өткен практикалық үлгісі ретінде сипаттайды. Ғалымның көрсетуінше, бұл транскрипция В. П. Васильев негіздеген дәстүрден бастау алып, Палладий мен П. С. Поповтың сөздігінде толық қалыптасып, кейін орыс орфографиясы реформасынан соң біршама жаңғыртылған. Осы тұрғыдан алғанда Концевич Палладий жүйесін қытай сөздерінің дыбыстық және құрылымдық құрамын салыстырмалы түрде дәл жеткізетін, қолданыста тұрақтанған модель ретінде бағалайды [62, 155 б.].

Сонымен бірге бұл жүйенің шектеулері де айқын. Қытай тілінің бірқатар дыбыстары орыс тілінің фонологиялық жүйесінде тікелей балама таппайды, ал Палладий жүйесі тек орыс графикасының мүмкіндігімен шектеледі. Сол себепті ол қытай тілінің қазіргі дыбысталуын толық фонетикалық дәлдікпен бере алмайды және транскрипция мен транслитерацияның барлық практикалық мәселесін түбегейлі шеше алмайды. Алайда тарихи қолданыс, сөздік дәстүрі және посткеңестік кеңістіктегі орныққан жазу практикасы бұл жүйенің өміршеңдігін сақтап отыр. Сондықтан қытай тарихы мен мәдениетіне қатысты оқулықтарда, аударма әдебиеттерде және Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарында Палладий үлгісімен берілген нұсқалардың басымдығы кездейсоқ емес; бұл – қытай атауларының қазақ мәтіндік кеңістігіне көбіне орыс тілі арқылы енгенінің нақты көрінісі [63, 179 б.]. Қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында біріздендіру мәселесін қарастырғанда Палладий жүйесін тек сын нысаны ретінде емес, қалыптасқан жазу дәстүрінің ықпалды қабаты ретінде бағалап, оның артықшылықтары мен шектеулерін қатар ескеру қажет.

Қытай тарихы мен мәдениеті қатысты оқулықтар мен аударма еңбектерде және Қазақстан БАҚ құралдарында осы Палладий жүйесі арқылы жазылған нұсқалар басым болып келеді, мұны төмендегі мысалдардан көруге болады.

«...Бұл еңбек тек *Цин* патшалығы кезеңіндегі ұйғыр тілін зерттеуде ғана емес, тұтас түркология ғылымы үшін де ғылыми және деректік құндылығы өте жоғары дүние. Аталған еңбектің көшірме нұсқасын 1957 жылы *Пекиндегі* «ұлттар баспасы» қайта басып шығарды» [64, 78 б.].

«*Гоминьдан* қорғаныс министрлігі жанындағы зеттеу орталығы құрастырған «ұйғырша профессор *Сюй Сихуаның* «*Синьцзяндық* түркілер тілінде жиі қолданатын әріптер кестесі», түрколог ғалымдар *Чэн Юйвэн, Ли Сэн*» [64, 83 б.].

«*Гэн Шимин* 2012 жылы желтоқсан айында 83 жасында *Пекин* қаласында қайтыс болды» [64, 107 б.].

«Профессор *Ху Чжэньхуа* 1931 жылы *Шаньдун* өлкесінің *Циньдао* қаласында туған. Ұлты дүңген. Дүнгенше есімі Мұхаммед. 1948 жылы *Нанькин* мемлекеттік шығыс тілдері институтының араб тілі бөліміне қабылданады» [64, 107 б.].

«...1644 жылы қытайдың дихандар армиясы *Пекинге* басып кіріп, *Мин* патшалығын жойған кезде манчжурлар дихандар армиясын астанадан ығыстырып шығып, *Мин* патшалығының орнына өздерінің *Цин* патшалығын орнатты» [54, 25 б.].

«Президент Қытай ұлттық ядролық өнеркәсіп корпорациясының (CNNC) Директорлар кеңесінің төрағасы *Шэнь Яньфэнді* қабылдады» [55, 96 б.].

«Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі *Хань Чуньлинді* қабылдады». Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына жасайтын алдағы сапарына дайындық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ *Тяньцзинде* өтетін *Шанхай* ынтымақтастық ұйымының саммитіне және «ШЫҰ плюс» отырысына қатысу бағдарламасы пысықталды» [65].

АСТАНА. KAZINFORM - Сейсенбі күні Қытайдың *Ганьсу* провинциясындағы *Ганьнань-Тибет* автономды аймағының *Тево* ауданында 5,5 магнитудалы жер сілкінісі тіркелді. Бұл туралы Қытайдың сейсмологиялық желілер орталығы (CENC) хабарлады, деп жазады *Синьхуа.*

«Президент Қытайға ресми сапары барысында қазақ делегациясына көрсетілген қонақжайлық пен достық ілтипат үшін Төраға *Си Цзиньпинге* алғыс айтты» [65].

«...Сяның астаналарының бірі *Ло* өзенінің *Хуанхэге* келіп құятын тұсында, яғни *Яншао* мен *Луншань* мәдениетінің тараған тұсында орналасқан болуы керек» [55, 13 б.].

«Археологиялық қазба жұмыстары кезінде *Эрлитоу мен Эрлиганда* табылған диқаншылық қауымның сарай кешендері осыған дәлел бола алады» [55, 14 б.]. «Б.з.д. II мыңыншы жылдықтың екінші жартысында, Кытайдың кең байтақ даласында *Ганьсуден Шаньдунге, Хэбэйден Хунань мен Цзянсиге* дейінгі аралықтағы өзен бойларында шашырай жайылып, ерте заманғы қалалық қоныстардың орны алып жатты» [55, 14 б.].

«Ол бағаналар – деректерде – *Ишань, Тайшань және Ланьятай* бағаналары деген атпен белгілі. Бірінші *Ишань бағанасы, Конфуций мен Мэн-цзының* отаны, бұрынғы *Лу* патшалығының территориясындагы *Ишань* тауында орнатылады. Бұл бағанада жазылған мәтінде *Цинь Шихуан-ди* өзінің алты патшалықты жеңгені, Аспан асты елінде бейбітшілік орнатқаны туралы жазып қалдырған» [55, 52 б.].

«Маусым айында Қытай төрағасы *Ху Цзиньтао* Қазақстанға келіп кетті. Оның алдында *Шанхай* ынтымақтастық ұйымы аясында Ташкентте өткен мәжіліске қатысқан болатын» [66, 69 б.].

«Қытай-Ресей қатынастарын зерттеумен айналысатын қытай ғалымдарының қатарында *Син Гуанчэн, Ван Гуйфан, Сун Жуанчжо Чжен Кун*

Фу, Чжао Чанцин, Чэн Фухуань, Ся Ишань, Лю Цинцай, Ху Хунпинь, Луань Цзинхэ, Тао Шуциньдерді атауға болады» [66, 18 б.].

«Қазақстан премьер-министрі Н. Балғынбаевтың Қытайға сапарлары мен Қытай Сыртқы істер министрінің орынбасары *Чжан Дегуанның* Қазақстанға сапары бар. Қырғыз Республикасы президенті А. Ақаев Қытайға сапары барысында Қытай төрағасы *Цзян Цзэминьмен*, Мемлекеттік Кеңестің премьері *Жу Жунцзимен*, БХӨЖ Орталық комитетінің төрағасы *Ли Пэнмен* кездесті» [66, 33 б.].

...Сонымен қатар, *Ланьчжоу* қаласынан 24 техника, 120 өрт сөндіруші және үш іздестіру итінен тұратын қосымша күштер жіберілді. *Ланьчжоу - Ганьсу* провинциясының әкімшілік орталығы. Сондай-ақ, көршілес *Линься-Хуэй* автономды округінен 10 техника, 60 өрт сөндіруші және екі іздестіру иті көмек көрсетіп жатыр [67.].

«....Бүкілқытайлық комитеті төрағасының орынбасары *Ши Тайфэнмен* кездесуде ол *Тяньцзинь* қаласында өткен ШЫҰ саммитінің маңыздылығын атап өтіп, ҚХР Төрағасы *Си Цзиньпиннің* халықаралық қолдауға ие болған бастамаларына жоғары баға берді. Бұдан бөлек, Ержан Жылқыбаев ҚКП Орталық Комитеті *Шаньдун* провинциясы партия комитетінің хатшысы *Линь Умен* келіссөз өткізді. Тараптар екі елдің қарым-қатынасы өзара сенімге, түсіністік пен дәстүрлі достыққа негізделгенін атап өтті [66, 129 б.].

Бұл мысалдардан қытай ономастикалық атауларының Палладий жүйесі арқылы ғана жасалып қоймай, бір атаудың әртүрлі нұсқаларының да қатар қолданылатын байқауға болады.

Қытайдағы географиялық атаулардың бір бөлігі Қытай қазақтарының тілдік қолданысында жергілікті фонетикалық нормаларға бейімделген тұлғада тарихи түрде қалыптасқан. Мысалы, орыс тіліндегі транслитерацияда *Гуцзяо* түрінде берілетін атау Қытай қазақтарының тілдік тәжірибесінде *Гужияшы* тұлғасында орнықса, оның латынграфикалы қазақ әліпбиіндегі нұсқасы *Gujiaşy* түрінде ұсынылады; сол сияқты *Гуанчжоу − Гуаңжұу − Guanjuu, Синьчжоу − Шинжұу − Şınşuu* қатарлары да қазақша бейімделудің нақты үлгілері ретінде қарастырылады. Бұл деректер қытай топонимдерінің қазақ тіліне ену үдерісінде бастапқы тұлғаның белгілі дәрежеде фонетикалық өзгеріске түсуі табиғи құбылыс екенін көрсетеді. Осындай өзгерісті теріс құбылыс ретінде емес, қабылдаушы тілдің фонетикалық және орфографиялық жүйесіне икемделудің заңды нәтижесі ретінде бағалау қажет. Зерттеуші Қ.Рысберген мұндай бейімдеуден толық бас тартуға болмайтынын, керісінше, оны тілдік нормаға сай, кезең-кезеңімен және ғылыми негізде жалғастыру қажет екенін атап көрсетеді. Себебі халықаралық тілдік тәжірибеде өзге тілден енген ономастикалық атауларды қабылдаушы тілдің дыбыстық және графикалық жүйесіне сәйкестендіріп қолдану қалыпты құбылыс саналады. Осы тұрғыдан алғанда, қытай топонимдерінің орыс тілі арқылы орныққан графикалық және морфологиялық элементтерін өзгеріссіз сақтау қазақ тіліндегі айтылымды күрделендіреді, ал оларды қазақ тілінің фонетикалық табиғатына бейімдеу тілдік нормаға қайшы келмейді, қайта соның ішкі заңдылығымен үйлеседі [68, 238 б.].

Бұл пікірді қытай аумағындағы бірқатар топонимдердің қазақ тіліндегі игерілу үлгілері де нақтылай түседі. Атап айтқанда, *цз, чж* әріп тіркестері мен *чжоу* сияқты онимдік көрсеткіштердің орысша нұсқада сақталуы *Гуцзяо, Цзянмын, Цзинчэн, Цзесю, Шочжоу, Хуайжэнь* сияқты атаулардың қазақ тілінде дыбысталуын едәуір ауырлатып жібереді. Осыған байланысты Қазақстан аумағындағы орысша *Чунджа* түрінде орныққан елді мекен атауының қазақ тілінде *Шонжы* түрінде айтылып, жазылуы фонетикалық бейімдеудің уәжді әрі сәтті үлгісі ретінде алынады. Сонымен бірге бірқатар шетелдік мемлекет, астана және қала атаулары қазақтың ұлттық лингвомәдени кеңістігінде орнығып, дәстүрлі норма деңгейіне көтерілгені байқалады. Мысалы, *Жапония, Мажарстан, Ыстамбұл, Пәкістан, Вашингтон, Мәскеу, Ресей, Орынбор, Бейжін, Ұлыбритания, Тehран* сияқты атаулар жазу тәжірибесінде тұрақталып, қазақ тілінің фонетикалық әрі орфографиялық заңдылықтарына бейімделген қалыпта қолданылады. Осы негізде экзонимдерді түркі тектес топонимдер, шекаралас мемлекеттер аумағындағы географиялық атаулар, араб тектес атаулар, сондай-ақ Қытай аумағындағы қала, аймақ, өңір және гидронимдер деп бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мұндай жіктеу арқылы олардың дәстүрлі, бейімделген және жаңа латынграфикалы нұсқаларын салыстыра отырып сипатталады.

Алайда тілімізде тарихи қалыптасқан дәстүрлі экзонимдер әлі де сақталып келеді. Мысалы, *Пекин, Шанхай, Гонконг* сияқты формалар пиньинге сәйкес келмесе де, орныққан қолданыс ретінде қабылданған. Бұл құбылыс ономастикалық инерция деп сипатталады, яғни кең таралған атауларды өзгерту әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан күрделі процесс.

Ғылыми еңбектер мен БАҚ беттерінде Қытай астанасы *Beijing* (北京) атауы ең жиі кездесетін экзоним. Оқулықтарда көбінесе *Пекин* және *Бейжің* нұсқалары бірдей қолданылса, БАҚ -та тек *Бейжің* нұсқасы қолданылатын анықтадық. Бұл ғалымдардың айтып жүрген тілдік қолданыста тұрақталып қалған экзонимге жатады. Бұл экзонимдер қатарына *Шыңжаң – Синьцзян – Шынжаң* экзонимін де жатқызуға болады.

«...Сондай-ақ Шыңжанның шығысымен шекаралас Ганьсу провинциясынын Ақсай Қазақ автономиялық ауданында және *Бейжің* қаласында өмір сүреді» [69, 8 б.].

«...1644 жылы қытайдың дихандар армиясы *Пекинге* басып кіріп, Мин патшалығын жойған кезде маньжурлар дихандар армиясын астанадан ығыстырып шығып, Мин патшалығының орнына өздерінің Цин патшалығын орнатты» [69, 9 б.].

«Ал бүгінгі күнге дейін, кейінгі Инь дәуірінің ескерткіштері көптеп табылып, оның нәтижесінде осы мемлекеттің территориясы туралы, яғни Инь мемлекеті солтүстігінде *Пекинге* таяу жерге, Ұлы Қытай қабырғасына дейін, батысында – Сиань каласына дейін, шығысында Сары теңіз жағалауына дейін оңтүстігінде қазіргі Хунань провинциясы жеріне дейінгі жерді алып жатқандығы туралы мәлімет алуға болады [55, 16 б.].

«23-24 маусымда *Бейжің* қаласында Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Ғизат Нұрдәулетов Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының XX кездесуіне қатысты». Іс-шараның алдында делегациялар басшыларын Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Хань Чжэн қабылдады» [66, 136 б.].

«Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі *Чжан Сяоны* қабылдады. Өз кезегінде Қытай елшісі *Чжан Сяо* Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, *Бейжіңнің* жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға бейіл екенін растады» [67].

«Мемлекет басшысы *Бейжің* Тіл және мәдениет университетінің президенті Дуань Пэнді қабылдады. Дуань Пэн қолданбалы лингвистика және цифрлық оқыту салаларында бірлескен жобаларды іске асыру перспективасы жөнінде әңгімеледі» [67].

«...Олар негізінен Қытай Халық Республикасының *Шыңжаң* Ұйғыр автономиялық районының *Іле* Қазақ автономиялық облысына қарасты Іле, *Тарбағатай* және *Алтай* аймақтарында тұрады. Сондай-ақ *Шыңжанның* шығысымен шекаралас *Ганьсу* провинциясынын Ақсай Қазақ автономиялық ауданында және *Бейжің* қаласында өмір сүреді» [69, 77 б.].

«Тарихшы *Чжан Яньның* «*Шыңжаңның* таяу және қазіргі замандағы үкіметтерінің қазақтарға қолданған үстемдік саясаттары» атты мақаласы өзіндік жаңалықтарымен құнды» [69, 41 б.].

«*Юань Тунқай* жазған «*Шыңжаң* қазақтарының *Қызай* руының тарихи қайнарына анықтама» атты мақалада, *Қызай* руының, арғы тегіне бірқатар ізденістер жасап, олардың қайдан шыққандығы және қалай қалыптасқандығы жөнінде талдаулар жасалады» [69, 50 б.].

«Орталық Азия елдерінің Қытайдың *Шыңжаң* Ұйғыр автономиялы ауданымен өзара ынтымақтастығын сөз еткенде, осы ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын *Үрімші* қаласына тоқталмасқа болмас [69, 85 б.].

«*Гоминьдан* қорғаныс министрлігі жанындағы зеттеу орталығы құрастырған «ұйғырша-профессор *Сюй Сихуаның* «*Синьцзяндық* түркілер тілінде жиі колданатын әріптер кестесі», түрколог ғалымдар *Чэн Юйвэн, Ли Сэн*» [64, 83 б.].

«ҚХР *Шынжаң* өлкелік өкіметі 1982 жылы «жаңа жазуды» тоқтатып, А.Байтұрсынұлы негізін қалаған «төте жазуды» (арап алфавиті негізіндегі) қайтадан қолданысқа енгізді [64, 87 б.].

Династия атаулары *Цин -Цинь - Чиң; Мин- Минь - Миң; Хан - Хань; Сунь - Сун – Сұң - Сүн; Тан - Таң, Юань - Юан, Цзин Цзинь - Джинь.*

«...1644 жылы қытайдың дихандар армиясы *Пекинге* басып кіріп, *Мин* патшалығын жойған кезде маньчжурлар дихандар армиясын астанадан ығыстырып шығып, *Мин* патшалығының орнына өздерінің *Цин* патшалығын орнатты» [69, 11 б.].

«1759 жылы наурыз айындағы *Цин* патшалығының императоры *Чяньлунның* жарлығында: «Биыл сауда жасауға келетіндер көбірек болады. *Дин Шан* монғол тілін білмейді [69, 272 б.].

«1644 жылы қытайдың дихандар армиясы *Пекинге* басып кіріп, *Мин* патшалығын жойған кезде маньжурлар дихандар армиясын астанадан ығыстырып шығып, *Мин* патшалығының орнына өздерінің *Цин* патшалығын орнатты» [69, 89 б.].

«Б.з.д. 221-ші жылы *Цинь Шихуан* бүкіл ел тұрғындарынан қару-жарақты тәркілеу туралы бұйрық жариялады» [70, 98 б.].

«... Алайда Қытайдың ең соңғы феодалдық патшалығы *Цин (Чиң)* империясының XVIII ғасырдың ортасында Орталық Азияға дейін ірге жайып келуі, қазақ тарихына аса үлкен ықпал жасады» [69, 109 б.].

1911 жылы Қытайда *Цинь* патшалығы аударылып, Қытай *Минго* (中华民) өкіметі (гоминданшылар) құрылды [69, 87].

«Қазақтар мен қытайлар арасындағы өзара қарым-қатынастардың тарихы ұзақтан басталады, б.з.д. III ғасырда *Қытайдың Хань* патшалығы мен ұлтымыздың этногенездерінің қайнар көзі болған *Ғұн* және *Үйсін* дәуірінен басталған» [69, 78 б.].

«*Сун* дәуірінде тарихи шығармаларды зерттеу әдісі күрделене...» [70, 39 б.]. «...Дәл сол *Сұң* заманында әдебиеттің түрлі салалары дамиды [67, 45 б.].

Чу патшасын Сун бектігіне шабуыл жасауға желіктіріп отыр. *Суң* деген шағын мемлекет, *Чудың* тепкісіне қайтіп төтеп бере алады [70, 98 б.].

Таң патшалығының тұрғындары да олардан қалыса қоймапты. Мысалы, *Хань* дәуіріндегі өлген адамдар бейітінің алдына негізінен қой, жолбарыс, бұрылардың тас мүсіндері қойылған болса, *Чаңаньдағы Чжаолин* кесенесіне аттар мен түйеқұстар бәдізделген.

....Суң дәуірінің әдебиеті мен өнері қазіргі таңдағы секілді ұлттық құндылыққа көбірек салмақ берген көрінеді. Содан да *Ляо, Цзинь, Юань* халқы бірінен соң бірі басып кіргенде, ұлттық құндылық мәселесіне қатты бас қатыруға тура келген. *Хань* және *Тан* дәуірінде шекаралық қиындықтар көп болғанымен, ел тұрғындары батыл болды, әрі бөгде жұртқа құл болғысы келмеді, сол үшін еш екіленбестен сырттан келген заттарды пайдалана берді. [70, 42 б.].

«...*Сұң* әулетінің (960-1279 ж.) негізін салған өкіметті бекітеді. Астанасы – *Кайфын* қаласы болады.

(....*Сұң* өкіметінің қол астына Қытайды біріктіру тек 980 жылы ғана *Чжао Куанинь* өлген соң іске асады» [55, 217 б.].

...*Шығыс Джинь* династиясы кезінде *Джыжияңда* атақты бір бай өмір сүрді [71, 25 б.].

«Осындай шектеулерге қарамастан, әдебиет айдынында өз қолтаңбасын қалдырған қытай арулары *Жуо Уынзұн, Уан Чиан, Бан Жиеюй (Батыс Хан дәуірі), Бан Жао, Цай Иән, Цао Дажия (Шығыс Хан кезеңі), Цзуо Фын, Хие Даоюн, Лю Линсиән (Вэй Цзин дәуірі), Сие Тао, Юй Сианцзи (Таң дәуірі), Ли Чинжао, Жу Шужын, Таң Уаң (Сун дәуірі), Гуан Даошын, Жың Юндуан (Юан кезеңі), Жу Чжонсиан, Дуан Шу чиң, Сюй Юән Уаң Уей Шаң Жиңлан (Миң дәуірі), Сюй Цан, Чын Дуаншың, У Цзао, Чию Синжу, Чын Шанбао, Чию Цзин, Сюй Цзыхуа (Чиң дәуірі)* және т.б. болды [56, 123 б.].

Қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде берудегі көпнұсқалылықты *Үрімші / Үрімжі* атауының қолданысынан айқын көруге болады. Мәтіндік деректерде бұл қаланың атауы әртүрлі графикалық нұсқада ұшырасады: бір деректе «...*Үрімжіге* қайтарып әкеліп, оларға қазақтармен жасалатын сауданы басқарту керек» түрінде берілсе [69, 72 б.], екінші бір деректе «Орталық Азия елдерінің Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданымен өзара ынтымақтастығын сөз еткенде, осы ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын *Үрімші* қаласына тоқталмасқа болмас» деп жазылады [64, 56 б.]. Бір қаланың атауының осылай екі түрлі нұсқада жұмсалуы қытай жалқы есімдерін қазақ тілінде таңбалауда орнықты норманың әлі толық қалыптаса қоймағанын көрсетеді. Бұл жерде айырмашылық тек бір әріптің алмасуында емес, атауды орыс тілі арқылы қабылдау мен оны қазақ тілінің фонетикалық табиғатына жақындатып беру ұстанымдарының қатар жүруінде жатыр.

Осы құбылысты арнайы талдаған зерттеуші Қ. Ғабитханұлы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы 乌鲁木齐 *(Wulumuqi)* атауының қазақша қолданыста бұрынғы *Урумчи* тұлғасынан гөрі *Үрімжі* түрінде жазыла бастағанын атап көрсетеді. Ғалым бұл атаудың моңғол тіліндегі «көрікті жайлау» мағынасымен байланысты тарихи негізін ескере отырып, шетелдік ономастикалық атауларды бұрынғыдай орыс тілінің заңдылығымен емес, қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне лайықтап, түпнұсқа дыбысталуына барынша жақындату қажеттігін негіздейді [72, 22 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, *Үрімжі* нұсқасы қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына неғұрлым сәйкес келетін, артикуляциялық жағынан да табиғи тұлға ретінде танылады. Бұл мысал қытай атауларын қазақ тілінде біріздендіру барысында делдал тіл ықпалынан біртіндеп арылып, ұлттық фонетикалық норма мен түпнұсқа дыбысталудың арақатынасын қайта қарау қажеттігін нақты көрсетеді.

Қытайдың атақты тұлғаларының есімдері де түрлі нұсқада кездеседі. Атап айтқанда:

«Бірінші *Ишань бағанасы, Конфуций мен Мэн-цзының* отаны, бұрынғы *Лу* патшалығының территориясындағы *Ишань* тауында орнатылады. Бұл бағанада жазылған мәтінде *Цинь Шихуан-ди* өзінің алты патшалықты жеңгені, Аспан асты елінде бейбітшілік орнатқаны туралы жазып қалдырған» [55, 52 б.].

«Әңгімеде *Лау Дзы* мен *Коң Дзының* пікір таласы, ақыр аяғында *Лау Дзының* жеңіліп, *Коң Дзының* жеңіс тұғырына көтерілгені сөз болады» [71, 231].

«Б.з.д. 221-ші жылы *Цинь Шихуан* бүкіл ел тұрғындарынан қару-жарақты тәркілеу туралы бұйрық жариялады» [55, 52 б.].

«Мүрит әулие тауын таба алмады, ақыры *Чинь Шихуаң* да бұл дүниеден өтті. *Хань Уди* де іздетіп көріп еді, ол да ешқандай дерек таба алмады» [70, 90 б.].

«Оның шығармаларында даосизм мен чань-буддизмнің идеялары, сондай-ақ қытай классикалық әдебиетінің ұлы тұлғалары – *Цюй Юань, Сыма Цянь, Тао Юаньмин, Су Дунпо* және *Цао Сюэциньдердің* рухани-эстетикалық ықпалы айқын байқалады» [56, 60 б.].

«Оның пікірін *таң* заманының ақыны *Ду Фудың* ізін жалғастырушы *Мэй Яочэнь* (1002- 1060) қолдады. *Мэй Яочэннің* шығармашылығына әділеттілікке

ұмтылған әлеуметтік мәселелер арқау болды. *Ван Аньши*, ақын *Су Дунпо* және т.б. *Оуян Сюдің* ізін жалғастырушылары мен шәкірттері деп саналды» [54, 244 б.].

«... бүгінгі таңда Қытай әдебиетінде ерекше орын алып, әлем әдебиетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған жазушылар арасында *Мо Ян, Цзя Пиңуа, Цаншуе, Су Тұң, Уй Хуа* сияқты қаламгерлер бар» [55, 121 б.].

Берілген мысалдар қытай антропонимдерін қазақ мәтіндерінде беруде гибридті модельдің, яғни Палладий жүйесі мен дыбыстық бейімдеудің аралас қолданылуының айқын көрінісі. Кейбір тарихи тұлғалардың есімдері *Конфуций, Мэн-цзы, Цинь Шихуан-ди* түрінде орыс тіліндегі дәстүрлі транскрипциялық үлгіге жақын берілсе, басқа контекстерде сол есімдерге қазақ тілінің дыбыстық икеміне бейімделген *Коң Дзы, Лау Дзы, Чинь Шихуаң* тәрізді нұсқалар қатар ұшырасады. Сол сияқты қытай әдебиеті мен мәдениетіне қатысты есімдер *Цюй Юань, Сыма Цянь, Тао Юаньмин, Су Дунпо, Цао Сюэцинь, Ду Фу, Мэй Яочэнь, Ван Аньши, Оуян Сю, Мо Ян, Цзя Пиңуа, Цаншуе, Су Тұң, Уй Хуа* түрінде әркелкі таңбаланып, олардың бір бөлігінде дәстүрлі делдал тіл ықпалы, екінші бөлігінде қазақ тілінің артикуляциялық және орфографиялық мүмкіндіктеріне икемдеу талабы басым екені байқалады. Бұл құбылыс қытай кісі есімдерін қазақ тілінде берудің әлі де бірізді нормаға түспегенін, антропонимнің бірде халықаралық не орысша орныққан үлгімен, бірде қазақша дыбысталу ыңғайына жақындатылып жазылатынын көрсетеді. Мұндай аралас қолданыс кездейсоқ емес, ол қытай антропонимдерін қабылдауда екі түрлі ұстанымның, яғни дәстүрлі транскрипциялық үлгіні сақтау мен ұлттық фонетикалық бейімдеуді күшейту үрдісінің қатар өмір сүріп отырғанын дәлелдейді. Бұл алдағы уақытта қытай кісі есімдерін қазақ тілінде тұрақтандыру үшін антропонимдік деңгейдегі арнайы орфографиялық қағидаларды нақтылау қажеттігін алға шығарады.

Қытай ономастикалық атауларын транскрипциялауда дыбыстарды Палладий жүйесіне қарағанда қазақ тілінің дыбыстары әдәуір дәл береді, орыс тіліне қарағанда қазақ тілінің дыбыстарды дәл беруге мүмкіндігі зор, қытай тіліндегі дыбыстардың басым бөлігі қазақ тілінде бар. Орыс тілінде мүлдем баламасы жоқ қытай тілінің *ng, u , ü, r, i* дыбыстарының баламасы қазақ тілінде бар. *ng -ң, u-ү, ü -үй, r -р, i -і* . Мәселен, «*lü»* буыны Палладий жүйесі бойынша *«люй»* деп жазылса, қазақ тілінде *«лүй»* деп транскрипциялауға болады. Бұл қытай тіліндегі дыбысты дәлме дәл жеткізіп тұр. Сол сияқты, *«wang»* буыны орыс тілінде *«ван»* болса, қазақ тілінде *«ваң»* деп транскрипциялауға болады [58, 46 б.].

Шетелдік топонимдерді қабылдауда олардың танымал тұлғасын сақтау маңызды болғандықтан, бейімдеу үдерісін атаудың бүкіл дыбыстық құрамын бірден өзгерту арқылы емес, жекелеген фонемалар мен әріптер деңгейіндегі шектеулі түзетулер арқылы жүзеге асыру орынды деп танылады. Практикалық транскрипция мен транслитерация орфографиядан өзгеше сипатқа ие болып, екі тіл арасындағы өтпелі, дәнекер тетік қызметін атқарады. Сондықтан шет тілінен енген жалқы есімдер де, жалпы есімдер де бастапқы кезеңде толық орфографиялық игеруге емес, ең алдымен дыбыстық бейімделуге ұшырайды.

Мұндай бейімделу көбіне бір әріптің ауысуы, қосарланған әріптердің бірінің түсірілуі, кейбір графемалардың ықшамдалуы сияқты шектеулі өзгерістер түрінде көрінеді. Кірме атаулардың жаңа тілдік ортаға орнығуы бірден толық ұлттық нормаға бағынатын құбылыс емес, біртіндеп жүретін және әуелі фонетикалық қолайлылықты қамтамасыз ететін сатылы үдеріс болып табылады.

Сонымен, қытай ономастикалық атауларын қазақ кирилл графикасында беру тәжірибесін талдау бұл саладағы бірнеше түйінді мәселені айқындады. Ең алдымен, бірыңғай нормативтік ұстанымның толық қалыптаспауы салдарынан бір атаудың бірнеше нұсқада қатар жұмсалуы тұрақты құбылысқа айналғаны байқалды. Мысалы, *Beijing - Пекин - Бейжің, Xinjiang - Шыңжаң - Синьцзян, Конфуций - Кунцзы - Коңзы - Құңцзы* т.б. атаулар ғылыми, оқу және ресми мәтіндерде бірізділіктің әлсіз екенін көрсетеді. Бұл құбылыс қытай ономастикалық атауларын қазақ тіліне транслитерациялауда делдал тіл ықпалы, дәстүрлі транскрипциялық үлгі және қазақ тілінің фонетикалық табиғатына бейімдеу ұстанымдарының қатар әрекет етіп отырғанының дәлелі.

Сонымен қоса, қытай ономастикалық атауларының кирилл графикасында транслитерациялау фонетикалық және морфологиялық бейімдеу мәселелерімен де тығыз байланысты екені анықталды. Қытай тілінің дыбыстық жүйесі орыс және қазақ тілдерінің фонологиялық құрылымымен толық сәйкес келмейтіндіктен, Палладий жүйесі арқылы енген көптеген нұсқалар түпнұсқа дыбысталуын дәл жеткізе алмайды, соның салдарынан қазақ тілінде айтылым мен жазылым арасындағы алшақтық күшейеді. Бұған қоса, жалқы есімдердің қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне кірігуі де ескерілуге тиіс: *Бейжіңге бардым, Шанхайдан келдім* тәрізді қолданыстар ономастикалық атаулардың тек графикалық көшіру нысаны емес, тілдің ішкі морфологиялық жүйесіне икемделетін бірлік екенін көрсетеді. Ресми мәтіндегі формальды дәлдік пен көпшілік қолданыстағы оқылым қолайлылығының әртүрлі талап қоюы да осы мәселені күрделендіре түседі.

1.4 Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялау мәселелері

Қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында транслитерациялаудың алғышарттарын түсіну үшін алдымен қазақ жазуының тарихи эволюциясына қысқаша тоқталу қажет. Өйткені шет тілдік атауларды таңбалау мәселесі тек қазіргі орфографиялық таңдаумен шектелмейді, ол ұлттық графика жасау тәжірибесімен, дыбыс-таңба сәйкестігін қалыптастыру жолымен және бұрынғы әліпби реформаларының нәтижесімен тікелей сабақтас. Қазіргі түркі мемлекеттерінің ішінде түрік, әзербайжан, өзбек, қарақалпақ, түркімен тілдерінің латын графикасын әр кезеңде қабылдауы түркі кеңістігінде бұл мәселенің ұзақ тарихи тәжірибесі бар екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан қазақ жазуының араб графикасын ұлттық сипатта реформалау, кейін латын негізді әліпби құрастыру, одан соң кирилл жүйесіне көшу тарихы бүгінгі латын графикасына өту үдерісін ғылыми тұрғыдан пайымдауда маңызды методологиялық негіз болады.

Қазақ жазуы тарихында А. Байтұрсынұлының реформасы айрықша орын алады. Ол 1910 жылдан бастап араб графикасын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, ұлттық сипаттағы жазу үлгісін қалыптастырды [73, 5 б.]. Бұл әліпби қазақ тілінің фонологиялық табиғатын мүмкіндігінше дәл беруге ұмтылғандықтан, ұлттық жазу мәдениетінің үлкен жетістігі ретінде қабылданды. А. Байтұрсынұлы ұсынған әліпбидің ережелері мен принциптері 1924 жылғы 12-18 маусымда Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ресми түрде бекітілді. Оны Е. Д. Поливанов та ұлттық графиканың тарихи қалыптасуындағы соңғы әрі өте сәтті қадам ретінде жоғары бағалағаны белгілі [74, 11 б.].

Алайда осы кезеңде түркі халықтары арасында латын графикасына көшу мәселесі күшейіп, графика таңдау таза лингвистикалық мәселе ғана емес, кең көлемдегі саяси-мәдени үдерістің құрамдас бөлігіне айналды. Ғалым Қ. Жұбановтың көрсетуінше, қазақтың латын графикасына көшуіне Қазақстанның ішкі сұранысынан гөрі Бүкілодақтық жаңа алфавит комитеті жанындағы қысым көбірек әсер еткен [75, 22 б.]. Соған қарамастан ғалым латын графикасының таңбалық табиғаты жағынан қазақ тіліне икемдеуге қолайлы екендігін де атап көрсетеді.

1928 жылы Бакуде өткен бүкілтүркілік әліпби талқылауларында латын графикасына негізделген жобалар сараланып, Қазақстан атынан ұсынылған әліпби нұсқасы да қаралды. Бұл кезеңде мамандар әліпби жасауда лингвистикалық, педагогикалық, полиграфиялық-техникалық және графикалық факторларды қатар ескерудің қажеттігін көрсетті. Лингвистикалық тұрғыдан әріп саны тілдің фонемалық құрамын барынша толық қамтуы, бір дыбысқа бір таңба беру қағидасы сақталуы, ұқсас дыбыстарға шамадан тыс ұқсас таңба алынбауы тиіс болды. Педагогикалық жағынан таңбалар тез танып, тез жазуға қолайлы болуы, ал техникалық жағынан диграф, триграфтар мен артық диакритиканы шектеу маңызды саналды. Дегенмен 1929-1940 жылдар аралығында қолданылған латын негізді қазақ әліпбиінде сәтсіз шешілген таңбалар да болды. Кейбір графемалардың мәтіндегі үйлесімі қолайсыздық туғызып, полиграфиялық жағынан да, практикалық жазу жағынан да тиімді бола бермеді. Соған қарамастан қабылданған әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сүйеніп, ұлттық фонетикалық негізде жасалған жазу үлгісі болды.

Латын графикасы қолданылған алғашқы кезеңде кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына толық бағындырып жазу үрдісі басым болды. 1929-1938 жылдар аралығында шет тілінен енген сөздер қазақша дыбысталып, соған сай таңбаланды. Алайда бұл бағыт жазу тәжірибесінде бірқатар қиындық тудырды, әсіресе орыс тілі арқылы енген сөздерді әркім әртүрлі естіп, әртүрлі таңбалау жағдайы белең алды. Соның нәтижесінде бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуы жиілеп, орфографиялық тұрақсыздық күшейді. Бұған жауап ретінде 1938 жылдан бастап «түпнұсқаға жақындық» принципі күшейтіліп, *в, ф, х* таңбалары енгізілді, сөйтіп әліпби құрамы кеңейді. Бұл өзгеріс қазақ жазуы тарихында маңызды бетбұрыс болды: бір жағынан ұлттық фонетикалық бейімдеу әлсіреді, екінші жағынан кірме сөздерді, соның ішінде жалқы есімдерді

біршама бірізді беруге ұмтылыс жасалды. Қазақ жазуының тарихы ұлттық дыбыстық жүйені дәл бейнелеу мен халықаралық/делдал тілдік ықпалға бейімделу арасындағы үздіксіз тепе-теңдік іздеу тарихы болып табылады. Осы тәжірибе қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында берудің бүгінгі мәселелерін түсіндіруде де шешуші мәнге ие.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру идеясы тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық тіл саясатының, жазу реформасының және тілдің цифрлық кеңістіктегі өміршеңдігін қамтамасыз ету ұмтылысының өзекті бағыттарының біріне айналды. Бұл мәселе әліпби ауыстырудың техникалық қадамы ретінде ғана емес, қазақ тілінің табиғи фонологиялық жүйесін дәл бейнелейтін, ұлттық орфографияны оңтайландыратын және жазудың қоғамдық қызметін кеңейтетін стратегиялық реформа ретінде қарастырылып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қолданыстағы кириллнегізді қазақ әліпбиін латын графикасы арқылы жаңғырту қажеттігіне негіз болған басты түрткіжайттар ретінде әліпби құрамының орыс тілінің фонетикалық жүйесіне тәуелділігі, кірме сөздердің қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сай игерілмеуі, сондай-ақ қазақ әріптерінің ақпараттық кеңістікте, әсіресе интернет пен цифрлық технологиялар жағдайында қолайсыздық туғызуы жиі аталады.

Белгілі ғалым Н. Уәлиұлы қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде мағына ажырататын негізгі дыбыстардың саны 28 болғанымен, қазіргі әліпбиде 42 әріптің қолданылуы ешқандай лингвистикалық өлшемге сыймайтынын атап көрсетеді. Оның пікірінше, әліпбидегі 13 әріп орыс орфографиясы бойынша жазылатын сөздерді таңбалау үшін сыртқы ықпалмен енгізілген, ал мұндай графикалық жүйемен қазақ тілінің жазбаша коммуникациялық мүмкіндігін толық кеңейту қиын. Осыған байланысты ғалым латын графикасына көшуді ұлттық тілдің дыбыстық болмысын қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадам ретінде бағалап, оны қажет ететін сегіз негізгі факторды атап көрсетеді. Олар *мәдени-әлеуметтік, тілтанымдық, экономикалық, саяси, психологиялық, тарихи, педагогикалық және ақпараттық сипаттағы* уәждерден тұрады. Бұл жүйеде *мәдени-әлеуметтік фактор* ұлттық жазу тәжірибесін сақтау талабымен байланысты болса, *тілтанымдық фактор* басы артық әріптерден арылған, қазақ тілінің фонемалық табиғатын дәл көрсететін жаңа әліпби жасауды көздейді. *Экономикалық* және *ақпараттық* себептер қазақ тілінің әлемдік ақпараттық жүйедегі үлесін арттырумен, ал *педагогикалық негіздер* мектепке енді келген баланың шамадан тыс күрделі әліпби жүйесін меңгеруіндегі қиындықтарды азайтумен сабақтас қарастырылады [76, 174 б.].

Сонымен қатар Н. Уәлиұлы латын графикасына көшу тек қоғамдық сұранысқа емес, нақты лингвистикалық критерийлерге сүйенуі керек екенін де нақтылайды. Ғалым жаңа әліпбидегі әріп саны тілдегі негізгі фонемалар санынан алшақ болмауы тиіс; үндесім жүйесін дәл бейнелеуі керек; басы артық таңбалар болмауы шарт; бөгде графикалық жүйелердің белгілерін араластырмай, латын таңбалары негізінде құрылуы қажет; қазақ дауыстыларының жуан-жіңішке жұп құрау ерекшелігі ескерілуі тиіс; әріпүсті, әріпасты диакритикалық белгілер шектен тыс көбейіп кетпеуі керек; латын әліпбиі қорындағы таңбалар

мүмкіндігінше толық пайдаланылуы қажет; ал төл дыбыстарды белгілеуде әріп тіркестері мен қосалқы белгілер тек аса қажетті жағдайда ғана қолданылуы тиіс деген[77, 180 б.]. Бұл талаптар жаңа әліпбидің сыртқы бейнесіне ғана емес, оның ішкі тілдік қисынына қойылған шарттар екенін көрсетеді. Сондықтан ғалымның ұстанымдары қазақ жазуын жаңғыртудың тарихи тәжірибесін ескеріп, кирилл негізіндегі жазудан туындаған психологиялық, педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық және орфографиялық кедергілерді еңсеруге бағытталған терең тұжырым ретінде бағаланады.

Жалпы, латын графикасына көшу идеясын тәуелсіздік кезеңінде алғаш жүйелі түрде көтерген тұлғалардың бірі − академик Ә. Қайдар. Ол 1993 жылы осы мәселеге байланысты Президент Н. Назарбаевқа ашық хат жолдап, өз әліпби жобасын ұсынған, кейін бұл ұсыныс «Кемел елге, кемел әліпби керек» деген атпен «Ана тілі» газетінде жарияланған болатын. Осыдан бастап қазақ жазуын реформалау мәселесі ғылыми ортадағы пікірталастан шығып, мемлекеттік деңгейде талқыланатын қоғамдық мәселеге айналды. Соған сәйкес қоғамда бұл үдеріске қатысты екіұдай көзқарас қалыптасты: бір тарап оны ұлттық сананы жаңғыртатын және тілдің болашағын қамтамасыз ететін қадам деп бағаласа, екінші тарап жазу реформасының салдарына күмәнмен қарады [78]. Алайда қалай болғанда да, бұл пікірталастардың өзі қазақ жазуын латын графикасына көшіру мәселесінің кездейсоқ емес, тілдің тарихи дамуы мен қазіргі қоғамдық сұранысынан туындаған іргелі мәселе екенін айқын көрсетті.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру үдерісі бір сәтте қабылданған шешім емес, бірнеше кезеңнен өткен, әртүрлі жобалар мен ғылыми талқылар арқылы сараланған күрделі реформалық процесс болды. Бұл үдерісте әліпби таңдаудың тек техникалық немесе саяси емес, ең алдымен тілдің дыбыстық жүйесін дәл бейнелеу, жазу мен оқылымды оңтайландыру, ұлттық фонологиялық табиғатты сақтау сияқты тілтанымдық шарттармен тығыз байланысты екені айқын көрінді. 2017 жылдан бастап ресми ұсынылған жобалар қоғамдық және ғылыми талқыдан өтіп, олардың әрқайсысы қазақ тілінің табиғатына сәйкестігі, графикалық үнемділігі, цифрлық ортаға бейімділігі және оқытуға қолайлылығы тұрғысынан бағаланды. Осы кезеңдегі жобаларды салыстыра қарап отырып, кейінгі жетілдірілген әліпби нұсқаларының қандай ғылыми уәжбен ұсынылғанын түсінуге болады.

Алғашқы ресми нұсқалардың бірі - 2017 жылғы 11 қыркүйекте ұсынылған ***диграфтық жоба.*** Бұл әліпбиде 24 дара әріп беріліп, қазақ тілінің 8 төл дыбысы *ae, oe, ue, ng, gh, sh, ch, zh* тәрізді әріп тіркестері арқылы таңбаланды. Алайда жоба көп ұзамай тілтанымдық және әдістемелік тұрғыдан тиімсіз деп танылды. Себебі екі әріптің бір дыбысты білдіруі буынға бөлу мен сөздің әуезділігін бұзды, түбір мен қосымшаның жігін көмескіледі, омографтарды көбейтті және жазылымды ұзартып жіберді. Мысалы, *aezaezil, batysshyl, qosshy, basshy, assha, asshayan, koeshbasshy* сияқты тұлғалар қазақ сөзінің дәстүрлі графикалық тұлғасынан алыстап, оқылым мен жазылымды ауырлатты. Сондықтан бұл нұсқа ұлттық әліпби үшін қолайлы шешім ретінде қабылданбады.

QWERTY базасына негізделген әліпби

№	ЛАТИН.	КИРИЛ.		№	ЛАТИН.	КИРИЛ.
1	A a	А а		18	S s	С с.
2	B b	Б б		19	T t	Т т
3	D d	Д д		20	U u	Ұ ұ/Ү ү
4	E e	Е е		21	V v	В в
5	F f	Ф ф		22	W w	У у
6	G g	Г г		23	Y y	Ы ы
7	H h	Х х, Һ һ		24	Z z	З з
8	I i	І і, Ии		1	Ae ae	Ә ә
9	J j	Й й		2	Oe oe	Ө ө
10	K k	К к		3	Ue ue	Ү ү
11	L l	Л л		4	Ch ch	Ч ч
12	M m	М м		5	Gh gh	Ғ ғ
13	N n	Н н		6	Ng ng	Ң н
14	O o	О о		7	Sh sh	Ш ш
15	P p	П п		8	Zh zh	Ж ж
16	Q q	Қ к				
17	R r	Р р				

Сурет - 1. *Диграфтық жоба*

Диграфтық жобаның кемшіліктерінен кейін 2017 жылғы 26 қазанда ***апострофты әліпби*** бекітілді. Бұл нұсқада 32 таңба алынып, олардың тоғызы апостроф арқылы ерекшеленді. Апострофтың артық қолданылуы бастапқыда техникалық оңтайлылық үшін ұсынылғанымен, іс жүзінде ол қазақ сөзінің бүтіндігін бұзатын, мәтінді бөлшектейтін және цифрлық ортада қолайсыздық тудыратын таңбаға айналды. Сөз құрамының шашыраңқылығы, пунктуациялық таңбалармен араласып кетуі, іздеу жүйелері мен компьютерлік бағдарламалардың мұндай тұлғаларды дұрыс танымай қалуы, сондай-ақ *salym - s'alym, bai'y'dy, boly'ymen* тәрізді мысалдардағы орфографиялық қиындықтар бұл нұсқаның әлсіз тұсын анық көрсетті. Осы себепті апострофты жоба қоғамдық қолдау таппай, әрі қарай жетілдіру қажеттігі туындады [79, 23 б.].

QWERTY базасына негізделген әліпби

№	ЛАТИН.	КИРИЛ.		№	ЛАТИН.	КИРИЛ.
1	A a	А а		18	O o	О о
2	A' a'	Ә ә		19	O'o'	Ө ө
3	B b	Б б		20	P p	П п
4	D d	Д д		21	Q q	Қ к
5	E e	Е е		22	R r	Р р
6	F f	Ф ф		25	S s	С с
7	G g	Г г		24	S' s'	Ш ш
8	G' g'	Ғ ғ		25	C' c'	Ч ч
9	H h	Х һ		26	T t	Т т
10	I i	І і		27	U u	Ұ ұ
11	I' I'	И, й		28	U' u'	Ү ү
12	J j	Ж ж		29	V v	В в
13	K k	К к		30	Y y	Ы ы
14	L l	Л л		31	Y' y'	Ү ү
15	M m	М м		32	Z z	З з
16	N n	Н н				
17	N' n'	Ң н				

Сурет - 2. *Апострофты әліпби*

Ресми жобаларға балама ретінде тілтанушы ғалымдар ұсынған *тілтанымдық әліпби,* яғни ғылыми ортада *ұлттық әліпби* деп те аталған жоба ерекше назар аудартты. Бұл нұсқада төл дауыстылардың жіңішке сыңарлары умлаут арқылы ажыратылып, дауыссыз дыбыстардың жұптары арнайы диакритикалық белгілермен берілді: *a-ä, o-ö, u-ü, i-ı; g-ğ, s-ş, n-ŋ.* Мұндай жүйе «*бір дыбыс − бір таңба*» қағидасына жақындап, фонема мен графема мазмұнының сәйкестігін сақтауға ұмтылды. Ғалымдар оның ұтымды тұсы ретінде грамматологиялық, лингвистикалық, педагогикалық және әлеуметтік-саяси факторлардың ескерілгенін көрсетеді. Сонымен бірге бұл жобаның да толық пысықтауды қажет ететін тұстары болғаны айтылды, әсіресе *w* таңбасының қызметі мен *ұ/у* қатынасына байланысты пікірталас жалғасты. Соған қарамастан тілтанымдық әліпби ресми нұсқалардан гөрі қазақ тілінің фонологиялық табиғатына анағұрлым жақын жоба ретінде бағаланды және кейінгі әліпби талқыларына теориялық негіз болды [80, 25 б.].

Тілтанымдық принципке негізделген әліпби

№	ЛАТИН.	КИРИЛ.	№	ЛАТИН.	КИРИЛ.
1	A a	А а	18	O o	О о
2	Ä ä	Ә ә	19	Ö ö	Ө ө
3	B b	Б б	20	P p	П п
4	V v	В в	21	R r	Р р
5	G g	Г г	22	S s	С с
6	Ğ g	Ғ ғ	23	T t	Т т
7	D d	Д д	24	W w	У у
8	E e	Е е	25	U u	Ұ ұ/ Ү ү
9	J j	Ж ж	26	Ū ū	Ү ү
10	Z z	З з	27	F f	Ф ф
11	Y y	Й й	28	H h	Х х
12	K k	К к	29	Ş ş	Ш ш
13	Q q	Қ қ	30	I ı	Ы ы
14	L l	Л л	31	İ i	І і
15	M m	М м	32	C c	Ч ч
16	N n	Н н			
17	D ŋ	Ң ң			

Сурет - 3. Тілтанымдық әліпби

Осылайша, 2017-2018 жылдардағы әліпби жобаларының талқысы қазақ жазуын реформалаудағы басты өлшемнің компьютерлік ыңғайлылық қана емес, тілдің ішкі заңдылығы, фонологиялық дәлдік және оқытуға қолайлылық болуы керектігін көрсетті. Диграфтық және апострофты нұсқалар практикалық қолайсыздықтарын айқын танытса, тілтанымдық жоба ұлттық әліпби жасаудың ғылыми бағдарын айқындады

Зерттеу жұмысымызда қытай ономастикалық атауларын латын графикасында транслитерациялау барысында *2021 жылы ұсынылған жетілдірілген қазақ әліпбиі нұсқасы* басшылыққа алынады. Бұл нұсқаны негізге алуымыздың себебі оның қазақ тілінің фонологиялық жүйесін неғұрлым толық бейнелеуімен, халықаралық графикалық тәжірибемен үйлесуімен, цифрлық ортада еркін қолданылу мүмкіндігімен және ономастикалық атауларды бірізді

таңбалауға қолайлылығымен түсіндіріледі. Жетілдірілген әліпби бір жағынан қазақ тілінің төл дыбыстық табиғатын сақтаса, екінші жағынан шет тілдік, соның ішінде қытай жалқы есімдерін ұлттық орфографиялық талапқа сай, бірақ халықаралық танылымнан ажыратпай беруге мүмкіндік жасайды. Сондықтан бұл нұсқа зерттеу нысаны болып отырған қытай антропонимдері мен топонимдерін қазақ-латын графикасында ғылыми негізде жүйелеуге неғұрлым лайық әліпби үлгісі ретінде қарастырылады.

2021 жылы ұсынылған жетілдірілген әліпбиде 31 әріп бар және ол толықтай латын графикасының базалық таңбаларына сүйеніп құрастырылған. Бұл жүйеде қазақ тілінің 28 негізгі дыбысы толық қамтылған. Қазақ тіліне тән *ә (ä), ө (ö), ү (ü), ұ (ū), ғ (ğ), ш (ş)* таңбалары халықаралық тәжірибеде орныққан умлаут, макрон, бревис және седиль диакритикалары арқылы берілген [75]. Сонымен бірге шеттілдік сөздер үшін *Vv, Ff, Hh* таңбалары алынған. Жетілдірілген нұсқаның басты артықшылығы − оның қазақ жазу дәстүріндегі *«бір дыбыс - бір әріп»* қағидасына толық сәйкес келуі. Әрбір фонетикалық ерекшелікке жеке таңбаның берілуі дыбыстық құрамды анық көрсетіп қана қоймай, оқылымды да жеңілдетеді. Мысалы, кирилл графикасындағы *у* таңбасының орнына еріндік дыбыстарды нақтылайтын *u,* ал *и/й* қатынасының орнына *ı* таңбасының алынуы фонетикалық дәлдікті күшейтеді. Бұл жүйе әсіресе мектеп оқушылары мен қазақ тілін шет тілі ретінде үйренушілер үшін әріп пен дыбыс арасындағы байланысты біріздендіріп, оқу үдерісін жеңілдетеді.

Жетілдірілген әліпби халықаралық графикалық тәжірибемен де үйлеседі. Түрік, әзербайжан, ғағауыз тілдерінің латыннегізді әліпбилері халықаралық стандарттарға сай, UNICODE жүйесімен және халықаралық фонетикалық әліпби қағидаларымен ұштасқан үлгілер ретінде бағаланады; қазақ тілінің жетілдірілген әліпбиі де осы принциптерге жақындайды. Бұл тілдердің графикалық жүйесінде қолданылатын *умлаут, бревис, седиль* сияқты диакритикалар қазақ әліпбиінде де ұтымды пайдаланылған. 1991 жылғы халықаралық ғылыми симпозиумда ұсынылған «Ортақ түркі әліпбиімен» де бұл нұсқаның ортақ тұстары бар. Сондықтан жетілдірілген әліпби тек ұлттық фонологиялық жүйені дәл беру құралы ғана емес, түркі халықтарының графикалық жақындасуына да оң ықпал ететін модель ретінде бағаланады. Сонымен бірге оның барлық таңбалары UNICODE жүйесінде қамтылғандықтан, бұл нұсқа ақпараттық технологиялар талаптарына толық жауап береді және халықаралық цифрлық кеңістікте кедергісіз қолданылуға бейім.

Жетілдірілген нұсқаның тағы бір маңызды артықшылығы − визуалдық және техникалық қолайлылығы. Диакритикалық таңбалармен берілетін әріптердің жиілігі жоғары емес, сондықтан мәтіннің графикалық жүктемесі шамадан тыс артпайды. Мысалы, *ä, ö, ü, ū, ğ* тәрізді таңбалардың қолданыс жиілігі негізгі дауысты *а* әрпінен әлдеқайда төмен. Ал жиілігі жоғары *ш* дыбысының *ş* арқылы берілуі қолжазуда да, терім барысында да үнемді, өйткені таңба көзшалымға жеңіл және жазу техникасына ыңғайлы. Осы тұрғыдан алғанда жетілдірілген әліпби диакритикалық және графикалық үнемділіктің арасынан тепе-теңдік тапқан нұсқа болып саналады. Ахмет Байтұрсынұлы

атындағы Тіл білімі институты тарапынан антропонимдер мен топонимдерді жаңа латын графикасында дұрыс таңбалау қағидаларын әзірлеу жұмыстарының жүргізілуі де осы жүйенің практикалық әлеуетін көрсетеді. Әсіресе кирилл графикасындағы *ю, я, ъ, ь, ц, ч, щ, э* таңбаларының жаңа әліпбиде болмауына байланысты олардың кісі есімдері мен географиялық атауларда қалай рәсімделуі тиіс деген мәселенің арнайы қарастырылуы ономастикалық стандарттаудың келесі кезеңін айқындайды. Жетілдірілген әліпби қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында бірізді беруге қажетті ғылыми, орфографиялық және техникалық негізді қамтамасыз ететін ең қолайлы нұсқа ретінде танылады.

Қазақ-латын транслитерациялау жобасының практикалық мәні бірнеше бағытта айқын көрінеді. Ең алдымен, латын графикасына негізделген жазу үлгісі қазақ тілінің цифрлық технологиялар мен ақпараттық жүйелердегі қолданыс аясын кеңейтеді, өйткені латын таңбалары халықаралық ақпараттық кеңістікте кең таралған және техникалық тұрғыдан неғұрлым ыңғайлы. Сонымен бірге жаңа орфографиялық стандарттарды білім беру жүйесіне енгізу жазу мәдениетін жаңғыртып, тілдің дамуына ықпал етеді. Халықаралық коммуникацияда жалқы есімдерді біріздендіріп беру мемлекеттік құжат айналымын, ресми сәйкестендіруді және дерекқорлардағы іздеу үдерістерін жеңілдетеді. Осы тұрғыдан алғанда, латын графикасына көшу тек орфографиялық өзгеріс емес, қазақ тілінің білім беру, ақпараттық технология және халықаралық қатынас салаларындағы қызметін кеңейтетін қолданбалы реформа болып табылады. Зерттеулерде мұндай үдерістің тіл саясатына, әлеуметтік интеграцияға және білім беру жүйесіне әсер ететін күрделі әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс екені көрсетіледі. Сонымен қатар бұл реформа тілдің жаңғыруы мен ұлттық сәйкестікті нығайту міндеттерімен сабақтасып, тілдік теңдік, мәдени өзіндік болмыс және геосаяси бағдар сияқты мәселелермен қатар қарастырылады [81, 31 б.].

Сонымен бірге жаңа графикаға көшу барысында негізгі теориялық түйіндердің бірі − жаңа орфографияны бұрынғы кириллдік норманың «көлеңкесінде» қалдырмау. Honkasalo & Janhunen (2025) еңбегінде кирилл жазуындағы кейбір фонема-графема сәйкестіктерін латын орфографиясына механикалық көшіру жүйелік сәйкессіздікке, оқылым мен жазылымдағы қиындықтарға алып келетіні дәлелденеді [82, 16 б.]. Бұл тұжырым қазақ-латын орфографиясын жобалауда лингвистикалық дәлдік пен саяси-әлеуметтік жағдай арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңызын айқындайды. Жаңа әліпбидің цифрлық коммуникация мен компьютерлік технологияларға бейімделуді жеңілдететіні де арнайы көрсетіледі: интернет пен халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігу жазу реформасының негізгі қозғаушы факторларының бірі саналады [83]. Осыған байланысты жаңа графика негізінде мәтінді автоматты түрде конвертациялау бағдарламалары әзірленіп жатқаны да практикалық сұраныстың жоғары екенін аңғартады [84]. Алайда реформаны іске асыру барысында әліпби нұсқаларының көптігі, орфографиялық стандарттардың толық орнықпауы және қоғамдағы тілдік ұстанымдардың әркелкілігі сияқты

қиындықтар да байқалады. Социолингвистикалық зерттеулер жалпы қолдау болғанымен, нақты графикалық шешімдерге қатысты пікірлердің әртүрлі екенін көрсетеді, ал бұл жағдай тілдік ландшафтта бірнеше жазу нұсқасының қатар жүруіне себеп болып отыр [85, 50 б.].

Академик З. Базарбаева шет тілдік сөздерді қазақтың латын графикасына негізделген әліпбиімен таңбалауда транскрипция мен транслитерацияның қызметі мен қолданылу аясы бірдей емес деген пікірде. Ғалым кірме бірліктер құрамында қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ фонемалар ұшырасатындықтан, оларды беруде екі түрлі амал қолданылатынын атап көрсетеді: біріншісі − шет тілдік сөздің дыбыстық тұлғасын қазақ әліпбиі таңбалары арқылы жеткізетін транскрипция; екіншісі − түпнұсқа сөздің әріптік құрамын қазақ графикасындағы сәйкес таңбалармен беретін транслитерация. Сонымен қатар төл сөздер негізінен фонемалық принциппен жазылса, кірме сөздер көбіне фонетикалық принципке, яғни қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларына сәйкестендіріле таңбаланатыны көрсетіледі [86, 218 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, транслитерация қазақ жазуын жаңғыртуда тек техникалық көшіру амалы емес, ұлттық орфография мен халықаралық сәйкестендіру арасындағы дәнекер тетік қызметін атқарады.

Транслитерацияның қолданбалы артықшылықтары бар. Зерттеулерде кириллицадан латынға көшірудің басты ұтымды қырлары ретінде оның әмбебаптығы, реттелген әрі бірізді жүйе құра алуы және бастапқы кириллдік форманы толық әрі бірмәнді қалпына келтіру мүмкіндігі аталады [87, 116 б.]. Сондықтан Қазақстанда жаңа латын графикасын әзірлеу барысында транслитерация мәселесі халықаралық стандарттау қағидаларымен, әсіресе БҰҰ-ның географиялық атаулар жөніндегі ұсынымдарымен сабақтастырылды. Бұл ұстаным халықаралық құжаттарда, паспорт және визалық жүйеде, көлік құжаттарында, веб-платформалар мен дерекқорларда атаулардың дәл және бірізді берілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы талаптар ISO 9:1995 стандартымен үйлесетін ГОСТ 7.79-2000 жүйесінде де көрініс табады. Аталған стандарт кирилл жазуын қолданатын тілдерді латын графикасына көшірудің ортақ қағидаларын белгілеп, халықаралық ақпарат алмасудың автоматтандырылған жүйелерінде мәтінді дәл өңдеуге жағдай жасайды. Оның негізгі талаптары - бірмәнділік, қайтарымдылық және алгоритмдік қарапайымдылық. Яғни бастапқы жазудағы әрбір бірлік қабылдаушы графикада тұрақты бір баламамен берілуі, қажет болған жағдайда транслитерацияланған мәтіннің бастапқы кириллдік тұлғасы дәл қалпына келтірілуі және бұл үдеріс автоматты жүйелерге бейім болуы тиіс. Стандарттың *А* жүйесі диакритикалық таңбаларға сүйенетін қатаң транслитерацияны, ал *Б* жүйесі әріп тіркестері арқылы берілетін жеңілдетілген үлгіні ұсынады. Екі жағдайда да бір құжат шеңберінде тек бір ғана жүйенің қолданылуы талап етіледі.

БҰҰ ұсынған қағида бойынша транслитерация қайтарымды болуы керек, яғни латын графикасымен жазылған атау бастапқы тілдегі тұлғасына дәл келуі қажет. Осы талапқа сай *Shymkent − Шымкент, Qyzylorda − Қызылорда, Aqtöbe −*

Ақтөбе тәрізді үлгілер халықаралық карта, іздеу жүйесі және құжат айналымында атаулардың бұрмалануына жол бермейді. Тіл саясаты комитеті ұсынған үлгіде де дыбыстық сәйкестік сақталып, қазақ фонемалары *ä, ö, ü, ū, ğ, ş* арқылы нақты таңбаланады: *Qaragandy, Öskemen, Jambyl, Üşaral.* Сол сияқты кісі есімдерін рәсімдеуде де ұлттық фонетикаға жақын нұсқаларға басымдық беріліп, бұрынғы *Ibragim, Kassym* тәрізді формалардың орнына *Ibrahim, Qasym* сияқты үлгілер ұсыныла бастады. Бұл үрдіс латын графикасына негізделген транслитерация жүйесінің ұлттық атауларды халықаралық кеңістікте дәл көрсетуге, құжаттық және цифрлық бірізділікті қамтамасыз етуге бағытталғанын аңғартады.

ICAO - халықаралық азаматтық авиация ұйымы − ел атаулары мен жеке есімдерді құжаттық кеңістікте біріздендіріп беруге арналған транслитерациялық талаптарды бекіткен құрылымдардың бірі. Мұндай стандарттар, әсіресе, паспорттық деректерді рәсімдеуде маңызды. Жалпы халықаралық ғылыми тәжірибеде транслитерация бірнеше негізгі қағидатқа сүйенеді: *«бір әріп − бір таңба»* принципі, бұл қайтымдылықты қамтамасыз етеді; *диакритикалық белгілерді пайдалану,* яғни фонемалық не морфемалық ерекшеліктерді ажырату; *қайтымдылық,* яғни транслитерацияланған тұлғадан бастапқы жазуды қалпына келтіру мүмкіндігі; *тарихи және тілдік дәстүрді сақтау;* сондай-ақ *бірізділік пен жүйелілік,* яғни барлық тілдік бірліктерге ортақ ереженің қолданылуы. Осы себепті транслитерация археографиялық мәтіндер мен көне жазбаларды зерттеуде, географиялық атауларды халықаралық карталарда дұрыс беруде, ономастикалық зерттеулерде, халықаралық каталогтар мен дерекқорларда, цифрлық лингвистика мен автоматты тіл өңдеу жүйелерінде маңызды қызмет атқарады.

Зерттеушілер ономастикалық атаулар мен мәдени-ұлттық бірліктерді беруде бірнеше ортақ қағидатты ұстану қажеттігін көрсетеді. Ең алдымен, атауларды беруде халықаралық транскрипция жүйелеріне немесе әліпбиаралық сәйкестік принциптеріне сүйену ұсынылады. Антропонимдер, топонимдер, ұйымдар мен компаниялар атаулары, мерзімді басылымдар, фольклорлық кейіпкерлер, мемлекеттер мен халықтардың атаулары, сондай-ақ ұлттық-мәдени реалийлерді білдіретін бірліктер, негізінен, транскрипциялау не транслитерациялау арқылы берілуге тиіс. Сонымен бірге мәтіндегі жалқы атауларды рәсімдеу барысында әлемдік мәдениетте бұрыннан орныққан дәстүрлі нұсқалардың бар-жоғын алдын ала тексеру қажет, өйткені кейбір атаулар тұрақты қалыптасқан тұлғада сақталуы керек. Ал қабылдаушы тілде баламасы жоқ жаңа терминдер мен арнайы атаулар көбіне транскрипция және транслитерация арқылы игеріледі. Бұл тәсілдер калькалау, семантикалық аударма және түсіндірме беру амалдарымен қатар, аралас аударма құрамында да жұмсала алады [88].

Латын графикасына көшу жағдайында кірме сөздер мен жалқы есімдердің жазылуын жүйелеу ерекше өзекті мәнге ие. Бұл, бір жағынан, қазақ тілінің терминологиялық қорын біріздендіруге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, шет тілдік ономастикалық атауларды ұлттық орфографиялық нормаға сай рәсімдеуге

жол ашады. Осы бағыттағы институционалдық қадамдардың бірі ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 3 наурыздағы №27-өкімімен «Қазақ әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді. Аталған жоспар аясында антропонимдер мен географиялық атаулардың анықтағыштарын әзірлеу, латын графикасына негізделген транслитерация қағидаларын жасау, шетелдік атауларды, дүние жүзі мемлекеттері, астаналар мен географиялық нысандар атауларын беру ережелері мен анықтағыштарын дайындау сияқты нақты міндеттер қарастырылды [89].

Бұл мәселеге қатысты ғалым Қ. Рысберген шеттілдік ономастикалық атауларды, соның ішінде өзге елдердің жер-су атауларын жаңа латынграфикалы әліпбиде берудің екі жолын көрсетеді: біріншісі - орыс тілі арқылы қалыптасқан дағдылы жазылымды сақтап, тек графикасын өзгерту; екіншісі - қазақ тілінің заңдылығына икемдеп, бейімдеп жазу. Ғалым мұндай атауларды жаңа графикада рәсімдеудің нақты ережесі, негізгі қағидаттары және картографиялық өнімдері жасалуға тиіс деп санайды. Өйткені шеттілдік жер-су атауларының саяси картасы болашақта атластар, оқулықтар, анықтағыштар әзірлеуге қажет болады. Сонымен бірге латын графикасымен таңбаланған атаулар халықаралық келісімшарттарда, дипломатиялық қатынастарда, бұқаралық ақпарат құралдарында және жалпы ауқымды коммуникативтік кеңістікте айналымға түсетінін ескеру қажет. Сондықтан ономастикалық атаулардың жазылуы жалпы орфографиялық ережелерден тыс қаралмайды, керісінше, алыс-жақын мемлекет атаулары мен өзге де жер-су атаулары ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына сай төл әріптермен таңбалануға тиіс [90, 208 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің латын графикасына көшуі ұлттық жазу жүйесін жаңғыртумен қатар, шет тілдік атауларды берудің қағидаттарын ғылыми негізде қайта қарастыруды талап ететін маңызды лингвистикалық үдеріс болып табылады.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналық зерттеуі аясында дайындалған «*Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығы»* шеттілдік географиялық атауларды қазақ тілінің әдеби нормасына сай, жаңа қазақ-латын әліпбиі негізінде бірізді әрі сауатты таңбалауды көздейтін маңызды еңбектердің бірі болып табылады [91, 16 б.]. Анықтамалықта экзонимдік атаулардың кең ауқымы қамтылып, мемлекет, астана, шеттілдік елді мекен атаулары, сондай-ақ мұхит, теңіз, көл, өзен, тау, арал сияқты физика-географиялық нысандар жүйеленген. Бұл қатарда Қытайдың бірқатар қала, елді мекен және гидрографиялық атаулары да берілген. Алайда анықтамалықтағы қытай ономастикалық атауларын талдау барысында олардың таңбалануында бірізділікке қатысты бірқатар қайшылықтардың бар екені байқалды.

Анықтамалықта берілген елді мекен (қала) атаулары: *Баотоу − Baotoý, Баоцзи − Baotszı, Баошань − Baoshan, Бэйань − Beıan, Вэньчжоу − Venchjoý, Гуанчжоу − Gýanchjoý, Гуйлинь −Gýılın, Гуйян − Gýıan, Иньчуань − Inchýan,*

Кайфын − Kaıfyn, Куньмин − Kúnmın, Ланьчжоу − Lanchjoý, Лучжоу − Lýchjoý, Лючжоу − Lıýchjoý, Муданьцзян − Mýdantszıan т.б. Бұл мысалдардан елді мекен, қала атаулары Палладий жүйесінде жазылғанын, және қазақ-латын графикасы түпнұсқа атауына емес, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынған. Алайда Палладий транскрипциялық жүйесінің кемшіліктері көп. Анықтамалықта бұл мәселелер нақты көрінеді. Мысалы, *Баоцзи* (түпнұсқа: 宝鸡; пиньинь: *Baoji*) латын графикасы бойынша *Baotszı*, деп жазылып, «*цзи*» буыны төрт таңбалы «*tszı*», *Муданьцзян* (түпнұсқа: 牡丹江; пиньинь: *Mudanjiang*) атауы *Mýdantszıan*, «*цзян*» буыны «*tszıan*» жазылған [63, 183 б.].

Ал Вэньчжоу (түпнұсқа: 温州; пиньинь: *Wenzhou*) - *Venchjoý;* Гуанчжоу (түпнұсқа: 广州; пиньинь: *Guangzhou*) - *Gýanchjoý*; Ланьчжоу (түпнұсқа: 兰州; пиньинь: *Lanzhou*) - *Lanchjoý*; *Лучжоу* (түпнұсқа: 泸州; пиньинь: *Luzhou*) − *Lýchjoý, Лючжоу* (түпнұсқа: 绿洲; пиньинь: *Lüzhou*) − *Lıýchjoý* атауларындағы «*чжоу*» буыны латынша «*chjoý*» деп алынып отыр. Мұны түпнұсқа бойынша «*zhou*» деп алса, әлдеқайда қарапайым әрі дыбысталуын да дәл берер еді [63, 184 б.].

«Анықтамалықта» Хуанхэ (黄河) гидронимі *Hýanhe* нұсқасында берілген. Пиньинь транскрипциялық жүйесінде −*Huanghe,* Палладий жүйесі бойынша − *Хуанхэ* деп жазылады. Бұл жерде мәселе *ý, е* дыбыстарына қатысты болып отыр. Латыннегізді қазақ әліпбиі жобасында *ý* әрпі «*ы*» дыбысын береді, ал «Анықтамалықта» «*у*» дыбысын беріп тұр және төбесінде диакритикалық белгісі бар [63, 184 б.].

Сонымен қатар, «Анықтамалықта» Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан ірі қала Сюйчжоу（徐州） атауын *Sıýıchjoý* нұсқасында берілген. Пиньинь жүйесінде ол *Xuzhou* болып жазылады. Бұл жерде алдымен 徐州 қала атауының қытай тілінде айтылуын анықтап алған жөн. 徐州 транскрипциясы *Xúzhōu,* Палладий жүйесі бойынша жазылуы *Сюйчжоу*. Ал ҚХР тағы бір қаласы 随州 транскрипциясы *Suízhōu*, Палладий жүйесінде *Суйчжоу* деп жазылады. Бұл екі қала атауының дыбысталуы ұқсас болғандықтан, оны шатастырып жатады. Бұл жерде мәселе *Хú* және *Suí* буындарында. *Х (сш)* мен *S (с)* дыбысталуы жуық, Палладий жүйесі бойында екеуін де *с* дыбысымен транскрипциялайды, ал *и* (үй), *ии* (уей) дыбыстары Палладий жүйесінде *и − юй, ии − уй* деп ажыратқан [63, 184 б.].

Латыннегізді қазақ графикасында транскрипциялауда мәселе туындайды, себебі *Х* әрпі әліпбиде жоқ, ал оның дыбысталуы қытай тілінде *S* дыбысынан ерекшеленеді. *Х* дыбыстағанда *с* дыбысы тістердің арасынан кедергіге ұшырап шығады, нақты *с* дыбысын бермейді. Кейбір ғалымдар мұны *ш* әрпімен беріп жүр, бірақ бұл жерде де мәселе туындайды, себебі қытай тілінде *ш* дыбысы *sh* әрпімен таңбаланады. Сондықтан *Х* әрпін қалдырып, ерекшелігін ескеру керек. Мысалы: *Xian, Xining, Shanxi т.б.*

Одан кейінгі мәселе *zhou* буынына қатысты туындап отыр. Қытай тілінде *zh* дыбысы кирилл негізді қазақ тіліндегі *ж* дыбысымен сәйкес келеді, орыс тілінде *чж* арқылы, ал латыннегізді қазақ әліпбиінде бұл дыбысты *J* әрпімен

таңбаланған. Сондықтан бұл жерде тағы бір қарама-қайшылық туындайды. *Zh* дыбысын *J* арқылы транскрипцияласақ, атаудың семантикалық, фонетикалық жағына нұқсан келеді [63, 185 б.].

Қ. Ғабитханұлы Пиньиндегі *zh* мен *j* әріптерін қазақ латын әліпбиі бойынша бір ғана *j (ж)* мен, сол сияқты дыбысталуы өте жақын *ch* мен *q* әрібін *tş(ч)* мен, сол сияқты *sh* мен *x* әріптерін бір ғана *ş (ш)* мен, *c* мен *s* әрібі *s(c)* мен таңбалау қажет дейді. Мысалы: *zh/j = j; ch/q = tş; sh/x = ş; c/s = s; 广州 Guangzhou − Guañju − Гуаңжу;长江 Changjiang − Tşañ jiañ − Чаңжиаң; 陕西 − Shanxi Şan şi − Шанши; 蔡畅 − Cai Chang − Sai tşañ − Сай Чаң; 四川 Sichuan − Si tşuan − Сычуан* т.б. мысалдар келтіреді. Қайрат Ғабитханұлы қытай тіліндегі жалқы есімдерді қазақ латын графикасына көшірудің басты қағидасы орыс тіліндегі (Палладий жүйесі) дайын нұсқаларды пайдаланбай, түпнұсқа дыбысталуына (пиньинь жүйесіне) негізделуі керек деген пікірде [72, 15 б.].

Біздің ойымызша *zh* мен *j* дыбысы бір ғана *j* әрпімен, *ch* мен *q* әрібін *tş (ч), sh* мен *x* әріптерін бір *sh*, *c* мен *s* әріптерін тек *s* таңбаласақ, графикалық кескіні ұқсас әріптерден (бірақ жазылуы мен айтылуы мүлде басқа) құралған сөздерді бір-бірінен ажырату қиынға соғады, яғни сөздер мағыналық өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мысалы: *Chongqing* (重庆) деген онимді қазақ латын әліпбиі бойынша *tşuñ tşiñ* деп транслитерацияласақ, қытай тіліндегі дыбысталуына нұқсан келеді. Себебі бұл жердегі *ch* және *q* дыбыстарына бір ғана *tş* дыбысымен жазуға болмайды. Бұған қоса, *q* дыбысы қазақ латын әліпбиінде мүлдем басқа *ç* дыбысын беретіндіктен, бұл сөздің дыбысталуында түсінбеушілік орын алары сөзсіз. Сол сияқты *Jiang Zemin* (江泽民*), Qing Gang* (青岗*), Zhang Guotao* (张国焘), *Shi Tao(石涛), Qu Yuan* (屈原), *Qinghai* (青海*), Changhong* (长虹*), Shanxi* (陕西), *Zhangjiajie* (张家界), *Liujiaxia* (刘家峡) т.б. онимдерді латынша жазу қиындық тудыратыны сөзсіз [63, 187 б.].

Ғалым Т. Қалибекұлы «Қытай тіліндегі *j* мен *zh* дыбыстарының айтылуы ұқсастау. Олардың дыбысталуы қазақ тіліндегі *ж* дыбысына жақындау келеді. Қазақ тілінде *zh* әрпі ресми құжаттарда кісі есімдерін ағылшын тілінде жазуда *ж* әрпінің орнына қолданылып жүр (*Zhanar, Zhazira, Zhanbolat*)» дей келе, *j - j , zh-zh* қазақ латын графикасында таңбалануын пиньинь нұсқасында қалдырған.

金华路社区 - *Jīnhuälù Shèqū Jinhua joly äleumettık aumağy;*

佳乐社区 - *Jiālè shèqū Jiale äleumettık aumağy;*

振兴村 - *Zhènxīng Cūn Zhenxing qystağy [jynşiñ]*

八家户村 - *Bājiāhù CūnBajiahu qystağy* [92, 12 б.].

Луаньчэн (栾城) − Қытайдың Хэбэй провинциясындағы ең ірі қаланың атауы. 栾城 (*Luancheng*) екі буыннан тұрады, *luan* және *cheng*. Палладий жүйесі бойынша *Луанчэн* деп транскрицияланады, *Луан - Luan, чэн − cheng* буындарына сәйкестендірілген. «Анықтамалықта» берілген нұсқа - *Lýanchen.* Бұл атауда *cheng* буынына қатысты мәселе туындайды. Палладий жүйесінде *ng* дыбысы *н* арқылы таңбаланғандықтан, *cheng − чэн* болып транскипцияланған. Ал соған сәйкес «Анықтамалықта» *chen* деп жазылып отыр. Ал қазақ тілінде *ң* дыбысы

болғандықтан кириллнегізді қазақ графикасында бұл буын *cheng* − *чың* деп жазылып, оқылады. Пиньинь жүйесіндегі *ng* кириллнегізді қазақ әліпбиіндегі *ң* сәйкес келеді. Алайда латыннегізді қазақ әліпбиінде *ң* дыбысы *ŋ* арқылы таңбаланады [63, 185 б.].

Сюйчаң (许昌)− Хэнань провинциясындағы қала атауы. «Анықтамалық» нұсқасы *Sıýıchan*, пиньинь жүйесінде *Xuchang*, Палладий бойынша *Сюйчан* деп транкрипцияланады. Бұл экзонимді транскрипциялауда мәселе *х* және *и* дыбыстарына қатысты туындайды. *Х* дыбысының дыбысталуындағы ерекшелікті жоғарыда да баяндадық. *U* қытай тілінде медиаль, негізінен умляут диакритикасымен жазылады «*ü*». Ал *j, q, х* дыбыстарынан кейін келгенде әдетте умляут белгісі қойылмайды. Палладий жүйесінде *ю* дыбысын сәйкестендіріп, *Xu Сю* жазылған, бұған сәйкес «Анықтамалықта» *Xu* − *Sıýı* деп жазылып отыр [63, 185 б.].

Муданьзян (牡丹江) −Қытайдың префектура деңгейіндегі қала атауы. «Анықтамалықта» жазылған нұсқа −*Mýdantszıan*, пиньинь жүйесінде *Mudanjiang* болып транскрипцияланады, яғни *Mu* және *dan* буындарынан тұрады. Палладий жүйесі бойынша − *Муданьцзян.* Ал «Анықтамалықта» − *Mýdan*, *ý* кириллнегізді қазақ әліпбиіндегі *у* дыбысына балама ретінде алынған. «Анықтамалықтағы» *tszıan* буының жазылуында Палладий жүйесіндегі *цзян* транскрипциясы басшылыққа алынған. *Tsz - ц, ıа - я, n - н* баламалы дыбыстар алынған [63, 186 б.].

Қытай ономастикалық атауларының символдық мәні олардың мифологиямен, тарихпен, дінмен және мәдени жоралғылармен тығыз байланыста екендігін көрсетеді. Бұл атаулар қытай мәдениеті мен ұлттық болмысының терең қырларын бейнелейді. Мысалы, «Шаңхай» (上海) атауы «теңіздің үстіндегі» деген мағынаны білдіреді. Ол географиялық орналасуын және Қытай тарихындағы теңіз порты ретіндегі экономикалық маңызын танытады. Тағы бір мысал −«Ұлы Қытай қорғаны» (长城) атауы. Бұл атау Қытай империясының тарихи мұрасы мен қуатын, қорғаныс қабілетін білдіретін маңызды мәдени-тарихи символ. Алайда, мұндай ономастикалық атауларды қазақ тіліне және графикасына бейімдеу барысында олардың символдық мәнін дәл беру қиындық туғызады. Себебі кейбір мәдени коннотациялар мен контекстер қазақ мәдениетінде сәйкес эквивалентке ие емес немесе аударма барысында бастапқы мағынасынан айырылып қалады. Мысалы, «*Шаңхай*» атауын латын графикасында «*Shanghai*» немесе «*Şanhaı*» деп жазу бұл қаланың теңіз үстіндегі орналасуы, сауда жолдарының дамуы және тарихи маңызын толықтай жеткізбейді.

«Тяньцзин» (天津) атауы да айрықша символдық мәнге ие. Бұл Қытайдың солтүстігіндегі ірі қала атауы. Бұл атау екі иероглифтен тұрады: 天 (tiān) -аспан, тәңір, құдайлық күш деген мағынаны білдіреді. Қытай мәдениетінде «天» көбіне жоғарғы билік немесе императорлық легитимділік символы ретінде қолданылады. 津 *(jīn)* өткел, паром айлағы, өзеннен өтетін жер деген мағынады. Ежелгі қытай тілінде бұл сөз өзен жағасындағы маңызды көлік-сауда нүктесін

білдірген. «天津» сөзбе-сөз аударғанда «Аспан өткелі» немесе «Тәңір өткелі» деген мағына береді. Юань әулеті кезеңінде бұл жер теңізге шығатын өзен өткелі болған. Кейін Мин дәуірінде император *Юнлэ*（永乐帝）осы жерден өткен соң, қалаға «Тяньцзин» «Аспанның өткелі» деген символдық атау берілген деген тарихи түсіндірме бар. «Тяньцзин»（天津）семантикалық топоним құрамында сакралды-идеологиялық компонент（天）және географиялық функция（津）қатар келеді. Бұл тип Қытай топонимиясында империялық идеологиямен байланысты атаулар қатарына жатады. Бұл атау дәстүрлі қытай мәдениетіндегі космологиялық және мифологиялық түсініктермен тығыз байланысты. Атау діни рәсімдермен, мерекелермен, аспанмен және аспандық күштермен байланысты обрядтармен ассоциацияланады. Алайда бұл атау қазақ тіліне «*Tianjin*» түрінде бейімделгенде, оның терең мазмұны мен символдық мағынасы түсінуге ауыр, әсіресе қытай мәдениетімен таныс емес адамдар үшін. «*Tianjin*» географиялық және әкімшілік мәнге ие атау ретінде қабылданады, алайда ол бастапқы атаудың тарихи-мәдени маңызын толық жеткізе алмайды.

Сол сияқты, қытай мәдениетінде ерекше орын алатын, қазақшаға көбіне «*Тыйым салынған қала*»（紫禁城）немесе «*Қасиетті жабық сарай*» деп аударылады. Бұл атау үш иероглифтің семантикалық бірігуінен қалыптасқан, атауы да тарихи, билік пен мәдени мұрамен тығыз байланысты терең символдық мәнге ие. 紫 (*zǐ*) «*күлгін, күлгін жұлдыз*» мағынасын береді. Қытай астрономиялық түсінігінде 紫微星 (*ziweixing*) − көктегі императорлық жұлдыз, яғни Солтүстік жұлдыз аймағы. Император «аспанның ұлы» саналғандықтан, сарай атауына космологиялық символика енгізілген. Сондықтан «紫» тек түс емес, императорлық, аспандық мәртебені де білдіреді. 禁 (*jìn*) «*тыйым салынған*» деген мағынаны білдіріп, бұл сарайға қарапайым халықтың кіруіне рұқсат етілмегенін көрсетеді. Тек император, оның отбасы және сарай қызметкерлері ғана кіре алған. Атаудағы әлеуметтік-саяси статус белгісі. 城 (*chéng*) «*қала, қорған*» мағынасында, Қытай дәстүрінде сарай кешені жеке қорған-қала ретінде танылады. Сондықтан 城 − тек ғимарат емес, қорғанмен қоршалған әкімшілік кеңістік ұғымын береді. Бұл − сарай императорлық билігінің белгісі, салтанатты рәсімдер мен мәдени іс-шаралардың орталығы ретінде Қытай тарихында айрықша орын алады. Алайда бұл атауды қазақ тіліне бейімдеу барысында символдық мәнді толық жеткізу қиынға соғады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» әзірлеген *Qazlatyn* (https://www.qazlatyn.kz/) сайтында кириллден латынға автоматты конвертер қызметі бар. Бұл конвертер арқылы бірнеше қытай топонимдері мен антропонимдерінің Палладий, қазақ-кирилл нұсқаларында беріп, сәйкестендіріп көрдік.

Топонимдер:

Баоцзи - Baoszı, *Баоцзы* - Baoszy

Бэйань - Beıan, *Бэйан* - Beıan

Вэньчжоу - Venchjoý, *Вынжоу* - Vynjoý

Гуанчжоу - Gýanchjoý, *Гуанчжоу* - Gýańjoý

Гуйлинь - Gýılın, *Гуэйлин* - Gýeılın
Луанчэн - Lýanchen, *Луанчың* - Lýanchyń
Иньчуань - Inchýan, *Инчуан* - Inchýan
Куньмин - Kýnmın, *Күнмиң* - Kúnmıń
Ланьчжоу - Lanchjoý, *Ланжоу* - Lanjoý
Муданьцзян - Mýdanszän, *Муданзяң* - Mýdanzäń
Үрімші - Úrimshi, *Үрімжі* - Úrimji
Шыңжаң - Shyńjań, *Синьцзян* - Sınszän
Бейжің - Beıjiń, *Бэйцзин* - Beıszın
Антропонимдер:
Ван Ань-ши (Палладий) - Van An-shı, *Ваң Аншы* - Vań Anshy
Конфуций - Konfýsı, *Құңзы* - Kuńzy, *Коң Дзы* - Koń Dzy
Мэн-цзы - Men-szy, *Мыңзы* - Myńzy
Лау Дзы - Laý Dzy, *Лао Цзе* - Lao Sze, *Лаозы* - Laozy
Цинь Шихуан - Sın Shıhýan, *Чинь Шихуаң* - Chın Shıhýań
Мо Ян - Mo Ian
Цзя Пиңуа - Szä Pıńýa, *Цзя Пиңва* - Szä Pıńva
Су Тұң - Sý Tuń, *Су Тоң* - Sý Toń
Үй Хуа - Ýı Hýa, *Үй Хуа* - Úı Hýa

Бұл мысалдардан қытай ономастикалық атауларын латын графикасында транслитерациялауда көпнұсқалық пайда болғанын байқауға болады. Бұл көпнұсқалық себебі − атаудың бастапқыда қалыптасқан нұсқаларында бірізділіктің жоқтығы. Кирилл графикасындағы көпнұсқалық себептері латын графикасына көшкен жағдайда да сақталатыны анық, себебі кирилл жазуындағы мәтіндерді автоматты конвертация жасау барысында, ондағы қытай ономастикалық атаулары қалай жазылды солай транслитерацияланады. Егер атау Палладий жүйесімен жазылған болса, сол жүйені сақтай отырып, латын графикасына ауысады. Егер фонетикалық транскрипция арқылы жазылған атау болса, латын графикасына да дыбысталуы сол күйінше сақталып транслитерацияланады. Қытай тіліне тән бірқатар дыбыстардың қазақ тілінде баламасының болмауы атауларды дұрыс беру мен жазуда қиындықтар туғызады әрі әртүрлі түсіндіруге жол ашады.

Сонымен, қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында беру мәселесі бір ғана дайын үлгіні көшірумен шешілмейтіні анықталды. Егер шеттілдік атауларды дәстүрлі дәнекер тіл − орыс тілі арқылы орныққан тұлғасында қалдырып, тек графикасын өзгертумен шектелсек, латын жазуында жарыспалы нұсқалар көбейеді және атаулардың дыбысталуы қытай тілінің пиньинь жүйесінен едәуір алшақтайды. Ал оларды қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына толық икемдеп жазу да әрдайым оңай емес, өйткені бұл жағдайда халықаралық танылым мен ішкі орфографиялық қолайлылық арасында тепе-теңдік сақтау қажет. Сондықтан қытай атауларын қазақ-латын графикасында таңбалауда Палладий жүйесіне сүйену де, пиньинді механикалық көшіру де жеткіліксіз; мәселе қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық ерекшеліктерін қатар ескеретін арнайы транслитерациялық модель жасауды талап етеді.

Қытай жазуының иероглифтік табиғаты бұл үдерісті күрделендіре түседі, өйткені қытай атауларын басқа тілге беру алдымен пиньинь тәрізді романизация жүйесі арқылы, содан кейін ғана қабылдаушы тілдің графикасына көшіру арқылы жүзеге асады. Яғни қазақ тіліне бейімдеу екі сатылы сипатқа ие: *иероглиф - пиньинь - қазақ-латын графикасы.* Осы аралықта жазу дәстүрі мен дыбыстық жақындықтың арақатынасы әртүрлі шешімдерге алып келеді. Мысалы, *Beijing* атауы қазақ тілінде дәстүрлі түрде *Бейжің* тұлғасында орныққанымен, оны латын графикасында *Beijıń* не *Beyjing* түрінде беру мәселесі бірізді норманың әлі де тұрақталмағанын көрсетеді. Бұқаралық ақпарат құралдары, оқулықтар және ресми мәтіндердегі қолданыс та қытай ономастикалық атауларының жазылуында айқын орфографиялық ала-құлалық бар екенін дәлелдейді. Қазақ латын графикасына көшу жағдайында қытай атауларын беру үшін ұлттық орфографиялық дәстүрді, халықаралық сәйкестендіру талаптарын және нақты тілдік қолданысты ұштастыратын жүйелі әрі ғылыми негізделген қағидалар қажет.

Бірінші тарау бойынша қорытынды

Бірінші тарауда қытай ономастикалық атауларының зерттелу тарихы мен лингвистикалық табиғаты қарастырылып, жалқы есімдердің тек атауыш бірлік емес, тарихи, мәдени және әлеуметтік ақпаратты жинақтайтын күрделі номинациялық жүйе екені айқындалды. Қытай тіл біліміндегі зерттеулер бұл атауларды өзге тілдерге беруде олардың дыбыстық тұлғасымен қатар семантикалық уәжі, мәдени мазмұны және қоғамдық қызметі де қатар ескерілуге тиіс екенін көрсетті. Осы негізде қытай ономастикалық атауларын трансформациялау мәселесі таза графикалық ауыстыру емес, бірнеше тілдік және мәдени фактор тоғысындағы күрделі үдеріс ретінде танылды.

Тарауда қытай онимдерін өзге тілге көшірудің теориялық негіздері де жүйеленді. Бұл бағытта референциялық тұрақтылық, мәдени сәйкестік, орфографиялық бірізділік, қабылдаушы тілдің фонологиялық заңдылықтары, сондай-ақ транскрипция мен транслитерацияның арақатынасы негізгі теориялық бағдарлар ретінде нақтыланды. Пиньинь жүйесінің қытай иероглифтерін латын графикасында біріздендіретін халықаралық стандарт ретіндегі маңызы мойындалғанымен, оны қазақ жазуына механикалық көшіру қазақ тілінің дыбыстық табиғатына толық сай келмейтіні анықталды. Сондықтан қытай атауларын қазақ тіліне таңбалау ұлттық орфографиялық және орфоэпиялық бейімдеуге сүйенуге тиіс деген қорытынды жасалды.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-кирилл графикасында беру тәжірибесін талдау көпнұсқалылықтың бірнеше тұрақты себебін көрсетті. Ең алдымен, делдал тіл ықпалы, дәстүрлі транскрипциялық үлгі және қазақ тілінің фонетикалық табиғатына икемдеу ұстанымдарының қатар жүруі бір атаудың бірнеше нұсқада жұмсалуына алып келгені байқалды.

Қытай атауларын латын графикасында беру Палладий жүйесін сақтау немесе пиньинді сол күйінде көшіру мәселесіне тірелмейді. Ол қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық ерекшеліктерін, ұлттық орфографиялық дәстүрді және

халықаралық сәйкестендіру талаптарын ұштастыратын жүйелі қағидаларды қажет етеді. Осылайша бірінші тарау қытай ономастикалық атауларын қазақ тіліне, әсіресе қазақ-латын графикасына берудің теориялық, орфографиялық және қолданбалы негіздерін айқындап, келесі тарауларда ұсынылатын транслитерациялық модельдің ғылыми алғышарттарын қалыптастырды.

2 ҚЫТАЙ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫ ЖӘНЕ ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ: ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛЫҚ СӘЙКЕСТІК

2.1 Қытай тілінің буындық-фонологиялық құрылымы

Фонология мен фонетика екеуі де қытай тілін дыбыстық жағынан зерттейтін маңызды ғылымдар болғанымен, олардың табиғаты бір-бірінен ерекшеленеді. Фонетика - тіл дыбыстарын объективті сипаттап, оны дәл көрсету үшін түрлі эксперименттік әдістерді қолдана отырып, дыбыстың физиологиялық және физикалық құбылыстарын талдаса, ал фонология тіл дыбысын объективті түрде емес, жүйелік негізде зерттейді. Ол түрлі тіл дыбыстарының арасындағы өзара байланысты талдап, жүйелеуге тырысады.

Фонема - тілдегі ең кіші дыбыстық бірлік, ол дыбыстың табиғи (физикалық және физиологиялық) қасиеттері тұрғысынан анықталады. Бұл жерде дыбыстардың мағынаны айыру қызметі ескерілмейді. Мысалы, қытай тіліндегі «八 (bā)» және «趴 (pā)» сөздеріндегі [p] және [p^h] дыбыстары әртүрлі фонемалар болып табылады. Дыбыс бірлігі (音位) − мағынаны айыра алатын ең кіші дыбыстық бірлік. Бір фонеманың құрамында мағына айырмайтын, тек белгілі бір фонетикалық ортада кездесетін дыбыстық варианттар (аллофондар) болуы мүмкін.

音素 (*yinsu*) мен 音位 (*yinwei*) − қытай тіл білімінде (әсіресе фонетика мен фонологияда) ең негізгі әрі жиі шатастырылатын екі ұғым. Бұл екі категорияның арасында мәндік (принциптік) айырмашылық бар. Қарапайым түрде айтқанда 音素(*yinsu*) − физикалық, объективті «дыбыс», ал 音位 (*yinwei*) − психологиялық әрі функционалдық категория. 音素 (yinsu) − сөйлеу барысында нақты айтылатын, акустикалық және артикуляциялық тұрғыдан өлшенетін нақты дыбыс бірлігі. Оның негізгі белгілеріне физикалық тұрғыдан тіркеледі (акустика, спектр, ұзақтық т.б.), сөйлеушіге, сөйлеу жылдамдығына, ортаға қарай өзгеруі мүмкін, бір фонема бірнеше түрлі 音素(*yinsu*) арқылы жүзеге асады. Мысалы, қытай тіліндегі /a/ фонемасы *а, а, ɐ, ə* түрінде әртүрлі айтылуы мүмкін, бұлардың барлығы 音素 (yinsu), яғни фонетикалық бірліктер.

Хуан Боцзюнь (黄伯荣), Ляо Сюйдун (廖序东) бұларға мынадай анықтама береді: «音素是人类语言中能划分出来的最小语音单位（不考虑意义（音素 *Тілдегі мағынадан тыс, тек артикуляциялық және акустикалық тұрғыдан бөлшектеуге болатын ең кіші дыбыстық бірлік*). «音位在特定语言中，能够区别词义或语素义的最小语音功能单位». (*Белгілі бір тілде сөз мағынасын немесе морфема мағынасын айыра алатын ең кіші дыбыстық-функционалдық бірлік*) Олардың қасиеттерін сипаттай келе, 音素 (*yinsu*) физикалық, объективті сипатқа ие, нақты айтылатын, аспаптар арқылы өлшеуге болатын нақты дыбыс. 音位 (*yinwei*) − психологиялық, функционалдық және жүйелік сипатқа ие, тіл тұтынушысының санасында жинақталған дыбыстық категория (дыбыс класы). 音素(*yinsu*) − фонетиканың зерттеу нысаны, дыбыстың физикалық қасиеттерін зерттейді, яғни жасалу орны, жасалу тәсілі, дауыс желбезегінің қатысады. 音位

(*yinwei*) − фонологияның (дыбыс жүйесінің) зерттеу нысаны, дыбыстардың тіл жүйесіндегі қызметін және ұйымдасу тәсілін қарастырады. 音素 (*yinsu*) − сөйлеудің нақты акустикалық бірлігі, ал 音位(*yinwei*) −тілдік жүйеде мағына айыру қызметін атқаратын абстракт бірлік. Бір фонема сөйлеуде бірнеше аллофон (音位变体) арқылы жүзеге асады деп тұжырым жасайды [93].

Ф. де Соссюрдің «тіл − бұл мән емес, форма» деген тұжырымы құрылымдық лингвистиканың негізгі қағидаларының бірін білдіреді [94, 56 б.]. Бұл ұстаным тілдік бірліктерді олардың материалдық көрінісі арқылы емес, жүйе ішіндегі қызметі мен өзара қатынастары арқылы түсіндіру қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, фонема мен дыбыстың арақатынасы да айқындалады: *фонема* (音 位) − тіл жүйесіндегі мағына ажырататын абстрактілі, функционалдық бірлік, ал *дыбыс* (音素) − сол фонеманың сөйлеу үстінде нақты жүзеге асатын материалдық көрінісі. Сондықтан фонема тілдің құрылымдық ұйымдасуына қатысты қарастырылса, дыбыс оның акустикалық-артикуляциялық іске асу формасы.

Осы айырмашылыққа сәйкес бір фонема сөйлеу барысында әртүрлі фонетикалық нұсқада, яғни аллофон түрінде көрінуі мүмкін, бірақ олар тілдік санада бір ғана мағына ажыратушы бірлік ретінде қабылданады. Тілдің мәні жекелеген дыбыстардың физикалық табиғатында емес, сол дыбыстарды белгілі бір жүйеге біріктіріп, айырмашылықтар арқылы қызмет еткізетін құрылымдық ұйымдасуда жатыр. Бұл қағида қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйесін салыстыра талдауда да маңызды, өйткені транслитерация барысында зерттеу нысаны ретінде жеке дыбыстың механикалық көшірмесі емес, қабылдаушы тілдің жүйесінде қандай фонемалық балама қызмет атқара алатыны негізгі өлшемге айналады.

Н. Трубецкой фонетика мен фонологияның зерттеу нысандарын бір-бірінен нақты ажыратып көрсетеді. Оның пайымдауынша, фонетика сөйлеу дыбыстарының жасалу жолын, акустикалық сипатын және артикуляциялық-физиологиялық ерекшеліктерін қарастырса, фонология дыбыстардың тіл жүйесіндегі қызметін, әсіресе мағына айыру қабілетін зерттейді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым фонеманы жеке акустикалық не артикуляциялық дыбыс ретінде емес, тілдегі мағынаны ажыратуға қатысатын айырым белгілердің функционалдық бірлігі ретінде таниды. Фонема дыбыстың материалдық қалпымен емес, оның тілдік жүйедегі қызметімен айқындалады [95, 62 б.]. Бұл тұжырым фонологияны дербес теориялық сала ретінде орнықтырып, дыбыстық бірліктерді құрылымдық-қызметтік тұрғыдан сипаттаудың ғылыми негізін қалады.

П. Ладефогед фонеманы тілдегі сөз мағынасын ажыратуға қызмет ететін ең кіші дыбыстық бірлік ретінде сипаттайды. Ал фонеманың нақты сөйлеу үстінде жүзеге асатын көріністері аллофондар деп танылады. Ғалымның пайымдауынша, фонема абстрактілі тілдік бірлік болып саналады, ал оның сөйлеудегі іске асуы акустикалық және артикуляциялық жағынан өзара ұқсас, бірақ мағына айыру қызметін атқармайтын фонетикалық варианттар арқылы көрінеді [96, 109 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, П. Ладефогед еңбектерінде фонема

мен аллофон арақатынасы тілдік жүйе мен нақты айтылымның байланысы негізінде түсіндіріліп, фонологиялық бірлік пен оның фонетикалық жүзеге асу формаларының арасы нақты ажыратылған.

Отандық және шетелдік негізгі лингвистикалық оқулықтарда фонема мен фонетикалық дыбыс бір-бірінен қатаң ажыратылады. Бұл еңбектерде фонема тілдің фонологиялық жүйесіне тән, мағына айыру қызметін атқаратын ең кіші абстрактілі бірлік ретінде сипатталып, фонетикалық дыбыс сөйлеудегі нақты айтылымның артикуляциялық және акустикалық көрінісі деп танылады. Фонема функционалдық әрі жүйелік категория болса, дыбыс материалдық-фонетикалық құбылыс болып табылады. Осындай ортақ теориялық ұстаным П. Ладефогед пен К. Джонсонның [97], В. Фромкин бастаған авторлар ұжымының еңбектерінде де [98], қытай тіл біліміндегі Хуан Боцзюн мен Ляо Сюйдун [99], Е Фейшэн мен Сюй Тунцян [100], Линь Тао мен Ван Лицзя [101] оқулықтарында да айқын көрінеді. Бұл еңбектердің барлығы фонологияны дыбыстың физикалық табиғатынан гөрі, оның тілдік қызметімен байланысты қарастыратын ғылыми бағыттың орныққанын көрсетеді.

Қытай тілінің дыбыстық жүйесіндегі негізгі бірлікке қатысты мәселе тіл білімінде әлі күнге дейін пікірталас тудырып келеді: бірқатар зерттеушілер негізгі бірлік ретінде фонеманы емес, силлабеманы, яғни буындық тұтастықты таниды. Л. В. Щерба [102], Е. Д. Поливанов [103], Е. Н. Драгунова [104], В. Б. Касевич [105] еңбектерінде қытай тілінің дыбыстық құрылымы буынның айрықша мәртебесімен сипатталатыны көрсетіліп, силлабема тілдің конститутивтік тұрғыдан мәнді бірлігі ретінде қарастырылады. Осы бағыттағы тұжырымдардың бірінде А. А. Драгунов буынды силлабемамен теңестіре отырып, оны конститутивтік мүмкіндігі жағынан фонемамен салыстыруға болатын бірлік деп таниды; соған сәйкес қытай буынының ішкі бөлшектері − инициаль мен финаль − мағына ажыратуға қатысатын фонологиялық компоненттер ретінде сипатталады. Бұл көзқарас қытай тілінің дыбыстық жүйесінде буынның жай фонетикалық емес, құрылымдық-функционалдық мәртебеге ие екенін дәлелдейді.

Сонымен бірге қытай тілінің дыбыстық құрылымын фонемаға негіздеп түсіндіретін бағыт та орныққан. М. К. Румянцев [106], А. Н. Алексахин [107], сондай-ақ қытай фонетистері Чжао Юанчжэнь, Хуан Боцзюнь, Ляо Сюйдун фонеманы қытай тілінің ең кіші фонологиялық бірлігі ретінде қабылдайды, бірақ сонымен қатар қытай тіліндегі буынның ерекше құрылымдық қызметін де мойындайды. Бұл бағытта фонема қытай тілінің мағына айырушы ең кіші бірлігі ретінде танылады, ал буын сол фонемалардың ерекше ұйымдасқан кешені ретінде қарастырылады. Қытай тіл біліміндегі негізгі қайшылық фонеманы немесе силлабеманы мүлде жоққа шығаруда емес, қытай тілінің дыбыстық жүйесінде қай бірліктің басым теориялық мәртебеге ие екендігін айқындауда жатыр.

Зерттеуші А. Драгунов қытай тілінің фонологиялық құрылымын талдауда буынды тұтас әрі бөлінбейтін бірлік ретінде емес, ішкі жіктелісі бар күрделі құрылым ретінде қарастырады. Ғалым фонологиялық тұрғыдан қытай тіліндегі

буындар, дәлірек айтқанда, буын-морфемалар өзара салыстыру барысында екі құрамдас бөлікке жіктейді: олардың бірі – дауыссыз компонент, соның ішінде нөлдік инициаль де қамтылады, екіншісі – дауысты негізді финаль, оның фонетикалық жүзеге асуы әртүрлі болуы мүмкін. Осыған сәйкес зерттеуші қытай тіліндегі фонеманы классикалық мағынадағы жай ғана «мағына ажыратушы дыбыс» ретінде емес, буынның ішкі құрылымын ұйымдастыратын функционалдық компонент ретінде сипаттайды. Сол себепті А. А. Драгунов қытай тілінің фонологиялық жүйесін буындық деңгей мен фонемалық деңгейдің өзара байланысы арқылы түсіндіріп, «буынфонема» (слогофонема) ұғымын ғылыми айналымға енгізеді. Бұл тұжырым қытай тіліндегі буынның тек фонетикалық тұтастық емес, сонымен бірге инициаль мен финаль сияқты фонологиялық элементтерге ажыратылатын құрылымдық бірлік екенін көрсетеді [108, 60 б.].

Қытай тіліндегі фонемалар жүйесі оның буын құрылымымен (声母 + 韵母 + 声调) тығыз байланысты. Бұл үш компонент қытай тілінің фонетикалық жүйесінің үш өлшемді моделін құрайды.

1. Дауыссыздар (шэнму) жүйесінің теориялық негізі артикуляциялық орны мен тәсіліне қарай қарама-қарсы қою принципіне сүйенеді. Негізгі оппозиция салдыр немесе аспирация (送气) және (不送气) үнсіз дыбыстардың айырмашылығы қытай дауыссыздарының ең маңызды ерекшеліктерінің бірі (/p/ мен /pʰ/, /tɕ/ мен /tɕʰ/). Бұл ерекшелік көптеген үнді-еуропа тілдеріндегі «қатаң» (清) мен «ұяң» (浊) қарама-қарсылығынан өзгеше.

2. Дауысты дыбыстар (юнму) жүйесі дәстүрлі фонетикадағы «басы-ортасы- соңы» (韵头－韵腹－韵尾) үлгісі мен қазіргі фонемалық теорияның бірігуінен құралады. Дауысты дыбыстар жүйесі монофтонгтан, дифтонгтан немесе мұрын жолды дыбыспен аяқталған күрделі құрылымнан тұруы мүмкін. Дауысты фонемалардың айқындалуы бойынша, мысалы, [i], [ɿ] (*zi/ci/si* кейін), *[ʅ]* (*zhi/chi/shi/ri* кейін) - үш түрлі дыбыс, бірақ олардың барлығы бір /*i*/ фонемасына жата ма деген сұрақ өзекті. Қазіргі қытай тілінде тек *i, u, n, ŋ* юнвэй (韵尾) бар.

3. Тон жүйесі - теориялық негізі бойынша супрасегменттік фонологияға (超音段音位学) жатады. Тон − бүкіл буынға тән қытай тілінің ең маңызды фонологиялық белгісі. Тон − буын құрамындағы дыбыс биіктігінің мағына ажыратушы өзгерісі. Дыбыс биіктігінің қозғалысы бірнеше акустикалық параметр арқылы көрініс табады: жоғары-төмен деңгей, көтерілу-төмендеу бағыты, контурдың түзу немесе иілімді болуы. Мысалы, *chang*（长）буынында дыбыс биіктігі төмен деңгейден жоғары деңгейге көтеріледі, яғни жоғары (өсу) тон байқалады; ал *duǎn*（短）буынында дыбыс әуелі төмендеп, кейін қайта көтеріледі, бұл иілімді (сынған) тонның көрінісі болып табылады.

Тон - қытай буынының құрылымындағы міндетті және мағына ажыратушы элемент. Инициаль мен финаль бірдей болған жағдайда да, тонның өзгеруі лексикалық мағынаның өзгеруіне әкеледі. Мысалы, *chēng*（撑）, *chéng*（成）, *chěng*（逞）, *chèng*（秤）буындары сегменттік құрамы жағынан бірдей

болғанымен, тондық айырмашылыққа байланысты әртүрлі мағына білдіреді және жазуда жеке иероглифтермен таңбаланады.

Өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарында фонетика қытай тіл біліміндегі ең дамыған салалардың бірі болды. Алайда өткен ғасырдың екінші жартысында бұл сала әлсіреп, тек жаңа мыңжылдықта қайта жанданды. Қытай тіл біліміндегі бұл саланың өрлеуі мен құлдырауы, ең алдымен, тілдік мәселелердің шешіміне, сондай-ақ танымал қытай лингвистері Луо Чанпэй (罗常培) , Чжао Юаньжэнь (赵元任) және Ли Фангуймен (李方桂) ғылыми талғамы мен ұстанымдарына байланысты болды. Олар «Қытайдағы заманауи тіл білімінің үш ірі тұлғасы» ретінде танылады. Олар лингвистиканың дербес ғылыми сала ретінде қалыптасуына елеулі үлес қосып, Чжоу Цзумо, Ма Сюэлян секілді көптеген көрнекті ғалымдарды тәрбиелеп шығарды.

1920-30 жылдары басталған бұл зерттеулер нәтижесінде Қытайдағы фонетика ғылымы өз алдына жеке сала ретінде қалыптасты. Бұл салада жұмыс істеген алғашқы зерттеушілердің бірі ретінде Чжао Юаньжэнмен оның әріптестері фонетикалық әдістерді лингвистикалық мәселелерде қолдануға болатынын көрсетті. 20-ғасырдағы қытай фонетикасындағы маңызды жаңалықтардың көбін Чжао Юаньжэнмен оның әріптестері ерте кезеңдерде ашқан. Чжао Юаньжэн − қытай тіл білімінің атасы, эксперименттік фонетиканы алғаш қолданған ғалым. Тонды зерттеуде «бес деңгейлі тон белгілеу жүйесін» ұсынады [109].

Қытай тілінің дыбыстық жүйесін сипаттауда дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату мәселесі әр кезеңде әртүрлі теориялық ұстанымдар негізінде түсіндіріліп келді. XX ғасырдағы қытай тіл білімі бұл проблеманы дәстүрлі дыбыс-жүйе танымы, эксперименттік фонетика және қазіргі фонологиялық талдау аясында қайта қарастырды. Осы тұрғыдан алғанда, Луо Чанпэй, Линь Тао және Ван Лицзя еңбектері қытай тіліндегі дыбыстық бірліктердің табиғатын түсіндіретін өзара сабақтас, бірақ зерттеу нысаны мен әдісі жағынан әрқилы ғылыми бағдарларды көрсетеді. Біздің ойымыша, Луо Чанпей еңбегі тарихи-дыбыстық және дәстүрлі қытай фонологиясына [110], Линь Тао зерттеулері эксперименттік-фонетикалық сипаттауға [111], ал Ван Лицзяның еңбегі фонема, айырым белгі және дыбыстық жүйе мәселелерін теориялық-фонологиялық тұрғыдан түсіндіруге басымдық береді [112]. Сондықтан бұл авторлардың еңбектеріндегі дауысты мен дауыссыз дыбыстар мәселесін жеке артикуляциялық сипаттама ретінде ғана емес, дыбыстық жүйенің тұтас құрылымымен сабақтастықта қарастыруға болады.

Қытай тілінің дыбыстық жүйесінде буын фонемалардың бірігуі арқылы жасалатын дыбыстық құрылымның ең кіші бөлігі. Бір иероглиф бір буыннан құралады. Буындарды құрайтын элементтеріне қарай фонемаларға, ал фонемаларды айтылу ерекшеліктеріне қарай дауысты және дауыссыз деп екіге бөледі. Дауысты дыбыстар ауыз қуысында ешқандай кедергіге ұшырамай шығатын дыбыстар. Мысалы: *a, o, e, i* т.б. Дауыссыз дыбыстар көмейден ауыз қуысына өтерде белгілі бір бөлікте үлкенді-кішілі кедергілер пайда болады. Мысалы: *b, p, m, f, d* т.б. Қазіргі қытай тілінде (яғни путунхуда) 400-ден аса буын

бар, оларға иероглифтің оқылуында қойылатын тон белгісін қосқанда 1300 буын құралады[24, 59 б.].

Дауысты мен дауыссыз дыбыстардың негізгі айырмашылықтары артикуляциялық кедергі, артикуляциялық кернеу мен ауа ағынының күшінен көрінеді. Дауыссыз дыбыстарда ауа ағыны міндетті түрде белгілі бір кедергітен өтеді, ал дауыстыларда кедергі болмайды. Бұл − басты айырмашылық. Дауыссыздарда кедергі жасайтын мүшелерде бұлшық ет кернеуі жоғары, ал дауыстыларда артикуляциялық кернеу бірқалыпты болады. Дауыссыздарда ауа ағыны салыстырмалы түрде күшті болса, дауыстыларда әлсіздеу болып келеді. Дауыссыздарда дауыс желбезегі әрдайым тербеле бермейді, дыбыс салыстырмалы бәсең болып, дауыстыларда дауыс желбезегі міндетті түрде тербеледі, дыбыс айқын әрі күшті естіледі.

Ван Лицзя (王理嘉) дауысты мен дауыссызды фонетикалық категория емес, айырмашылық белгілер жүйесіндегі позициясы арқылы деп анықтайды. Дауыстылар [+ буындық, + сонор], ал дауыссыздар [+дауыссыз, – буындық] белгілерімен сипатталады. Бұл модель мұрынды дыбыстар, жарты дауыстылар және бүйір дыбыстар сияқты аралық формаларды дәл сипаттауға болады Мысалы, *l* - сонор дауыссыз, *j, w* − жартылай дауысты элементтер ретінде қарастырылады. Негізгі критерий − буын өзегін құрай алу қабілеті. Дауысты дыбыс - буын өзегі, ал дауыссыз дыбыс − шеткері позиция элементі [112].

Қытай тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды сипаттау бір ғана өлшеммен шектелмейді. Луо Чанпэй функционалдық буын құрылымын, Линь Тао акустикалық дәлдікті, Ван Лицзя фонологиялық абстракцияны, ал Жу Сяонун эволюциялық-типологиялық жүйелілікті алға қояды.

Луо Чанпэй дәстүрлі «дауыссыз дыбыс буын басында тұратын шэнму, дауысты дыбыс буынның негізгі өзегі болып табылатын юнму» жүйесіне сүйенеді. Бұл физиологиялық емес, құрылымдық-функционалдық бөлініс. Сямэнь диалектісін сипаттағанда ол *m, ŋ* сияқты мұрын жолды дыбыстарының жеке буын ретінде айтыла алатынын байқайды. Бірақ оларды дауыссыз рифм (声化韵) деп түсіндіріп, бәрібір буынның өзегі тек дауысты болуы тиіс деген принципті алға тартады. Луо Чанпэй шэнмуды тікелей дауыссыз дыбыстармен теңестіреді, оған нөлдік шэнму да кіреді. Дауыссыз дыбыстардың қасиеті артикуляция орнына *көмей, тіл түбі, тіл, тіс, ерін* және жасалу тәсіліне *қатаң/ұяң, аспирациялы, жуысыңқы, ызың, мұрын жолды* т.б. деп бөледі [111].

Дауысты және дауыссыз дыбыстар жалпы фонетикаға қатысты терминдер болса, *шэнму* мен *юнму* – қытай фонологиясына тән терминдер. Олар иероглифтің дыбыстық құрамына (жасалуына) қарай бөлінген түрлері. Бұлай бөлу дыбыстардың алдыңғы және соңғы болып орналасуына, яғни дыбыстардың орналасу рет-тәртібіне байланысты: *шэнму* – буынның басында тұратын дыбыс (инициаль), *юнму* – буынның соңында тұратын дыбыс (финаль).

Қытай тілінде дауыссыз фонемалар көбіне буынның инициаль позициясында орналасатынын атап өткен жөн. *n* дауыссыз фонемасы инициаль орнында да, терминаль буынның соңғы дауыссыз позициясында да келе алады. Сонымен қатар, бір мұрын жолды сонор *ng* бар, ол буында тек терминаль

позициясын ғана алады. Осы аталған фонемаларға қатысты қытай фонетикалық және фонемалық жүйесінде біраз бұлыңғыр тұстар бар. Олардың бірі қытай тіліндегі буындардың жоғарыда айтылған құрылымымен байланысты. Е.Д. Поливанов қытай буынындағы буын түзуші элемент ретінде дауысты дыбысты немесе мұрын жолды сонорды ұсынған [103, 50 б.]. Кейінірек орыс қытайтанушыларының басым көпшілігі, олардың қатарында Н.А. Спешнев, А.Н. Алексахин, Н.Н. Коротков, Ю.В. Рождественский, Г.П. Сердюченко, В.М. Солнцев, В.В. Каверина және басқа да заманауи авторлар, қытай тіліндегі буындарда буын түзуші элемент (централь) ретінде қытай тіліндегі кез келген дауысты дыбыс бола алатынын, бірақ сонор бола алмайтынын дәлелдеді. А.Н. Алексахин қытай тілінде *25 дауыссыз фонема* бар деп есептейді. Олардың қатарына *ü* алдындағы *n* және *l* фонемалары да кіреді (*nü, lü*). Бұл фонемалар *n* және *l* фонемаларының басқа дауысты фонемалармен тіркескен түрлерімен (*ni, lu, le, na*) қатар жеке қарастырылады. Сонымен қоса, А.Н. Алексахин дауыссыз фонемалар қатарына *w* және *y* фонемаларын да енгізеді. Алайда автордың өзі *w* мен *y* «дауыссыздардан дауыстыларға өту идеясын білдіреді» деп атап өтеді, яғни оның пікірінше, бұл екі фонема аралық немесе өтпелі сипатқа ие [107, 25 б.].

Линь Тао дауыссыз дыбыстар сөйлеу жолында бөгет пайда болып, ауа сол бөгетті бұзу арқылы шығатын дыбыстар ретінде анықтайды. Линь Тао дауыссыздарды бөгет түрі, дауыс желбезегінің қатысуы, ауа ағымының ұзақтығы сияқты параметрлер арқылы жіктейді. Олар бөгет түрі (жуысыңқы, ызың, аффрикат), дауыс желбезегінің күйі (қатаң/ұяң), ауа ағымының ерекшелігі (аспирация) арқылы анықталады. Линь Тао аспирациялы дыбыстарды VOT (voice onset time) арқылы өлшеп, /p^{h}/ мен /p/ айырмасын сандық түрде дәлелдеген. Дауысты дыбыстарда дауыс жолы ашық, дауыссызда белгілі бір бөгет бар. Дауыстыларда толқындар периодты, спектрде тұрақты формант жолақтары бар. Дауыссыздарда шуыл, қысқа импульстер, энергиясы әлсіз. Дауысты қатты естіледі, буын өзегін құрай алады, дауыссыз әлсіз, әдетте дауыстысыз жеке буын бола алмайды дейді. Линь Тао «*дауысты = юнму*» теңдігін жоққа шығарады, себебі юнму құрамында дауысты да, дауыссыз буын соңдары да болуы мүмкін *(n, ŋ)*.[111].

Чжу Сяонун дауыссыз дыбысты сөйлеу жолында кедергі немесе тарылу жасалып, шуыл басым болатын дыбыстық сегмент ретінде анықтайды [113, 65 б.]. Ғалым дауыссыздарды *артикуляциялық орны, кедергі түрі, ауа ағыны механизмі және фонация түрі* сияқты төрт негізгі параметр арқылы сипаттайды. Бұл жіктеуде дәстүрлі «күшті ауа» түсінігі қайта қаралып, аспирация дауыс саңылауы кеңейгеннен кейін пайда болатын тыныс фонация фазасы ретінде түсіндіріледі. Осы арқылы аспирацияның тек артикуляциялық құбылыс емес, фонетикалық және фонологиялық сипаты қатар бар күрделі құбылыс екені айқындалады.

Сонымен бірге Чжу Сяонун дыбыстарды қатаң бинарлық үлгімен ғана топтастыруды жеткіліксіз деп санап, оларды дауысты, жартылай дауысты, сонор, мұрын жолды, ызың және жуысыңқы тәрізді аралық деңгейлермен қарастырады.

Мысалы, *i* мен *j* дыбыстарының айырмашылығы көбіне тұрақтылық пен созылыңқылық дәрежесінен көрінеді, ал артикуляциялық тұрғыдан олар бір-біріне жақын. Алайда фонологиялық деңгейде ғалым нақты өлшем ұсынады: дыбыстың буын өзегі бола алу қабілеті. Осы белгі бойынша дауыстылар буынның өзегі қызметін атқарса, дауыссыздар перифериялық элементтер ретінде танылады. Дегенмен зерттеуші кейбір диалектілерде мұрын жолды және бүйір дыбыстардың да буын өзегі бола алатынын мойындайды [113, 86 б.]. Бұл тұжырым қытай тілінің дыбыстық жүйесін сипаттауда дауысты мен дауыссыздың арасы абсолют шекарамен емес, функционалдық және просодикалық белгілер арқылы ажыратылатынын көрсетеді.

«Пиньинь» жүйесіндегі инициаль кестесі негізінен жасалу орны принципіне сүйене отырып құрастырылған. Бір артикуляциялық аймаққа жататын дауыссыздардың финалдармен тіркесу заңдылықтары да ұқсас болып келеді. Инициаль дыбыстарының жасалу тәсілі артикуляция барысында ауа ағынының кедергіге ұшырауы немесе кедергіден босау әдісін сипаттайды. Ол кедергінің пайда болу және жойылу тәсілі, дауыс желбезектерінің тербелуі (фонация), ауа ағынының қарқыны (аспирация деңгейі) сияқты үш параметр арқылы анықталады.

Инициаль дыбыстарының атаулары олардың артикуляциялық табиғатына негізделіп қалыптасқан. Атап айтқанда, ерін-ерінді (билабиал) және ерін-тіс (лабиоденталь) дыбыстар кедергі түзетін екі артикуляциялық мүшенің өзара әрекеттесуіне қарай аталады. Ал тіл ұшының алдыңғы, орта және артқы позициясындағы дыбыстар тіл ұшының қарсы беттегі кедергі жасалатын аймақтарымен салыстырмалы қатынасын білдіреді, алдыңғы позиция −үстіңгі күрек тістердің ішкі беті, орта позиция − тіс түбі (альвеола), артқы позиция − қатты таңдайдың алдыңғы бөлігі. Мұнда кедергі жасалатын мүшелердің кеңістікте орналасуы негізге алынады.

Тіл үсті және тіл түбі дыбыстары атауында бір ғана артикуляциялық мүше көрсетілгенімен, кедергі әрдайым екі мүшенің өзара қатысуы арқылы жүзеге асады. Мұндай атау жүйесін меңгеру артикуляциялық механизмді түсінуді жеңілдетеді және дыбыстарды дұрыс айту мен есте сақтауға ықпал етеді.

Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай бөліну

У Юнхуан (吴永焕) артикуляция (жасалым) орнына қарай қытай тіліндегі дауыссыз дыбыстарды төмендегі жеті топқа бөледі.

Ерін-еріндік дыбыстар (双唇音) − үстіңгі және астыңғы еріндердің түйісуі арқылы ауа ағыны бөгеліп жасалатын дыбыстар: *b, p, m.*

Тіс-еріндік дыбыстар (齿唇音) − үстіңгі тістер мен астыңғы еріннің жанасуы арқылы пайда болатын дыбыстар: *f*

Тіл ұшының алдыңғы позициясындағы дыбыстар (舌尖前音) − тіл ұшының үстіңгі тістердің түбіне (тіс түбіне) тірелуі арқылы жасалатын дыбыстар: *z, c, s.*

Тіл ұшының орта позициясындағы дыбыстар (舌尖中音) − тіл ұшының үстіңгі альвеолаға тірелуі арқылы жасалатын дыбыстар: *d, t, n, l.*

Тіл ұшының артқы позициясындағы дыбыстар (舌尖后音) − тіл ұшының қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне тірелуі арқылы жасалатын дыбыстар: *zh, ch, sh, r.*

Тіл үстінің алдыңғы бөлігіндегі дыбыстар （舌面前音）− тіл үстінің алдыңғы бөлігі мен қатты таңдайдың жанасуы нәтижесінде жасалатын дыбыстар: *j, q, x.*

Тіл үстінің артқы бөлігіндегі дыбыстар（舌面后音）- тіл үстінің артқы бөлігі мен жұмсақ таңдайдың түйісуі арқылы жасалатын дыбыстар: *g, k, ng, h.* [114].

Ху Юйшу да жасалу орнына қарай 7 топқа бөледі: ерін-ерінді (билабиаль) дыбыстар (双唇音): *b, p, m*; ерін-тіс дыбысы (唇齿音)*: f*; тіл ұшының алдыңғы позициясы (舌尖前音)*: z, c, s*; тіл ұшының орта позициясы (舌尖中音)*: d, t, n, l*; тіл ұшының артқы позициясы (舌尖后音)*: zh, ch, sh, r*; тіл үсті дыбыстары (舌面音)*: j, q, x*; тіл түбі дыбыстары (舌根音)*: g, k, h.* [115].

Хэ Пин (何平) мен Ван Цзин (王静) жасалу орнына қарай 6 топқа бөледі: ерін-ерінді (билабиаль)（双唇音) және ерін-тіс дыбыстар (唇齿音): *b, p, m, f*; тіл ұшының алдыңғы позициясы (舌尖前音)*: z, c, s*; тіл ұшының орта позициясы (舌尖中音)*: d, t, n, l*; тіл ұшының артқы позициясы (舌尖后音)*: zh, ch, sh, r*; тіл үстінің алдыңғы позициясы (舌面前音)*: j, q, x*; тіл үстінің артқы позициясы (舌面后音)*: g, k, h.* [116].

Хуан Боцзюн (黄伯荣) дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай 7 топқа бөледі: ерін-ерінді (билабиаль) дыбыстар (双唇音): *b, p, m*; ерін-тіс дыбысы（唇齿音)*: f*; тіл ұшының алдыңғы позициясы (舌尖前音)*: z, c, s*; тіл ұшының орта позициясы (舌尖中音)*: d, t, n, l*; тіл ұшының артқы позициясы (舌尖后音）*: zh, ch, sh, r*; ; тіл үстінің алдыңғы позициясы (舌面前音)*: j, q, x*; тіл үстінің артқы позициясы（舌面后音)*: g, k, h.* [99].

Қытай фонетикасында дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай жіктеу дәстүрі ертеден қалыптасқанымен, нақты топтастыруда зерттеушілер арасында белгілі бір айырмашылықтар бар. Бұл айырмашылықтар, негізінен, тіл үсті (舌面) мен тіл түбі (舌根) дыбыстарын бөлу немесе біріктіру принципіне байланысты.

Қытай тіл білімінде дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай жіктеуде ғалымдар арасында бірізділік толық сақталмаған. Ху Юйшу артикуляциялық-физиологиялық принципті басшылыққа алып, тіл түбі дыбыстарын (*g, k, h*) жеке 舌根音 тобы ретінде бөліп көрсетсе, Хэ Пин мен Ван Цзин, сондай-ақ Хуан Боцзюн оларды ретінде тіл үсті дыбыстарының артқы тармағына (舌面后音) жатқызады. Бұл айырмашылық тіл үсті мен тіл түбінің шекарасын белгілеудегі теориялық ұстанымдармен және оқыту практикасының талаптарымен байланысты. Сонымен қатар еріндік дыбыстарды бөлек немесе біріктіріп қарастыру да артикуляциялық дәлдік пен педагогикалық ықшамдаудың арасындағы таңдауға тәуелді. Жалпы алғанда, барлық жүйелерде тіл ұшы дыбыстарының үштік бөлінісі (алдыңғы, орта, артқы) тұрақты сақталады, бұл

қытай тіліндегі ретрофлекстік және аффрикат дыбыстардың жүйелік маңызын көрсетеді.

Инициаль дыбыстарының атауларын, жасалу орны мен тәсілдерін жүйелі меңгеру артикуляциялық механизмді көрсетіп, фонологиялық классификацияны негіздеуге және практикалық фонетикада қателерді азайтуға болады. Бұл жіктеу қытай тілін оқыту әдістемесінде, пиньиндеді саналы меңгеруде және фонетикалық интерференцияны диагностикалауда маңызды теориялық база болып табылады.

Инициаль дыбыстары жасалу орны мен жасалу тәсілі тұрғысынан бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан дауыссыздарды сипаттауда осы екі параметр біріктіріле қарастырылады. Ғылыми сипаттамада келесі реттілік сақталады, жасалу орны, аспирацияның болуы/болмауы, дауыс желбезектерінің тербелуі (қатаң–ұяң), кедергі тәсілі (жуысыңқы, ызың, аффрикат, мұрынды, бүйірлік). Төменде артикуляциялық мүшелердің сырттан ішке қарай орналасу принципіне сәйкес қытай тіліндегі 21 инициаль дыбысының негізгі артикуляциялық белгілері беріледі (шаршы жақшада – IPA транскрипциясы, үстіңгі оң жақтағы [ʰ] – аспирация белгісі).

Сырттай қарағанда қытай тіліндегі инициаль дыбыстарының саны көп әрі меңгеруге күрделі болып көрінуі мүмкін. Алайда шын мәнінде бұл жүйе жоғары деңгейде жүйелілікке және ішкі заңдылықтарға негізделген. Мысалы, *b - p, d - t, g - k* сияқты артикуляциялық тұрғыдан бірдей жасалу орнына ие және жасалу тәсілі жағынан тек аспирация белгісімен ажыратылады. Сонымен қатар *b, d, g* дыбыстарының ортақ ерекшелігі − олардың барлығы қатаң, аспирациясыз дауыссыздар болуында. Осыған ұқсас принциппен аффрикат және фрикатив дыбыстар да жүйелі топтар құрайды: z - *c - s | zh - ch - sh | j - q - x*.

Бұл матрицаларда дыбыстардың жасалу орны бірдей және жасалу тәсілі (аспирация, фрикативтілік, аффрикация) ортақ. Басқаша айтқанда, әрбір дауыссыз бір жағынан белгілі бір ортақ артикуляциялық белгі арқылы басқа дыбыстармен бірігеді, екінші жағынан айырым белгілер арқылы өзге дыбыстардан ажыратылады. Мұндай жүйелік құрылым фонологиялық оппозиция теориясымен толық сәйкес келеді. Бұл тәсілдің дидактикалық тиімділігі жоғары, бір дыбысты дұрыс меңгерген жағдайда, сол артикуляциялық топқа кіретін өзге дыбыстарды игеру едәуір жеңілдейді. Мысалы, *b, d, g* дыбыстары дұрыс қалыптасса, оларға тек аспирация белгісін қосу арқылы *p, t, k* дыбыстарын салыстырмалы түрде оңай меңгеруге болады. Сол сияқты *z, zh, j* дыбыстары дұрыс артикуляцияланса, сәйкес аспирациялы жұптары *c, ch, q* дыбыстарын қалыптастыру да жеңілдейді. Сондықтан инициаль жүйесін жеке-жеке емес, артикуляциялық матрица ретінде оқыту әдістемелік тұрғыдан әлдеқайда нәтижелі. Әрине, бұл жүйелі матрицаларға толық енбейтін бірқатар дауыссыздар да бар (мысалы, *m, n, l, f, h, r*). Бұл дыбыстар да артикуляциялық жағынан өзге дыбыстармен белгілі бір байланыста орналасады. Мысалы, *r [ɻ]* дыбысы жасалу орны жағынан *sh [ʂ]* дыбысына сәйкес келеді, айырмашылығы тек дауыс желбезектерінің тербелуінде. Сондықтан *sh* дыбысын дұрыс меңгерген үйренушіге оған фонация қосу арқылы *r* дыбысын қалыптастыру салыстырмалы

түрде жеңіл. Қытай тіліндегі инициалдар жүйесі құрылымдық тұрғыдан күрделі емес. Дауыссыздарының матрицалық ұйымдасуы фонологиялық жүйеліліктің айқын көрінісі.

Ауа ағынының қарқынына қарай қытай тіліндегі инициаль дыбыстары аспирациялы (送气) және аспирациясыз (不送气) болып бөлінеді. Аспирациялы дауыссыздарда кедергі жойылған кезде ауа ағыны күшті әрі екпінді түрде шығады. Бұл топқа мыналар жатады: *p [pʰ], t [tʰ], k [kʰ], c [tsʰ], ch [ʈʂʰ], q [tɕʰ].* Аспирациясыз дауыссыздарда кедергі жойылған кезде ауа ағыны әлсіз болады: *b [p], d [t], g [k], z [ts], zh [ʈʂ], j [tɕ].*

Қытай тілінде аспирация мағына ажыратушы (фонологиялық) айырым белгі болып табылады. Мысалы, *b [p]* және *p [pʰ]* дыбыстары жасалу орны мен тәсілі жағынан бірдей (екеуі де екі ерінді, жуысыңқы, қатаң дауыссыздар), алайда аспирация белгісі арқылы ажыратылады, нәтижесінде *bu*（补） және *pu*（普） сияқты мағыналық айырмашылық туады. Кейбір тілдерде, соның ішінде ағылшын тілінде, аспирация фонологиялық мағына ажыратушы қызмет атқармайды. «Аспирациясыз» терминінің ғылыми түсіндірмесі және әдістемелік салдары «Аспирациясыз» (不送气) термині дыбыс айтылған кезде ауа ағыны мүлде болмайды дегенді білдірмейді. Бұл ұғым аспирациялы дыбыстармен салыстырғанда ауа ағынының салыстырмалы түрде әлсіз болуын ғана көрсетеді. Егер артикуляция барысында ауа ағыны мүлдем болмаса, дыбыс пайда болуы физиологиялық тұрғыдан мүмкін емес. Сонымен қатар аспирациялы - аспирациясыз оппозициясы қытай тілінде негізінен аффрикат дыбыстарда ғана мағына ажыратушы қызмет атқарады. Алайда бұл басқа дыбыстардың барлығы аспирациясыз дегенді білдірмейді. Керісінше, кейбір дыбыстарда, әсіресе ызың (фрикатив) дыбыстарда, ауа ағыны әдетте күшті болады. Бірақ бұл дыбыстарда аспирацияның қарама-қарсы жұбы (аспирациясыз варианты) болмағандықтан, оларды арнайы «аспирациялы» деп белгілеудің қажеттілігі туындамайды.

Қытай тілі фонетикасына арналған ғылыми әдебиеттерде қытай тіліндегі дауыстылардың сандық құрамы туралы ең кең тараған көзқарас мынадай: қытай тілінде бес дауысты дыбыс бар: *a, u, ü, i, e.* Олар көбіне қарапайым монофтонгтар деп аталады. Қалған дауыстылар қарапайым монофтонгтардың варианттары ретінде дифтонгтар құрамында жүзеге асады: төмендейтін дифтонгтар: *[ai], [au], [ei], [ɔu];* көтеріле айтылатын дифтонгтар: *[ia], [ua], [ɛi], [uɔ]* [117, 81 б.].

Н.А. Спешнев қытай тіліндегі дауыстылардың жіктемесін ұсынады, онда 10 дыбыс көрсетілген: *[i], [u], [a], [y], [ə̂], [e], [ɔ], [a]* (/aı/ финалындегі), [*a*] (/au/ финалындегі), [*oe*] [117, 60 б.].

Екі автор да «фонема» емес, «дыбыс» терминін қолданатынына назар аударайық. Дыбыс − сөйлеу тізбегінің ең кіші бірлігі. Ал лингвистикалық зерттеулер аясында, шамасы, нақты сөйлеуде материалдық түрде жүзеге асатын бірлікті білдіретін «дыбыс» терминіне қарағанда, абстрактілі сипаттағы «фонема» терминін қолдану орынды.

Қазіргі қытай тіліндегі дауысты фонема финальдардың саны әр дереккөзде әртүрлі. Кейде олардың саны 35 болса, кейбірінде 39-ға дейін жетеді. Олардың

ішінде негіззінен үш «даулы» финаль кездеседі: [*zi*] буынындағы *i* финалы, [*zhi*] буынындағы *i* финалы, сондай-ақ *er* финалы.

Қазіргі қытай тілінде 35 финаль бар болса, [*zi*] және [*zhi*] буындарындағы *i* финалы жеке финаль ретінде бөлінбейді, ал *er* финалы де финаль ретінде танылмайды. Ең алдымен *er* бірлігін финаль деп тану мәселесіне тоқталайық. Қазіргі қытай тілінде *er* буынның бөлігі ретінде қолданылмайды, яғни ешбір инициальмен тіркеспейді. Сонымен қатар, бұл бірлік ретрофлексті *[ə]* ретінде айтылады. Оны белгілеу үшін, мысалы, А.Н. Алексахин арнайы таңбаны қолдануды ұсынады. Мұндағы *r* дауыссызы *wu, wai* және басқа да осындай буындардағы *w* және *y* сияқты буынды жазуда көмекші элемент қызметін атқарады және, әрине, алдындағы дауыстының артикуляциясына белгілі бір дәрежеде әсер етеді. *i* -ні жеке финаль ретінде бөлуге келсек, бұл ұстаным бізге әбден орынды көрінеді. Себебі *li, di, mi* буындарындағы *i* финалы қазақ тіліндегі *[u]* дыбысына өте жақын артикуляцияға ие, ал *s, z, c, zh, ch, sh, r* инициальдарынан кейінгі – *i* [ɿ;ʅ] әлдеқайда артқа ығысқан (қазақ тіліндегі [*i*]-ге ұқсас) болып айтылады. [ɿ] таңбасы *si, zi, ci* буындарында *i* финалын білдіреді. [ʅ] таңбасы *zhi, chi, shi, ri* буындарындағы *i* финалын көрсетеді. Соңғы төрт буынның артикуляциясы *zi, ci, si* буындарына жақын, бірақ тіл ұшы альвеолаларға көтеріліп айтылады, нәтижесінде [ɿ]-ден өзгеше *i* пайда болады, бұл басқа таңбамен беріледі. *er* дифтонгын жеке финаль ретінде бөліп, – *i [ɿ]* мен – *i [ʅ]*-ті әртүрлі финалдар деп есептейді [107, 87 б.].

Артикуляциялық орны мен жасалу ерекшеліктерінің айырмашылығына қарай дара дауысты финальдар *тіл үсті дауыстылары, тіл ұшы дауыстылары және ретрофлексті (шұғыл)*деп үш топқа бөлінеді. Тіл үсті дауыстылары артикуляция кезінде тілдің ортаңғы бөлігі негізгі қызмет атқаратын дауысты дыбыстар. Бұл дауыстылардың айтылым ерекшеліктерін, әдетте, екі негізгі параметр тілдің орналасу биіктігі (тіл деңгейі) және еріннің қалпы (дөңгелектенуі немесе жайылуы) арқылы сипаттауға болады. Тіл үсті дауыстыларының тіл деңгейі мен ерін қалпы дауысты дыбыстарды айту барысында ауыз қуысы әртүрлі дәрежеде ашылады немесе жабылады, тіл жоғары-төмен көтеріледі, алға-артқа жылжиды, ерін дөңгеленуі немесе керісінше жайылуы мүмкін. Тіл үсті дауыстыларының бір-бірінен айырмашылығы негізінен мына үш артикуляциялық параметрге байланысты. Тілдің қатты таңдайға қатысты орналасу биіктігі тіл деңгейі деп аталады және ол ауыз қуысының ашылу дәрежесімен тікелей байланысты. Ауыз кең ашылғанда, тіл мен қатты таңдайдың арақашықтығы ұлғаяды, нәтижесінде тіл деңгейі төмен болады. Ауыз тар ашылғанда, тіл мен қатты таңдайдың арақашықтығы азаяды, тіл деңгейі жоғарылайды. Осы параметрге сәйкес дара дауыстылар жоғары дауыстылар, жартылай жоғары дауыстылар, жартылай төмен дауыстылар және төмен дауыстылар болып жіктеледі. Мысалы, [i] және [a] дауыстыларының айырмашылығы ең алдымен тіл деңгейіне байланысты: [i] − жоғары, ал [a] – төмен.

Тіл ауыз қуысының алдыңғы бөлігінде, артқы бөлігінде немесе орталық аймақта орналасуы мүмкін. Осыған байланысты дара дауыстылар алдыңғы

дауыстылар, артқы дауыстылар және орталық дауыстылар деп бөлінеді. Мысалы, *[у]* мен *[и]* дауыстыларының айырмашылығы тілдің алға немесе артқа ығысуымен байланысты*: [у]* – алдыңғы, *[и]* – артқы. Еріннің дөңгеленуіне қарай дауыстылар *дөңгелек ерінді* және *жайылыңқы ерінді* (дөңгелек емес) болып бөлінеді. Мысалы, *[і]* − жайылыңқы ерінді дауысты, ал *[у]* − дөңгелек ерінді дауысты. Осылайша, тіл үсті дауыстыларының артикуляциясын сипаттау үшін тіл деңгейі, тілдің алға-артқа орналасуы және еріннің дөңгеленуі параметрлері негізгі өлшемдер ретінде алынады.

2.2 Қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйесіне салғастырмалы талдау

Қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйелерін салыстырмалы тұрғыдан талдау үшін ең алдымен қазақ фонетикасының ғылыми қалыптасу кезеңдерін қысқаша сипаттау қажет деп білеміз. Себебі екі тілдің дыбыстық жүйесін, буындық құрылымын, дауысты және дауыссыз дыбыстардың қызметін, сондай-ақ олардың фонологиялық ұйымдасу ерекшеліктерін өзара салыстыру қазақ тіл біліміндегі фонетикалық категориялардың қалыптасу тарихын ескерген жағдайда ғана ғылыми негізді әрі дәйекті нәтиже береді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы алғашқы деректер XIX ғасырдағы орыс түркологтарының еңбектерінде ұшырасады. Алайда бұл зерттеулерде дыбыстардың саны, сапасы, жіктелуі және атауланuы жөнінде бірізді ғылыми тұжырым мен орныққан қазақша терминдер әлі қалыптаспаған еді. Н. И. Ильминскийдің 1860 жылы «Ученые записки» жинағында жарияланып, 1861 жылы жеке кітап болып басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегі осы саладағы алғашқы сипаттамалардың бірі саналады. Онда қазақ тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстары артикуляциялық жуықтығы тұрғысынан топтастырылып, кейбір дыбыстардың қолданылуы, алмасуы және екпін ерекшеліктері сөз болады. Соған қарамастан, бұл еңбек қазіргі фонологиялық ұстанымға негізделген жүйелі теориядан гөрі, бастапқы сипаттама деңгейінде қалды [118, 10 б.].

М. Терентьевтің 1875 жылғы «Грамматики турецкая, персидская, киргизская и узбекская» атты еңбегінде де қазақ фонетикасына қатысты тың теориялық тұжырымдар айқын емес; онда негізінен жекелеген дыбыстардың айтылуы, комбинаторлық алмасуы және редукция құбылыстары сөз етіледі [119, 29 б.].

Академик В. Радлов түркі тілдерінің фонетикасын салыстырмалы тұрғыдан қарастырған алғашқы ірі түркологтардың бірі болды. Оның *«Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы»* атты еңбегінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты өзекті мәселелер, атап айтқанда дыбыс құрамы, дыбыстардың сөз ішіндегі қолданысы, дистрибуциясы, фонетикалық алмасу заңдылықтары, сингармонизм және екпін құбылысы басқа түркі тілдерінің деректерімен салғастыра талданады. Радлов қазақ вокализмін тоғыз дауыстыдан, ал консонантизмді жиырма дауыссыздан тұрады деп көрсетіп, дауыссыздарды қатаң, ұяң, үнді және аралық не жарты дауысты топтарға жіктейді. Бұл жіктеу өз

кезеңі үшін аса құнды болғанымен, қазіргі фонетика тұрғысынан оның *w, j* дыбыстарын сонорлар қатарынан тыс қарастыруы және *л* дыбысының жуан, жіңішке, еріндік реңктерін дербес фонема ретінде тануы даулы болып көрінеді, өйткені мұндай реңктер бір фонеманың комбинаторлық варианттары ретінде түсіндіріледі етіледі [120, 82 б.]. Соған қарамастан, ғалымның көп буынды сөздердегі негізгі және көмекші екпінге, дауыссыздардың тіркесу ерекшеліктеріне, сондай-ақ палаталды және лабиалды үндестіктің арақатынасына қатысты байқаулары қазақ фонетикасының тарихи зерттелуінде маңызды орын алады.

П. М. Мелиоранскийдің қазақ тіліне арналған екі бөлімді грамматикасы XIX ғасырдың соңындағы қазақ фонетикасын сипаттаған маңызды еңбектердің бірі саналады. Оның 1894 жылы жарық көрген бірінші бөлімі фонетика мен этимологияға арналған. Бұл бөлімде дыбыстардың жасалу жолы, сөз ішіндегі тіркесу және алмасу ерекшеліктері, үндестік заңы, екпін, сондай-ақ протеза, элизия, редукция тәрізді құбылыстар қысқаша болса да жүйелі түрде сөз болады [121, 7 б.].

Ғалым қазақ тілінің вокализм жүйесін тоғыз дауыстыдан, ал консонантизм жүйесін жиырма бір дауыссыздан тұрады деп көрсетеді. Дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң белгілері бойынша жіктеп, олардың графикамен байланысына да назар аударады. Сонымен бірге «*у*» мен «*и*» тәрізді дыбыстардың сөздегі айтылымын созылыңқылық сипатымен түсіндіреді. Алайда Мелиоранскийдің барлық тұжырымы бірдей қазіргі фонетикалық ұстаныммен сәйкес келе бермейді, мысалы, ол В. Радловтың ізімен *л* сонорының жуан және жіңішке реңктерін дербес фонема ретінде таниды, сондай-ақ *к, г* мен *қ, ғ* дыбыстарының жасалу орнын дәл анықтай алмайды [122, 30 б.]. Соған қарамастан, бұл еңбек қазақ тіліндегі дыбыс құрамы, дыбыстардың комбинаторлық өзгерісі мен қолданылу заңдылықтарын сипаттаған тарихи-фонетикалық дереккөз ретінде бағалы. Кейінгі В. Катаринский [123], И. Лаптев [124], Н. Созонтов [125] сияқты авторлардың грамматикаларында да осы сипаттама дәстүрі жалғасқанымен, фонетика әлі дербес теориялық сала ретінде емес, грамматика құрамындағы практикалық бөлім деңгейінде қарастырылды.

А. Байтұрсынұлының дыбыстарды топтастыруы қазақ фонетикасындағы алғашқы жүйелі әрі теориялық мәні бар жіктеулердің бірі болып саналады. Ғалым дыбыстарды тек артикуляциялық белгісіне қарай емес, олардың сөз ішіндегі қызметі мен табиғи қасиетіне сүйеніп саралайды. Сол арқылы қазақ тілінің дыбыстық құрамын функционалдық тұрғыдан тануға жол ашады. Бұл жіктеу кейінгі фонетикалық зерттеулер үшін де маңызды негіз болды.

«Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сияқты заңы азбаған тілдің айтылу жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасиеттерінің жіктері мен түйісетін көрінеді», − деп басталатын мақаласында ғалым дыбыстарды айтылуына және қасиетіне қарай жіктеу керектігін айта келе, ары қарай дауысты мен дауыссызға бөлінетіндігін, олар өз ішінде дыбыстық топтарын ажырату үшін, функционалдық қызметін негізге алып толық

дауыстылар, шала дауыстылар, аңғал түрлісі, қымқыру түрлісі, ауыз шығыстылар, мұрын шығыстылар деп, ары қарай «айтылуына қарай жіктегенде, қазақ тіліндегі дыбыстар дауысты, дауыссыз болып екі айрылады:

1. Дауыстылар: *а, р, ң, м, н, е, о, ұ, у, ы, й.*

2. Дауыссыздар: *б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.*

➢ *Дауысты дыбыстар өзара толық дауысты, шала дауысты болып екі айрылады.*

1. Толық дауыстылар: *а, е, о, ұ, ы.*

2. Шала дауыстылар: *р, ң, л, м, н, у, й.*

Толық дауыстылар өзара кең шығысты, тар шығысты болып, тағы екі айырлады.

1. Аңғал түрлісі: *а, е, ы.*

2. Қымқыру түрлісі: *о, ұ.*

Шала дауыстылар ауыз шығысты, мұрын шығысты болып олар да екі айрылады.

1. Ауыз шығыстылар: *р, л, у, й.*

2. Мұрын шығыстылар: *ң, м, н.*

Ауыз шығыстылар босаң жолды, қысаң жолды болып екі айрылады.

1. Босаң жолдылар: *р, у, й.*

2. Қысаң жолдылар: *л.*

Мұрын шығыстылары босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі болып үш айрылады.

1. Босаң бөгеулісі: *ң.*

2. Қысаң бөгеулісі: *н.*

3. Тұйық бөгеулісі: *м.*

Дауыссыз дыбыстар босаң жолды, қысаң жолды болып екі айрылады.

1. Қысаң жолдылар: *п, т, с, ш, қ, к.*

2. Босаң жолдылар: *б, ж, д, з, ғ, г.*

Қысаң жолдылар ашық жолды, тұйық жолды болып екі айрылады.

1. Ашықтары: *с, ш.*

2. Тұйықтары: *п, т, қ, к.*

Босаң жолдылары да ашық, тұйық, тұйықтау болып үш айрылады.

1. Ашықтары: *ж, з.*

2. Тұйықтары: *б, д.*

3. Тұйықтаулары: *ғ, г* [126, 90 б.].

А. Байтұрсынұлының бұл жіктеуі кездейсоқ жасалған жүйе емес. Мұнда әр дыбыстың айтылым ерекшелігі, тіркесім мүмкіндігі, буын құрамындағы орны және түбір мен қосымша жігіндегі қызметі ескерілген. Ғалым дыбыстарды тек сыртқы айтылымына қарап бөлмей, олардың тілдегі мінезін, яғни функционалдық болмысын да қоса саралаған. Сондықтан бұл жіктеу қазақ фонетикасындағы дыбысты құрылымдық әрі қызметтік тұрғыдан түсіндіруге бағытталған алғашқы ғылыми үлгілердің бірі ретінде бағаланады. Сонымен бірге Байтұрсынұлы ұсынған *толық, шала, аңғал, қымқырулы, босаң, қысаң, ашық, тұйық, тұйықтау* тәрізді атаулар қазақ фонетикалық терминологиясының

ұлттық негізін қалыптастырған маңызды тілтанымдық бірліктер болып табылады [127, 90 б.].

Ғалым Қ. Жұбанов зерттеулерінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анықтау, дыбыстардың құрамын айқындау және оларды жіктеу мәселесі негізгі ғылыми нысан ретінде қарастырылады. Ғалым қазақ тіліндегі дыбыстардың сандық және сапалық сипатын, дауысты мен дауыссыздардың жасалу және айтылу ерекшеліктерін нақты тілдік деректер негізінде талдап, олардың акустикалық әрі артикуляциялық белгілеріне сүйенген жіктеу ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қ. Жұбанов қазақ фонетикасын тек сипаттап қана қоймай, оның ішкі жүйесін ғылыми тұрғыдан саралаған зерттеуші ретінде танылады.

Ғалым дауысты дыбыстарды жасалуына қарай ерін дауыстылары: *о, ө, ұ, ү* және езу дауыстылары: *а, ә, е, ы, і* деп топтастырады. Сонымен бірге қазақ тіліндегі дауыстылардың *жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң* болып қарама-қарсы қойылуының фонематикалық мәні бар екенін көрсетеді.

Қ. Жұбанов дауыссыз дыбыстарды салдырдан не салдыр басымдығынан жасалатын дыбыстар ретінде танып, оларға *п, б, с, з, ш, ж, т, д, к, қ, ғ, г* дыбыстарын жатқызады. Оларды өз ішінде *үнді, үнсіз, үздіксіз, көмей, тіс, ерін* дауыссыздары, сондай-ақ *жабысыңқы-жуысыңқы, сыбыр-сыбыс* дауыссыздар деп жіктейді. Ғалымның еңбектерінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі дыбыстардың сыртқы айтылымы тұрғысынан ғана емес, олардың фонетикалық табиғаты мен фонематикалық қызметі тұрғысынан да жинақы әрі жүйелі түрде сипатталады [128, 78 б.].

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екі негізгі топқа бөлінеді. Бұл екі топ бір-бірінен артикуляциялық және акустикалық белгілері арқылы ажыратылады: дауыстыларды айтқанда өкпеден шыққан ауа сөйлеу жолында бөгетке ұшырамай еркін өтеді, дауыс желбезегі толық қатысады және олар буынның өзегін құрайды; ал дауыссыздар жасалғанда ауа ағыны сөйлеу мүшелерінің белгілі бір кедергісіне ұшырап, шу мен салдыр элементтері басым көрінеді, сондықтан олар буынның шеткері құрамында жұмсалады [129, 19 б.]. Қазақ тіліндегі дауыстылар фонологиялық тұрғыдан жуан және жіңішке болып қарама-қарсы екі топқа жіктеледі, бұл оппозиция мағына ажыратуда маңызды қызмет атқарады. Сонымен бірге дауыстылардың жуан не жіңішке сипаты дауыссыздардың айтылуына да ықпал етіп, оларды үндестік заңына сай артикуляциялық жағынан түрлендіріп отырады.

Дауысты дыбыстардың фонемалық жүйесі мынадай фонемалардан тұрады: *a, ä, o, ö, e, u, ü, y, i.* Бұл дыбыстар мынадай оппозициялық белгілер негізінде жүйеленеді: *жуан/жіңішке*, *ашық/қысаң*, *еріндік/езулік*. Бұлар фонемалар жүйесінің мағынаны ажырату қызметін қамтамасыз етеді. Мысалы, *qal* мен *mal* сөздері бірінші дауыссыз арқылы, ал *qal* мен *qol* сөздері екінші дауысты арқылы мағына жағынан ерекшеленеді. Бұл *сигнификативтік қызметтің* фонеманың басты белгісі екендігін көрсетеді.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар 17-19 фонемадан тұрады: *b, g (ɣ), d, ž, z, j, k (q), l, m, n, ŋ, p, r, s, t, w, š.* Бұл фонемалар күшті позицияда (мағына

айқындаушы ортада) төмендегі оппозициялық белгілермен ажыратылады: *ұяң/қатаң*, *жуысыңқы/жуысыңқы*, *тіл алды/тіл арты*, *еріндік/езулік*.

Мысалдар арқылы дауыссыз фонемалардың мағыналық жүктемесін байқауға болады: *bol-qol*, *sat-qat*, *mal-sal*, *qys-tys*, *top-dop*, *til-tis*, *kör-köl*, *qus-tus*. Бұл мысалдарда дауыссыздар привативтік, градуалдық (баспалдақты) және эквиполенттік (теңбе-тең) оппозициялар құрайды. Алайда дауыссыз фонемалардың жуан-жіңішке немесе еріндік-езулік болып айтылуы фонематикалық емес, позициялық (вариантық) ерекшелік ретінде қарастырылады [130, 71 б.].

Ғалым Ә. Жүнісбек қазақ тілінің дыбыстық жүйесін үндесімге негізделген тұрғыдан сипаттап, оны тірек дыбыстар жүйесі арқылы түсіндіреді. Ғалымның көрсетуінше, қазақ тілінде 3 дауысты сингема, атап айтқанда ашық *[а],* қысаң *[ы],* құранды *[о],* сондай-ақ 17 дауыссыз сингема: *[б, д, ғ, ж, з, й, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш]* бар. Осылайша қазақ тілінің дыбыстық қоры 20 тірек дыбыстан тұрады деп танылады. Бұл жүйеде жалаң ашық *[а]* сингемасы *[а, ә]* түріндегі екі аллосингеманы, ал жалаң қысаң *[ы]* сингемасы *[ы, і, ұ, ү]* түріндегі төрт аллосингеманы біріктіреді [131, 45 б.]. Ғалым қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке-жеке үстірт санамай, олардың үндесімдік және қызметтік ортақ белгілерін негізге алып топтастырады.

Дауысты дыбыстардың топтастырылуы

А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды ұлттық тіл табиғатына сүйеніп алғаш жүйелеген ғалымдардың бірі. Ол дыбысты ең алдымен айтылымы мен қызметіне қарай танып, үндестік заңын қазақ тілінің төл фонетикалық тірегі ретінде бағалайды. Ғалым дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік белгілерімен қатар, жақтың қатысы мен ауыз қуысының ашылу дәрежесіне қарай да саралайды. Осы тұрғыдан *а, ә* дыбыстарын бірінші дәрежелі ашыққа, *е, о, ө* дыбыстарын екінші дәрежелі ашыққа, ал *ы, і, и, ұ, ү, у* дыбыстарын үшінші дәрежелі, яғни тұйық дауыстыларға жатқызады [132]. Бұл ұстаным оның 1927 жылғы дыбыстарды жіктеу үлгісінде де көрініс табады (кесте-1).

Кесте 1-А.Байтұрсынұлының дауыстылар жіктемесі [134].

<table>
<tr><td rowspan="2">толық</td><td rowspan="2">А, е, о, ұ, ы</td><td>Кең шығысты: а, е, ы</td><td></td></tr>
<tr><td>Тар шығысты: о, ұ</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="5">шала</td><td rowspan="5">Р, ң, л, м, н, у, й</td><td rowspan="2">Ауыз шығысты: р, л, у, й</td><td>Босаң жолды: р, у, й</td></tr>
<tr><td>Қысаң жолды: л</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Мұрын шығысты: ң, м, н</td><td>Босаң бөгеулісі: ң</td></tr>
<tr><td>Қысаң бөгеулісі: н</td></tr>
<tr><td>Тұйық бөгеулісі: м</td></tr>
</table>

Ғалым Қ. Жұбанов дауысты дыбыстарды жасалым механизміне қарай талдап, қазақ тілінің дыбыстарын *дауысты, дауыссыз, сонор* деп үш топқа

бөледі. Дауыстыларды айтылу сипатына қарай толық дауыстылар: а/ә, е, о/ө, келте дауыстылар: ы/і, ұ/ү, қосынды дауыстылар: *уу, үу, ый, ій* деп жіктейді. Ғалымның көрсетуінше, толық дауыстылар өз сапасын сақтап, анық айтылады, ал келте дауыстылар әлсіздеу дыбысталып, кей жағдайда қысқарып не түсіріліп айтылады: *орыны – орны, еріні – ерні.* Ал қосынды дауыстылар бір дауысты мен бір дауыссыз элементтің *(у, й)* тіркесуі арқылы жасалады [75, 145 б.]. Бұл жіктеудің ерекшелігі – дыбыстың сыртқы қалпынан гөрі, оның жасалу жолын негізгі өлшем етуінде.

І. Кеңесбаев қазақ әдеби тілінде он бір дауысты фонема бар деп көрсетіп, олардың *тоғызын жалаң монофтонгтарға (а, ә, е, э, о, ө, ұ, ы, і)*, ал *екеуін дифтонг не дифтонгоид сипаттағы фонемаларға (и, у)* жатқызады. Ғалым *ә* фонемасының шығыс тілдерінен енген сөздер арқылы орныққанын атап, сөз басындағы *е, о, ө* дыбыстарының дифтонгтық реңкте айтылатынын көрсетеді. Сонымен бірге ол дауысты фонемалардың позициялық вариванттарын, буын құрау ерекшелігін және комбинаторлық алмасу заңдылықтарын жүйелі түрде сипаттайды [133, 14 б.].

Ә. Жүнісбек қазақ тілінің дауыстылар жүйесін сингармониялық фонология аясында түсіндіріп, оны тілдің ішкі үндесім табиғатымен сабақтастыра қарастырады. Ғалым үшін дауысты дыбыстардың жіктелуі сыртқы үлгілерге емес, қазақ тілінің төл артикуляциялық және фонологиялық заңдылығына негізделеді. Осы тұрғыдан ол дауыстыларды *ашық: а, ә, құранды: е, о, ө, қысаң: ы, і, ұ, ү* деп саралап, қазақ вокализмін ұлттық дыбыстық жүйе шеңберінде сипаттайды [131, 61 б.].

Ж. Аралбаев қазақ дауыстыларының құрамын тарихи және нормативтік тұрғыдан талдап, В. Радлов пен П. М. Мелиоранский еңбектеріндегі тоғыз дауысты туралы тұжырымдарды көрсетеді. Сонымен бірге І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев дәстүріне сүйене отырып, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі дауыстыларды он бір бірлік көлемінде қарастырып, олардың тоғызын жалаң, екеуін *и, у* тәрізді құранды сипаттағы дыбыстар ретінде бағалайды [134, 61 б.].

Е. Жанпейісовтің жауапты редакторлығымен жарық көрген «Қазақ грамматикасында» дауысты дыбыстар академиялық деңгейде біріздендіріліп, олар *жалаң* және *құранды* болып бөлінеді. Еңбекте дауыстылардың жүйесі жақтың қатысы, еріннің қатысы және жасалу орны сияқты негізгі белгілер арқылы сипатталады, сондықтан бұл еңбек қазақ вокализмін тұтас фонетикалық-фонологиялық жүйе ретінде танытатын жинақтаушы сипатқа ие [129, 61 б.].

Дауыссыз дыбыстардың топтастырылуы

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар сөйлеу кезінде ауа ағынының белгілі бір дәрежеде кедергіге ұшырауы нәтижесінде жасалады. Олардың қалыптасуына ерін, тіс, тілдің алдыңғы, орта және артқы бөлігі, жұмсақ таңдай мен дауыс шымылдығы қатысады; осының нәтижесінде дыбыс жарылу, үйкелу не мұрын жолы арқылы өту тәсілімен жасалады. Сондықтан дауыссыздар жасалу орны, жасалу тәсілі, дауыс қатысы, артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша жіктеледі және тілдің фонемалық жүйесінде мағына ажыратушы қызмет атқарады. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі дауыссыз фонемалардың саны

жөнінде толық бірізділік жоқ: бірқатар зерттеулерде 25, енді бірінде 26 фонема көрсетіледі, бұл негізінен кірме *в, ф, х, ц, ч* дыбыстарының фонемалық мәртебесіне қатысты көзқарас айырмасынан туындайды.

А. Байтұрсынұлы «Дыбыстарды жіктеу туралы» еңбегінде дауыссыз дыбыстарды олардың функционалдық сипатына сүйеніп, мағынадан формаға қарай талдайды. Ғалым ең алдымен дауыссыздарды *босаң* және *қысаң* деп екіге бөліп, бұл топтардың тіркесім ерекшеліктеріне назар аударады: босаңдар қысаңдармен жуыспайды, екеуі қатар келмейді деп көрсетеді. Қысаң дауыссыздарды өз ішінде *ашық* және *тұйық* деп ажыратып, ашықтарының өзгеріске түспейтінін, ал тұйықтарының белгілі бір жағдайда құбылып, алмасуға бейім келетінін айтады. Ал босаң дауыссыздардың ашық түрлері сөздің басында да, соңында да келе алатынын, тұйық түрлері мұндай орындарда қолданылмайтынын нақтылайды. Осы арқылы А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің төл дауыссыздарын тек түгендеп, арнайы таңба беріп қана қоймай, олардың жүйелік және қызметтік табиғатын да ғылыми негізде сипаттағаны байқалады.

Кесте 2 - А.Байтұрсынұлының дауыссыздар жіктемесі [134].

қысаң	П, т, с, ш, қ, к	ашықтары: с, ш
		тұйықтары: п, т, қ, к
шала	Б, ж, д, з, ғ, г	ашықтары: ж, з
		Тұйықтары: б,д

Қ. Жұбанов дауыссыз дыбыстарды дауыстылармен және сонорлармен бірге артикуляциялық механизм тұрғысынан қарастырып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін үш ірі топқа бөледі. Ғалым сонор дыбыстарды өз алдына жеке топ ретінде танып, қалған дауыссыздарды үнді және үнсіз деп ажыратады. Үнді мен үнсіз дыбыстардың мағыналық және артикуляциялық сәйкестігін негізге алып, оларды егіз, жұбайлас дыбыстар ретінде сипаттайды. Осы қатарға *қ-ғ, к-г, ш-ж, с-з, т-д, п-б* тәрізді жұптар жатады. Сонымен бірге Қ. Жұбанов дауыссыздарды айтылу барысындағы созылыңқылық белгісіне қарай *үздікті* және *үздіксіз* деп жіктейді: *п-б, т-д, қ-ғ, к-г* дыбыстары үздікті, ал *с-з, ш-ж* дыбыстары үздіксіз топқа енеді. Бұл жіктеу дауыссыздардың жасалу жолы мен фонетикалық табиғатын нақтылауға бағытталған [128, 75 б.].

І. Кеңесбаев дауыссыз дыбыстарды фонемалық жүйе ретінде сипаттап, қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар деп көрсетеді. Ғалым олардың функционалдық айырмашылықтарын, акустика-артикуляциялық белгілерін, дистрибуциялық ерекшеліктерін және комбинаторлық алмасу заңдылықтарын жүйелі түрде талдайды. Сондай-ақ орыс тілі арқылы енген *в, ф, х, ч, ц* дыбыстарының біртіндеп фонемалық мәртебе алу үдерісіне назар аударады. Дауыссыздар дауыс пен салдырдың арақатынасына, жасалу орнына және жасалу

тәсіліне қарай жіктеледі. Осы негізде қатаң-ұяң оппозициясы, артикуляциялық топтар және дыбыстардың позициялық варианттары айқындалады [133, 57 б.].

Ә. Жүнісбек қазақ тіліндегі дауыссыздарды сингармониялық фонология тұрғысынан сипаттап, олардың жүйесін тілдің ішкі үндесім заңына негізделген ұлттық фонологиялық модель ретінде түсіндіреді. Ғалымның көрсетуінше, қазақ тілінің төл дауыссыздар жүйесі 17 фонемадан тұрады: *б, д, ғ, ж, з, й, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш;* бұл ретте дәстүрлі еңбектерде жеке фонема ретінде танылып келген *қ-к* және *ғ-г* қатарлары жуан-жіңішке үндесімге байланысты бір фонеманың варианттары ретінде қарастырылады. Дауыссыздар дауыс желбезегінің қатысына қарай *қатаң: п, т, қ, к, с, ш, ұяң: б, д, ғ, г, з, ж, үнді: м, н, ң, р, л, й, у* болып жіктеледі. Ә. Жүнісбек дауыссыздардың артикуляциялық табиғатын жасалу орны мен тәсілінен гөрі, ең алдымен, үндесім мен фонологиялық қызмет аясында пайымдайды [131, 18 б.].

Ж. Аралбаев қазақ тіліндегі дауыссыз фонемаларды бір ғана формалды белгімен емес, олардың акустикалық табиғаты, жасалу механизмі және сөйлеудегі қызметі тұрғысынан кешенді түрде жіктейді. Ғалым ең алдымен дауыссыздарды дауыс пен салдырдың арақатынасына қарай *үнді* және *үнсіз* деп екі үлкен топқа бөледі. Үнділер қатарына *м, н, ң, л, р, й, у* дыбыстары жатқызылып, оларда дауыс басым, салдыр әлсіз болатыны көрсетіледі; сондықтан бұл дыбыстардың артикуляциясы дауыстыларға жуық келеді. Ал үнсіздер *п-б, т-д, с-з, ш-ж, к-г, қ-ғ* тәрізді жұптар арқылы сипатталып, олардың қатаң-ұяң оппозициясы мағына ажыратудың маңызды тетігі ретінде танылады. Осы арқылы зерттеуші қазақ консонантизмін тек дыбыстар тізбегі ретінде емес, фонологиялық қызметі бар жүйе ретінде түсіндіреді.

Ғалым дауыссыздарды жасалу орны мен жасалу тәсіліне қарай да жүйелейді. Жасалу орнына сәйкес олар *еріндік, ерін-тістік, тістік, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты және көмейлік* топтарға бөлінеді. Бұл жіктеу сөйлеу мүшелерінің қатысын көрсетеді. Ал ауа ағынының өту сипатына қарай дауыссыздар *шұғыл: п, б, т, д, к, г, қ, ғ, ызың: с, з, ш, ж, ф, в, х,* және *аффрикат: ч, дж, ц* болып сараланады. Ж. Аралбаевтың жіктеуі қазақ тіліндегі дауыссыздардың артикуляциялық, акустикалық және функционалдық қырларын бірлікте қарастырып, консонантизмді құрылымдық-фонологиялық деңгейде танытады[134, 82 б.].

С. Мырзабеков қазақ тіліндегі дауыссыздарды жасалым, айтылым және естілім тұрғысынан кешенді сипаттап, фонетика мен фонологияны өзара ажырата қараудың маңызын айқындайды. Ғалым қазақ тіліндегі 25 дауыссыз фонеманы олардың артикуляциялық, акустикалық және фонологиялық белгілеріне сүйеніп жүйелейді: жасалу орнына қарай ерін фонемаларына *б, п, м, ф, в, у,* тіл фонемаларына *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, х, ң, л, р, й,* ал көмей фонемасына *h* жатады; тілдің қатысына қарай олар тіл алды: *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р,* тіл ортасы: *й,* тіл арты: *г, ғ, к, қ, ң, х* болып бөлінеді. Ауа ағынының өту сипатына сәйкес дауыссыздар шұғыл: *п, б, т, д, к, г, қ, ц, у, м, н, ң,* ызың: *ф, в, с, з, ш, ж, h, х,* діріл: *р* болып жіктелсе, акустикалық тұрғыдан үнділерге *л, м, н, ң, р, й, у,* ұяңдарға *б, в, г, ғ, д, ж, з,* қатаңдарға *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, h, ц, ч* енгізіледі.

Ғалым дауыссыздарды тек тізіп көрсетпей, олардың жасалу орны, жасалу тәсілі және дауыс пен салдырдың арақатынасы негізінде тұтас фонетикалық жүйе ретінде түсіндіреді [135, 102 б.].

Қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық-фонологиялық жүйесін салыстырмалы тұрғыдан қарастыру арқылы олардың тек дыбыстық құрамындағы айырмашылықтарды емес, сонымен қатар әр тілдің ішкі ұйымдасу логикасын, типологиялық табиғатын және фонологиялық релеванттылық өлшемдері көрінеді. Бұл екі тіл әртүрлі тілдік жүйеге жатады: қытай тілі оқшаулаушы, буынға және тонға сүйенетін тіл болса, қазақ тілі агглютинативті, үндестік заңына негізделген түркі тілі. Сондықтан олардың дыбыстық жүйесін бір ғана әмбебап модельмен сипаттау жеткіліксіз, әрқайсысының өзіндік фонетикалық және фонологиялық ұйымдасу принциптерін ескеру қажет.

Қытай тілінің фонологиялық жүйесін сипаттауда буын негізгі құрылымдық бірлік ретінде танылады. Бұл пікірді қазіргі қытай фонетикасы мен фонологиясындағы көптеген зерттеушілер жанама не тікелей түрде қуаттайды. Ху Юйшу қытай буынының құрылымын шэнму мен юнмуға бөліп, инициаль мен финалды буынның негізгі компоненттері ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, шэнму буын басындағы дауыссыз бастау болса, юнму буынның өзегін және оның соңғы бөлігін біріктіретін күрделі бірлік қызметін атқарады. Бұл жерде Ху Юйшу қытай тіліндегі буынды дербес фонетикалық құрылым ретінде танып, оның сегменттік құрамы қатаң жүйеге бағынатынын көрсетеді [115].

У Чжунвэй де осы бағыттағы пікірді жалғастырып, қазіргі қытай тілінде 22 инициаль барын, бірақ олардың біреуі нөлдік инициаль екенін айтады. Оның түсіндіруінше, қытай тіліндегі барлық дауыссыздар буын басында келе бермейді, мысалы, [ŋ] дыбысы тек буын соңында ғана қолданылады. Бұл дерек қытай тілінде дауыссыздардың еркін дистрибуциясы жоқ екенін, олардың буын құрылымымен қатаң реттелетінін дәлелдейді. Қазақ тілімен салыстырғанда бұл маңызды типологиялық айырмашылық. Қазақ тілінде дауыссыздар сөздің басында, ортасында, соңында әртүрлі тіркесімде келе алады, ал қытай тілінде олардың орны буындық модельмен шектеледі [136, 12 б.].

Луо Чанпэйдің «声者，辅音也；韵者，元音而兼赅介音、韵尾之声也» (шэн – дауыссыз дыбыс; юнь – дауысты дыбыс, сонымен қатар оған жартылай дауысты (медиаль) және буын соңындағы дыбыстар (финаль) да кіреді) деген тұжырымы қытай фонетикасындағы юнму ұғымының дәстүрлі еуропалық «дауысты» ұғымынан кең екенін көрсетеді. Бұл қытай тіліндегі финаль тек таза дауысты емес, ол дауыстыны, медиальды және буын соңындағы мұрын жолды элементті де қамтуы мүмкін дегенді білдіреді. Қазақ тілінде дауысты мен буын соңының элементтері, әдетте, жеке сегменттер ретінде қарастырылса, қытай тілінде олар біртұтас финаль құрылымының ішіне енеді [110, 115 б.].

Қытай тілінің фонологиялық табиғатын түсіндіруде тон мәселесі орталық орын алады. Путунхуада төрт негізгі және бір бейтарап тон бар екені белгілі. Бұл жерде тон тек интонациялық реңк емес, мағына ажыратушы фонологиялық белгі ретінде қызмет етеді. Осы себептен қытай тілі көптеген зерттеулерде тоналды

тілдердің классикалық үлгісі ретінде қарастырылады. Материалда көрсетілгендей, ана тілі тонсыз тілдерге жататын үйренушілер үшін қытай тондарын игеру ерекше қиын. Бұл пікір практикалық фонетика саласынан да көрінеді.

Чжу Сяонун қытай тілінің фонетикалық жүйесін жаратылыстану ғылымына жақын эксперименттік сала ретінде қарастырып, дыбыстық құбылыстарды сипаттап қана қоймай, олардың неге солай жүзеге асатынын түсіндіру қажет екенін айтады[113, 218 б]. Ол фонетикалық зерттеу сөйлеу дыбысының артикуляциялық, акустикалық және перцептивтік қырларын қатар қамтуы тиіс деп санайды. Бұл тон жай ғана естілетін әуендік айырмашылық емес, нақты акустикалық параметрлермен сипатталатын жүйе екенін білеміз. Чжу Сяонунның бұл ұстанымы қытай тілінің просодикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге негіз болады.

Қазақ тілінде бұған мүлде басқа жағдай байқалады. Қазақ тілінде тон лексикалық мағына ажыратпайды. Интонация бар, бірақ ол көбіне сөйлемнің коммуникативтік мақсатын, эмоционалдық реңкін немесе синтаксистік жігін білдіреді. Сондықтан қытай тіліндегі тон мен қазақ тіліндегі интонацияны бір деңгейдегі құбылыс ретінде қарастыруға болмайды. Біріншісі − сөздің ішкі фонологиялық белгісі, екіншісі −жоғарырақ просодикалық деңгейдің көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, қытай тілі буын мен тонға тәуелді, ал қазақ тілі буын мен үндестікке тәуелді тіл деп сипаттауға болады.

Қытай тіліндегі дауыссыздар жүйесінің ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – қатаң-ұяң оппозициясының әлсіздігі және аспирация оппозициясының мағына ажыратушы рөл атқаруы. Бұл жөнінде Линь Тао, Ху Юйшу, У Чжунвэй және Жу Сяонун еңбектеріндегі пікірлер өзара сабақтас келеді. Линь Тао дауыссыздарды жасалу тәсілі, дауыс желбезегінің қатысуы және ауа ағымының ұзақтығы арқылы жіктей отырып, аспирацияны VOT өлшемімен сандық тұрғыдан дәлелдеуге болатынын көрсетеді. Оның /pʰ/ мен /p/ айырмасын «*voice onset time»* арқылы сипаттауы қытай тілінде фонологиялық қарсы қоюдың негізгі өлшемі дауыс емес, ауа ағымының сипаты екенін айқындайды.

Ху Юйшу мен У Чжунвэй де дауыссыздарды жуысыңқы, ызың, аффрикат, мұрын жолды және бүйірлік топтарға бөліп, аспирациялы және аспирациясыз жұптардың жүйелілігін көрсетеді. Олардың еңбектерінде *b-p, d-t, g-k, j-q, zh-ch, z–c* тәрізді қарама-қарсылықтар дәстүрлі еуропалық «ұяң-қатаң» моделіне емес, «лепсіз–лепті» моделіне сүйенетіні анық байқалады. Жу Сяонун бұл құбылысты одан әрі тереңдетіп, аспирацияны жай «күшті ауа» емес, дауыс саңылауы кеңейгеннен кейінгі тыныс фонация фазасы ретінде түсіндіреді. Оның пікірінше, аспирация тек артикуляциялық емес, фонетикалық-фонологиялық күрделі құбылыс. Бұл анықтама қытай тіліндегі дауыссыздар жүйесін қазақ тілінің қатаң-ұяң-үнді моделінен түбегейлі ажыратады.

Қазақ тілінде, керісінше, дауыссыздардың фонологиялық жүйесі ең алдымен дауыс қатысына негізделеді. А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, С. Мырзабеков, Ә. Жүнісбек еңбектерінде қатаң, ұяң және үнді дауыссыздар жіктемесі негізгі модель ретінде беріледі. Қ. Жұбанов *п-б, т-д, к-г,*

қ-г, с-з, ш-ж сияқты дыбыстарды егіз-жұбайлас дыбыстар ретінде сипаттап, олардың мағына ажыратушы сипатына ерекше мән береді. Бұл қазақ тілінде дауыссыз оппозицияның өзегі дауыс шымылдығының қатысу сипаты екенін көрсетеді. Қытай тілінде аспирация, қазақ тілінде ұяң/қатаң жетекші рөл атқарады.

Қытай тіліндегі дауыстылар жүйесін талдауда зерттеушілер арасында бірізділік толық жоқ, бірақ бұл да жүйенің күрделілігін көрсетеді. Сан Дуанму стандартты қытай тілінде 6 негізгі дауысты фонема бар деп есептейді және оларға *i, u, y, ə, a, ɚ* дыбыстарын енгізеді. Ол сондай-ақ *j, w, ɥ* секілді глайдтарды жоғары дауыстылармен айырымдық қатынасқа түспейтін өтпелі элементтер ретінде қарастырады [137]. Бұл қытай тіліндегі дауысты жүйені ықшам, фонологиялық тұрғыдан түсіндіретін бағыт. Ал А.Н. Алексахин қытай тіліндегі дауысты фонемалар санын 31 деп көрсетіп, олардың күшті позицияда жүзеге асатын түрлерін жеке фонемалық бірлік ретінде таниды. Сонымен қатар ол *i* [ɿ] және *i* [ʅ] тәрізді арнайы фонемаларды ажыратып, *er* буынындағы ретрофлексті дауыстыны дербес фонема ретінде қарастырады [107, 112 б.]. Бұл тәсіл қытай тіліндегі дауыстылықты тек классикалық монофтонгтармен шектеуге болмайтынын айқындайды.

Қазақ тіл білімінде фонема мәселесі теориялық тұрғыдан терең дамып, дыбыстың мағына ажырату қызметі негізгі өлшем ретінде танылады. Сонымен қатар қазақ тілінің дыбыстық жүйесін тек жалаң фонема теориясы шеңберінде емес, үндесім заңымен бірлікте қарастыру бағыты да орнықты. Осы ұстаным бойынша қазақ тіліндегі дыбыстық бірліктердің қызметі сөз бойындағы жуан-жіңішке, еріндік-езулік үйлесіммен, морфемалардың өзара ықпалымен және тұтас сөздің фонетикалық тұтастығымен айқындалады. Сондықтан қазақ тілінде фонологиялық қатынастар мен сингармония өзара сабақтас жүйе құрайды, ал дыбыс пен оның варианттары тілдің ішкі типологиялық табиғатына сай сипатталады. Мұндай ерекшелік қазақ тіліндегі дауысты мен дауыссыздардың тұтас сөз көлемінде үндесуін, жуан-жіңішке әуездің жүйелі таралуын және позициялық палатализация құбылыстарын негізгі фонетикалық заңдылықтар қатарына шығарады.

Қытай тілінде, керісінше, дыбыстық жүйенің ұйымдастырушы тетігі буын мен тонға негізделеді. Әр буын инициаль, финаль және тон үлгісіне бағынады, ал буын ішіндегі элементтердің тіркесуі қатаң нормаланады: медиаль қызметінде негізінен *i, u, ü* қолданылады, буын соңында көбіне *n* мен *ng* келеді, кейбір дауыссыздар тек белгілі дауыстылармен ғана тіркеседі. Бұл қытай тілінің фонетикалық жүйесінің буынға жоғары дәрежеде тәуелді екенін көрсетеді. Сонымен бірге қытай тіліндегі *zh, ch, sh, r, j, q, x* тәрізді дыбыстар қазақ тілінде дәл баламасы жоқ артикуляциялық қатар құрайды; олардың жасалу орны мен акустикалық сипаты қазақ тіліндегі *ж, ш, х, қ, к* дыбыстарымен толық сәйкес келмейді. Сол себепті мұндай дыбыстарды қазақ графикасында беру барысында жуықтау принципі іске асады, бірақ толық сәйкестікке жету әрдайым мүмкін бола бермейді. Екі тілдің фонетикалық-фонологиялық ұйымдасуы да, артикуляциялық базасы да әртүрлі болғандықтан, қытай дыбыстарын қазақ

тіліне бейімдеуде тек артикуляциялық жақындық емес, қабылдау ерекшелігі мен ұлттық фонологиялық сүзгі де міндетті түрде ескерілуі қажет.

Қорыта айтқанда, қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйесін салғастыра талдау бұл екі тілдің дыбыстық ұйымдасуы әртүрлі фонологиялық негізге сүйенетінін көрсетті: қазақ тілінде дыбыстық жүйенің өзегін фонема, үндесім заңы, жуан-жіңішке және еріндік-езулік үйлесім құраса, қытай тілінде буын, инициаль-финаль құрылымы және тон негізгі ұйымдастырушы қызмет атқарады. Қазақ тілінде дыбыстар сөздің тұтас әуездік құрылымымен, морфемалық жігімен және сингармониямен тығыз байланыста қарастырылса, қытай тілінде дыбыстық бірліктердің тіркесімі буын шеңберінде қатаң нормаланып, олардың дистрибуциясы буындық модельмен шектеледі. Сондай-ақ қытай тіліндегі *zh, ch, sh, r, j, q, x* тәрізді дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық табиғаты қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстармен толық сәйкес келмейтіні, ал қазақ тіліне тән жуан-жіңішке әуез, тұтас сөз бойындағы үндесу, позициялық түрлену құбылыстары қытай тіліне тән еместігі анықталды. Екі тілдің фонетикалық жүйесін салыстыру олардың дыбыстық, буындық және просодикалық құрылымындағы типологиялық айырмашылықтарды айқындап қана қоймай, қытай дыбыстарын қазақ тілінде таңбалау мен бейімдеудің ғылыми негізін де ашады. Осыдан келіп, келесі тарауда қытай тіліндегі дыбыстардың пиньинь жүйесі арқылы берілуі мен олардың қазақ-латын әліпбиіндегі әріптік-дыбыстық сәйкестігін арнайы қарастыру қажеттігі туындайды.

2.3 Пиньинь жүйесі мен жетілдірілген әліпби құрамындағы дыбыстар сәйкестігінің тілтанымдық негіздері

Құрылымдық жағынан пиньинь жүйесі әріптер жиынтығы (字母表), инициальдар кестесі (声母表), финалдар кестесі (韵母表), тон белгілері (声调符号), буын ажырату белгілері (隔音符号) секілді бес негізгі компоненттен тұрады.

Бұрынғы таңбалау жүйелерімен салыстырғанда пиньинь бірқатар айқын артықшылықтарға ие. Мысалы, таңба саны аз, яғни негізгі таңбалар жиынтығы – 26 әріп, пайдалануға жеңіл. Оның латын әліпбиіне негізделуі жазуға қолайлы әрі халықаралық коммуникацияға тиімді. Жүйе бұрынғы тәжірибелерді ескере отырып, графикалық тұрғыдан ықшам әрі кең тараған латын әріптерін пайдалану арқылы жазылым халықаралық сипат алады. Фонемалық принципке сәйкес, акустика-артикуляциялық жақындық қағидаларына сүйеніп, жүйе кейбір аллофондарды бір фонема ретінде біріктіріп, оларды бір әріппен таңбалайды (жүйенің «үнемділігі»). Мысалы, *[i]* тәрізді варианттар бір фонемалық бірлікке жинақталып, бір графема арқылы белгіленеді, ал *е* әрпі бірнеше фонетикалық вариантты біріктірген фонеманы таңбалай алады. Сонымен қатар, практикалық мақсатта *j, q, x* тобы бөлек сақталады, таралу жағынан оларды басқалармен фонемалық тұрғыдан біріктіруге болар еді, бірақ жүйе үйренушілер үшін артикуляциялық айқындауды жеңілдету мақсатында оларды дербес беруді жөн көреді.

Графикалық тұрғыдан пиньинь халықаралық қолданыстағы латын әліпбиін негізге алады, бұл оның жазылуын жеңілдетіп қана қоймай, халықаралық ғылыми және мәдени коммуникацияда кең қолданыла алады. Пиньинь жүйесінің негізгі мақсаты – иероглифтердің дыбысталуын көрсету және қытай тілін тарату. Ол қытай иероглифтерін алмастыруға арналмаған, яғни дербес жазу жүйесі ретінде емес, көмекші фонетикалық құрал қызметін атқарады. Пиньинь жүйесі халықаралық қолданыстағы латын әліпбиі негізінде, фонемалық емле қағидатына сүйене отырып, Бейжің айтылымын таңбалауға арналған жүйе.

Төменде пиньинь мен қазақ-латын таңбаларына талдау жасай отырып, графикалық және фонетикалық сәйкестігін анықтаймыз.

A a [a] әрпі латын және орыс графикасына негізделген әліпбилердің бірінші әрпі.

A a дыбысы жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай ашық дауысты дыбыс, еріннің қатысына қарай езулік дауысты дыбыс. Дауысты тілдің тік қалпына қарай - ашық, ерін қатысына қарай - езулік, жасалу орнына қарай – тіл арты дыбыс. Жасалым белгілері: ашық, езулік, тіл арты дауысты дыбыс [129, 15 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *a [a]* – тіл үсті, орталық, төмен, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу барысында ауыз қуысы кең ашылады, тіл орталық позицияда орналасады, тіл деңгейі төмен, ерін табиғи түрде жайылады [138]. Мысалы:刹那 *(chana),*打岔 *(dacha),* 沙拉 *(shala),*发达 *(fada),* 喇叭 *(laba).*

A a дыбысы қытай және қазақ тілінде графикалық жағынан бір-біріне сәйкес келеді, дыбысталуы жағынан екеуі де ашық дауысты дыбыс, бірақ қазақ тілінде тіл арты, қытай тілінде түл үсті дыбысы деп сипатталады. Қазақ тілінде *A* дыбысы буынның басында да, ортасында да, соңында да кездеседі: *aga, jaña, bala* т.б. Қытай тілінде *A* дауыссыздардың соңынан келеді, жеке-дара тұрып буын да құрай алады: *a* (啊), *ba* (八), *na* (那), *mama* (妈妈), *ta* (他), *la* (拉), *zhan* (站), *kan* (看) т.б. *A* дыбысы *N*-ның алдындан келіп, буын құрағанда *ə*-ге жуықтау айтылады: *kan* (看), *tan* (谈), *lan* (蓝), *zhan* (占), *man* (慢), *chan* (产). Бұл жердегі дыбыстың айтылымы халықаралық фонетикалық әліпбидегі *æ* дыбысына ұқсас. Ал *ng* дыбысының алдында жуан айтылады: *lang* (浪), *mang* (忙), *hang* (行), *zhang* (张), *chang* (唱), *zang* (脏), *kang* (康), *tang* (趟) т.б.

Ескере кететін жайт, Халықаралық фонетикалық әліпбиде (IPA) орталық-төмен дауыстыға арналған арнайы жеке таңба жоқ. Алайда IPA қолдану қағидаларына сәйкес, әрбір тіл өзінің нақты дыбыстық жүйесін сипаттауда белгілі бір бейімдеу енгізе алады. Қытай тіл білімінде швед синологы әрі лингвисі Бернхард Карлгрен (1889-1978) ұсынған дәстүр сақталып, бұл дыбыс *[a]* таңбасымен белгіленеді [139]. Мұның себебі – қытай тіліндегі дара *[a]* дауыстысының артикуляциясы *ai* дифтонгындағы алдыңғы *[a]* және *ang* құрамындағы артқы *[a]* дыбыстарымен салыстырғанда анағұрлым орталық

позицияға жақын орналасуы. Оқыту тәжірибесінде осы үш артикуляциялық вариантты дәл ажырату дұрыс айтылымды қалыптастыруда маңызды.

Қазақ-латын әліпбиіндегі *A a [a]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *a [a]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

B b [by] әрпі кирилл графикалы әліпбилерде *Бб* әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол *B* әрпімен таңбаланған. *Б* әрпінің формасы гректің «*бета*» деп аталатын таңбадан шыққан.

B b [by] дыбысы қос ерін арқылы жасалады, жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз дыбыс; қос еріннің (астыңғы және үстіңгі) тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, жуысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс. *B b* дауыссыз дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінің басы мен ортасында ғана кездеседі, сөз соңында кездеспейді [129, 42 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *b [p]* дыбысы – екі ерінді, аспирациясыз, қатаң, жуысыңқы дауыссыз. Үстіңгі және астыңғы еріндер толық түйісіп, ауа ағынына кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысына баратын жол жабылады. Ауа қысымы жиналып, кедергі күрт бұзылған кезде жарылыс сипатындағы дыбыс пайда болады. Мысалы: 白板 *baiban,* 奔波 *benbo.*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *Bb* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *b [p]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

D d [dy] әрпі кирилл графикалы әліпбилерде *Дд* әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол *Dd* әрпімен таңбаланған.

D d [dy] дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіспен тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс, дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз. Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс [129, 43 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *d [t]* – тіл ұшының орта позициясы, аспирациясыз, қатаң, жуысыңқы дауыссыз. Тіл ұшы альвеолярлы аймаққа (тіс түбі) тіреліп, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Ауа қысымы жиналып, кедергі күрт бұзылған кезде жарылыс сипатындағы дыбыс пайда болады. IPA бойынша [t] – қатаң, аспирациясыз альвеолярлы жуысыңқы.

D d әрпі қытай тілінің транскрипциялық әліпбиі мен қазақ-латын әліпбиінде дыбысталуы жағынан да, графикалық жағынан да бір-біріне сәйкес келеді, сондықтан мұны оқу және қабылдау қиынға түспейді. Қазақ тілінде *D* әрпі сөз басында немесе ортасында ғана жазылады, орыс тілі арқылы енген сөздердің соңында ғана жазылады. Ал қытай тілінде *D* тек сөздің басында ғана келеді. Мысалы: 得当 *(dédàng),* 等待 *(děngdài),* 单调 *(dāndiào),* 抵挡 (*dǐdǎng),*奠定 *diàndìng.*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *D d [dy]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *d [t]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

Е е [е] таңбасы кирилл және латын графикасына негізделген әліпбилерде /е/ фонемасын ортақ белгі арқылы көрсететін әріп. Оның шығу тегі грек әліпбиіндегі «эпсилон» әрпіне барып тіреледі. *Е* әрпі әлем тілдерінің басым көпшілігінің әліпбиінде кеңінен қолданылады.

Е е дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс, ерін бейтарап қалады, еріннің қатысына қарай езулік дауысты дыбыс, тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – езулік, жасалу орнына қарай – тіл ортасы дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, езулік, тіл ортасы дауысты дыбыс. Сөздің кез келген шебінде келе береді [129, 19 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *e [ɤ]* дыбысы – тіл үсті, артқы, жартылай жоғары, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Бұл дыбыс *o [o]* дауыстысының артикуляциясынан туындайды: тіл позициясы шамамен сақталады, ал еріндер сәл жайылып, дөңгелену жойылады, осылайша [ɤ] дыбысы пайда болады. Мысалы: 隔热 *(gere),* 车辙 *(chezhe),* 歌德 *(gede),*合格 *(hege.*

e [e] – тіл үсті, алдыңғы, жартылай төмен, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу барысында ауыз қуысы жартылай ашылады, тіл алға қарай созылады, тіл ұшы төменгі тістердің ішкі бетіне тіреледі, тіл деңгейі жартылай төмен болады, еріндер жайылады. Еріндердің ашылу амплитудасы *e [ɤ]* дауыстысына қарағанда сәл кеңірек. Бұл дыбыс қытай тілінде дауыссызбен тікелей тіркесіп жеке буын жасай алмайды; тілде тек «欸» иероглифі арқылы ғана дербес қолданылады (төрт тонда да кездеседі). Басқа дауыстылармен тіркескенде ол тек *ie [ie] және üe [yɛ]* екі күрделі финаль құрамында ғана қолданылады.

Қазақ-латын әліпбиіндегі *Е е [e]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *e [e]* графикалық жағынан толық сәйкес келеді, дыбысталуы жағынан жартылай сәйкес келеді. Қазақ-латын әліпбиінде *[e]* болып дыбысталады, мысалы: *erte, mine, jane, eki* т.б. Ал қытай транскрипциялық жүйесінде ол «*е*» және «*ы»* болып екі түрлі дыбысталады. Мысалы: *er, me, de, te,ne, le, ze, ce, se, zhe, che, she, re, ge, ke, he, en, eng, ueng* буындарында «*ы»* дыбысын берсе, *ei, ie, üe* буындарынданың құрамында *bei, pei, zhei, bie, pie, xie, que, xue* т.б. буындарында «*е»* болып дыбысталады.

F f [f] әрпі кирилл графикасында *Ф ф* таңбасымен, ал латын әліпбиіне негізделген жүйелерде *F f* арқылы беріледі. Бұл графема бүгінгі күні латын жазуын қолданатын түркі тілдері мен еуропа тілдерінің басым көпшілігінде кездеседі.

F f дыбысы тіс-ерін арқылы жасалатын, жуысыңқы, қатаң (тербеліссіз) дауыссыз, яғни үстіңгі тістер мен астыңғы еріннің жанасуы нәтижесінде жасалады.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *f [f]* – ерін-тіс, қатаң, ызың (фрикатив) дауыссыз. Үстіңгі тістер астыңғы ерінге жеңіл жанасып, тар саңылау

түзіледі, соның нәтижесінде ауа ағынына кедергі жасалады. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысының жолы жабылады. Ауа ағыны осы тар саңылаудан сығылып өтіп, үйкеліс арқылы дыбыс тудырады. IPA бойынша [f] – қатаң, лабиоденталь фрикатив. Мысалы: 发奋 *fàfèn* 反复 *fǎnfù* 芬芳 *fēnfāng* 丰富 *fēngfù* 方法 *fāngfǎ* 佛法 *fófǎ* 非凡 *fēifán* 夫妇 *fūfù.*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *F f [fy]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *f [f]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

G g [gi] әрпі – кирилл графикалы әліпбилерде *Гг* әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол *Gg* әрпімен таңбаланған. Кирилл графикасындағы */г/* графемасының бейнесі гректің «гамма» деп аталатын бас әрпінің негізінде жасалған. Бұл әріп латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі.

G g [gi] дыбысы – тілдің орта бөлігі мен таңдайдың өзара әрекеттесуі нәтижесінде түзіледі, сондықтан жасалу орнына байланысты тіл ортасы дауыссыздары қатарына жатады. Артикуляциялық үдерісте тіл ортасы таңдайға жақындап, олардың түйісуі арқылы дыбыс пайда болады. Әсіресе сөздің орта позициясында бұл дыбыс жуысыңқы сипатта естіледі. Жасалу тәсілі жағынан ол тоғысыңқы (жуысыңқы) дауыссыздарға тән белгілерді көрсетеді. Дыбыстау кезінде дауыс желбезектері толық емес, ішінара тербеледі, яғни олардың қатысуы жартылай жүзеге асады. Жасалым белгілері бойынша тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң дауыссыз дыбыс[129, 45 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *g [k]* – тіл түбі (велярлы), аспирациясыз, қатаң, жуысыңқы дауыссыз. Тілдің артқы бөлігі жоғары көтеріліп, жұмсақ таңдайға тіреледі немесе жақындайды да, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын қуысының жолы жабылады. Ауа қысымы жиналып, кедергі күрт бұзылғанда жарылыс сипатындағы дыбыс пайда болады. IPA бойынша [k] – қатаң, аспирациясыз велярлы жуысыңқы. Мысалы: 杠杆 *gànggǎn,* 巩固 *gǒnggù,* 骨干 *gǔgàn,* 灌溉 *guàngài,* 更改 *gēnggǎi* 规格 *guīgé.*

G g әрпі қытай транскрипциялық әліпбиі мен қазақ-латын әліпбиінде дыбысталуы мен графикалық жағынан ұқсас. Қытай тіліндегі буындар: *ga, ge, gai, gei, gao, gou, gan, gang, geng, gong, gu, guo, gun т.б.*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *G g [gi]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *g [k]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

H h [hy] – қытай және қазақ-латын әліпбиінде бірдей кездесетін көмей дауыссыз дыбыс. Қытай тілінде буынның басында дауыстылардан бұрын келсе, қазақ тілінде буын басында да, ортасында да, соңында да кездесе береді.

Һ әрпі кирилл графикасында *h* таңбасымен беріледі. Ал оның тарихи түп-төркіні көне латын әліпбиіне барып тіреліп, шамамен б.з.д. VII ғасырларда қалыптасқан графемалардың қатарынан орын алады. Ағылшын тілінде бұл әріп *«эйч»* деп аталады.

Һ дыбысы − көмей арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс. Дауыс желбезегі бейтарап қалады (тербелмейді), дауыс желбезегінің қатысына қарай тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс. Одағайларда және кірме сөздерде жазылады: *ah, yh, ehe, aha, қаһарман, қаһар, ғаyһар, жиһан* [129, 33 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *h [x]* − тіл түбі (велярлы), қатаң, ызың (фрикатив) дауыссыз. Тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайға жақындап, тар саңылау түзеді. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Ауа ағыны осы саңылаудан өтіп, үйкеліс нәтижесінде қатаң ызың дыбыс пайда болады. IPA: *[x]* бойынша қатаң, велярлы фрикатив. Мысалы: 浩瀚 *(hàohàn)*, 缓和 *(huǎnhé)*, 红火 *(hónghuǒ)*, 呼喊 *(hūhǎn)*, 黄昏 *(huánghūn)*.

Қазақ-латын әліпбиіндегі *H h [hy]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *h [x]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

X h[хы] кирилл графикалы әліпбилерде *х* фонемасы *Xx* әрпімен берілген.

X h[хы] дыбысы кирилл графикасында *X x* әрпі арқылы беріледі. Ағылшын тілінде бұл таңба *«икс»* деп оқылғанымен, әртүрлі әліпбилерде оның дыбыстық мәні бірдей емес, яғни графикалық сәйкестік әрдайым фонетикалық бірізділікті білдірмейді.

X дыбысы тілшік пен тіл түбінің бір-бірімен жуысуы арқылы жасалатын тілшік, жуысыңқы тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс.

Пиньинь жүйесінде бұл таңба бар. Алайда оның айтылымы латын негізді әліпбидегі *X* -ға ұқсамайды. Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *x [ɛ]* - тіл үстінің алдыңғы бөлігі, қатаң, ызың (фрикатив) дауыссыз. Тілдің алдыңғы беті жоғары көтеріліп, қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне жақындап, тар саңылау түзеді. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Ауа ағыны осы саңылаудан сығылып өтіп, үйкеліс нәтижесінде ысқырық сипатындағы дыбыс пайда болады. IPA бойынша [ɛ] (қатаң, альвеоло-палаталь фрикатив). Мысалы: 细心*(xìxīn)*, 险些 (*xiǎnxiē)*, 消息 *(xiāoxi)*, 形象 *(xíngxiàng)*, 虚心 *(xūxīn)*, 学习 *(xuéxí)*, 雄心 *(xióngxīn)*.

Айтылымы жағынан кирилл графикасындағы *с* дыбысына жуықтау, латын әліпбиіндегі *s* дыбысталуына жақын келеді.

İ i [i] дыбысы кирилл графикасында *I i* әрпі арқылы таңбаланады. Латын әліпбиінде бұл дыбысты беру үшін *i* таңбасы қолданылады, алайда әр тілде оның фонемалық жүктемесі әртүрлі болуы мүмкін.

I дыбысы артикуляциялық тұрғыдан жақтың сәл ғана ашылып, тілдің жоғары көтерілуі нәтижесінде жасалады. Тілдің тік қалпына байланысты бұл дыбыс қысаң дауыстылар қатарына жатады. Дыбыстау кезінде еріндер бейтарап күйде болып, белсенді қатыспайды, сондықтан ол езулік дауысты ретінде сипатталады. Тілдің ауыз қуысындағы орны алдыңғы (орта) бөлікте орналасып, көлденең қалпы бойынша тіл ортасы дауыстыларының қатарына енеді[129, 16б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *тіл үсті дауысты і [i], тіл ұшы алдыңғы дауысты і [ʅ], тіл ұшы артқы дауысты і [ʯ]* үшеуі де бір ғана *і* таңбасымен белгіленеді. Мұның себебі олардың әрқайсысы өзара бөлек фонетикалық ортада қолданылады, [ʅ] тек *z, c, s*-пен, [ʯ] тек *zh, ch, sh, r*-мен, [і] қалған дауыссыздармен тіркеседі. Олардың контекстуалдық таралуы бір-бірімен қиылыспайтындықтан, бір әріппен таңбалау омонимия тудырмайды.

Тіл үсті *і [i]* дыбысы – жоғары, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы сәл ашылады, тіл алға ығысады, тіл ұшы төменгі тістердің артқы жағына тіреледі, тіл беті қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне қарай жоғары

көтеріледі, тіл жоғары болады, еріндер жайылып, сәл жалпақ күйге енеді. Мысалы: 笔记 (*biji),* 底细 (*dixi*), 记忆 (*jiyi*),谜底 (*midi*), 习题 (*xiti*), 利息 (*lixi*), 意义(*yiyi*). Бұл дыбыстың айтылымы қазақ тілінің *и* дыбысына сәйкес келеді, латын графикасындағы *I ı [iı] -ге* сәйкес.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *i [ɿ]* - тіл ұшы артқы, жоғары, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы тар ашылады, тіл артқа ығысады, тіл ұшы жоғары қарай қайқаяды және қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне жақындайды, бірақ түйіспейді, ал еріндер жайылады. Мысалы: 指示 *(zhishi),* 迟滞 *(chizhi),* 失职 *(shizhi),* 史诗 *(shishi),* 时日 *(shiri).* Бұл дыбыс та жеке буын құрай алмайды және тек *zh, ch, sh, r* дауыссыздарынан кейін ғана қолданылады. Қазақ тіліндегі *İ i* дыбысына фонемалық әрі графемалық жағынан сәйкес келеді.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *i [ʅ]* - тіл ұшы алдыңғы, жоғары, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы өте тар ашылады, тіл алға созылады, тіл ұшы мен жоғарғы тістердің ішкі беті бір-біріне жақындайды, алайда түйіспейді; еріндер жайылған күйде болады: 自此 *(zici),* 子嗣 *(zisi),* 刺死 *(cisi),* 恣肆 *(zisi).* Қазақ тіліндегі *İ i* дыбысына фонемалық әрі графемалық жағынан да жуықтау. Бұл дыбыс өз алдына жеке буын бола алмайды, тек *z, c, s* дауыссыздарынан кейін ғана кездеседі. Осы дауыссыздардың ықпалынан бұл дыбысты айтқанда тіл ұшы алдыңғы тістің жоғары бөлігіне келіп тіреледі.

Қазақ-латын әліпбиіндегі *İ i [i]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *i [i]* графикалық сәйкес келгенімен, дыбысталуы жағынан біршама өзгешеліктер бар.

I ı [iı] әрпі кирилл графикалы әліпбилерде *И й [iu]* әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол *Ii* әрпімен таңбаланған.

I ı [iı] дыбысы тіл түбі мен тілшіктің жуысуы арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс. *I ı [iı]* – дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі. Дауыс қатысына қарай үнді дауыссыз дыбыс [129, 25 б.].

Қазақ-латын әліпбиіндегі *I ı* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесінде графикалық жағынан сәйкес келетін таңба жоқ болғанымен, дыбысталуы жағынан сәйкес келетін таңба бар. Ол *i [i]* дыбысы. Төменде бұл дыбыспен құралатын қытай тілінің буындары, яғни финальдар берілген.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *ai [ai]* – бастапқы *a* дауыстысы кейінгі *i* ықпалымен алдыңғы қатарға ығысып, ауыз ашылуы біршама тарылып, нақты дыбысталуы *[ạ]*-ға жуықтайды. Айтылу барысында тіл жылдам *i* бағытына қарай қозғалады, бірақ толық *[i]* деңгейіне жетпейді. 埋汰 *(màitai),* 海派 *(hǎipài),* 拍卖 *(pāimài),* 爱戴 *(àidài),* 彩带 *(cǎidài),* 晒台*(shàitäi),* 灾害 *(zāihài).*

ei [ei] – бастапқы *e* дауыстысы соңғы *i* ықпалымен жеке тұрған *e [ɤ]*-ге қарағанда алдыңғы жаққа артикуляцияланады және ауыз сәл тар ашылады. Айтылу барысында тіл жоғары және алға қарай жылжып, *i* бағытына сырғиды. Мысалы: 配备 *(pèibèi),* 妹妹 *(mèimei),* 蓓蕾 *(bèiěi),* 黑莓 *(hēiméi),* 内贼 *(nèizéi),* 肥美 *(féiměi),* 非得 *(fēidéi).*

ia [ia] – артикуляция *[i]* дыбысынан басталып, тіл біртіндеп орталық төмен позициядағы [a] дауыстысына қарай сырғиды. *[i]* элементі қысқа әрі әлсіз, ал [a] элементі ұзақ әрі акустикалық тұрғыдан айқын. Мысалы: 加压 *(jiāyā),* 掐架 *(qiājià),* 夹虾 *(jiāxiā),* 家家 *(jiājiā),* 下家 *(xiàjiā),* 压下 *(yāxià).*

ie [ie] – айтылу [i] позициясынан басталып, тіл біртіндеп жартылай төмен, алдыңғы [e] дауыстысына қарай ауысады. Бұл [e] жеке айтылған [e]-ге қарағанда сәл алдыңғы және биіктеу позицияда, ауыз қуысы біршама тар болады. [i] қысқа, [e] салыстырмалы түрде айқын дыбысталады. Мысалы: 爷爷 *(yéye),* 业界 *(yèjiè),* 贴切 *(tiēqiè),*铁屑 *(tiěxiè).*

Үш құрамды күрделі финальдарда ортаңғы дауысты акустикалық тұрғыдан ең айқын, ең күшті естілетін болса, мұндай финальдар орта ядролы күрделі финалдар деп аталады. Қытай тілінде орта өзекті күрделі финальдардың саны төртеу: *iao [iau], iou [iou], uai [uai], uei [uei*]. Олардың ортақ артикуляциялық белгілері төмендегідей: тіл позициясы жоғарыдан төменге, одан кейін қайтадан жоғарыға қарай сырғиды, ауыздың ашылу дәрежесі алдымен кеңейіп, кейін тартылады. Бастапқы дауысты қысқа әрі әлсіз, ортаңғы дауысты айқын, соңғы дауысты қысқа, көмескі, тек артикуляциялық бағытты білдіреді. Әр финальдың айтылу ерекшелігі төменде сипатталады.

iao [iau] финалы *i + ao* тіркесімі арқылы жасалады. Айтылу [i] позициясынан басталып, тіл жылдам түрде [a] дауыстысына қарай төмендейді, кейін артқы жоғары дауыстыға қарай қайта көтеріледі, бірақ толық [u] позициясына жетпей, сәл төмен деңгейде тоқтайды. 秒表 *(miǎobiǎo),* 巧妙 *(qiǎomiào),* 标调 *(biāodiào)*.

iou [iou] финалы *i + ou* тіркесімі арқылы жасалады. Артикуляция [i]-ден басталып, тіл тез арада [a] аймағына қарай ығысады, кейін артқы жоғары дауыстыға қарай қозғалады, бірақ толық [u] деңгейіне жетпей, сәл төменірек позицияда тоқтайды. Мысалы: 优秀 *(yōuxiù),* 牛油 *(niúyóu),* 琉球 *(liúqiú),* 秋游 *(qiūyóu),* 求救 *(qiújiù),* 绣球 *(xiùqiú).*

uai [uai] – финалы *u + ai* тіркесімі арқылы жасалады. Айтылу [u] позициясынан басталып, тіл тез арада [a] аймағына төмендейді, кейін алдыңғы жоғары дауыстыға қарай көтеріледі, бірақ толық [i] деңгейіне жетпей, сәл төменірек позицияда тоқтайды. Мысалы: 外拐 *(wàiguǎi),* 外快 *(wàikuài),*乖乖 *(guāiguāi),* 踹坏 *(chuàihuài).*

uei [uei] – финалы *u + ei* тіркесімі арқылы жасалады. Артикуляция [u]-ден басталып, тіл жылдам түрде [e] позициясына қарай жылжиды, кейін жоғары позицияға қайта көтеріледі, бірақ толық [i] деңгейіне жетпей тоқтайды. Мысалы: 碎嘴 *(suìzuǐ),*水位 *(shuǐwèi).* 尾随 *(wěisuí),* 溃退 *(kuìtuì),* 回归 *(huíguī).*

Пиньинь ережесіне сәйкес, *iou* және *uei* финальдары дауыссыздан кейін келгенде *iu, ui* түрінде жазылады. Бұл жағдайда ортаңғы дауысты (*o, e*) артикуляциялық тұрғыдан әлсіреп, кейде редукцияға немесе түсіп қалуға бейім болады. Тон белгісі сәйкесінше соңғы *u* немесе *i* үстіне қойылады. Қытай тілінде буын соңында тек екі мұрын жолды дауыссыз ғана кездеседі: *n [n]* және *ng [ŋ]*. Олар алдындағы дауыстымен бірігіп, мұрын жолды финальдарды құрайды.

Алдыңғы мұрын жолды финальдар (*n*-мен аяқталатын) және артқы мұрын жолды финальдар (*ng*-мен аяқталатын) саны жағынан әрқайсысы сегізден.

J j [jy] әрпі кирилл графикасында *Ж ж* таңбасымен берілсе, латын негізді әліпбилерде әр тілдің ерекшелігіне қарай *j* немесе *zh* түрінде әртүрлі таңбаланып келеді. Латын графикасына көшкен тілдердің көпшілігінде *ж* фонемасын беру үшін *J* әрпі тұрақты қолданыс тапқан. Бұл таңбаның халықаралық атауы «йот» (йота) деп аталады.

J j [jy] дыбысы тіл ұшы мен қызыл иектің өзара әрекеттесуі арқылы түзіледі, сондықтан жасалу орны бойынша тіл ұшы дауыссыздарына жатады. Артикуляция кезінде тіл ұшы қызыл иекке жақындап, жайыла жуысу нәтижесінде дыбыс пайда болады. Оның негізгі артикуляциялық сипаттары: тіл ұшы арқылы жасалатын, жайылыңқы, жуысыңқы (аффрикаттық реңкі бар) және ұяң дауыссыз дыбыс. [129, 24 б.].

Қазақ тілінде *ж* әрпі буынның барлық позицияларында еркін қолданылады. Айтылым барысында кей жағдайда *ж* фонемасы *дж* түрінде вариациялық реңкпен естілуі мүмкін. Ал жазуда фонематикалық принцип сақталып, осы дыбыстың негізгі (инвариант) түрі ғана таңбаланады.

J j әрпі қазақ-латын әліпбиі мен қытай тілінің транскрипциялық әліпбиінде бар. Олардың графикалық формасы ұқсағанымен, оқылуы жағынан айырмашылық бар.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *j [tɕ]* тіл үстінің алдыңғы бөлігімен жасалатын, аспирациясыз қатаң аффрикат дауыссыз. Артикуляция кезінде тілдің алдыңғы жотасы қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне жақындап, толық бөгет түзеді, ал жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолын жабады. Бөгет ашылғанда ауа тар саңылаудан өтіп, үйкеліс шуын тудырады.

Қытай тілінде *j* мен *q* − аффрикаттар, оларды дыбыстаған кезде тілдің ортаңғы бөлігі таңдайға тиіп, саңылау пайда болады. Ал, *x* - ны дыбыстағанда тілдің ұшы астыңғы тістерге тиеді де ортаңғы бөлігі таңдайға үйкеледі, дыбыс сонда пайда болған саңылаудан шығады. Бұл үш дыбыс *i* және *ü* дауыстыларымен ғана тіркеседі: *ji, ju, jue, juan qi, qu, que, quan, xi, xu, xue, xuan* т.б.

K k [ki] әрпі кирилл графикасында *К к* таңбасымен, ал латын негізді әліпбилерде *K k* арқылы беріледі.

K k [ki] дыбысы тілдің орта бөлігі мен таңдайдың түйісуі нәтижесінде жасалады, сондықтан жасалу орны бойынша тіл ортасы дауыссыздарына жатады. Артикуляциялық белгілері бойынша тіл ортасы арқылы жасалатын, тоғысыңқы және қатаң дауыссыз дыбыс. Сонымен қатар *к* дыбысы жіңішке үндесімге тән фонемалардың бірі болып табылады.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *k [kʰ]* − тіл түбі (велярлы), аспирациялы, қатаң дауыссыз дыбыс. Кедергінің түзілуі мен сақталуы *g [k]* дыбысына ұқсас. Айырмашылығы – кедергі жойылған сәтте ауа ағынының айқын әрі екпінді түрде шығады (аспирация). IPA бойынша [kʰ] (қатаң, аспирациялы велярлы жуысыңқы). Мысалы: 开垦 (*kāikěn*), 苦口 (*kǔkǒu*), 坎坷 (*kǎnkě*), 慷慨 (*kāngkǎi)*, 宽阔 (*kuānkuò*), 旷课 (*kuàngkè)*, 刻苦 (*kèkǔ*), 困苦 *(kùnkǔ*).

Қазақ-латын әліпбиіндегі *K k [ki]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *k* [k^{h}] графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

L l [yl] әрпі латын графикасын қолданатын түркі тілдері мен еуропа тілдерінің басым көпшілігінің әліпбиінде кең таралған. *Л* фонемасы кирилл жазуында *Л л* таңбасымен, ал латын негізді әліпбилерде *L l* арқылы беріледі.

L l [yl] дыбысы артикуляциялық тұрғыдан жанама жуысыңқы дауыссыздарға жатады. Ол тіл ұшының жоғарғы күрек тістерге (альвеолаға) жақындауы арқылы жасалады, сондықтан жасалу орны бойынша тіл ұшы дауыссызы ретінде сипатталады. Дыбыстау кезінде дауыс желбезектері белсенді тербеледі, яғни дауыс қатысады, осыған байланысты бұл дыбыс үнді дауыссыздар қатарына енеді. Негізгі артикуляциялық белгілері бойынша тіл ұшы арқылы жасалатын, жанама жуысыңқы және үнді дауыссыз дыбыс [129, 25 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *l [l]* – тіл ұшының орта позициясы, ұяң, бүйірлік дауыссыз. Тіл ұшы альвеолярлы аймаққа тіреліп, орталық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай мен тілшік көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Тілдің екі жиегінде саңылау қалып, ауа сол арқылы өтіп, дауыс желбезектерінің тербелуімен дыбыс пайда болады. IPA бойынша [*l*] ұяң, альвеолярлы латерал. Мысалы: 拉拢 *lālǒng,* 老练 *lǎoliàn,* 冷落 *lěngluò,* 理论 *lǐlùn.*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *L l [yl]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *l [l]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

M m [my] әрпі латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. *М* фонемасы кирилл графикалы әліпбилерде *М м*, латын графикасына негізделген әліпбилерде *M m* әрпімен беріледі.

M m дыбыс – ерін-ерінді дауыссыз дыбыс. Ол үстіңгі және астыңғы еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз. Дауыс желбезегі мол тербеледі, сондықтан үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс

М дыбысы – ерін-ерінді дауыссыз. Ол үстіңгі және астыңғы еріндердің түйісуі нәтижесінде жасалады, сондықтан жасалу тәсілі бойынша тоғысыңқы дауыссыздарға жатады. Дыбыстау кезінде дауыс желбезектері белсенді тербеліп, дыбысқа үн қосады. Сондықтан бұл фонема үнді (тербелімді) дауыссыздар қатарына кіреді. Негізгі жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы және үнді дауыссыз дыбыс [129, 24 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *m [m]* – ерін еріндi (билабиал), ұяң, мұрынды дауыссыз дыбыс. Еріндер толық түйісіп, ауыз қуысында кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай төмен түсіп, кіші тіл кейін ығысады да, мұрын қуысы ашылады. Ауа ағыны дауыс желбезектерін тербетіп, мұрын қуысы арқылы өтеді. Мысалы: 麻木 *(mamu),* 秘密 *(mìmì*), 迷茫 (*mímáng*), 明明 (*míngmíng*).

Қазақ латын әліпбиіндегі *M m [my]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *m [m]]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

Екі ерінді дауыссыздар тобы *(b [p] – p [p^{h}] – m [m])* артикуляциялық тұрғыдан ортақ жасалу орнына ие болғанымен, олар аспирация, фонация (қатаң–ұяң) және кедергі сипаты арқылы өзара ажыратылады. Әсіресе *[p] – [p^{h}]*

оппозициясы қытай тілінде мағына ажыратушы қызмет атқарады, бұл оны көптеген еуропалық тілдерден типологиялық тұрғыдан ерекшелендіреді.

N n [ny] әрпі латын графикасын қолданатын түркі және еуропа тілдерінің әліпбилерінде кеңінен таралған. *N* фонемасы кирилл жазуында *Н н* таңбасымен, ал латын негізді әліпбилерде *N n* арқылы белгіленеді.

N n [ny] дыбысы − тіл ұшы мен күрек тістің тоғысуы арқылы жасалатын алдыңғы тіл дауыссыз дыбыс. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы, дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс [129, 24 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *n [n]* - тіл ұшының орта позициясы, ұяң, мұрынды дауыссыз. Тіл ұшы альвеолярлы аймаққа тіреліп, ауыз қуысында кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай төмен түсіп, кіші тіл артқа ығысады да, мұрын қуысының жолы ашылады. Ауа ағыны дауыс желбезектерін тербетіп, мұрын қуысы арқылы өтеді. IPA бойынша [n] (ұяң, альвеолярлы назал) Мысалы: 奶牛 *(nǎiniú)*, 泥泞 *(nínìng)*, 衲娜 *(niǎonuó)*, 恼怒 *(nǎonù)*, 扭捏 *(niǔniē)*, 能耐 *(néngnài)*.

Финаль соңындағы *n* – тіл ұшы, мұрын жолды дауыссыз болғандықтан, бұл топ *тіл ұшы мұрын жолды финалдар* деп те аталады. Қытай тіліндегі алдыңғы мұрын жолды финалдар: *an [an], en [ən], in [in], ün [yn], ian [ien], uan [uan], uen [uən], üan [yen]*. Олардың ортақ артикуляциялық белгілері: тіл позициясы дауыстыдан мұрын жолды дауыссызға қарай біртіндеп сырғиды, финаль соңындағы *n* толық тоғыспайды, тіл ұшы альвеолаға тірелген күйде сақталып, финальдың жабылу фазасын құрайды, артикуляция үздіксіз, біртұтас қозғалыс ретінде жүзеге асады.

Қазақ-латын әліпбиіндегі *N n [ny]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *n [n]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

an [an] – [*n*] әсерінен бастапқы [*a*] жеке айтылғандағыдан сәл алға ығысып, алдыңғы дауыстыға жақындайды. Айтылу барысында тіл тез арада альвеолаға көтеріліп, мұрын арқылы резонанс пайда болады. Мысалы: 暗淡 *(àndàn),* 橄榄 *(gǎnlǎn),* 勘探 *(kāntàn),*惨淡 *(cǎndàn),* 散漫 *(sǎnmàn).*

en [ən] – [n] ықпалымен [*e*] орталықтанған реңкке ие болады. Артикуляция [ə]-ге жақындайды, соңында мұрын жолды резонанс күшейеді. Мысалы: 沉闷 *(chénmèn),* 振奋 *(zhènfèn),* 身份 *(shēnfèn),* 深圳 *(Shēnzhèn),* 人参 *(rénshēn).*

in [in] – артикуляция [i]-ден басталып, тіл ұшы бірден альвеолаға тіреледі. Мысалы: 殷勤 *(yīnqín),* 濒临 *(bīnlín),* 拼音 *(pīnyīn),* 民心 *(mínxīn),* 临近 *(línjìn).*

ian [ien] финалы *i* + *an* тіркесімі ретінде сипатталады, алайда [a] толық ашылмай, [e]-ге жуықтайды. Мысалы: 片面 *(piànmiàn),* 电线 *(diànxiàn),* 检验 *(jiǎnyàn).*

uan [uan] – артикуляция [u]-ден басталып, [a]-ға өтеді, соңында [n] арқылы аяқталады. Мысалы: 换算 *(huànsuàn),* 乱转 *(luànzhuǎn),* 转换 *(zhuǎnhuàn).*

uen [uən] – *u* + *en* тіркесі, сөйлеуде жиі *un* ретінде ықшамдалады. Мысалы: 温顺 *(wēnshùn),* 伦敦 *(Lúndūn),* 论文 *(lùnwén),* 困顿 *(kùndùn).*

üan [yen] – дөңгеленген [y]-ден басталып, [e]-ге жуық орталық дауысты арқылы [n]-ге өтеді: 渊源 *(yuānyuán),* 圆圈 *(yuánquān),* 轩辕 *(Xuānyuán).*

Пиньинде *uen - un, iou - iu, uei - ui* ықшамдалуы қолданылады. *j, q, x* дауыссыздарынан кейін *ü* нүктесіз *u* түрінде жазылады, алайда оқылымда [у] сақталады.

Жетілдірілген әліпбидегі *Ññ [уŋ]* таңбасы қытай транскрипциялық әліпбиінде жоқ. Бұл дыбысқа сәйкес дыбыс қытай тілінде *ng* арқылы беріледі. Мысалы, *zhang, mang, tong, reng, peng* т.б. Финаль соңындағы *ng [ŋ]* – тіл түбі (тілдің артқы бөлігі) арқылы жасалатын мұрын жолды дауыссыз болғандықтан, артқы мұрын жолды финальдар «тіл түбі мұрын жолды финальдар» деп те аталады. *[ŋ]* дыбысының артикуляциялық сипаттамасы: тіл түбі позициялы, үнді (дауыс шымылдығы тербеледі), мұрын жолды дауыссыз. Ол алдыңғы мұрын жолды финалдардағы *n [n]* дыбысынан тіл позициясының айырмашылығы арқылы ерекшеленеді: *n [n]* – тіл ұшы альвеолаға тіреледі, ал *ng [ŋ]* дыбыстағанда тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайға жақындайды. Қытай тіліндегі артқы мұрын жолды финалдардың саны-сегіз: *ang [аŋ], eng [əŋ], ing [iŋ], ong [ʊŋ], iang [iaŋ], uang [uaŋ], ueng [uəŋ],iong [уŋ]*. Олардың ортақ артикуляциялық белгілері: тіл позициясы дауыстыдан мұрын жолды дауыссызға қарай біртіндеп сырғиды, тіл түбі жұмсақ таңдайда сақталып, бүкіл финальдың жабылу фазасын құрайды, артикуляциялық процесс үздіксіз және тұтас сипатта өтеді. Төменде әрбір финальдың айтылу ерекшелігі жеке-жеке сипатталады.

ang [аŋ] – [n] ықпалымен *a* жеке айтылғандағыдан сәл артқа ығысып, нақты айтылымда *[a]* реңкіне жақындайды. Артикуляция *[a]*-дан басталып, тіл түбі *[ŋ]* позициясына қарай біртіндеп көтеріледі. Мысал: 肮脏 *(āngzāng),* 放荡 *(fàngdàng),*商场 *(shāngchǎng)*.

eng [əŋ] – [n] ықпалымен *e* дауыстысы орталықтанған сипат алады, нақты айтылымда [ə] реңкі байқалады. Артикуляция [ə]-ден басталып, тіл түбі [ŋ]-ге қарай сырғиды. Мысалы: 风筝 *(fēngzhēng),* 更正 *(gēngzhèng),* 承蒙 *(chéngméng)*.

ing [iŋ] – артикуляция [i] позициясынан басталып, тіл түбі біртіндеп [ŋ] позициясына өтеді. Мысалы: 瓶颈 *(píngjǐng),*明星 *(míngxīng),* 聆听 *(língtīng),* 经营 *(jīngyíng),* 姓名 *(xìngmíng).*

ong [ʊŋ] – артикуляция [u]-ден басталып, тіл түбі [ŋ]-ге қарай қозғалады. Дауысты компонент көбіне жартылай жабық артқы. Мысалы: 空洞 *(kōngdòng),* 充公 *(chōnggōng),* 松茸 *(sōngróng).*

iang [iaŋ] – финалы *i + ang* тіркесімі ретінде қарастырылады. Артикуляция [i]-ден басталып, тіл тез арада [a]-ға төмендейді, соңында [ŋ] позициясына өтеді. Мысалы: 两样 *(liǎngyàng),* 跟跄 *(liàngqiàng),* 亮相 *(liàngxiàng),* 想象 *(xiǎngxiàng).*

uang [uaŋ] – финаль *u + ang* тіркесіміне сәйкес келеді. Айтылу [u]-ден басталып, [a]-ға өтеді, соңында [ŋ]-мен аяқталады. Мысалы: 往往 *(wǎngwǎng),* 窗框 *(chuāngkuàng),* 双簧 *(shuānghuáng).*

ueng [uəŋ] – финалы *u + eng* тіркесімі арқылы жасалады. Артикуляция [u]-ден басталып, [ə] арқылы [ŋ]-ге өтеді. Мысалы: 嗡嗡 *(wēngwēng),* 渔翁 *(yúwēng),* 老翁 *(lǎowēng),* 蓊郁 *(wěngyù),* 蕹菜 *(wèngcài).*

iong [уŋ] – финалы *i + ong* тіркесімі арқылы жасалады. Бастапқы [i] өте қысқа әрі дөңгеленуге бейім болып, [у]-ге жуықтайды, кейін [ŋ]-мен аяқталады.

Сондықтан IPA транскрипциясында жиі [уŋ] деп беріледі. Мысалы: 炯炯 *(jiǒngjiǒng),* 穷窘 *(qióngjiǒng),*雄蛹 *(xióngyǒng),* 汹汹 *(xiōngxīong)* т.б.

О әрпі кирилл графикасында да, латын әліпбиіне негізделген жазуларда да бірдей таңбаланып келеді.

О о [о] дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. іТдің тік қалпына қарай – қысаң дауысты дыбыс, ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады, еріннің қатысына қарай – ерін дауысты дыбыс, тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты дауысты дыбыс. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай - қысаң, ерін қатысына қарай - еріндік, жасалу орнына қарай - тіл арты дыбыс [129, 18 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *о [о]* дыбысы тіл үсті, артқы, жартылай жоғары, еріндік дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы жартылай ашылады, тіл артқа ығысады, тіл деңгейі жартылай жоғары болады, еріндер дөңгеленеді, алайда алға шамадан тыс сүйірленбеуі тиіс. Мысалы: 磨墨 (*momo*), 破获 (*pohuo*), 佛陀 (*fotuo*). Дара *о* финалы өте сирек кездесетін одағайлар мен эмоциялық бөлшектерден (哦, 喔, 噢, 咯) басқа жағдайда тек еріндік дауыссыздардан кейін (*b, p, m, f*) қолданылады. Еріндік дауыссыздардың әсерінен *о* алдында қысқа өтпелі лабиалданған элемент пайда болуы мүмкін: мысалы, bo буынының нақты айтылымы шамамен [pʷo] түрінде естіледі (мұндағы [ʷ] - еріндік қосымша артикуляция белгісі).

Қазақ-латын әліпбиіндегі *О о [о]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *о [о]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

Р р [ру] әрпі кирилл графикасында *П п* таңбасымен берілсе, латын негізді әліпбилерде *Р р* арқылы таңбаланады.

Р р дыбысы қос ерін арқылы жасалады, жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз дыбыс, қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің өзара тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс, дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, жуысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс. [129, 25 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *р [pʰ]* - екі ерінді, аспирациялы, қатаң, жуысыңқы дауыссыз. Кедергі түзілуі мен сақталуы *b [p]* дыбысына ұқсас. Негізгі айырмашылығы – кедергі жойылған сәтте ауа ағынының күштірек, екпінді шығуы (аспирация). Мысалы: 爬坡 (*papo),* 偏僻 *(pianpi).*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *Р р [ру]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі р [pʰ] графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

Q q [qy] әрпі әрпі кирилл графикасында қ фонемасын білдіретін *Қ қ* таңбасымен, ал латын әліпбиіне көшкен түркі тілдерінде *Q q* арқылы беріледі. Бұл графема базалық латын әліпбиінің ертеден қалыптасқан элементтерінің бірі. *Q q [qy]* дыбысы тілдің артқы бөлігі мен тілшіктің өзара түйісуі арқылы жасалады, сондықтан жасалу орнына қарай тілшік дауыссыздарына жатады. Жасалу тәсілі жағынан бұл дыбыс тоғысыңқы дауыссыздарға тән. Дыбыстау кезінде дауыс желбезектері тербелмейді, яғни дауыс қатыспайды, сондықтан ол

қатаң дауыссыз дыбыс ретінде сипатталады. негізгі артикуляциялық белгілері: тілшік арқылы жасалатын, тоғысыңқы және қатаң дауыссыз дыбыс [129, 22 б.].

Қытай транскрипциялық әліпбиінде *Qq* таңбасы бар, бірақ оның дыбысталуы қазақ тілінен өзгеше. Қытай тілінде бұл таңба *чи* дыбысын береді: *qi, qia, qiao, qie, qiu, qin, qing, qu, qu* т.б.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *q [tɕʰ]* - тіл үстінің алдыңғы бөлігі, аспирациялы, қатаң, аффрикат дауыссыз. Артикуляцияның бастапқы фазасы *j [tɕ]* дыбысына ұқсас. Айырмашылығы кедергі жойылған сәтте ауа ағынының айқын әрі екпінді түрде шығады (аспирация). IPA бойынша *[tɕʰ]* қатаң, аспирациялы альвеол-палаталь аффрикат.

R r [yr] − кирилл графикасында *Рр* таңбасымен, ал латын негізді әліпбилерде *R r* арқылы беріледі. *R* дыбысы сөздің барлық позицияларында еркін кездеседі. Артикуляциялық тұрғыдан ол дауыссыз дыбыстар қатарына жатады.

Р дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс, тіл ұшының күрек тіспен бір тоғысып, бір жуысуы (тоғысым- жуысым) арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай діріл дауыссыз дыбыс, айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс[129, 82 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *r [ɻ]* тіл ұшының артқы позициясы (ретрофлекс), ұяң, ызың дауыссыз. Артикуляциялық орны мен кедергі сипаты *sh [ʂ]* дыбысына ұқсас, алайда негізгі айырмашылығы артикуляция барысында дауыс желбезектерінің тербелуі. Ауа ағыны үйкеліс арқылы өтіп, ұяң дыбыс қалыптастырады. IPA бойынша [ɻ] ұяң, ретрофлексті, фрикатив элементтері бар.

Ретрофлексті дауыстылар артикуляция кезінде тіл ұшы мен тіл беті бір мезгілде қызмет атқаратын дауыстылар. Қытай тілінде мұндай дара дауысты финаль біреу ғана *er [ɚ]* (кейде *[ər] / [ɐɻ]*). Бұл финаль дауыссыздармен тіркеспейді, тек дербес буын ретінде қолданылады.

er [ɚ] – ретрофлексті, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы сәл ашылады, тіл ортаңғы позицияда орналасады, тіл ұшы қатты таңдайға бағытталып, артқа қарай иіледі (ретрофлексия), еріндер дөңгеленбейді: 而且 *(erqie),*女儿 *(nǚ’er),* 幼儿 *(you’er),* 遐迩 *(xia’er),*尼泊尔 *(Nibō’er).* Егер *er* финалы төртінші тонда айтылса, ауыздың ашылу дәрежесі сәл ұлғаяды және нақты фонетикалық мәні [ег]-ге жуықтайды.

Пиньинь жүйесінде *er* құрамындағы *r* әрпі дауыссыз фонеманы білдірмейді, тек ретрофлекстік артикуляциялық қимылды көрсетеді. Сондықтан екі графемамен жазылғанымен, *er* бір ғана дара дауысты финаль болып есептеледі. Күрделі дауысты финальдар екі немесе үш дауыстының бірігуінен құралған финальдар. Артикуляция барысында сөйлеуші бір дауыстыдан екіншісіне үздіксіз әрі жылдам сырғу (глайд) арқылы өтеді. Осы үдерісте ауыз қуысының пішіні, тілдің орны мен ерін конфигурациясы біртіндеп өзгереді.

S s[sy] дыбысы кирилл графикасында *С с* әрпімен, ал латын негізді әліпбилерде *S* таңбасымен беріледі. Артикуляция жағынан тіл ұшының күрек

тістер мен альвеоляр аймаққа жақындауы арқылы жасалатын дауыссыз фонема болып табылады. Жасалу тәсілі бойынша ол жуысыңқы (фрикатив) дыбыстар тобына жатады. Дыбысты айту кезінде дауыс желбезектері тербелмейді, сондықтан бұл дыбыс дауыс қатысы жағынан қатаң дауыссыз ретінде сипатталады [129, 22 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *s [s]* тіл ұшының алдыңғы позициясы, қатаң, ызың (фрикатив) дауыссыз дыбыс. Тіл ұшы үстіңгі күрек тістердің ішкі бетіне жеңіл жанасып, тар саңылау қалдырады. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысының жолы жабылады. Ауа ағыны осы саңылаудан өтіп, үйкеліс нәтижесінде ысқырық сипатындағы дыбыс пайда болады. IPA бойынша [s] - қатаң, альвеолярлы фрикатив. Мысалы: 三嫂 *(sānsǎo),* 速算 *(sùsuàn),* 思索 *(sīsuǒ),* 琐碎 *(suǒsuì) ,* 撕碎 *(sīsuì),* 松散 *(sōngsǎn).*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *S s[sy]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *s [s]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

T t [ty] − кирилл графикасында *Т т* таңбасымен, ал латын негізді әліпбилерде *T t* арқылы беріледі. *Т* дыбысы тіл ұшы мен күрек тістердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде жасалады, сондықтан жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыздары қатарына жатады. Артикуляция кезінде тіл ұшы күрек тістерге жақындап, олардың түйісуі арқылы дыбыс түзіледі. Дыбыстау барысында дауыс желбезектері тербелмейді, яғни дауыс қатыспайды, сондықтан бұл дыбыс қатаң (тербеліссіз) дауыссыз ретінде сипатталады. Негізгі артикуляциялық белгілері бойынша тіл ұшы арқылы жасалатын, жуысыңқы және қатаң дауыссыз дыбыс [129, 22 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде t [t^h] − тіл ұшының орта позициясы, аспирациялы, қатаң, жуысыңқы дауыссыз. Кедергінің түзілуі мен сақталуы *d [t]* дыбысына ұқсас: тіл ұшы альвеолярлы аймаққа тіреліп, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Айырмашылығы − кедергі жойылған сәтте ауа ағынының күштірек әрі екпінді шығуы (аспирация). IPA: [t^h] (қатаң, аспирациялы альвеолярлы жуысыңқы. Мысалы: 体贴 *(tǐtiē),* 探讨 *(tàntǎo),* 铁塔 *(tiětǎ).*

Қазақ латын әліпбиіндегі *T t [ty]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі t [t^h] графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

Uu [u] дыбысы кирилл графикасына негізделген әліпбилерде *Уу* әрпі арқылы берілсе, латын графикасында ол *Uu* таңбасымен белгіленеді. Артикуляциялық тұрғыдан қос еріннің қатысуы арқылы жасалатын дауыссыз фонема болып табылады. Жасалу орнына байланысты ол ерін-ерінді (билабиал) дауыссыздар қатарына жатады, өйткені дыбысты айту барысында үстіңгі және астыңғы ерін бір-біріне жақындап, ауа ағыны тар саңылау арқылы өтеді. Жасалу тәсілі тұрғысынан бұл дыбыс жуысыңқы дауыссыздар тобына кіреді [129, 25 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *u [u]* – тіл үсті, артқы, жоғары, еріндік дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы тар ашылады, тіл артқа ығысады, тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайға қарай жоғары көтеріледі, еріндер дөңгеленіп, алға қарай сәл сүйірленеді. Мысалы: 路途 (*lutu*), 复古 (*fugu*), 住处 (*zhuchu*), 服务 *(fuwu*).

Қазақ-латын әліпбиіндегі *U u [u]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *u [u]* графикалық және дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *u [u]* арқылы бірнеше финалдар жасалады:

ao [au] – бастапқы *a* кейінгі *o / u* ықпалымен жеке тұрған [A]-ға қарағанда артқырақ артикуляцияланады; нақты дыбысталуы шамамен [ɑ]-ға жуық. Тіл позициясы біртіндеп жоғарылап, *u* бағытына қарай сырғиды, бірақ соңғы элемент толық [u] деңгейіне жетпейді. Мысалы:宝岛 *(bǎodǎo),*高考 *(gāokǎo),* 号召 *(hàozhào),* 早操 *(zǎocāo),* 少闹 *(shǎonào).*

ou [ou] – айтылу барысында артикуляция орталық дауыстыдан басталып, тіл позициясы біртіндеп *u* бағытына қарай жылжиды. Соңғы элемент жеке тұрған [u]-дан сәл төмен артикуляцияланады. Мысалы: 佝偻 *(gōulóu),* 凑够 *(còugòu),* 搜走 *(sōuzǒu)*, 豆蔻 *(dòukòu).*

ua [ua] – артикуляция [u] позициясынан басталып, тіл біртіндеп орталық - төмен [a] дауыстысына қарай сырғиды. [u] элементі қысқа және әлсіз, ал [a] элементі айқын әрі созылыңқы. Мысалы: 抓花 *(zhuāhuā),* 刮花 *(guāhuā),* 花袜 *(huāwà),*挂画 *(guàhuà),* 画画 *(huàhuà).*

uo [uo] – артикуляция [u] дыбысынан басталып, тіл біртіндеп жартылай жоғары артқы [o] дауыстысына қарай ауысады. Соңғы *[o]* жеке айтылған кездегідей ерін толық дөңгеленбейді. *[u]* элементі қысқа, [o] элементі айқын естіледі. Мысалы: 做错 *(zuòcuò),* 蹉跎 *(cuōtuó),* 哆嗦 *(duōsuo),*懦弱 *(nuòruò).*

Üü [ü] фонемасы кирилл графикасына негізделген әліпбилерде *Yy* әрпі арқылы белгіленеді. Артикуляциялық сипаттамасы бойынша *y* дыбысы дауысты фонемалар қатарына жатады.

Üü [Üü] дыбысы артикуляциялық тұрғыдан жақтың сәл ашылып, тілдің жоғары көтерілуі нәтижесінде жасалады, сондықтан тілдің тік қалпына байланысты қысаң дауыстылар қатарына жатады. Дыбыстау кезінде еріндер дөңгеленіп, белсенді қатысады, осыған сәйкес ол еріндік дауысты ретінде сипатталады. Сонымен қатар тіл ауыз қуысының орта тұсында орналасатындықтан, көлденең қалпы бойынша тіл ортасы дауыстыларының қатарына кіреді. Негізгі артикуляциялық белгілері бойынша қысаң, еріндік, тіл ортасы дауысты дыбыс [129, 18 б.]

Қытай тілінде дыбысталуы *Üü* -ге ұқсас *ü* дыбысы бар, бірақ графикасы сәл өзгеше. Кейде диакритикалық белгісі бар, ал кейде жоқ. Диакритикалық белгісі жоқ кезде, ол *«u»* сияқты көрініске ие болады. *«Bu» (бу)* мен *«xu» (сүй)* салыстыратын болсақ, бұл бір көріністегі екі түрлі финаль, екі түрлі дыбыстау. *ü* дыбысының алдында дауыссыздар (шэнму) болмаса, *ü*-дің алдынан *Y* қосылып жазылады да, *ü*-дің төбесіндегі қос нүкте түсіріліп жазылады: *yu* (雨), *yue* (月), *yuan* (元), *yun* (云). *Ü* дыбысы *j, q, x* дауыстыларымен (шэнму) тіркесіп буын құрағанда, төбесіндегі қос нүкте түсіріліп жазылады: *ju, qu, xu*. Алайда *n, l* дыбыстарымен тіркескенде *ü*-дің қос нүктесін түсіріп жазуға болмайды.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *ü [y]* – тіл үсті, алдыңғы, жоғары, еріндік дауысты дыбыс. Бұл дыбыс артикуляциялық тұрғыдан *i [i]*

дауыстысының тіл позициясын сақтай отырып, ерінді дөңгелектеу арқылы жасалады. Мысалы: 徐徐 *(xúxú),* 局域 *(júyù),* 须臾 *(xūyú).*

üe [ye] – айтылуы [у] алдыңғы, дөңгелек ерінді дауысты позициясынан басталып, тіл біртіндеп жартылай төмен [е] дауыстысына қарай сырғиды. [у] элементі қысқа, [е] элементі айқын әрі негізгі акустикалық тірек болып табылады. Мысалы: 乐阕 *(yuèquè),* 雀跃 *(quèyuè),* 缺略 *(quēlúè),*决绝 *(juéjué)*.

ün [yn] – алдыңғы дөңгеленген жоғары [у] позициясынан басталып, тіл ұшы альвеолаға көтеріледі. 芸芸 *(yúnyún),* 均匀 *(jūnyún),* 军训 *(jūnxùn),* 菌群 *(jūnqún)*.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *üe* финалы *j, q, x* дауыссыздарынан кейін келгенде, *ü* үстіндегі екі ноқат түсіріліп, *u* түрінде жазылады *(ju, qu, xu*). Ал финаль жеке тұрған жағдайда алдына *y* қосылып, *yue* деп жазылады. Алайда оқылымда ол әрдайым [ye] ретінде айтылады.

Пиньинь транскрипциялық жүйесінің ережесіне сәйкес *j, q, x* дыбыстарынан кейін *ü* әрпіндегі екі нүкте жазуда түсіріліп, *u* түрінде беріледі (мыс., *ju, qu, xu*), алайда оқылымда міндетті түрде [у] болып айтылады. Ал *ü* жеке финаль ретінде қолданылғанда, алдында *y* әрпі жазылады (*yu*), бірақ фонетикалық мәні *[y]* күйінде сақталады. Тіл үсті дауыстыларынан айырмашылығы – бұл топта артикуляцияның негізгі жүктемесі тіл ұшына түседі. Қытай тілінде тіл ұшы дауыстылары екеу ғана, екеуі де ерін дөңгеленбеген, айырмашылығы- тіл ұшының алға немесе артқа ығысуында.

V v [vy] әрпі кирилл графикасында *В в* таңбасымен берілсе, латын негізді әліпбилерде *V* арқылы таңбаланады.

Пиньинде латын әліпбиіндегі 26 әріптің 25-ін ғана пайдаланады. Пиньинь транскрипция жүйесінде *V v* жоқ. Қытай тілінде *V v* таңбасы тек кірме сөздерді жазуда ғана қолданылады.

Y y [у] фонемасы кирилл графикасына негізделген әліпбилерде *Ыы* әрпі арқылы берілсе, латын жазуын қолданатын көптеген түркі тілдерінің әліпбилерінде бұл дыбыс *Yy* таңбасымен белгіленеді. Артикуляциялық тұрғыдан *Yy* [у] дыбысы жақтың аз ғана ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына байланысты бұл фонема қысаң дауысты дыбыстар қатарына жатады. Сонымен қатар тілдің ауыз қуысының артқы бөлігінде орналасуына байланысты бұл дыбыс тіл арты дауыстылар тобына кіреді. Негізгі артикуляциялық белгілері бойынша қысаң, езу және тіл арты дауысты дыбыс [129, 16 б.].

Zz [z] әрпі кирилл графикасында *З з* таңбасымен, ал латын негізді әліпбилерде Z z арқылы беріледі. Артикуляция бойынша *Z* дыбысы тіл ұшының күрек тістерге жақындауы арқылы жасалатын дауыссыз фонема. Жасалу орны бойынша ол тіл ұшы дауыссыздарына, жасалу тәсілі жағынан жуысыңқы дауыссыз ретінде сипатталады. Сонымен қатар дауыс желбезектері белсенді тербеліп, дыбысқа үн қосады, осыған байланысты ол ұяң дауыссыздар қатарына кіреді [129, 23 б.].

Z дыбысының негізгі артикуляциялық белгілеріне тіл ұшы арқылы жасалуы, жуысыңқы сипатқа ие болуы жатады.

Z z таңбасы қазақ-латын және пиньинь транскрипциялық жүйесінде бірдей кездеседі, екеуінде де «*з»* дыбысын таңбалайды. Тек қытай тілінде дыбыстағанда тіл ұшы үстіңгі күрек тістердің ішкі бетіне жеңіл тіреліп, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Ауа ағыны кедергі аймағына жеткен кезде тар саңылау пайда болып, ауа сол саңылаудан сығылып шығып, үйкеліс нәтижесінде дыбыс қалыптасады. Дыбыс алдымен жуысыңқы, кейін ызың фазадан өтеді. Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *z [ts]* – тіл ұшының алдыңғы позициясы, аспирациясыз, қатаң, аффрикат дауыссыз. IPA бойынша [ts] – қатаң, аспирациясыз альвеолярлы аффрикат. Мысалы: 在座 *(zàizuò)* 藏族 *(Zàngzú),* 造作 *(zàozuò),* 罪责 *(zuìzé),* 宗族 *(zōngzú),* 祖宗 *(zǔzōng).*

Ş ş [š] фонемасы кирилл графикасына негізделген әліпбилерде *Ш* әрпімен берілсе, латын графикасын пайдаланатын әліпбилерде тілдердің орфографиялық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі графемалармен таңбаланады. Мысалы, кейбір жазу жүйелерінде ол *Sh,* ал кейбірінде диакритикалық белгі арқылы *Ş* түрінде беріледі. Артикуляциялық тұрғыдан *Ş ş* [š] дыбысы тіл ұшының күрек тіс пен қызыл иек шекарасына жақындауы арқылы жасалады. Жасалу орны бойынша ол тіл ұшы дауыссыздарына жатады [129, 40 б.].

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *sh [ʂ]* – тіл ұшының артқы позициясы (ретрофлекс), қатаң, ызың (фрикатив) дауыссыз. Тіл ұшы қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне жақындап, тар саңылау қалдырады. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Ауа ағыны осы саңылаудан сығылып өтіп, үйкеліс нәтижесінде дыбыс тудырады. IPA бойынша *[ʂ]* қатаң, ретрофлексті фрикатив. Мысалы: 山水*(shānshuǐ),*闪失*(shǎnshī),*上身*(shàngshēn).*

Қазақ-латын әліпбиіндегі *Ş ş [shy]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *sh [ʂ]* графикалық жағынан айырмашылығы бар, ал дыбысталуы жағынан сәйкес келеді.

ch [ʈʂʰ] - тіл ұшының артқы позициясы (ретрофлекс), аспирациялы, қатаң, аффрикат дауссыз. Кедергінің түзілуі мен сақталуы *zh [ʈʂ]* дыбысына ұқсас: тіл ұшы қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне тіреліп немесе жақындайды, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Айырмашылығы – кедергі жойылған сәтте ауа ағынының айқын әрі екпінді түрде шығуы (аспирация). IPA бойынша [ʈʂʰ] қатаң, аспирациялы ретрофлексті аффрикат. Мысалы: 叉车（ *chāchē),* 拆除 *(chāichú),* 产出 *(chǎnchū),* 驰骋 *(chíchěng).*

zh [ʈʂ] - тіл ұшының артқы позициясы (ретрофлекс), аспирациясыз, қатаң, аффрикат дауыссыз. Тіл ұшы қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне тіреліп немесе жақындап, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Ауа ағыны кедергі аймағында тар саңылау арқылы шығып, үйкеліс тудырады. Артикуляция жуысыңқы және ызың фазалардың жылдам ауысуы арқылы жүзеге асады. IPA бойынша [ʈʂ] – қатаң, ретрофлексті аффрикат. Мысалы:战争 *(zhànzhēng),* 长者 *(zhǎngzhě),* 招展 *(zhāozhǎn),* 政治 *(zhèngzhì),* 主张 *(zhǔzhāng).*

Айта кететін маңызды жайт – *W, X, C* таңбалары ұлттық қазақ әліпбиінің құрамына кірмегенімен, олар кейбір мәтіндерде қолданылуы мүмкін. Сондықтан

латын графикасына негізделген қазақ пернетақтасында ағылшын әліпбиіндегі *W, X, C* таңбаларына арналған жеке түймешелер қарастырылады. Бұл әріптер негізінен цитаталық принцип бойынша жазылатын шетелдік атауларды, соның ішінде *Windows, Maxima, Coca-Cola* сияқты брендтер мен сауда маркаларының атауларын түпнұсқа графикасында беру үшін пайдаланылады. *W* таңбасы кейбір роман және герман тілдерінің әліпбилерінде *у* дыбысының мәнін бере алады. Алайда латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде бұл дыбыс *и* таңбасы арқылы белгіленетіндіктен, *W* таңбасын ұлттық әліпби құрамына енгізу қажеттілігі туындамаған.

Cc әрпі қытай тілінде *се* деп оқылады, орыс-кирилл әліпбиіндегі *Ц* (ағылшынша *TS* болып таңбаланып жүр) дыбысының айтылуына жуықтау келеді. Буынның басында, дауыстылардан бұрын келеді. Мысалы: *ca, ci, cao, can, ceng, cong, cuo, cun.* Жетілдірілген әліпбиде *Ц* дыбысын дәлме-дәл беретін таңба жоқ. Себебі бұл дыбыс *т* және *с* дыбыстарының жымдасуынан жасалған аффрикат дыбыс болып саналады, оны *S* таңбасымен береді. Ал қытай транскрипциялық әліпбиінде бұл таңба (*S*) да бар, бұл кирилл әліпбиіндегі *С* дыбысына сәйкес келеді: *sa, se, si, song, sun, suo, sui.*

Пиньинь транскрипциялық жүйесінде *c [tsʰ]* – тіл ұшының алдыңғы позициясы, аспирациялы, қатаң, аффрикат дауыссыз. Кедергінің түзілуі мен сақталуы *z* [ts] дыбысына ұқсас: тіл ұшы үстіңгі күрек тістердің ішкі бетіне тіреліп, толық кедергі жасайды. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолы жабылады. Айырмашылығы – кедергі жойылған сәтте ауа ағынының айқын әрі екпінді түрде шығуы (аспирация). IPA бойынша [tsʰ] (қатаң, аспирациялы альвеолярлы аффрикат). Мысалы: 从此 *(cóngcǐ),*草丛 *(cǎocóng),* 层次 (*céngcì),* 措辞 *(cuòcí).*

Пиньинь әріптер кестесінде (字母表) 26 әріптің реті мен әр әріптің қытай тіліндегі дыбыстық мәні берілген. Жүйені атау мен меңгеруді жеңілдету үшін әріптер кестесі енгізілген. Әріптердің орналасу реті латын графикасындағы дәстүрлі тәртіппен толық сәйкес келеді, дауысты мен дауыссыздардың алма-кезек берілуі кестені оқуға қолайлылық тудырады. Кестеде халықаралық тәжірибедегі әріп атаулары және қытай тілінің ерекшеліктері ескеріле отырып, әр әріптің атаулық дыбысталуы белгіленген және ол кестеде арнайы таңбалармен көрсетілген.

Пиньинь инициалдар кестесінде (声母表) буын басындағы жазылатын бірліктер, олардың оқылуы және үлгі иероглифтері берілген. Инициалдар кестесінде 21 дауыссыз инициал берілген, бұған қоса, әріптер кестесіне жеке енгізілмеген, бірақ инициал қызметін атқаратын үш қосымша таңба *zh, ch, sh* көрсетіледі. Бұл кестеде инициалдар *жасалу орны (артикуляция орны)* бойынша топтастырылады (мысалы, *b, p, m, f* – еріндік; *d, t, n, l* – тіл ұшы аймағындағы дыбыстар және т.б.).

Пинин финалдар кестесінде (韵母表) инициалдан кейінгі буындық бірліктер, олардың оқылуы, үлгі сөздер және қолданылу ережелері беріледі. Финалдар кестесінде 35 финаль берілгенімен, ол қытай тіліндегі барлық финалды толық қамтымайды. Кесте астындағы ескертпеге сәйкес «知、蚩、诗、

日、资、雌、思» сияқты жеті буынның финалы *i* арқылы беріледі, мұнда екі ерекше финаль бар: *z, c, s* дыбыстарымен тіркесетін *i* және *zh, ch, sh, r* дыбыстарымен тіркесетін *i*. Бұдан бөлек, *er* финалы жеке тұрғанда *er*, ал финаль соңы қызметінде *r* түрінде жазылады, сондай-ақ кей жағдайларда *ê* тәрізді бірліктердің жеке жазылуы көрсетіледі. Демек, қосымша 4 финаль ескерілуі тиіс, сондықтан кесте бойынша қытай тілінің финаль саны 39 деп қабылданады.

Кесте 3 - Қытай тілінің пиньинь транскрипциялық жүйесі мен қазақ-латын әліпбиінің сәйкестік кестесі

№	Пиньинь транскрипциялық жүйесі	Қазақ-латын әліпбиі	Графикалық сәйкестік	Фонетикалық сәйкестік
1	A a	A a	+	+
2	-	Ä ä	-	-
3	B b	B b	+	+
4	D d	D d	+	+
5	E e	E e	+	жартылай
6	F f	F f	+	+
7	G g	G g	+	+
8	-	Ğ ğ	-	-
9	H h	H h	+	+
10	İ i	İ i	+	жартылай
11	-	I ı	-	+ i
12	J j	J j	+	+жартылай
13	K k	K k	+	+
14	L l	L l	+	+
15	M m	M m	+	+
16	N n	N n	+	+
17	-	Ñ ñ	-	+ ng
18	O o	O o	+	+
19	-	Öö	-	-
20	P p	P p	+	+
21	Q q	Q q	+	-
22	R r	R r	+	+жартылай
23	S s	S s	+	+
24	T t	T t	+	+
25	U u	U u	+	+
26	-	Ūū	-	+жартылай
27	-	V v	-	-
28	Y y	Y y	+	-
29	Üü	Üü	-	+ u
30	Z z	Z z	+	+
31	-	Ş ş	+	+ sh
32	Cc	-	-	-
33	W w	-	-	-
34	X x	-	-	-

Кестеден аңғарғанымыздай, қытай тілінің пиньинь транскрипциялық жүйесі мен қазақ-латын әліпбиі арасында толық, жартылай және сәйкессіз қабаттардың қатар бар екенін көрсетеді. Графикалық тұрғыдан *a, b, d, e, f, g, h, i,*

j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, y, z таңбалары ортақ көрінгенімен, олардың барлығы бірдей фонетикалық тұрғыдан толық қабыса бермейді: толық графикалық әрі фонетикалық сәйкестік, негізінен, *a, b, d, f, g, h, k, l, m, n, o, p, s, t, z* сияқты бірліктерде айқын байқалады, ал *e, i, j, r* тәрізді таңбаларда дыбысталым тек жартылай ғана ұштасады. Дауыстылар қатарында қазақ-латындағы *ä, ö, ū, ı* әріптерінің пиньинде дербес графикалық баламасы жоқ, ал қытай тіліндегі *ü* дыбысы қазақ-латын жүйесіндегі *ü* арқылы берілгенімен, пиньинь қолданысында оның *u* таңбасымен де шартты түрде берілуі сәйкестікті күрделендіреді.

Дауыссыздар жүйесінде де осындай асимметрия бар: қазақ-латындағы *ğ, ŋ, ş* таңбалары пиньинде жеке әріп түрінде кездеспейді, олардың орнына *ng, sh* сияқты әріп тіркестері жұмсалады; керісінше, пиньинь құрамындағы *c, w, x* және әліпби құрамына жеке әріп ретінде енбейтін *zh, ch, sh, ng, q* тіркестері қазақ-латын графикасында тура балама таппайды. Осыдан қытай және қазақ жазу жүйелерінің арақатынасы таза графикалық ұқсастықпен шектелмейтіні, нақты сәйкестікті анықтауда әріптің таңбалануы ғана емес, оның дыбыстық мәні, буын ішіндегі қызметі және тіркесім мүмкіндігі де шешуші орын алатыны байқалады. Сондықтан пиньинь мен қазақ-латын әліпбиінің арақатынасын бағалауда толық сәйкестік, жартылай сәйкестік және сәйкессіздік ұғымдарын қатар қолдану ғылыми тұрғыдан неғұрлым дәл болады.

Қорыта айтқанда, пиньинь жүйесі мен қазақ-латын әліпбиінің арақатынасын салыстыру екі графикалық жүйенің сыртқы ұқсастығы әрдайым дыбыстық теңдікке әкелмейтінін көрсетті. Кейбір әріптер толық сәйкес келгенімен, бірқатар таңбалар мен дыбыс тіркестері тек шартты не жуық түрде ғана беріледі, ал кейбіреулеріне тікелей балама мүлде табылмайды. Бұл жағдай қытай тіліндегі дыбыстарды қазақ-латын графикасында таңбалауда графикалық ұқсастықтан гөрі фонетикалық мән, буындық қызмет және ұлттық орфографиялық норма басшылыққа алынуы қажет екенін дәлелдейді.

Екінші тарау бойынша қорытынды

Қытай тілі фонетикасы мен латыннегізді қазақ әліпбиінің арақатынасын қарастыру екі тілдің дыбыстық жүйесі сырттай ұқсас көрінгенімен, олардың ішкі ұйымдасу тетіктері мүлде бірдей еместігін көрсетті. Қытай тілінде фонетикалық құрылымның негізгі тірегі буын, инициаль-финаль үлгісі және тон болса, қазақ тілінде дыбыстық жүйе фонема, үндесім заңы, жуан-жіңішке және еріндік-езулік үйлесім арқылы реттеледі. Осы айырмашылық екі тілдің дыбыстық бірліктерін өзара салғастыруда тек жеке дыбыстардың ұқсастығына сүйену жеткіліксіз екенін, оларды буындық, просодикалық және фонологиялық жүйе аясында бірге қарастыру қажеттігін айқындады.

Қытай тілінің буындық-фонологиялық құрылымын талдау дыбыстардың тіркесімі қатаң шектелген, орны мен қызметі алдын ала жүйеленген құрылымға бағынатынын байқатты. Ал қазақ тілінде дыбыстардың тіркесімі морфемалық құраммен, сөздің тұтас әуезімен және сингармония заңымен тығыз сабақтасып жатады. Сондықтан қытай тіліндегі инициаль мен финальдың, сондай-ақ тонның қызметі қазақ тіліндегі дауысты-дауыссыз қатынасы мен үндестік заңына дәлме-

дәл балама бола алмайды. Бұл, әсіресе, *zh, ch, sh, r, j, q, x* тәрізді қытай дыбыстарын және қазақ тіліне тән жуан-жіңішке әуездік оппозицияларды салыстырғанда анық көрінеді.

Пиньинь жүйесі мен жетілдірілген қазақ-латын әліпбиі арасындағы сәйкестікті қарастыру графикалық ұқсастық пен фонетикалық сәйкестіктің үнемі қабыса бермейтінін дәлелдеді. Кейбір әріптер мен дыбыстар толық сәйкескенімен, едәуір бөлігі тек жуық түрде беріледі, ал бірқатарының тікелей баламасы мүлде жоқ. Осыдан қытай дыбыстарын қазақ жазуына көшіруде жай әріп алмастыру жеткіліксіз екені, мұнда дыбыстың артикуляциялық сипаты, буын ішіндегі орны, естілім ерекшелігі және қазақ тілінің орфографиялық нормасы міндетті түрде ескерілуге тиіс екені анықталды. Транслитерациялық сәйкестік механикалық көшіру үдерісі емес, екі тілдің фонетикалық жүйесін қатар пайымдауға негізделген тілтанымдық әрекет болып табылады.

Жалпы алғанда, қарастырылған мәселелер қытай тіліндегі дыбыстарды латыннегізді қазақ әліпбиінде бірізді таңбалаудың ғылыми негізі фонетикалық ұқсастықты ғана емес, типологиялық айырмашылықтарды да есепке алуға тиіс екенін көрсетті. Осы ұстаным қытай жалқы есімдері мен өзге де тілдік бірліктерді қазақ жазуына түсіруде дәлдік пен табиғилықтың, халықаралық стандарт пен ұлттық норма арақатынасының, графикалық тұрақтылық пен айтылымға жуықтықтың арасынан үйлесімді шешім табуды талап етеді. Сондықтан қытай фонетикасы мен қазақ әліпбиінің транслитерациялық сәйкестігін зерттеу тек теориялық мәнге ие емес, ол жаңа орфографиялық модельдерді орнықтыру мен практикалық жазу тәжірибесін жүйелеудің де маңызды алғышарты болып табылады.

3 ҚЫТАЙ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫН ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ МОДЕЛІ

3.1 Қытай ономастикалық атауларын шет тілдерінде транскрипциялау: халықаралық тәжірибе

Қытай ономастикалық атауларын шет тілдерінде транскрипциялау мәселесі қазіргі ономастика, аударматану және орфография тоғысындағы өзекті ғылыми бағыттардың біріне жатады. Бұл мәселе қытай тілінің иероглифтік жазу жүйесі, буындық-фонологиялық құрылымы, тондық ерекшелігі және ұлттық-мәдени мазмұны өзге тілдердің дыбыстық және графикалық жүйелерімен толық сәйкес келмейтіндігіне байланысты күрделене түседі. Сондықтан қытай жалқы есімдерін шет тілдерінде беру барысында олардың дыбыстық тұлғасын дәл жеткізу, халықаралық қолданыстағы нұсқаларын ескеру, ұлттық орфографиялық нормаға бейімдеу және мәдени-танымдық жүгін сақтау сияқты бірнеше талап қатар қойылады. Халықаралық тәжірибені қарастыра отырып, қытай ономастикалық атауларын транскрипциялаудың қалыптасқан үлгілерін, негізгі ұстанымдарын және әр тілдегі бейімделу тетіктерін айқындауға болады.

Қытай тілінің дыбыстық жүйесін таңбалау және иероглифтерге фонетикалық түсініктеме беру мақсатында көне дәуірден бүгінгі күнге дейін әртүрлі транскрипциялық тәсілдер қолданылып келді. «Қытай тілінің пиньинь жүйесі» қабылданғанға дейін Қытайда салыстыра бейнелеу әдісі (譬况法), оқылуы ұқсас иероглиф арқылы көрсету әдісі (读若法), тікелей дыбыстап көрсету әдісі (直音法), тон өзгерту әдісі (变调法), фанчие әдісі (қос иероглиф арқылы дыбыстау) (反切法), әліпбилік транскрипция әдісі (字母注音法) және т.б. әртүрлі тәсілдері қолданылды [141, 69 б.].

Бұдан шамамен 500 жыл бұрын Қытайдағы дүнгендер «сяозин» (小经) деп аталатын таңбалар жүйесін қолданған. Бұл жүйе араб графикасына негізделген әрі 36 әріптен тұрды, оның ішінде төртеуі арнайы жасалған таңбалар. Бұл жазу жүйесі қытай тілін алфавиттік негізде таңбалауға бағытталған алғашқы әрекет болып саналады. Бұл жазу жүйесі дұңсян, салар сияқты этностар арасында кеңінен қолданылды [142, 179 б.].

Бұдан кейін, Мин әулетінің соңғы кезеңінде Қытайға келген батыс христиан миссионерлері қытай тілін латын әріптерімен таңбалау тәжірибесін бастады. 1605 жылы италиялық иезуит дін қызметкері Маттео Риччи (Matteo Riccі, 1552-1610) Бейжіңде «Батыс әріптерінің кереметі» («西字奇迹») атты еңбегін жариялады [143]. Бұл еңбекте төрт қытай мәтінін латын әріптерімен транскрипция берілген. Бұл қытай иероглифтерін латын графикасымен дыбыстап беру туралы алғашқы баспа еңбектерінің бірі. Уақыт жағынан алғанда бұл тәсіл «Сяозиннен» кейін шыққанымен, өзінің ықпалдылығы мен жүйелілігімен ерекшеленеді. Аталған кітаптың түпнұсқасы бүгінде сирек кездеседі, алайда Ватикан кітапханасында сақталған көшірмесі бар деген дерек бар.

1626 жылы Франциядан келген иезуит миссионері Николя Триго (金尼阁, Nicolas Trigault) Ханчжоу қаласында «Батыстық конфуцийшіл ғалымдарға арналған есту және көру арқылы үйрену құралы» («西儒耳目资») атты еңбегін жарыққа шығарды. Бұл қытай иероглифтерін латын әріптерімен дыбыстық транскрипция берілген алғашқы сөздіктердің бірі болды. Онда қолданылған транскрипциялық жүйе Маттео Риччидің бұрынғы үлгісінің негізінде жетілдірілген.

Маттео Риччи мен Николя Тригоның транскрипциялық жүйелері «Гуаньхуа негізіндегі әдеби норма» (官话读书音) яғни, кітап оқу барысында қолданылатын ресми сөйлеу тіліне негізделіп жасалған. Бұл жүйе Бейжің диалектісінің фонетикасын дәл беруге бағытталған алғашқы транскрипциялау жүйелерінің бірі болды және өз дәуірінің қытай ғалымдарына үлкен ықпал етті. Алайда, соңғы екі-үш ғасыр бойы Риччи мен Тригоның транскрипциялау жүйелері негізінен батыс миссионерлер ортасында ғана қолданылып, қытай зиялылары арасында кеңінен таралмады.

1815 жылдан 1823 жылға дейін Гуанчжоуда миссионерлік қызмет атқарған ағылшын миссионері Роберт Моррисон (马礼逊, *Robert Morrison*) алғаш рет қытай-ағылшын сөздігін құрастырып, жарыққа шығарды. Бұл тарихтағы алғашқы қытай-ағылшын сөздігі болып есептеледі [144]. Сөздікте ол өз тарапынан жасалған пиньинь жүйесі арқылы қытай тілінің Гуаньдун диалектісін (кантон тілі) транскрипциялаған. Бұл транскрипция диалектілік миссионерлік романизация үлгісі болып саналады. Кейіннен Қытайдың әртүрлі өңірлеріндегі диалектілер үшін де аймақтық латынша жүйелер жасалып, таратыла бастады. Сямын қаласында қолданылған «Хуаинцзи» (话音字) деп аталатын осындай жүйе 1850 жылдан бастап кеңінен тарады. Тек 1921 жылы осы жүйемен дайындалған 50 мың дана оқулық пен материалдар басылып шықты. Жаңа Қытай мемлекеті құрылғанға дейін бұл транскрипцияны шамамен 100 мың адам қолданғаны туралы деректер бар.

Қытайдың оңтүстік аймақтарындағы ашық сауда порттарында басқа да диалектілерге арналған латын транскрипциялары таралған. Олардың негізгі мақсаты миссионерлік қызметті жеңілдету және Інжіл ілімін тарату болды.

1867 жылы Ұлыбритания елшілігінің хатшысы Томас Фрэнсис Уэйд (*Thomas F. Wade*) Бейжің диалектісі негізінде дайындалған «Тілді бастапқы деңгейден оқытуға арналған оқу құралы» («语言自迩集») атты оқу құралын жариялады. Ол қытай тіліндегі адам аттары, жер-су атаулары мен мәдени ұғымдарды латын әріптерімен транскрипциялауға арналған арнайы жүйе жасады. Бұл жүйе кейіннен оның есімімен «Вэйтуома жүйесі» (威妥玛式) деп аталып кетті және XX ғасырдың ортасына дейін кең қолданыста болды [145].

1931-1932 жылдары екі шетелдік миссионер «Лати ханзы» (辣体汉字) деп аталатын транскрипциялық жүйе ұсынды [146]. Бұл жүйе қытай тілін буын деңгейінде латын әріптерімен жазуға бағытталған және негізін ежелгі «Гуанюн» (广韵) фонетикалық сөздігіне сүйене отырып жасалған. Бұл жүйеде бірдей

дыбысталатын иероглифтер (同音字) әртүрлі графикалық түрде жазылып, диалектілік ерекшеліктерді нақты көрсетуге тырысқан [147].

Қытай тіліндегі иероглифтерді латын графикасымен транскрипциялау тәжірибесі кейінгі қытай транскрипциялау жүйесін қалыптастыруда маңызды практикалық негіз болды. Бұл жүйелер арқылы жинақталған әдістемелік және тілтанымдық тәжірибе XX ғасырдың басындағы транскрипциялау қозғалысының бастамаларына ықпал етті.

Қытай халқының өз тарапынан жасалған транскрипциялау реформасы мен тілдік жаңғырту қозғалысы Цин әулетінің соңғы кезеңіндегі «Чеинцзи» (切音字) қозғалысынан бастау алады. Иероглифтің нақты дыбысталуы қазіргі пиньинь сияқты әліпбимен емес, «фанче» (反切) тәсілі арқылы берілген, бірінші иероглифі инициальды (дауыссыз), екінші иероглиф финаль мен тонды көрсетеді. Осындай әдіспен дыбысталуы анықталған таңбалар «Чеинцзи» (切音字) деп аталады.

Апиын соғыстарынан кейін Қытай жартылай отарлық және жартылай феодалдық мемлекетке айналды. Елдің ұлттық тәуелсіздігіне төнген қауіп пен қытай өркениетін қайта жаңғыртуға деген ұмтылыс патриот зиялыларды терең мазалады. Бұл жағдай «білім арқылы ұлтты құтқару» идеясын алға тартқан қозғалыстарға түрткі болды. Осы кезеңде Лян Чичао (梁启超), Шэнь Сюэ (沈学), Лу Гуаньчжан (卢戇章), Ван Жао (王照) сынды ағартушы қайраткерлер қытай иероглифтерінің күрделілігі мен ауыр жазу жүйесі білім беру мен оқу-ағарту ісінің кең таралуына кедергі келтіріп отыр деп атап көрсетті. Олар жазуды жеңілдетіп, дыбыстық (фонетикалық) жазу жүйесіне көшу қажеттігін көтеріп, нәтижесінде «Чеинцзи» (切音字) қозғалысынан фонетикалық әріп жазуына көшу қозғалысы басталды.

Қытай тілін жеңілдету және транскрипциялауға көшу туралы идеялар Цин әулетінің соңғы кезеңінде пайда болып, ұлттың тағдыры мен оқу-ағарту ісін қайта құру мәселелерімен тығыз байланысты болды. Ел тағдырына алаңдаған бірқатар реформаторлар мен ағартушы зиялылар қытай жазуын дыбыстық негізде қайта құрудың қажеттігін нақты дәлелдермен негіздеп көрсетті.

Лу Гуаньчжан (1854-1928) - Қытайда фонетикалық жазу (пиньинь) жүйесін алғаш жасаған реформатор ретінде тарихта қалды. 1892 жылы ол Сямэнь қаласында «Бастапқы деңгейге арналған айқын (қарапайым) оқу құралы» («一目了然初阶») атты еңбегін жариялап, өзі жасаған «Қытайдың жаңа фанчие фонетикалық жазу жүйесін» (中国切音新字) ресми түрде ұсынды [148]. Бұл жүйе Сямын диалектісіне негізделіп жасалды. Онда латын әріптері мен олардың модификацияланған нұсқалары қолданылды. Жазу жүйесі бойынша дыбыстар қосарлана (екі құрамды) берілді, дауыссыз (声母) және дауысты (韵母) дыбыстар бөлек таңбаланды, көлденең бағытта солдан оңға жазылды, дауыссыз дыбыс оң жақта, дауысты дыбыс сол жақта орналасты, мұрын жолды дыбыстар мен тондарды көрсету үшін арнайы диакритикалық белгілер енгізілді, жүйеге қосымша Чюаньжоу (泉州) және Чаожоу (潮州) диалектілерінің дыбыстық ерекшеліктерін де қамтитындай кеңейту мүмкіндігі қарастырылды.

Лу Гуаньчжан иероглифтер туралы былай деген: *«Қазіргі әлемдегі ең қиын жазу жүйесі қытай иероглифтері болуы мүмкін»*, – деп сын айта келе, өзінің фонетикалық жазу жүйесі туралы: *«Егер әріптер мен транскрипция ережелері оқытылса, кез келген адам мұғалімсіз-ақ кез келген жазуды оқи алады»*, – дейді. Ол әрі қарай бұл жүйенің экономикалық және ұлттық пайдасын да ерекше атап көрсетеді: *«Осы арқылы адамдар 10 жылға жуық уақытын үнемдейді, ал бұл уақытты математика, жаратылыстану, химия және басқа да нақты ғылымдарға арнауға болады. Егер осылай болса, Қытайдың бай әрі қуатты мемлекетке айналуынан қауіп жоқ»* [148].

Алайда Лу Гуаньчжан иероглифтерді толықтай жоюды ұсынбады. Керісінше, ол: *«Фонетикалық жазу мен иероглифтер қатар өмір сүрсін»*, – деген ұстанымды ұстанды. Кейінірек ол «Бейжің фонетикасын қытай әріптерімен берілген оқу құралы» («中国字母北京切音教科书») және «Қытай әріптерімен берілген Бейжің фонетикасының біріктірілген жинағы»» («中国字母北京切音合订») атты еңбектерін жарыққа шығарады. Бұл еңбектерде ол өзінің фонетикалық жазу жүйесіне ресми тіл гуанхуаны (Бейжің диалектісі негізінде жасалған) қолданды.

XX ғасырдың әр кезеңінде халықаралық ғылыми айналымда екі ірі жүйе қалыптасты: Қытай Халық Республикасында ресми түрде бекітілген *қытай тілінің пиньинь* (汉语拼音) жүйесі [138], Батыс синологиясында ұзақ уақыт үстемдік еткен *Уэйд-Джайлс* (威妥玛) жүйесі [149]. Аталған жүйелердің әрқайсысы қытай фонемаларын беру стратегиясы, графикалық репрезентация тәсілдері және коммуникативтік тиімділігі тұрғысынан бір-бірінен айқын ерекшеленеді.

ҚХР құрылғаннан бері тіл реформасы жұмыстары елдің модернизациялану үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып келеді. Өткен ғасырдың 1950-жылдарында Қытайдағы тіл реформасы үш ірі нәтижеге қол жеткізді: иероглифтерді ықшамдау, ортақ ұлттық тіл путоңхуаны кеңінен тарату және «Қытай тілінің пиньинь жүйесін» әзірлеп, ресми түрде қабылдау.

Қазіргі кезеңде пиньинь жүйесі қытай иероглифтерін транскрипциялауда көмекші құрал ретінде қолданылады, ол дербес фонетикалық жазу жүйесі ретінде қызмет етпейді. Пиньинь жүйесінің қолданылу аясы барған сайын кеңейіп келе жатқаны сөзсіз. Алайда қытай жазу жүйесін түбегейлі реформалау аса күрделі әрі ұзақ мерзімді тарихи міндет. Болашақта пиньинь транскрипциялау жүйесі қытай иероглифтерімен тең дәрежеде қолданыла ма әлде иероглифтердің орнын баса ма, не болмаса пиньиньнің өзін де басқа бір фонетикалық жүйе алмастыра ма, мұның барлығы тек ұзақ мерзімді практикалық тәжірибе нәтижесінде ғана айқындалатын мәселелер. Бұл сұрақтар бойынша қазіргі кезеңде нақты әрі шұғыл шешім қабылдау мүмкін емес.

Пиньинь транскрипциялау жүйесінің әртүрлі қоғамдық салаларда кеңінен қолданыла бастауы оның орфографиясы мен жазу нормаларын әзірлеу қажеттілігін алға тартты. Осыған орай, 1970-жылдардан бастап, Қытайда пиньиньнің орфографиялық ережелері мен дұрыс жазу мәселесі бойынша арнайы зерттеулер жүргізіле бастады. Шын мәнінде, бұл мәселе Цин әулетінің

соңғы кезеңінде-ақ қарастырыла бастаған болатын. Бұл кезеңдегі бірқатар реформаторлар мен лингвистер фонетикалық жазуды жүйелі қалыптастыру жолында алғашқы қадамдар жасалған. Алайда бұл кезеңде пиньинь орфографиясының теориялық негіздері жүйелі түрде қалыптаса қоймаған еді, зерттеулер интуитивтік, эмпирикалық деңгейде ғана жүзеге асырылды. Сөздерді біріктіріп жазудың нақты ережелері мен жүйеленген нормалары әлі бекітілмеген болатын, сондықтан толыққанды орфографиялық теорияны қалыптастыру мәселесі сол кездің еншісінде қалған.

1928 жылы, қыркүйектің 26-сы күні Қытай үкіметі «Ұлттық тілдің латын графикасындағы транскрипция нұсқасын» («国语罗马字方案») ресми түрде бекітті. Бұл жүйе латын әріптері арқылы қытай тілін транскрипциялау, дыбыстық тондарды арнайы әріптік таңбалармен көрсету, фонетикалық жазуға жақындаған жүйелік сипат иеленуімен ерекшеленді. Алайда, бұл жүйе кең көлемде тарала алмай, іс жүзінде шектеулі ауқымда ғана қолданылды. Ұлттық тілдің латын графикасындағы транскрипциясын енгізу қозғалысы (国语罗马字运动) барысында Ли Цзиньси пиньинь орфографиясының дамуына ерекше үлес қосты. Ол алғашқылардың бірі болып «Сөз таптарына негізделген байланыстырып жазу» (词类连书) тұжырымдамасын ұсынып, «Күрделі сөз таптарының құрамы» (复音词类构成表) атты жүйеленген кестені жасады және дұрыс жазу ережелерінің алғашқы қағидаларын қалыптастыруға тырысты [22, 89 б.].

Бұл бағыттағы ғылыми ізденістерді нақты деректермен байытқан еңбектердің бірі Лу Чживейдің (陆志韦） «汉语的构词法» («Қытай тілінің сөзжасам жүйесі») атты еңбегі [150]. Бұл еңбек пиньинь орфографиясын зерттеуге арналған өте құнды материалдар жинағын ұсынады. Сонымен қатар, Чжоу Югуан (周有光) өзінің әйгілі «Қытай иероглифтерін реформалауға кіріспе («汉字改革概论») атты еңбегінде пиньиньнің орфографиялық теориясы мен әдістеріне кешенді талдау жасап, бұл салада теориялық іргетастың қалануына үлкен үлес қосты [151]. Пиньинь жүйесі жарияланғаннан кейін жарық көрген келесі еңбектер де орфографиялық тәжірибе жинақтауға септігін тигізді: «现代汉语词典» («Қазіргі қытай тілі сөздігі») [152], «汉语拼音词汇» («Қытай пиньинь сөздігі») және басқа да пиньинмен жазылған оқулықтар мен материалдар. Аталған басылымдардың барлығы сөздерді байланыстырып жазу әдісін ұстанып, қазіргі қытай пиньинь орфографиясының қалыптасуына маңызды практикалық негіз қалады.

1982 жылы Қытайда «Пиньинь орфографиясы жөніндегі комитет» (汉语拼音正词法委员会) ресми түрде құрылды. Бұл комитеттің басты мақсаты пиньинь транскрипциялау жүйесіне негізделген орфографиялық нормаларды әзірлеу және бекіту болды. Комитеттің басты ұстанымдары мынадай болды: пиньинь орфографиясы қазіргі қытай тілінің грамматикасында анықталған «сөз» ұғымын жазудың негізгі бірлігі ретінде қабылдауы, мәтіннің оқылуы мен түсінілуі жеңіл болуы назарда ұсталуы, Халықаралық транскрипция тәжірибесіндегі кейбір қалыптасқан жазу дәстүрлері ескерілуі тиіс. Комитет бұрынғы жеке және

ұжымдық ұсыныстарды, пиньинь жүйесіне негізделген оқулықтар мен сөздіктерді, сондай-ақ ақпараттық технологиялардағы пиньинге негізделген мәтін өңдеу тәжірибелерін мұқият саралап шықты.

1996 жылғы 22 қаңтарда Қытай Мемлекеттік техникалық қадағалау басқармасы «Қытай пиньинь орфографиясының негізгі ережелері» («汉语拼音正词法基本规则») [138] құжатын ұлттық стандарт ретінде бекітті. Бұл үдеріс пиньинді қолданудың институционалдық, нормативтік және тілдік негіздерін қалыптастырды, әрі оны мемлекеттік стандарт деңгейіне көтеру арқылы ұлттық және халықаралық коммуникацияда тұрақты, бірізді транскрипция жүйесін қамтамасыз етті.

1986 жылғы қаңтарда, Қытай Мемлекеттік тіл және жазу істері комитетінің сол кездегі төрағасы Лю Даошэн (刘导生) «Жаңа кезеңдегі тіл және жазу саласындағы жұмыстар» атты баяндамасында пиньинь жүйесіне қатысты мемлекеттік ұстанымды нақтылап айтты: «Қытай тілінің пиньинь транскрипциялау жүйесі» мемлекет ресми түрде бекіткен, заңдық күші бар стандарт болып табылады. Бұл жүйе тарихи тәжірибеге сүйеніп жасалған және оның жарияланғаннан кейін ел ішінде де, шетелде де кеңінен қолданылғанын көрсететін жүйе. Пиньинь − терең тарихи және әлеуметтік негізі бар, ғылыми және практикалық маңызы зор жүйе. Сондықтан біз оны барынша белсенді түрде насихаттап, кеңінен қолдануымыз керек, ал оны түбірінен өзгертіп, жаңа жүйе жасау шынайы жағдайда мүмкін емес. «Қытай тілінің пиньинь транскрипциялау жүйесін» әрі қарай дамыту қоғам мен ғылым-техниканың дамуынан туындаған объективті қажеттілік. Осылайша, 1986 жылдан бастап пиньинь жүйесі тіл саясатының орталық құралы ретінде заңдық әрі техникалық деңгейде бекітіліп, оның қолданылуын тереңдету мен техникалық бейімдеу міндеттері мемлекеттік маңызға ие болды [153].

Лю Даошэнның баяндамасы Қытай үкіметінің пиньинь транскрипциялау жүйесіне қатысты қазіргі кезеңдегі ресми ұстанымын айқын білдірді. Бұл ұстаным бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталып келе жатыр және жаңа Қытай құрылған алғашқы онжылдықтардағы саясаттан біршама ерекшеленеді.

Пиньинь транскрипциялау жүйесі Қытайдың тіл және жазу саясатының ажырамас құрамдас бөлігі болып қалды. Бұл саясат 1950-жылдардан бастап жалғасып келе жатқан ұзақ мерзімді стратегиялық бағыт және бір жағынан, қытай жазуын реформалау мен жеңілдетуді көздесе, екінші жағынан, қытай иероглифтерінің тарихи және мәдени маңызын сақтауды да жоққа шығармайды.

Лю Даошэнның баяндамасында Қытай тіл саясатының жаңа бағыты айқын байқалды. Бұл баяндамада Мао Цзэдун кезінде жарияланған «транскрипциялау бағыты» (拼音化方向) туралы ешбір еске алынбады. Оның орнына тек пиньинь транскрипциялау жүйесінің қолданылу аясын кеңейту қажеттігі ғана атап өтілді. Бұл жағдай Қытай үкіметінің пиньинге қатысты бастапқы идеологиялық саясатынан бас тартқанын көрсетеді. Пиньинь енді қытай жазуының болашақтағы баламасы ретінде қарастырылмайды, ол тек иероглифтерге қосымша, көмекші құрал ретінде ғана бағаланады. Осыған сәйкес, қытай иероглифтері негізгі, заңды түрде бекітілген жазу жүйесі, ал пиньинь заңдық

мәртебесі жоқ, көмекші сипаттағы транскрипциялық жүйе ретінде қарастырылады. Нәтижесінде, 1986 жылғы бүкілқытайлық тіл және жазу мәселелері жөніндегі кеңестен кейін пиньинь мен иероглифтердің тең мәртебесі ресми түрде тоқтатылды. Пиньинь жүйесі иероглифтерге бағынышты құрал ретінде орнықты және оны болашақта негізгі жазу жүйесіне айналдыру идеясынан ресми түрде бас тартылды. Бұл саясаттың тұжырымдамалық бағыты мен үні Мао Цзэдун кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай «төмендетілді», яғни пиньинді иероглифтерді алмастыратын жазу емес, қосымша практикалық құрал ретінде қарастыру басым болды.

1986 жылғы 31 мамырда Қытай Халық Республикасының Білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Тіл және жазу істері жөніндегі мемлекеттік комитеті қабылдаған «Бүкілқытайлық тіл және жазу мәселелері жөніндегі кеңес хаттамасында» Қытай жазу жүйесіне қатысты ресми ұстаным одан әрі нақтыланды. Бұл құжатта пиньиннің нақты мәртебесі мен шектеулі рөлі анық көрсетілген: пиньинь − қосымша, көмекші құрал, оны пайдалану міндетті емес, нақты жағдайдың қажеттілігіне байланысты. Ал қытай иероглифтері Қытайдағы жалғыз заңды және міндетті түрде қолданылатын жазу жүйесі ретінде белгіленді. 1986 жылғы мемлекеттік деңгейдегі қаулы пиньинь мен иероглифтердің арасындағы қатынасты нақты институционалдық шекарамен бөлді: пиньинь − көмекші, икемді құрал, иероглиф − негізгі, заңды, міндетті жазу жүйесі.

Бірізді романизация қағидатының ұсынылуы халықаралық қатынастардың жалпы даму үрдісіне сай туындаған. XX ғасырдың 1960-жылдарында Біріккен Ұлттар Ұйымының Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы халықаралық байланысқа қолайлы, сонымен қатар әр ұлттың мүддесіне нұқсан келтірмейтін, әрі жер шарындағы әрбір географиялық атаудың тек бір ғана жазылу нұсқасы болуын қамтамасыз ететін жолдарды іздей бастады. 1967 жылы өткен Географиялық атауларды стандарттау жөніндегі БҰҰ-ның екінші конференциясында мемлекеттер мен аймақтар халықаралық қатынаста рим (латын) әліпбиін қолдануға, яғни әрбір географиялық атаудың тек бір ғана латынша жазылу нұсқасын пайдалануға тиіс деген шешім қабылданды. Бұл қағида «бірізді романизация» деп аталды. Жаңа Қытайдың дамуына байланысты халықаралық қоғамдастыққа кеңінен енуі қажеттілігі арта түсті, ал тіл мен жазудағы айырмашылықтар халықаралық байланысты нығайтуда шешілуі тиіс маңызды мәселе болды. Осы тұрғыдан алғанда, Қытайдың пиньинь жүйесін жасап, оны ресми түрде бекітіп, оның беделді ұлттық стандарт ретіндегі мәртебесін айқындауы халықаралық коммуникацияға дайындықтың маңызды бөлігі еді.

1972 жылы-ақ КСРО және кейбір басқа елдер Географиялық атауларды стандарттау жөніндегі БҰҰ-ның екінші конференциясында Қытай географиялық атауларын латын әріптерімен жазуда пиньинь жүйесі қолдануды ұсынған болатын, алайда бұл ұсыныс Ұлыбритания мен АҚШ бастаған бірқатар елдердің қарсылығына ұшырап, қабылданбай қалды. 1973 жылы премьер-министр Чжоу Эньлай Қытай географиялық атауларын жазуда пиньинь жүйесінің дұрыстығын тағы да ерекше атап өтті.

Қытай географиялық атауларын пиньинь арқылы жазудың халықаралық деңгейде мойындалуы үшін Қытай үкіметі ұзақ әрі табанды жұмыстар жүргізді. Ақырында, 1977 жылы өткен Географиялық атауларды стандарттау жөніндегі БҰҰ-ның үшінші конференциясында Қытайдың бұл талабы қолдау тапты. Конференция қарарында былай деп көрсетілді: «Конференция «қытай тілінің пиньинь жүйесінің» Қытайда заңды түрде қабылданған романизация жүйесі екенін және Қытайдың «Қытай географиялық атауларын пиньинь әріптерімен жазу ережелерін» бекіткенін мойындайды», сондай-ақ пиньинь жүйесі лингвистикалық тұрғыдан толық әрі Қытай географиялық атауларын латын әріптерімен жазуда ең қолайлы әдіс екені атап өтіледі.

1979 жылы БҰҰ Хатшылығы арнайы хабарлама жариялап, онда: «1979 жылғы 15 маусымнан бастап БҰҰ Хатшылығы Қытай Халық Республикасының адам есімдері мен географиялық атауларын латын әріптерімен беру үшін «қытай тілінің пиньинь жүйесін стандарт ретінде қолданады» деп мәлімдеді. Ал 1982 жылы Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) 46-техникалық комитеті «Құжаттама - қытай тілін латын әріптерімен беру ережелері» (ISO 7098) атты халықаралық стандартты дауыс беру арқылы қабылдады.

«Қытай тілінің пиньинь жүйесі» қабылданғаннан бастап, 1996 жылғы «Қытай пиньинь орфографиясының негізгі ережелеріне», одан кейін 2012 жылғы жаңартылған «Қытай пиньинь орфографиясының негізгі ережелеріне» дейінгі жарты ғасырдан астам уақыт ішінде Қытайдағы тілдің модернизациясы мен қытай тілін стандарттау реформасы жүйелі түрде жүргізіліп, біртіндеп тереңдей түсті. Теориялық зерттеулердің түпкі мақсаты – практикалық қолданысқа қызмет ету. Орфография ережелерінің жаңа нұсқасы жарияланғаннан кейін көптеген ғалымдар мен мамандар негізгі ережелерді түсіндіруге және қытай пиньинь жазу нормаларының сақталуын бақылауға ерекше назар аудара бастады. Қазіргі уақытта қытай пиньинь жазуы ұлттық стандарттармен реттелгенімен, қытай тіліндегі жалқы есімдердің жазылуында әлі де көптеген мәселелер сақталуда. Аталған құжат пиньинь жүйесінің қытай тілін латын әріптерімен жазудағы ең беделді ұлттық стандарт екенін де айқындайды.

Қытай тіліне негізделген пиньинь жүйесі енгізілген соң, Қытайдың құрлықтық бөлігіндегі көптеген жер-су атаулары латын әріптерімен яғни, пиньинь транскрипциясы бойынша жазыла бастады. Бұл тәсіл, стандартты тіл ретінде қарастырылатын путуңхуа кеңінен қолданылатын өңірлерде айтарлықтай қарсылық туғызбады. Тіпті көптеген аз ұлт өкілдері тұратын өңірлерде де, жергілікті тілдердегі атаулар қолданылмай, қытай иероглифтерінің пиньинь нұсқасы ресми транскрипция ретінде қабылданды. Мысалы, Юньнань провинциясындағы Сишуаңбанна атауы бастапқыда тай тілінен шыққан *sipsongpanna* (мағынасы: «он екі мың»), алайда ресми латынша транскрипцияда бұл атау қытай иероглифтерінің пиньинь оқылымы бойынша «*Xishuangbanna*» деп жазылады.

Пиньинь негізінен қытай тілі үшін жасалған және оны басқа қытай диалектілерін жазу үшін қолдану біршама қиындықтарға әкеледі. Ал моңғол, ұйғыр, тибет тілдері сияқты қытай тілінен дыбыстық жүйесі қатты

ерекшеленетін тілдерде бұл мәселе одан әрі күрделенеді. Осыған байланысты, аз ұлт тілдеріндегі жер атауларын пиньинь арқылы транслитерациялау үшін арнайы ережелер бекітілген.

Пиньинь жүйесінің ерекшелігі латын әліпбиін қолдану арқылы қытай тілінің ерекше дыбыстық жүйесін беруі. Ван Лицзя көрсеткендей, кейбір дыбыстарды дәл беру мүмкін емес, өйткені қытай тілінің дыбыстық жүйесі еуропа тілдерінен едәуір өзгеше. Сондықтан әріп пен дыбыстың сәйкессіздігі халықаралық фонетикалық транскрипция тәжірибесінде де жиі кездеседі. Мысалы, қытай тіліндегі *[ɕ]* дыбысы «*x*» әрпімен, *[tɕʰ]* дыбысы «*q*» әрпімен белгіленеді.

Пиньинь транскпипциялық жүйесінің ғылыми негізі фонетика мен фонология заңдылықтарын ұтымды ұштастыру. Ван Лицзя пиньинь жүйесі фонетикалық транскрипциядан толық сәйкес болуды мақсат етпейді, бірақ тіл үйренушіге маңызды дыбыстық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік береді деп санайды.

Әріп дыбысты білдіреді, бірақ ол толықтай дыбысқа тең емес. Қытай пиньиньін құрастыру кезінде латын әріптерінің шектеулігі мен орфографиялық талаптарға байланысты кейде бір әріп бірнеше түрлі дыбысты белгілесе, кейде әртүрлі әріптер бір дыбысты бере алады, тіпті кейбір әріптер дыбысты білдірмей қалуы мүмкін немесе керісінше, дыбыс бар да, оған сәйкес әріп болмайды. Сондықтан әріптің жазылу формасы нақты дыбыспен толық сәйкеспеуі халықаралық тәжірибеде жиі кездесетін құбылыс.

Пиньинь транскпипциялық жүйесі фонетика мен фонологияға негізделіп жасалған. Егер әріп пен дыбыстың байланысын фонема мен позициялық варианттар тұрғысынан қарастырсақ, олардың арақатынасы өте түсінікті және жүйелі. Әріп жүйесі, яғни әріптерді дыбыстау мен сөздерді жазуда қолдану жүйесі, фонетика мен фонологиядағы транскрипциялық жүйемен бірдей емес. Сондықтан пиньинь жобалауда фонеманы топтастырудың негізгі қағидаттары бұзылмаған жағдайда, басты назар әріп пен дыбыстың сәйкестігіне аударылады: бір жағынан, латын әріптерінің халықаралық оқылу дәстүріне жақын болу керек, екінші жағынан, қытай тілінің өзіне тән дыбыстық ерекшеліктері мен 90 жылдан астам уақыт бойы қалыптасқан пиньинь дәстүріне сай келуі шарт. Сонымен қатар, пиньинь жүйесінде әріптердің пішіні айқын болуы, жазылуы жеңіл әрі әріпті үнемді пайдалану сынды факторлар да маңызды рөл атқарады.

Пиньинь транслитерациясының құрылымы (ISO 7098 стандарты бойынша): 声母 (инициаль) – буынның басындағы дауыссыз дыбыс: *b, p, m, f, d, t, n, l, g, k, h, j, q, x, zh, ch, sh, r, z, c, s*. 韵母 (финаль) – буынның негізгі (дауысты) бөлігі: *a, o, e, i, u, ü, ai, ei, ao, ou, an, en, ang, eng, ong, ia, ie, uo, üe,* т.б. 声调 (тон) – төрт тон мен бейтарап тон бар.

Жоғарыда сипатталған құрылым пиньинь қытай тілінің дыбысталуын белгілеуге арналған транскрипциялық құрал болып саналады. Алайда әлем тілдерінде дыбыстарды таңбалаудың әртүрлі жүйелері бар. Тіпті бір ғана тіл шеңберінде де транскрипциялық жүйелер дыбыстық таңбалардың санын үнемдеу мақсатында бір әріп арқылы бірнеше түрлі дыбысты белгілеуі мүмкін.

Мысалы, қытай тіліндегі *ban*（班）және *bang*（帮）буындарында *a* әрпі бірдей жазылғанымен, нақты артикуляцияда олардың дауысты сапасы толық сәйкес келмейді. Сонымен қатар әртүрлі тілдерде бір ғана дыбыс әрқилы графемалармен берілуі мүмкін: мысалы, ағылшын тіліндегі *sh*, француз тіліндегі *ch*, неміс тіліндегі *sch,* поляк тіліндегі *sz*, чех тіліндегі *š* графемалары фонетикалық тұрғыдан бірдей *[ʃ]* дыбысын білдіреді. Осыдан «нақты айтылымды әмбебап әрі дәл таңбалайтын жүйе бар ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Мұндай жүйе ретінде Халықаралық фонетикалық әліпби – IPA (International Phonetic Alphabet) қызмет етеді. IPA − әлем тілдерінің дыбыстық жүйесін бірізді және ғылыми тұрғыдан дәл белгілеуге арналған әмбебап транскрипциялық жүйе. Ол халықаралық қолданыстағы латын графикасына негізделген және алғаш рет 1888 жылы Халықаралық фонетикалық қауымдастық (International Phonetic Association) тарапынан бекітілген. Кейін бірнеше мәрте толықтырылып, жетілдіріліп, қазіргі уақытқа дейін қолданылып келеді. Ұлттық транскрипциялық жүйелермен салыстырғанда IPA-ның негізгі қағидасы - «бір дыбыс – бір таңба» (one sound – one symbol) принципі. Бұл дегеніміз әрбір фонемаға бір ғана таңба сәйкес келеді және әрбір таңба тек бір фонеманы білдіреді, Осы қасиетінің арқасында IPA әртүрлі тілдер мен диалектілердің дыбыстық жүйесін ғылыми дәлдікпен тіркеуге, салыстыруға және типологиялық тұрғыдан талдай аламыз. Мысалы, қытай тіліндегі *ban* және *bang* буындарындағы *a* дауыстылары IPA арқылы жеке таңбаланып, артикуляциялық айырмашылығы нақты көрсетіледі. «Бір дыбыс – бір таңба» принципі IPA таңбаларының санын кез келген ұлттық әліпбиден әлдеқайда мол етеді.

IPA-ны меңгеру тіл оқыту мен лингвистикалық зерттеулер үшін аса маңызды. Әсіресе тіл мамандары мен оқытушылар үшін халықаралық фонетикалық әліпбиді кәсіби деңгейде қолдану қажеттілігі туындайды. Қытай тіліндегі кейбір дыбыстардың артикуляциялық айырмашылығын нақты көрсету мақсатында пиньинь жазылымынан кейін IPA транскрипциясын қосымша беру тәжірибесі жиі қолданылады. IPA таңбалары дәстүрлі түрде шаршы жақшада [ ] жазылып, басқа транскрипциялық жүйелерден ажыратылып көрсетіледі.

Пиньинь жүйесі мен Халықаралық фонетикалық әліпби (IPA) қытай тілінің фонемаларын белгілеуде бірдей таңбаларды барлық жағдайда қолданбайды. Көптеген дыбыстарда қолданылатын графемалар бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Дауыссыздар жүйесін салыстыратын болсақ, екі транскрипциялық жүйеде таңбалары толық сәйкес келетін дыбыстар саны шектеулі. Атап айтқанда, пиньинь мен IPA-да бірдей таңбаланатын дауыссыздар тек: *m [m], n [n], l [l], f [f], s [s].*

Пиньинь жүйесінде аспирациялы және аспирациясыз дыбыстар әртүрлі әріптер арқылы белгіленеді, ал IPA-да аспирация негізгі таңбаға диакритикалық белгі қосу арқылы беріледі (яғни үстіңгі оң жақта [ʰ] белгісі қойылады). Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 4 - Пиньинь жүйесіндегі аспирациялы және аспирациясыз дыбыстар

Пиньинь	IPA (аспирациясыз)	Пиньинь	IPA (аспирациялы)
b	[p]	p	[p^h]
d	[t]	t	[t^h]
g	[k]	k	[k^h]
j	[tɕ]	q	[$tɕ^h$]
zh	[tʂ]	ch	[$tʂ^h$]
z	[ts]	c	[ts^h]

Бұдан өзге де бірқатар дауыссыздарда графемалық айырмашылықтар бар: *– h → [x], – x → [ɕ], – sh → [ʂ], – r → [ɻ].*

Пиньинь жүйесіндегі *ng* тіркесі бір ғана фонеманы білдіреді, ал IPA-да ол дербес мұрынды велярлы дыбыс ретінде [ŋ] таңбасымен беріледі. Дауысты дыбыстарға қатысты таңбалық айырмашылықтар финальдар жүйесін талдау барысында арнайы қарастырылады. Пиньинь мен IPA арасындағы графемалық айырмашылықтарды нақты ажырату қытай фонетикасын ғылыми тұрғыдан сипаттауда, оқытуда және транскрипциялық бірізділікті сақтауда шешуші мәнге ие. IPA жүйесінің артикуляциялық дәлдігі мен «бір дыбыс - бір таңба» принципі фонологиялық талдаудың объективтілігін қамтамасыз етеді, ал пиньинь жүйесі практикалық оқыту мен стандартты жазылымда ыңғайлы құрал. Бұл айырмашылықтарды ескермеу фонетикалық интерференцияға,транскрипциялық қателерге және орфоэпиялық нормалардың бұзылуына алып келуі мүмкін.

Уэйд-Джайлс транскрипциясының ерекшелігі

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кеңінен қолданылған жүйелердің бірі - Уэйд-Джайлс транскрипциясы (威妥玛) болды [157]. Бұл жүйе ағылшын тілді миссионерлер мен синологтар тарапынан жасалып, ұзақ уақыт бойы халықаралық ғылыми әдебиеттерде үстемдік етті. Мысалы, қазіргі Пиньиндегі *Beijing* атауы Уэйд-Джайлс жүйесінде *Peking* түрінде берілді. Осы жүйенің ықпалымен көптеген қытай топонимдері мен антропонимдері еуропа тілдеріне экзоним түрінде енді. XIX ғасырдың соңына дейін қолданылған басқа латындандыру жүйелерінен ерекшелігі Уэйд-Джайлс жүйесі Нанкин диалектісіне емес, Бейжің диалектісіне негізделіп жасалған. Бұл транскрипция XX ғасыр бойы көптеген батыс елдерінде кең қолданысқа ие болды және ұлттық жазу жүйелеріне сүйенген басқа жүйелермен қатар пайдаланылды. Қытай туралы анықтамалықтар мен монографиялар, сондай-ақ екітілді сөздіктер, мысалы, Тэцудзи Морохаси жетекшілігімен құрастырылған әйгілі қытай-жапон сөздігі де Уэйд - Джайлс транскрипция жүйесін қолдана отырып жасалған.

Жүйенің негізгі ерекшеліктеріне тондарды белгілеу жатады, яғни әрбір буыннан кейін үстіңгі индекс ретінде берілетін сандар арқылы көрсетілген: *ma¹, ma², ma³, ma⁴*. Сондай ақ, Уэйд-Джайлс транскрипция жүйесінің маңызды ерекшеліктерінің бірі − апострофтарды қолдану арқылы осы айырмашылықты көрсету. Мысалы: *p’, t’, k’, ts’, ch’* – аспирациялы дыбыстар, ал *p, t, k, ts, ch* – аспирациясыз дыбыстар; ретрофлекс аффрикаттар *[tʂ]/[tʂʰ]* және таңдай

аффрикаттар [tɕ], [tɕʰ] *ch* және *ch’* әріптік тіркестерімен беріледі. Артынан келетін дауысты дыбысқа қарай ажыратылады, таңдай аффрикаттардан кейін *i* [і] және *ü* [у] келеді: *chi [tɕi], ch’ü [tɕʰy]*; ретрофлекс аффрикаттардан кейін басқа дауыстылар келеді: *chih [tʂɨ], ch’u [tʂʰu], cha [tʂa]*. Бұл жүйеде *i* тиісінше *i, ü* және *ih* таңбаларымен белгіленеді. Бұл тәсіл басқа транскрипциялық жүйелерден өзгеше. Мысалы, пиньинде *i* әрпі бір ғана фонема ретінде қарастырылып, үш түрлі аллофонда қосымша дистрибуцияда қолданылады. Сөздерді бөлу және буын шекарасы: сөздер бір-бірінен бос орын арқылы бөлінеді, ал көпбуынды сөздердің буын шекарасы дефис (−) арқылы көрсетіледі.

Уэйд - Джайлс жүйесінің басты артықшылығы оның XIX ғасырда Бейжің диалектісі негізінде жасалған алғашқы транскрипциялық жүйелердің бірі болуы. Сол кезеңде Бейжіндік айтылым ресми стандарт ретінде әлі толық мойындалмаса да, бұл жүйе табысты болды. XIX ғасырдың соңына қарай Нанкин диалектісі өзінің бұрынғы маңызын жоғалтып, тек қытайлық ғалымдар мен қытайтанушы батыс зерттеушілер тарапынан ғана қытай тілін латындандырудың негізі ретінде қолданылып келді. Шведтің белгілі лингвисті Бернхард Каргрен Уэйд - Джайлс жүйесінің тағы бір маңызды артықшылығы оның «халықаралық сипаты» барын айтады. Ол былай деп жазады: «Бұл транскрипция жүйесін жасаудағы басты қағида ең кең таралған үш еуропалық тілдің (ағылшын, француз және неміс) таңбаларын пайдалану болды. Кез келген қажетті сөздің қысқа әрі халықаралық деңгейде түсінікті транскрипциясын жасауға мүмкіндік туды» [93]. Мысалы, ағылшын тіліндегі *oo* немесе француз тіліндегі *ou* дыбыстары *u* арқылы берілсе, *niu* және *lai* транскрипциялары ағылшын тіліндегі *new* және *lie*, ал *sha* - неміс *scha* немесе француз *cha* баламалары ретінде қолданылады.

Б. Каргрен бұл жүйенің халықаралық мойындалуға лайық әлеуеті бар екенін мойындағанымен, оның кейбір «әлсіз тұстарын» да атап көрсеткен. Мысалы: буын соңында *h* әрпін қолдану: *hsieh, hsueh, erh* (пиньинде бұл буындар сәйкесінше *xie, xue, er* түрінде беріледі); *ch* әріп тіркесінің фонетикалық тұрғыда мүлде әртүрлі дыбыстарды белгілеуі: *cha* [tʂa] және *chi* [tɕi], пиньинде сәйкесінше *zha* және *ji* деп беріледі [139].

Тондарды цифрлық индекстер арқылы көрсету тәсілі p^1, t^2, k^3, ch^4 біржақты қабылданбады, себебі ол қолмен жазу мен баспа машинкасында теру кезінде қолайсыздық тудырды. Индекстерден бөлек, Уэйд-Джайлс транскрипциялық жүйесінде апострофтар, дефис, жартылай доғалар, умляут (*ü*) секілді қосымша таңбалар қолданылған. Бұл көмекші таңбаларға немқұрайлық таныту сөздің дұрыс айтылуын анықтауда түсініксіздікке себеп болып, қытайлар үшін бұл мүлдем жол беруге болмайтын жағдай саналды. Фонемалық тұрғыдан кейбір белгілер артық деп танылды, мысалы, кейбір буындарда қолданылған *ê* үстіндегі циркумфлекс немесе *ŭ* үстіндегі бревис белгісі. Бірақ кейбір таңбаларды қалдырмаса болмайтын, себебі бұл айтылымда шатастыруға әкелетін, мысалы, *ü* әрпіндегі умляут нүктесін алып тастауға болмайды.

Уэйд-Джайлс жүйесінің өзіндік ерекшелігі мен айырмашылықтары бар. Оның бір себебі - Уэйд-Джайлс емлесі Бейжің диалектісіне емес, жергілікті тілге негізделген, бұл сол дәуірдегі лингвисттердің Бейжіңнен келгендерді ғана емес,

әсіресе оңтүстік Қытайдағы жергілікті диалектілерді тыңдағандығынан болды. Пиньинь мен Уэйд-Джайлс жүйелері арасындағы айырмашылықтар қытай дыбыстарын ағылшын тіліне ұқсас етіп көрсету мәселесін көрсетеді. Пиньинь жүйесінде дауысты дыбыстардың үстіне тон белгілері болады, ал Уэйд - Джайлс бұл белгілерді басып шығару мүмкін болмаған уақытта ойлап табылған және оның орнына апострофтарды (') пайдаланады. Көптеген кітаптар барлық маңызды апострофтарды жіберіп алғандықтан, қытай мәтінін дұрыс оқу мүмкін емес. Апострофпен жазу әрине өте ыңғайсыз. [*b*] және [p^h] дыбыстары *p* және *p'* арқылы, [*d*] және [t^h] *t* және *t'* арқылы, [*g*] және [k^h] *k* және *k'* арқылы жазылады. Жазу кезінде немесе сөздіктен іздеу кезінде апострофтарды елемеу немесе ұмытып кету орын алады. Сол сияқты [*y*] дыбысы үшін *ü* әрпінің қолданылуы кездеседі. Әсіресе *ü* әрпін пайдаланбайтын тілдерде сөйлейтіндер (яғни немістерді, венгрлерді және түріктерді қоспағанда, іс жүзінде барлығы) нүктелерді ұмытып кетеді немесе түсіріп тастайды, бұл сөздер мен таңбалардың мүлдем шатасуына әкеледі. Мысалы: *xian zai* (пиньинь) *hsien tsai* (Уэйд-Джайлс), *tushuguan* (пиньинь) *t'u shu kuan* (Уэйд -Джайлс), *xue xiao* (пиньинь) *hsüeh hsiao* (Уэйд -Джайлс), т.с.с. [157].

Апострофтар пиньинде сирек қолданылады. Олар тек жалқы есімдерде мынадай жағдайларда ғана қолданылады: 1) *a, e* немесе *o* әріптерінен басталатын біріккен буындардың басында; 2) біріккен буын *n* әріпінен басталғанда, ал келесі буын *g* әрпінен басталғанда. Мысалы: *Jin'an, Yan'geng* т.б. Ал Уэйд-Джайлс жүйесінде жиі қолданылады. *ts'ui, ch'ien, Ch'en, Chin-an* т.б.

Тағы бір ерекшелік диакритикалық таңбалардың қолданылуы, яғни умлаут Уэйд-Джайлс жүйесінде жиі қолданылады, бірақ пиньинде екі буын ғана умлаутпен жазылады: *nü* және *lü* (*nu* and *lu* буындарынан ажырату үшін). *ch'ü* (Уэйд-Джайлс жүйесі), *yü* (Уэйд-Джайлс жүйесінде), *lü* (Уэйд-Джайлс жүйесі және пиньинь). Уэйд-Джайлс жүйесінде кейбір буындар сызықша арқылы бөлінеді, сол сияқты жалқы есімдерде сызықша жиі қолданылады. Ал пиньинде сызықша қолданылмайды. *Wang T'ieh-jen, Tzu-hsi* т.б. Пиньинде жалқы есімдер, нақтырақ айтқанда адамның есімі мен тегін ажырату үшін екі буынды есім немесе екі буында тегі бірігіп жазылады: *Wang Tieren, Cixi, Mao Zedong* т.б. Ал Уэйд-Джайлс жүйесінде есімдер мен тектер екі буынды болса да жеке жеке жазылады.

Уэйд-Джайлс жүйесі қытай тілінің дыбыстық құрылымын ағылшын фонетикасына икемдеп жеткізуге бағытталған тарихи транскрипциялық модель ретінде сипатталады. Бұл жүйеде қатаң және ұяң, әсіресе аспирациялы және аспирациясыз дауыссыздардың айырмашылығы апостроф арқылы белгіленеді, ал буындар дефиспен ажыратылады. Мұндай тәсіл дыбыстық дәлдікті белгілі бір деңгейде қамтамасыз еткенімен, графикалық күрделілік пен стандартсыздық мәселесін туындатты. Апострофтың мәтіндерде жиі түсіп қалуы немесе бірізді қолданылмауы семантикалық шатасуға әкеліп, жүйенің практикалық сенімділігін төмендетеді. Қазіргі кезеңде Уэйд-Джайлс жүйесі негізінен тарихи, библиографиялық және архивтік мәтіндерде ғана сақталып отыр.

Қытай тіліндегі антропонимдер мен топонимдерді өзге тілдерге көшіру мәселесі лингвистикада транслитерация мен транскрипцияның арақатынасын, фонологиялық сәйкестік принциптерін және ұлттық орфографиялық дәстүрлердің ықпалын кешенді түрде қамтитын өзекті ғылыми проблема болып табылады. XX ғасырдың әр кезеңінде халықаралық ғылыми айналымда үш ірі жүйе қалыптасты: Қытай Халық Республикасында ресми түрде бекітілген пиньинь жүйесі, Батыс синологиясында ұзақ уақыт үстемдік еткен Уэйд-Джайлс жүйесі және кирилл жазуына негізделген кеңестік Палладий жүйесі. Аталған жүйелердің әрқайсысы қытай фонемаларын беру стратегиясы, графикалық репрезентация тәсілдері және коммуникативтік тиімділігі тұрғысынан бір-бірінен айқын ерекшеленеді.

Пиньинь жүйесі фонологиялық принципке негізделіп, қытай тіліндегі буын құрылымын, дауыссыз-дауысты оппозицияларды және тон жүйесін жүйелі түрде таңбалауға бағытталған әмбебап стандарт болып табылады. Бұл жүйе латын графикасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әрбір фонемалық бірліктің тұрақты графемалық баламасын бекітеді, сөйтіп халықаралық ақпарат алмасуда унификация қызметін атқарады. Сонымен қатар, пиньиндегі *q, x, zh, c* сияқты белгілердің еуропалық тілдердегі дәстүрлі дыбысталудан алшақтығы қабылдаушы тілдерде интерпретациялық қиындықтар туындатады. Қазақ тілді аудитория үшін пиньинь орфографиясы әрдайым интуитивті түрде дұрыс оқыла бермейді, бұл фактор транскрипциялық бейімдеудің қажеттілігін айқындайды.

Уэйд-Джайлс жүйесі қытай тілінің дыбыстық құрылымын ағылшын фонетикасына икемдеп жеткізуге бағытталған тарихи транскрипциялық модель ретінде сипатталады. Бұл жүйеде қатаң және ұяң, әсіресе аспирациялы және аспирациясыз дауыссыздардың айырмашылығы апостроф арқылы белгіленеді, ал буындар дефиспен ажыратылады. Мұндай тәсіл дыбыстық дәлдікті белгілі бір деңгейде қамтамасыз еткенімен, графикалық күрделілік пен жүйесіздік мәселесін туындатты. Апострофтың мәтіндерде жиі түсіп қалуы немесе бірізді қолданылмауы семантикалық шатасуға әкеліп, жүйенің практикалық сенімділігін төмендетеді. Қазіргі кезеңде Уэйд-Джайлс жүйесі негізінен тарихи, библиографиялық және архивтік мәтіндерде ғана сақталып отыр.

Палладий жүйесі қытай тіліндегі дыбыстарды кирилл графикасы арқылы беру принципіне негізделген және орыс тілінің артикуляциялық-акустикалық мүмкіндіктеріне бейімделген. Бұл жүйеде қытай фонемалары жуық дыбыстық баламалармен беріледі, алайда тондық оппозициялар мүлде белгіленбейді, ал кейбір фонемалық айырмашылықтар нейтрализацияға ұшырайды. Нәтижесінде қабылдаушы аудитория үшін мәтіннің оқылымдылығы артқанымен, түпнұсқалық фонологиялық құрылымның дәлдігі әлсірейді. Сонымен қатар, кеңестік кеңістікте бірізді нормативтік стандарттың болмауы бір атаудың бірнеше вариантта жазылуына алып келеді, бұл терминологиялық тұрақсыздықты күшейтеді.

Аталған үш жүйені салыстырмалы тұрғыдан қарастырғанда, олардың әрқайсысы белгілі бір коммуникативтік ортаға бейімделгенін байқауға болады: пиньинь халықаралық стандарттау мен цифрлық унификацияны қамтамасыз

етсе, Уэйд-Джайлс − тарихи синологиялық дәстүрдің көрінісі, ал Палладий транскрипциясы − кирилл графикасын қолданатын тілдер үшін оқылымдық қолайлылықты алға қояды. Қытай антропонимдері мен топонимдерін қазақ тілінде бірізді әрі ғылыми тұрғыдан негізделген түрде беру үшін пиньинді базалық репрезентациялық жүйе ретінде қабылдап, оны қазақ тілінің фонетикалық және орфографиялық нормаларына сәйкес бейімдеу қажет. Мұндай модель ұлттық жазу дәстүрін сақтай отырып, халықаралық сәйкестікті қамтамасыз етіп, қытай ономастикалық атауларын стандарттаудың теориялық негізін қалыптастырады.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, пиньинь жүйесі қазіргі жаһандық стандарт ретінде ғылыми дәлдік пен унификация талаптарына толық жауап береді. Уэйд-Джайлс жүйесі тарихи-ғылыми маңызын сақтағанымен, қазіргі практикалық айналымда қолдану аясы шектеулі. Ал кеңестік транскрипция жүйесі кирилл жазуын пайдаланатын кеңістікте оқырманға ыңғайлы болғанымен, халықаралық стандартпен сәйкестігі төмен және бірізділігі жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақ тілінде қытай антропонимдері мен топонимдерін беру барысында пиньинді базалық жүйе ретінде алып, қажет жағдайда қазақ фонетикасына бейімделген модель әзірлеу ғылыми тұрғыдан орынды деп есептеледі.

3.2 Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжанның латын графикасына көшу тәжірибесі: лингвистикалық талдау

Түркітілдес мемлекеттердің ішінде латын графикасын алғаш түбегейлі қабылдаған ел − Түркия. Бұл елдегі әліпби реформасы отаршылдық саясаттың ықпалымен емес, зайырлы мемлекет құру, қоғамды жаңғырту және Батыс өркениетімен тең деңгейде даму мақсатына сай жүзеге асырылды. Мұндай қадамның сәтті іске асуына Түркияның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси еркіндігі тікелей негіз болды. Осман империясының орнына Түркия Республикасын құрған Мұстафа Кемал Ататүрік елді жаңғыртудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде жазу реформасына айрықша мән беріп, Еуропа елдерімен қатар даму үшін жаңа, икемді әліпби қажет деп таныды. Осы мақсатта 1928 жылғы 23 мамырда құрылған Тіл комиссиясы латын графикасына көшу үдерісін ғылыми-ұйымдастырушылық тұрғыдан үйлестірді.

Мұстафа Кемалдың ұстанымы бойынша, халықты күрделі жазу жүйесінен арылтып, сауатсыздықты жоюдың және мемлекеттің дамуына жол ашудың тиімді амалы латын графикасына көшу болды [154]. Түрік зерттеушілері бұл реформаны кейде «бір сәтте қабылданған шешім» ретінде түсіндірудің жаңсақ екенін көрсетеді: олардың пікірінше, латын әліпбиіне көшу идеясы Османлы кезеңінің өзінде-ақ қозғалған [155]. Тіл комиссиясы бекіткен ережелер негізінде Түркия 1928 жылғы 1 қарашада ресми түрде латын әліпбиін қабылдады. Бұдан кейін 1928 жылғы 1 желтоқсанда алғашқы «Емле сөздігі» жарық көрді, ал 1932 жылғы 12 шілдеде құрылған Түрік тілі қоғамы жаңа жазуды халыққа үйрету мен ұлттық орфографиялық жүйені орнықтыруда аса маңызды қызмет атқарды. Соған қарамастан, түрік зерттеушілері әліпби жасау барысында кейбір

кемшіліктердің де болғанын атап көрсетеді. Атап айтқанда, *ң, қ, ұ* дыбыстарының әліпби құрамында арнайы таңбаланбауы кейін орфографиялық қиындықтардың туындауына себеп болғаны айтылады.

Түркияның латын графикасына көшу тәжірибесі жаңа әліпби жасаудың тек саяси не әкімшілік шара емес, сонымен бірге тілдің дыбыстық жүйесін, жазу дәстүрін және қоғамдық қабылдауын қатар ескеруді қажет ететін күрделі лингвистикалық үдеріс екенін көрсетеді. Түрік ғалымдары қазіргі түрік тілінің латыннегізді жазуының бірнеше артықшылығын айқындайды. *Біріншіден,* әріптердің жеке-жеке таңбалануы жазуды айқын әрі оқуға жеңіл етті. *Екіншіден,* жазудың солдан оңға қарай бағытталуы халықаралық жазу дағдысымен үйлесті. *Үшіншіден,* жаңа графика түрік тілінің негізгі дыбыстық қорын дәл беруге бейімделді, ал бұрынғы араб графикасы түрік тіліне тән емес араб-парсы дыбыстарын да қамтып келді. *Төртіншіден,* сол кезеңде басқа да түркі халықтарының латын әліпбиін қабылдауы түркі дүниесіндегі ақпарат алмасуды жеңілдетті. *Бесіншіден,* Батысқа бағытталған экономикалық және мәдени даму жағдайында латын жазуы қолайлы құралға айналды. *Алтыншыдан,* әріп санының ықшам әрі жүйелі болуы сауат ашу үдерісін жеделдетті.

Сонымен қатар түрік зерттеушілері бұл жүйенің әлсіз тұстарын да көрсетеді. Ең алдымен, жаңа әліпби жасалған кезде түрік әдеби тілінің жалпыхалықтық нормасы толық орнықпағандықтан және дыбыстық құрам түгел айқындалмағандықтан, жалпыхалықтық тілдегі кейбір негізгі дыбыстарды белгілейтін *q, w, x* тәрізді таңбалар әліпби құрамына енбей қалды. Екінші мәселе − араб графикасымен жазылған көпғасырлық жазба мұра жаңа жазуға көшкен қоғамға тұтастай қолжетімді бола алмады. Соған қарамастан, реформаның табысты іске асуына әкімшілік жүйенің белсенділігі зор ықпал етті: қысқа мерзім ішінде ресми ісқағаздар мен мемлекеттік мекемелер жаңа жазуға көшірілді. Ғалымдар бастапқыда бұл үдерістің халық талқысына кең салынбай, психологиялық бейімделуге аз уақыт берілуін кемшілік ретінде бағаласа, кейін оны көреген мемлекеттік шешімнің белгісі ретінде түсіндіреді. Ал дәстүрлі ислам өркениетімен сабақтас араб жазуынан бас тарту қоғамның белгілі бір бөлігінде қарсылық туғызғаны да атап көрсетіледі [156].

Түрік ғалымдарының пайымдауынша, жаңа әліпби жобасын таңдауда бірнеше басты лингвистикалық критерий басшылыққа алынған. Біріншіден, әліпби Стамбұл диалектісінің дыбыстық жүйесіне негізделуге тиіс болды. Екіншіден, араб-парсы тілдеріне тән бөгде дыбыстарды белгілейтін артық әріптерден арылу көзделді. Үшіншіден, әр дыбысқа жеке таңба беру ұстанымы сақталды. Төртіншіден, латын графикасының негізгі қорындағы таңбалар жеткіліксіз болған жағдайда, оларға қосымша диакритикалық белгілер жалғау арқылы ұлттық графемалар жасау қағидасы қолданылды. Бесіншіден, жазу жүйесі практикалық жағынан ыңғайлы, үйретуге де, қолдануға да жеңіл болуы керек деп танылды. Осы тұрғыдан алғанда, Түркия тәжірибесі латын графикасына көшу барысында әліпби реформасының табысы тілдің табиғи дыбыстық жүйесін дәл тану, орфографиялық ықшамдылық және қоғамдық-әлеуметтік бейімдеудің өзара үйлесуіне тәуелді екенін дәлелдейді.

Түркияның латын графикасына көшу тәжірибесі әліпби реформасының тек таңба ауыстыру емес, тілдің дыбыстық жүйесін, қоғамның сауаттану деңгейін және мемлекеттік жаңғырту бағытын өзара ұштастыратын кешенді үдеріс екенін көрсетеді. Бұл реформаның лингвистикалық маңызы жаңа графиканың түрік тілінің табиғи дыбыстық қорына икемделуінен, әр дыбысқа барынша жеке таңба беруге ұмтылуынан және жазуды оқыту мен қолдануды жеңілдетуінен байқалады. Сонымен бірге әліпби жасауда кейбір ұлттық дыбыстардың толық ескерілмеуі мен тарихи жазба мұрадан қол үзу қаупі сияқты қайшылықтар да қатар көрінді. Осы тұрғыдан алғанда, Түркия тәжірибесі латын графикасына көшу барысында тілдік дәлдік, орфографиялық ықшамдылық және әлеуметтік бейімдеу тепе-тең сақталуы қажет екенін дәлелдейді.

Кесте 5 – Түркияның латын графикасына көшу тәжірибесінің лингвистикалық сипаттамасы

Түйін	Факт
Латын графикасына көшу Түркияда тілдік қана емес, қоғамдық жаңғыру құралы болды	Реформа зайырлы қоғам құру, сауатсыздықты азайту және Батыс елдерімен қатар даму мақсатымен жүзеге асырылды
Жаңа әліпби түрік тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеуге бағытталды	Әр дыбысқа жеке таңба беру, араб-парсы тілдеріне тән бөгде дыбыстарды қысқарту негізгі ұстанымдардың бірі болды
Жазу реформасының практикалық тиімділігі жоғары болды	Әріптердің жеке таңбалануы, солдан оңға жазылуы және ықшам графика сауат ашуды жеңілдетті
Әкімшілік қолдау реформаның тез орнығуына әсер етті	Мемлекеттік мекемелер мен ісқағаздар қысқа мерзім ішінде жаңа жазуға көшірілді
Әліпби жобасында лингвистикалық кемшіліктер де болды	q, w, x тәрізді таңбалардың енгізілмеуі кейбір дыбыстарды беруде қиындық туғызды
Реформа тарихи-мәдени үзіліс тәуекелін де алып келді	Араб графикасымен жазылған сан ғасырлық мұра жаңа ұрпаққа толық қолжетімсіз бола бастады
Қоғамдық қабылдау біркелкі болмады	Араб жазуынан бас тарту дәстүрлі діни-мәдени ортада қарсылық туғызды
Түркия тәжірибесінің ғылыми мәні зор	Бұл үлгі әліпби реформасында тіл табиғатын, орфографияны және қоғамдық психологияны қатар ескеру қажеттігін көрсетеді

1980 жылдан бастап түрік жазба тілінде шетелдік ономастикалық атаулардың жазылуына мән беріле бастады. Бұл мәселе бойынша орфоэпиялық нұсқаулықтар, емлелер шыға бастайды. Емле бойынша латын жазу жүйесін қолданатын тілдердің ономастикалық атаулары көбінесе келесідей жазылады дейді: *Beethoven, New York*. Шетелдік атаулар түрік әліпбиінде қолданылмайтын кейбір қосымша таңбалармен жазылғанда, олардың бастапқы емлесі сақталады, сондықтан атауды фонетикалық транскрипциялау қажет емес деп жазады емледе. Сол сияқты батыс тілінен енген кейбір атаулар түрік тіліне сіңіп кеткен,

олар түрік тілінде дыбысталуына сай, түрік тілінің емле ережелері бойынша жазылады: *Na-polyon* т.б. Бұл атауларды *Na-poléon* деп түпнұсқа түрінде жазу да қате емес. Ал араб, парсы тілдерінің жалқы есімдері түрікше айтылуына қарай жазылса, орыс тіліндегі жалқы есімдерді жазуда түрік жазу жүйесіндегі әріптер жеткілікті. Түрік тілінің дыбыстық жүйесінде кездеспейтін орыс әріптері айтылымына сәйкес жақын түрік дыбыстарының әріптерімен жазылады делінеді. Сонымен қоса, қытай және жапон атауларына қатысты да емле бар, оған сәйкес қытай мен жапон ономастикалық атаулары түрік тілінде қалыптасқан формаларына қарай жазылады делінген: *Pekin, Tokyo* т.б.

Алайда бұл жерде тағы бір мәселе олардың оқылуында. Себебі түрік тіліндегі кейбір әріптердің дыбысталуы пиньинь жүйесіндегі дыбысталуына мүлдем сәйкес келмейді. Түрік тіліндегі «*C*» [d͡ʒ] (қазақ тілінде «*дж*» болып оқылады) дыбысы пиньинь жүйесінде бұл әріп «*ц*» дыбысына сәйкес оқылады. Сонда *Cao Bao* деген адам есімі түрік тілінде *Джау Бау* болып оқылады да, пиньинь жүйесі бойынша дыбысталуына нұқсан келеді. Сол сияқты түрік әліпбиінде *Q, W, X* әріптері жоқ, олардың орнына тиісінше *K, V, KS* әріптері пайдаланылады, ал қытай ономастикалық атауларын жазуда *Q, W, X* қолданылады: *Xi Jinping, Wang Meng, Qi Xingshi* т.б. Сол сияқты *Sh, Ch* қосарлы таңбалар түрік әліпбиінде жоқ, оларға *Sh-Ş, Ch-Ç* сәйкес таңбалары алынады.

Түрік тілі қауымдастығының 2012 жылы шығарған емле нұсқаулығында шетелдік ономастикалық атауларды жазу ережелерінде қытай ономастикалық атауларына қатысты келесі ережелері бар: Қытай ономастикалық атаулары түрік тілінде қалыптасқан формаларына қарай жазылады: *Huangho, Kanton, Nankin, Pekin, Şanghay*. Қытай тілінде фамилиялар есімдерден бұрын келеді. Фамилиялар негізінен бір буынды, ал есімдер бір немесе екі буыннан тұрады. Бұл атаулар бас әріптен басталады; буындардың арасына сызықша қойылады: *Sun Yat-sen, Lin Yu-tang*. Тек *Konfüçyüs* сияқты жалпы есімдер қатар жазылады [157].

Түрік тілінде қалыптасқан формалары бойынша жазылуында әртүрлі нұсқаларды байқауға болады. Олардың кейбіреуі пиньинь жүйесінде жазылса, басым бөлігі Уэйд-Джайлс жүйесі бойынша жазылған. Ал кейбір еңбектерде ономастикалық атаулардың жазылуында бұл жүйелер аралас қолданылып, түрік тіліне икемдеп жазу көзделген. Сонымен қоса, бір ономастикалық атаудың бір еңбекте бірнеше нұсқада жазылуы да көрініс табады. Мысалы, Кутай Каражаның «Dünyadaki yeni guç Çin. Tek Kutuptan Çift Kutuba» кітабында бір ғана Шанхай (上海) қала атауы *Şanghay, Shanghay* деп екі түрлі нұсқада жазылғанын анықталды [158].

Зерттеуден XX ғасырдың ортасында жазылған еңбектер мен Хан және Таң дәуірінің деректеріне қатысты еңбектерді аударып, түсіндіру кезінде қытай таңбаларының транскрипциясын жазуда тек Уэйд-Джайлс жүйесі пайдаланылғаны белгілі болды. Ал XX ғасырдың аяғында жазылған еңбектерде Уэйд-Джайлс бен пиньинь жүйесі аралас пайдаланылған. Соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде Уэйд-Джайлс жүйесіне қарағанда пиньинь жүйесінде

жазылған ономастикалық атаулар саны басым, сонымен қоса, түрік әліпбиіне икемдеп жазылған ономастикалық атаулар да көп кездеседі.

2017 жылы жарық көрген «Қытай энциклопедиясында (*Çin ansiklopedisi*) ономастикалық атаулардың басым бөлігі пиньинь жүйесінде жазылған: *Leshan, Buda Heykeli, Longmen mağarası, Yungang Taş Mağaraları, Mogao mağarası, Beijing, Lijiang kenti, Huangshan Dağı, Dunhuang kenti, Shanxi, Qin Shihuang, Taiwan Boğazı, Chengdu, Jinan, Shanghai, Xuan Zhuang, Liu Bang,* т.б. [159].

Ал Конфуций есімі *Konfüçyüs Tapınağı, Konfüçyüs Konutu, Konfüçyüs Mezarı* [159, 28-б.] *Tsinghua* Üniversitesi [159, 114-б.] *Sun Yat-sen* сияқты т.б. ономастикалық атаулар Уэйд-Джайлс жүйесінде жазылған.

Р. Хуаңның «Çin tarihi. Bir Makro Tarih yaklaşımı» еңбегінде *Şian kenti, Tayvan, Hangcou, Çang Kai - şek, Mencius, Çing, Şang, Yuen, Cou, Sima Çian, Çin Şihuangdi, Han imparatoru Liu Çe, Şiongnu, Ming-di, Yangtse, Yang Cian, Guangcou, Çancou, An Luşan, Li Şimin, Cu Çuancong, Wang Anşi, Cang He, Cu Çicen, Cu Houcao, Li Ziçeng, Guangşu, Hu Şih, Çu Enlai, Li Dacao, Kuomintang, Hong Kong, Tienanmen* атаулары түрік тіліне икемделіп жазылған. Қытай тіліндегі *X* және *Sh* дыбыстары үшін түрік тіліндегі *Ş* таңбасы алынған: Ал *Xian (西安)- Şian; Xiongnu (匈奴) – Şiongnu; Qin Shihuangdi (秦始皇帝) - Çin Şihuangdi; Shang (商) - Şang, An Lushan（安禄山）- An Luşan Li Shimin*（李世民）*- Li Şimin т.б.* [160, 59 б.].

Ал *Ch, Q, Zh* дыбыстары үшін түрік тілінде Ç таңбасы пайдаланылған*: Qing*（清代）*- Çing , Sima Qian*（司马迁）*- Sima Çian, Qin Shihuangdi (秦始皇帝) - Çin Şihuangdi т.б.* [160, 65 б.].

Zh дыбысы үшін *C* таңбасы берілген: *Zhou (周代) – Cou, Guangzhou (广州) - Guangcou, Li Dazhao (李大钊) -Li Dacao,* ал кейбір ономастикалық атауларда *zh* дыбысы үшін түрік тілінде Ç таңбасы жазылған*: Zhou Enlai* (周恩来) - *Çu Enlai т.б.* [160, 79 б.].

Ал *Longmen*（龙门）*- Longmen, Yungang (云岗）- Yungang, Dunhuang*（敦煌）*Dunhuang, Nanjing (南京) - Nanjing, Wu Zetian*（武则天*) - Wu Zetian, Beijing (北京) - Beijing, Kunming*（昆明）*- Kunming* т.б. жалқы есімдерін жазуда тек пиньинь жүйесі пайдаланылғаны белгілі болды.

Осы еңбектегі *Çang Kai - şek, Mencius, Kuomintang, Yuen, Yangtse, Hu Şih, Hong Kong, Tienanmen* атауларының жазылуы Уэйд-Джайлс жүйесіне де, пиньинь жүйесіне де сай келмейді.

«Çin Medeniyeti Tarih, Kültür, Edebiyat, Felsefe» кітабында ономастикалық атаулар пиньинь бойынша *Gao Xianzhi, Wu Zetian, Bing Xin, Ba Jin, Zhao Feng, Xu Zheng, Shanghai, Shanxi, Anhui, Fujian* т.б. жазылса, кейбір жалқы есімдердің жазылуы аралас келеді: *Konfuçyüs, Lao Tzu, Dao De Jing, Pekin, Shan Hai Jing, Qin Shi Huang Di, Mo Zi, Han Wu Di* т.б. [161, 87 б.].

Кутай Каражаның «Dünyadaki yeni guç Çin. Tek Kutuptan Çift Kutuba» кітабында *Jiang Zemin, Li Peng, Zhu Rongji, Hu Jintao, Li Ruihuan, Li Lanqing, Xinjiang, Yining, Guagzhou, Zhengzhou, Shanghai, Lanzhou* сияқты жалқы есімдер

пиньинь жүйесінде жазылса, *Taivan, Komingtan, Pekin, Urimçi, Sincan Uygur* атауларының жазылуында белгілі бір жүйе жоқ [158, 108 б.].

Кюршат Йылдырымның «Çin tarihi. Tarih Öncesinden» еңбегінде *Xian, Yangzi, Xi Jinping, Jiang Zemin, Hu Jintao, Deng Xiaoping, Zhou Enlai, Jiang Qing, Guandong, Hunan, Nanjing, Chongqing, Shanghai, Xinjiang, Gansu, Chen Duxiu, Li Dazhao, Yuan Shikai, Tianjin, Guangzhou, Xiamen, Fuzhou* сияқты ономастикалық атаулар пиньинь жүйесінде жазылған, ал *Бейжің* қаласының атауы екі нұсқада *Peking, Beijing* болып жазылған [162, 141 б.].

Хасан Билгин (Hasan Bilgin) «Stratejik açıdan Çin» еңбегінде *Anhui, Fujian, Guangdong, Guizhou, Hainan, Hebei, Heilongjiang, Jiangsu, Jiangxi, Liaoning, Shaanxi, Sichuan, Zhejiang, Yunnan, Xizang (Tibet), Tianjin* жалқы есімдері пиньинь жүйесінде, ал *Pekin, Şanghay, Taivan, Çan Kay şek, Mao Zedung, Nankin, Çu En-lay, Chou En lai, Şincan* атауларын жазуда белгілі бір жүйе жоқ екендігі көрінеді [163, 145 б.].

Майкл Дилонның (Michael Dillon) «Modernleşen Çin Tarihi» еңбегінде адам есімдері *Hu Jintao, Wen Jiabao, Zhou Enlai, Zeng Qinghong, Zhao Ziyang, Zhang Zuolin, Zuo Zongtang, Wen Yiduo, Yan Xishan, Li Peng* мен қала аттары *Wuhan, Jiangxi, Xinjiang, Qinghai, Chengdu, Xining, Lanzhou, Sichuan* пиньинь жүйесінде жазылса, *Konfüçyüs, Şangay, Pekin, Chiang Kai-shek, Tayvan, Chiang Ching-kuo, Qing-Zang т.б.* [164, 97 б.], жалқы есімдердің жазылуында белгілі бір жүйе жоқ. Бұл еңбектердегі ғалымдардың қытай ономастикалық атауларын жазуда әртүрлі нұсқаларды пайдаланған себебін де қарастырып көрдік. Оның бір себебі, көптеген еңбектерді жазуда ғалымдар батыс тіліндегі зерттеулерді пайдаланса, кейбір еңбектер ағылшын тілінен тікелей аударылған. Ал ғалым Ейуп Сарыташ (Eyüp Saritaş) бұл көпнұсқалықтың болуын былай түсіндіреді: «Қытай Халық Республикасында оқып, зерттеу жүргізіп жатқан түрік зерттеушілері қытай белгілерін транскрипциялау кезінде пиньинь жүйесін пайдаланса, Тайванда зерттеу жүргізетіндер Уэйд-Джайлс жүйесін қолданғанды жөн санайды» [165, 295 б.].

Төмендегі кестелерде түрік еңбектеріндегі қытай ономастикалық атауларының жазылу нұсқалары берілді.

Кесте 6 − Түрік еңбектеріндегі топонимдердің жазылу нұсқалары

Иероглифпен жазылуы	Пиньинь	Wade-Giles жүйесі бойынша жазылуы	Басқа нұсқалары
北京	Beijing	Peking	Pekin
重庆	Chongqing	Chung king	-
上海	Shanghai	Shang hai	Şangay Şanghay, Shanghay
天津	Tianjin	T'ien cin	-
香港	Xianggang	Hong Kong	-
台湾	Taiwan	Taiwan	Taivan
广西	Guangxi	Kwangsi	-

内蒙古	Nei Menggu	Nei Menggu	İç Mongol
宁夏	Ningxia	Ningsia	-
新疆	Xinjiang	Sinkiang	-
西藏	Xizang	Hsi tsang	-
安徽	Anhui	Anhwei	-
福建	Fujian	Fukien	-
甘肃	Gansu	Kansu	-
广东	Guangdong	Kwangtung	Kanton, Guangcou
贵州	Guizhou	Kweichow	Guicou
海南	Hainan	Hainan	-
河北	Hebei	Hopei	-
黑龙江	Heilongjiang	Heilungkiang	-
河南	Henan	Honan	-
湖北	Hubei	Hupeh	-
湖南	Hunan	Hunan	-
江苏	Jiangsu	Kiangsu	-
江西	Jiangxi	Kiangsi	-
吉林	Jilin	Kirin	-
辽宁	Liaoning	Lyauning	-
青海	Qinghai	Ch’inghai	-
陕西	Shaanxi	Shensi	-
山东	Shandong	Shantung	-
山西	Shanxi	Shansi	Şansi
四川	Sichuan	Szechuan	-
浙江	Zhejiang	Chekiang	-
南京	Nanjing	Nanking	Nankin

Кесте 7 – Антропонимдердің түрік еңбектерінде жазылуы

Иероглифпен жазылуы	Пиньинь	Wade-Giles жүйесі бойынша жазылуы	Басқа нұсқалары
孔夫子	Kongfuzi		Konfüçyüs, Konfuçyüs
孟子	Mengzi	Meng Tzu	Mençyus
墨子	Mozi	Mo Tzu	-
蒋介石	Jiang Jieshi	Çan Kay Şek	Chiang Kai-shek,
孙中山	Sun Zhongshan	Sun Yat-sen	Sun Yat-sen
庄子	Zhuangzi	Chuangtze	-
毛泽东	Mao Zedong	Mao Tse-tung	Mao Zedung
周恩来	Zhou Enlai	Chou Enlai	Çu Enlai, Çu En- lay, Chou En lai
刘少奇	Liu Shaoqi	Liu Shaoqi	-
邓小平	Deng Xiaoping	Teng Hsiao-p'ing	-
胡锦涛	Hu Jintao	Hu Jintao	-
江泽民	Jiang Zemin	Jiang Zemin	-

秦始皇	Qin Shihuang	Chhin Shih Huang	Qin Shi Huang Di, Çin Şihuangdi

Жоғарыдағы кестелерден Уэйд-Джайлс бен пиньинь жүйесінің айырмашылықтары анық көрінеді, сонымен қоса Түркияда қытай ономастикалық атауларын жазуда бірыңғай стандарттың, жүйенің жоқтығы анықталды.

Түрік тілінде қытай ономастикалық атауларын жазуда нақты қабылданған жүйе жоқ. Шетелдік сөздерді (кірме сөздер) жазу емлесінде қытай жалқы есімдерін жазу қалыптасқан жүйе бойынша жазылады деген бір ғана жолмен берілген ереже бар. Сондықтан Қытайға қатысты жазылған еңбектердегі ономастикалық атаулардың жазылуына талдау жасап шықтық. Талдау нәтижесінде әртүрлі жазу формасын анықтадық: Уэйд Джайлс жүйесі, пиньинь, түрік әліпбиіне бейімдеп жазу. Соңғы жылдары шыққан Қытайға қатысты еңбектерде пиньинь жүйесін пайдалануға басымдық берілген. Себебі пиньинь жүйесіндегі әріптер мен таңбалардың барлығы дерлік түрік латын әліпбиінде бар, жазуда ешқандай қиындық тудырмайды.

Өзбекстан Республикасының латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшуі ұлттық тілдің табиғатын, мемлекеттік дербестікті және жаһандық коммуникация талаптарын өзара ұштастырған күрделі үдеріс ретінде бағаланады. Бұл реформаның алғышарттары, бір жағынан, тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық сананың жаңғыруымен, ұлттық отаншылдықтың күшеюімен және төл тілдің дыбыстық жүйесін неғұрлым дәл бейнелейтін жазуға деген сұраныспен байланысты болса, екінші жағынан, халықаралық сауда-экономикалық қатынастарға, ақпарат кеңістігіне және заманауи технологиялық ортаға бейімделу қажеттігінен туындады. Осы тұрғыдан алғанда, латын графикасына көшу Өзбекстан үшін жай графикалық ауысым емес, кеңестік кезеңнен орныққан кирилл жазуынан арылып, өзбек тілінің ұлттық фонетикалық болмысын жаңаша негізде таңбалауға бағытталған тілдік жаңғырту қадамы болды.

Өзбек ғалымдарының пайымдауынша, латын графикасының басты артықшылығы оның өзбек тілінің төл дыбыстық қорын белгілеуге икемдірек болуымен байланысты. Бұрынғы кирилл жазуы орыс тілі арқылы енген бөгде фонемаларды да қоса таңбалап, ұлттық дыбыстық жүйенің табиғи қалпын толық аша алмады. Сонымен қатар латын графикасына көшу түркітілдес халықтар арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетуге, Батысқа бағытталған экономикалық және технологиялық қатынастарға бейімделуге, сондай-ақ жастар мен іскер орта үшін жаңа жазуды тез меңгеруге мүмкіндік зор. Осы жағынан алғанда, жаңа әліпби өзбек жазуын халықаралық коммуникация кеңістігіне жақындатқан құрал ретінде бағаланады.

Сонымен бірге өзбек зерттеушілері бұл реформаның бірқатар әлсіз тұстарын да көрсетеді. Ең алдымен, жаңа әліпбиге көшудің институционалдық негізі толық дайындалмағандықтан, мектептерді, оқулықтарды және мұғалімдер даярлығын қатар үйлестіруде елеулі қиындықтар туындады. Кирилл графикасымен білім алған буын үшін жаңа жазуды игеру күрделі болса, балалар

әдебиетінің тапшылығы мен ересектерге арналған арнайы курстардың аздығы ұрпақаралық жазба коммуникацияны әлсіретті. Бұдан бөлек, кирилл графикасымен қалыптасқан мол жазба мұраның жаңа ұрпаққа толық қолжетімді болмауы мәдени сабақтастыққа әсер етті. Лингвистикалық тұрғыдан ең күрделі мәселе өзбек әдеби тілінің гетерогенді сипатынан туындады: жалпыхалықтық тілдегі дыбыстар мен жазба дәстүр арқылы орныққан көне түркі, араб-парсы қабаттарындағы фонемалардың арақатынасы нақты айқындалмағандықтан, бір таңбамен әртүрлі фонемалық мәртебедегі дыбыстар белгіленіп, жаңа жазудың бірден түсінікті және бірізді болуына кедергі жасады.

Жаңа әліпби жобасын бағалауда ғалымдар тағы бір маңызды жайтқа назар аударады: әліпби жасауда тілші мамандардың фонологиялық және орфографиялық ұстанымдарынан гөрі, кей тұста компьютерлік техника мен интернетке бейімдеу өлшемдері басым түскен. Соның салдарынан үш әріптік тіркестердің кей сөздерде бір дыбыс, енді бірінде екі дыбыс ретінде оқылуы сияқты екіұшты құбылыстар пайда болып, оларды емле ережелерімен толық реттеу қиынға соқты. Бұл жағдай жаңа жазудың мағына айқындығына, орфографиялық тұрақтылығына және жазба тіл беделіне әсер етті.

Өзбек тілінің латын графикасындағы жаңа әліпби құрамында *26 графема, 3 әріптік тіркес және 1 апостроф таңбасы* бар. Бұл әліпби жобасын жасауда негізгі лингвистикалық ұстанымдардың бірі ретінде интернет кеңістігіндегі ақпарат тасымалдау талаптарына сәйкестік принципі басшылыққа алынды. Сонымен қатар жаңа графика ұлттық тілдің дыбыстық қорын мүмкіндігінше толық таңбалап, өзбек тілінің мүддесіне қызмет ететін жазу жүйесін қалыптастыруы тиіс болды. Алайда өзбек әдеби тілінің гетерогендік сипаты бұл міндетті күрделендірді: жалпыхалықтық тілдегі фонемалармен бірге орыс тілі арқылы енген сөздер құрамындағы дыбыстарды және ескі жазба дәстүрден сақталған араб-парсы фонемаларын графемалық жүйеде беру мәселесі бірізді шешім таппай, ғылыми пікірталас туғызды.

Жаңа әліпбиде *бір дыбысқа бір графема* ұстанымы толық сақталмай, кейбір дыбыстарды таңбалауда әріп тіркестері қолданылды. Соның нәтижесінде бір фонеманы екі таңбамен беру құбылысы қатар жүрді. Мұндай шешім техникалық жағынан интернет пен цифрлық ортаға бейімделуді жеңілдеткенімен, лингвистикалық тұрғыдан екіұшты оқылымға жол ашты, өйткені тіркес құрамындағы әріптердің әрқайсысы жеке тұрғанда да дербес дыбыстық мәнге ие болды. Мысалы, *ishak* тұлғасы *исхак* және *ишак* түрінде екі түрлі оқылуы мүмкін. Өзбек латын әліпбиінің жаңа жобасы ұлттық фонемалық жүйені таңбалау мен техникалық ықшамдылықтың арасындағы тепе-теңдікті іздегенімен, бұл үдерісте графема-фонема сәйкестігі мен орфографиялық айқындық мәселелері толық шешілмей қалғаны байқалады.

Өзбек тілінің латын графикасына көшу тәжірибесі жазу реформасының табысы әліпби алмастырудың өзімен емес, оның қандай лингвистикалық негізде жасалғанымен айқындалатынын көрсетті. Бұл үдеріс бір жағынан кирилл дәуірінде қалыптасқан қабаттасқан орфографиялық қайшылықтарды жеңілдетіп, жазба тілді жүйелеуге ықпал етсе, екінші жағынан жаңа әліпби жобасында

фонетикалық дәлдік, ұлттық дыбыстық негіз, орфографиялық бірізділік және қоғамдық игерілу мәселелері толық үйлеспеген жағдайда елеулі қиындықтар туындайтынын аңғартты. Әсіресе жазу реформасын әзірлеуде тіл мамандарының шешуші рөл атқаруы, техникалық қолайлылықты тілдің табиғи болмысынан жоғары қоймау және графема-фонема сәйкестігін барынша айқын сақтау қажеттігі анық байқалды. Осы тұрғыдан алғанда, Өзбекстан тәжірибесі қазақ жазуын жаңғыртуда әліпби реформасы ұлттық фонетикалық жүйеге, жалпыхалықтық тілдің табиғатына және ғылыми негізделген орфографиялық ұстанымдарға сүйенуі керек деген қорытындыны нығайтады.

Кесте 8 – Өзбек тілінің латын графикасына көшу тәжірибесінен шығатын негізгі тұжырымдар

Дерек	Түйін
Өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасы кирилл жазуында орныққан қабаттасқан орфографиялық қайшылықтардан арылудың тетігіне айналды.	Қазақ орфографиясындағы ұқсас түйткілдерді де жартыкеш түзетумен емес, әліпби мен емлені тұтас жаңарту арқылы шешу қажет.
Жаңа әліпби өзбек жазба тілін реттеуге және тіл мәдениетінің жаңа арнада дамуына ықпал етті.	Жазу реформасы қазақ тіл білімінде фонетика, фонология және жазутану салаларының ғылыми тұрғыдан терең жүйеленуін талап етеді.
Жазу реформасын жүзеге асырған құрылымдарда тілдің дыбыстық жүйесін кәсіби деңгейде білетін мамандардың пікірі әрдайым басшылыққа алынбады.	Тілге қатысты түйінді шешімдерде негізгі сөзді осы салада жоғары біліктілігі бар мамандар айтуы тиіс.
Жаңа әліпби жобасында желілік кеңістікке ыңғайлылық өлшемі басым түсіп, кейбір дыбыстар бір таңбамен емес, екі әріптің тіркесімен берілді.	Жазу жүйесі алдымен ұлттық тілдің табиғи болмысын дәл бейнелеуге қызмет етуі керек; техникалық қолайлылық соған бағынуға тиіс.
Жаңа әліпбидегі графемалар жүйесі гетерогенді әдеби тілдің дыбыстық қорына сүйенгендіктен, бір таңба бірнеше фонеманың өкілі ретінде қабылданып, сауат ашуда қиындық туғызды.	Қазақ әдеби тілі жалпыхалықтық фонетикалық негізге көбірек сүйенетіндіктен, графика ауыстыруда мұндай күрделілік салыстырмалы түрде аз болуы мүмкін.

Өзбек тілі үшін халықаралық және ұлттық деңгейде бірнеше транслитерация жүйелері бар. Ең алдымен, бұл жерде халықаралық ISO 9:1995 стандарты ерекше атап өтілуі тиіс. Аталған стандартта өзбек кирилл әліпбиін латын графикасына көшіру және қайта транслитерациялау (ре-транслитерация) кестелері жасалған. Айта кету керек, ұлттық транслитерация жүйелерінің көпшілігі дәл осы стандартқа сүйенеді және ол белгілі бір уақыт аралығында үнемі жаңартылып отырады.

Өзбекстанда бірыңғай ұлттық транслитерация жүйесі әзірленген бе, жоқ па деген мәселе толық айқын емес. GOST 7.79-2000 жүйесінің «Өзбекстанның техникалық реттеу агенттігі» (*UzStandard*) тарапынан да бекітілгеніне сүйене отырып, жанама түрде ұлттық транслитерация жүйесі бар деген тұжырым жасауға болады. Алайда бұл мәліметті *Uzstandard* ұйымының ресми веб-сайтындағы деректер арқылы тікелей растау мүмкін болмады және агенттікке жіберілген тиісті сұрауға аталған мақала тапсырылған уақытқа дейін ешқандай жауап алынбаған.

Осы тұста өзбек тілінің басқа тілдердегі жалқы есімдер мен атауларды транскрипциялау кезінде қай қағидатқа сүйенетіні туралы орынды сұрақ туындайды. Бұқаралық ақпарат құралдарына назар аударсақ, транслитерацияға қарағанда транскрипция мәселесі қоғамдық пікірде белсендірек әрі өзекті болып көрінеді. Өзбекстандағы практикалық транскрипцияның қазіргі жағдайы мен қолданыстағы тәжірибесі *www.kun.uz* және *www.daryo.uz* интернет-ақпараттық платформаларындағы мақалалар мен жаңалықтар, сондай-ақ түрлі онлайн БАҚ-тарында жарияланған материалдар негізінде талданады. Бұл сайттардың таңдалу себебі − біріншіден, олардың динамикалық әрі қызықты мазмұнының бүкіл Өзбекстан бойынша кең аудиторияға таралуы, екіншіден, екі платформада да әлемдік оқиғалардың белсенді жарияланып, соның нәтижесінде басқа тілдерден енген көптеген жалқы есімдердің кездесуі.

Тауар белгілері, өнім атаулары, фирма, бренд, концерн және бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары көбіне ешқандай графикалық транслитерациясыз немесе фонетикалық транскрипциясыз, түпнұсқа қалпында қабылданады. Транскрипция қағидаты басым бола бастағанына және кейбір атаулардың транскрипцияланған немесе қатар қолданылатын нұсқалары пайда болғанына қарамастан, тарихи-дәстүрлі жолмен, әсіресе орыс тілі арқылы өзбек тіліне енген көптеген жалқы есімдерде ескі жазылым үлгілері әлі де сақталып келеді.

Зерттеулерден өзбек тіліндегі латын графикасы қытай жалқы есімдерін беру барысында бірқатар жүйелік және концептуалдық қиындықтарға тап болып отырғанын білеміз. Бұл қиындықтар негізінен үш бағытта көрінеді: фонетикалық сәйкестік мәселесі, орфографиялық тұрақсыздық және стандарттау принциптерінің әлсіздігі. Өзбек тіліндегі транслитерация жүйесі қытай атауларын тікелей пиньинь арқылы емес, көбінесе орыс тіліндегі дәстүрлі транскрипция (Палладий жүйесі) арқылы қабылдайды. Мұндай көпсатылы трансформация (қытай-орыс-өзбек) бастапқы дыбыстық құрылымның айтарлықтай өзгеруіне алып келеді. Мысалы, қытай тіліндегі *Guangdong* атауы өзбек мәтіндерінде *Guandun* түрінде, ал *Mao Zedong* есімі *Mao Tszedun* нұсқасында беріледі. Бұл құбылыс ғылыми әдебиетте «екіншілік транскрипция» ретінде сипатталып, оның негізгі кемшілігі ретінде фонетикалық дәлдіктің төмендеуі мен түпнұсқаға сәйкестіктің бұзылуы көрсетіледі [166, 134 б.]

Өзбек латын графикасында орфографиялық бірізділіктің жеткіліксіздігі байқалады. Бір ғана фонеманың бірнеше графикалық нұсқада берілуі (мысалы, *i* дыбысының *i* және *y* арқылы таңбалануы) жүйелік тұрақсыздыққа әкеледі. Мұндай вариативтілік ономастикалық атаулардың көпнұсқалылығын күшейтіп, ғылыми мәтіндерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және ресми құжаттарда бір атаудың әртүрлі жазылуына себеп болады. Нәтижесінде дерекқорлар, картографиялық жүйелер және цифрлық іздеу жүйелері үшін сәйкестік мәселелері туындайды.

Графикалық деңгейде күрделі әріп тіркестерінің (*sz, tsz, chj* және т.б.) қолданылуы оқылым мен жазылымды қиындатады. Мысалы, *Chjetszyan* сияқты нұсқалар пиньиндегі *Zhejiang* формасына қарағанда әлдеқайда күрделі әрі

түсініксіз. Бұл жағдай «оқылым ыңғайлылығы қағидасына» қайшы келеді және тілдік жүйенің функционалдық тиімділігін төмендетеді. Фонетикалық сәйкессіздік мәселесі де айқын көрінеді. Өзбек тілінде *sh, ch, ng* сияқты дыбыстар болғанымен, олар қытай тіліндегі сәйкес фонемаларды толық дәлдікпен бере алмайды. Кейбір жағдайларда қытай тіліндегі *ng* дыбысы өзбек мәтіндерінде *n* арқылы беріледі (мысалы, *Guangdong - Guandun*), бұл фонетикалық ақпараттың жоғалуына алып келеді [166, 136 б.]. Мұндай құбылысты фонологиялық сәйкессіздік ретінде сипаттауға болады, яғни екі тілдің дыбыстық жүйелері арасындағы айырмашылықтар толық ескерілмейді.

Өзбек емлесінде *sh* тіркескен тұста, яғни *s* мен *h* әріптері қатар келіп, мағынаға әсер ететін тұста тұтық белгісі қолданылады. Мысалы, *Исхоқ – Is'hoq, масҳ – mas'h* сөздеріндегі с және ҳ іргелес келгенде екі әріп арасына тұтық белгісі қойылады делінген. Себебі бұл жерде екі әріп жеке-жеке мағыналық бөлшек дегенді білдіреді: *s'h* [79, 341 б.]. Сөз құрамында қатар келген *z* мен *h* дыбыстарының *zh* (j) болып оқылмауы үшін қойылады: *ustaz'hana, Mêyiz'han, kiyiz'han, Өz'han, Neyaz'han (Ниязхан/Ниязжан)*.

Өзбек орфографиясындағы ерекше элементтердің бірі – *tutuq belgisi* (') белгісі. Бұл белгі дыбыстарды ажырату, буындарды бөлу және дауыстылардың созылыңқылығын көрсету мақсатында қолданылады. Алайда оның қолданылу ережелерінің күрделілігі мен бірізді еместігі орфографиялық жүйеге қосымша жүктеме түсіреді. Бұл өз кезегінде жазу нормаларын игеруді қиындатады. *Tutuq belgisi*-нің қызметі:

1) *a'lo, ba'zan, ma'yuz, ta'zim, ra'y, t'ab, e'lon, e'tibor, e'tiqod, me'mor, ne'mat, she'r, fe'l, No'mon, shu'la* kabi o'zlashma so'zlarda unlidan keyin shu unli tovushning cho'ziqroq aytilishini ifodalash ushun qo'yiladi; *mo'jiza, mo'tadil, mo'tabar* kabi so'zlarda **o'** unlisi cho'ziqroq aytilisa ham, tutuq belgisi qo'yilmaydi; 2) *in'om, sa'nat, qat'iy, ma'sul* kabi o'zlashma so'zlarda unlidan oldin shu unli oldingi undosh tovushdan ajiratib aytilishini ifodalash uchun qo'yiladi.

Аудармасы: 1) кірме сөздердің созылыңқы оқылуы үшін қолданылады, яғни азырақ кідіріс жасау, созып айту керек жерлерге қойылады; 2) *tutuq belgisi* дауыстылар алдында қойылғанда, келесі дауыстының кідіріс арқылы айтылуын белгілейді.

Өзбек тіліндегі транслитерация тәжірибесі халықаралық стандарттармен толық үйлеспейді. Теориялық тұрғыдан алғанда, қытай ономастикалқы атауларын берудің негізгі стандарты − пиньинь жүйесі (ISO 7098) болып табылады. Алайда практикада бұл стандарт толық сақталмайды, нәтижесінде ұлттық жазу жүйесі мен халықаралық нормалар арасында қайшылық туындайды. Жалпы алғанда, өзбек тілінің латын графикасындағы транслитерация мәселелері ұлттық орфографиялық дәстүр, орыс тілдік ықпал және халықаралық пиньинь стандарты арасындағы теңгерімнің жеткіліксіздігінен туындайды. Бұл жағдай ономастикалық атаулардың көпнұсқалылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми айналымда, ресми құжаттарда және цифрлық кеңістікте бірізді қолданылуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты өзбек тәжірибесі қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында стандарттау мәселесін

зерттеуде маңызды салыстырмалы база бола алады. Ол транслитерация жүйесін қалыптастыруда «*бір атау – бір таңба*» принципі, халықаралық стандарттарға сәйкестік, фонетикалық дәлдік және орфографиялық тұрақтылық сияқты қағидаларды сақтаудың қажеттілігін арттырады.

Қытай топонимдері өзбек тіліне төрт негізгі әдіс арқылы беріледі: транслитерация, сөзбе-сөз аудару, еркін аудару немесе осы тәсілдердің үйлесімі. 2025 жылы қытай географиялық атауларын романизациялаудың негізгі стандарты ретінде пиньинь жүйесін қолдану және оны өзбек тілінің фонетикалық заңдылықтарына бейімдеу сақталып отыр. Оларды берудің бірнеше негізгі әдістері анықталды. Олардың негізгісі − транслитерация: Ономастикалық атаулар буындарға бөліне отырып, бас әріппен жазылады. Арнайы дыбыстар бейімделеді: мысалы, қытай тіліндегі *j* дыбысы өзбек транслитерациясында көбінесе *zh* немесе *chj* түрінде беріледі. Мысалы: *Guangzhou - Guanchjou, Shenzhen - Shenchjen.*

Тағы бір әдісі − семантикалық калька. Кейбір географиялық атаулар мағынасы кеңінен белгілі немесе тарихи тұрғыдан маңызды болған жағдайда толық немесе жартылай өзбек тіліне аударылады. Мысалы: *Huang He* (Sariq daryo) - «Сары өзен»*; Heilongjiang* (Qora ajdarho daryosi) − «Қара айдаһар өзені» (Амур). Ол лексикалық мағынасы айқын атауларға, әсіресе құрамында географиялық терминдер (тау, өзен, теңіз) бар топонимдерге қолданылады. Мысалы: *Hainan* (сөзбе-сөз «Теңіздің оңтүстігі») − *Xaynan* (транслитерация), ал *Huanghe* атауы жиі *Sariq daryo* («Сары өзен») деп беріледі. shan (тау) компоненті транслитерациялануы да, аударылуы да мүмкін. *Tian Shan − Tyan-Shan* (дәстүрлі) немесе *Tangritog‘* (түркілік атау). *Kunlun Shan Kunlun tog‘lari. Sheng* (провинция), *shi* (қала) сөздері топонимнің өз құрамына енгізілмей, түсіндірме ретінде қосылады. *Hubei sheng − Xubey provinsiyasi* [167, 45-46 бб.].

he, jiang (өзен), *hu* (көл) анықтағыштары жиі өзбекше баламалармен алмастырылады. *Qinghai Hu − Sinsay ko‘li*. *Yangtze Jiang − Yansi daryosi*. Ал кейбір атаулар өзбек тіліне тарихи тұрғыда басқа тілдер (негізінен орыс тілі) арқылы еніп, пиньинь жүйесінің қағидаларына әрдайым сәйкес келе бермейді. Олар дәстүрлі бейімделген. Мысалы: *Beijing - Pekin* (дәстүрлі нұсқа).

Қазіргі жаһандану жағдайында халықаралық коммуникация кеңістігінде жалқы есімдерді бірізді әрі ғылыми негізде беру мәселесі ерекше өзектілікке ие. Әсіресе Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың күшеюі қытай ономастикалық атауларын ұлттық тілдерде дұрыс таңбалау қажеттілігін арттырып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, өзбек тілінің латын графикасындағы тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық, өйткені ол посткеңестік кеңістіктегі тілдік реформалар мен халықаралық стандарттардың өзара ықпалдасуын айқын көрсетеді.

Әзірбайжан Республикасының латын графикасына көшу тәжірибесі саяси, экономикалық, мәдени, лингвистикалық және қоғамдық-әлеуметтік факторлардың өзара ықпалы негізінде жүзеге асқан күрделі тілдік реформа ретінде бағаланады. Осы түрткіжайттардың ішінде шешуші орын алғаны – саяси фактор. 1991 жылғы 25 желтоқсанда Президент А. Муталибов «Латын

графикасы негізіндегі Әзірбайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» заңға қол қойып, 1940 жылға дейін қолданылған 32 әріптен тұратын әліпбиді аздаған өзгеріспен қайта енгізу бағытын бекітті. Бұл қадам кеңестік жүйе ыдырағаннан кейін ұлттық сананың жаңғыруымен, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық бірегейлікті қайта орнықтыру үдерісімен тікелей байланысты болды. Сонымен бірге Әзірбайжанның Түркиямен тарихи-мәдени және геосаяси жақындығы да латын графикасына көшуді жеделдеткен маңызды сыртқы факторлардың бірі болды.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, кирилл графикасына негізделген бұрынғы жазу жүйесі Әзірбайжан тілінің табиғи дыбыстық болмысын толық бейнелей алмады. Әсіресе орыс тілінен енген сөздерді бастапқы қалпында жазуға бейімделген графика ұлттық орфографияның бірізділігіне нұқсан келтіріп, жазуда екіжақтылық туғызды. Соның салдарынан әдеби тілдің ішкі заңдылықтары мен бөгде орфографиялық үлгілердің арасында қайшылық пайда болды. Бұған қоса, Әзірбайжан қоғамының тарихи-мәдени және діни санасында кирилл жазуы сырттан таңылған графика ретінде қабылданды.

Жаңа әліпбидің басты артықшылығы оның ұлттық тілдің фонемалық жүйесін кирилл жазуына қарағанда дәлірек бейнелеуге ұмтылуымен байланысты. Кирилл графикасы Әзірбайжан тіліне тән емес, орыс тілі арқылы енген бөгде фонемаларды да таңбалап келгендіктен, ұлттық дыбыстық жүйені беруде артық қабат қалыптастырды. Ал латын графикасы ықшам графемалық жүйе ретінде тілдің төл фонологиялық табиғатына жақындатылып, түркітілдес халықтар арасындағы ортақ ақпарат алмасуға, Батысқа бағытталған экономикалық байланыстарға және сауат ашу үдерісін жеңілдетуге қолайлы болды. Бұл үдерістің әлеуметтік тұрғыдан тез таралуына жастардың, сауда саласының және Түркияның телехабарлары арқылы тұрақты көрініп отырған латыннегізді жазу үлгілерінің ықпалы да әсер етті.

Сонымен бірге Әзірбайжан ғалымдары жаңа әліпбиге көшудің әлсіз тұстарын да атап көрсетеді. Ең алдымен, мектептер жаңа жазуға көшірілгенімен, оны оқытатын мұғалімдерді дайындау ісі жеткілікті жолға қойылмады; кирилл графикасында сауаттанған буын үшін жаңа әліпбиді меңгеру қиын болды. Балалар әдебиетінің тапшылығы, ересектерге арналған оқу курстарының аздығы және кириллмен жазылған мол жазба мұраның жаңа ұрпаққа толық қолжетімсіздігі де өтпелі кезеңнің күрделі сипатын аңғартты. Соған қарамастан, жаңа әліпби ұлттық дыбыстық жүйеге барынша сәйкес келеді деп танылды: оның құрамында *32 графема және бір апостроф* бар. Графемалар таңдауда тек фонемалық дәлдік емес, көзшалымға қолайлылық принципі де ескеріліп, латын әліпбиінің негізгі құрамынан тыс *ә* графемасы қабылданды. Бұл шешім диакритикалық белгі арқылы күрделендіруден бас тартып, *ә* фонемасының сөздің барлық буындарында жиі қолданылуын ескерген практикалық және лингвистикалық уәжбен түсіндірілді.

Әзірбайжанның латын графикасына көшу тәжірибесі жазу реформасының ұлттық тілдің ішкі дамуына, орфографиялық жүйенің бірізденуіне және тілдің қоғамдық мәртебесінің нығаюына тікелей ықпал ететінін көрсетті. Ғалымдар бұл

үдерісті кирилл жазуында орныққан қосамжар орфографиядан арылудың, кірме сөздердің айтылымын ұлттық фонетикалық үлгіге бейімдеудің және халықтық тілдің жазба әдеби тілге жақындасуының маңызды алғышарты ретінде бағалайды.

Кесте 9 – Әзірбайжанның латын графикасына көшу тәжірибесінен туындайтын негізгі фактілер мен түйіндер

Дерек	Түйін
Әзірбайжан тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасы кирилл кезеңінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылуға болады.	Қазақ орфографиясындағы ұқсас қайшылықтарды да жарым-жарты түзетумен емес, әліпби реформасы арқылы түбегейлі шешу қажет.
Латын графикасы түркі дүниесіне ортақ ақпараттық және мәдени кеңістікке жақындасуға, әсіресе Түркиямен байланысты күшейтуге қызмет етті.	Латыннегізді жаңа жазу қазақ қоғамында да түркілік ортақ бірегейлікті жаңғыртудың тиімді тетіктерінің бірі бола алады.
Жаңа графика ұлттық сананың көтерілуі мен тәуелсіз мемлекеттің рәміздік жүйесін орнықтыру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қабылданды.	Қазақстанда да жаңа әліпби қоғамдық санада отаншылдық пен ұлттық жаңғырудың нышаны ретінде орнығуы тиіс.
Ұлттық тілдің табиғатына негізделген жаңа жазу Әзірбайжан қоғамындағы монотілдік жағдаяттың күшеюіне және мемлекеттік тіл мәртебесінің артуына ықпал етті.	Жаңа әліпбимен сауаттандыру үдерісі мемлекеткұрушы ұлт тілінің қоғамдық беделін көтеріп, оны элитарлық тіл деңгейіне жеткізуге бағытталуы керек.
Латын графикасы кірме сөздердің айтылу үлгісін ұлттық фонетикалық жүйеге бейімдеуге және жазудың ұлттық тіл мүддесіне қызмет етуіне жол ашты.	Әліпби реформасы қазақ тілінің табиғи дыбыстық болмысын күшейтіп, кірме қабаттың орфоэпиялық ықпалын ұлттық нормаға бағындыруы тиіс.

Түйіндей келе, Түркия, Өзбекстан және Әзірбайжан республикаларының латын графикасына көшу тәжірибесі жаңа әліпби реформасының табысы ең алдымен ұлттық тілдің фонетикалық жүйесін қаншалықты дәл бейнелей алуымен анықталатынын көрсетті. Бұл елдердің тәжірибесінде латын графикасы бір жағынан кірме қабаттан туындаған қосамжар орфографияны реттеудің, екінші жағынан ұлттық дыбыстық жүйені, орфоэпиялық норманы және жазу мәдениетін жаңаша жүйелеудің құралына айналды. Сонымен бірге бұл реформалардан әліпби ауыстырудың тек графика алмастыру емес, фонема – графема сәйкестігін қайта қарау, орфографиялық принциптерді нақтылау, қоғамды жаңа жазуға кезең-кезеңімен бейімдеу сияқты күрделі лингвистикалық міндеттерді қатар шешуді талап ететіні байқалды. Латын графикасына көшу тәжірибесі ұлттық тіл табиғатын дәл тануға сүйенген жағдайда ғана жазудың тиімді әрі орнықты жүйесі қалыптасатынын дәлелдейді.

Осы тұрғыдан алғанда, қытай ономастикалық атауларын таңбалауда халықаралық және ұлттық ұстанымдардың арақатынасын дұрыс үйлестіру шешуші мәнге ие. Пиньинь жүйесі халықаралық деңгейде мойындалған, жүйеленген және салыстырмалы тұрақты модель ретінде қытай жалқы есімдерін біріздендірудің негізгі базасы болып қала береді, алайда оны қазақ тіліне механикалық көшіру қазақ орфоэпиясы мен орфографиясына толық сәйкес келе

бермейді. Ал тарихи тұрғыдан маңызды Уэйд-Джайлс жүйесі қазіргі стандарттау үдерісінде шеткері сипат алғанымен, архивтік және ғылыми мәтіндерде сақталғандықтан, оны пиньиньмен салыстыра қарастыру қажет. Түркия, Өзбекстан және Әзірбайжан тәжірибесі де осыны аңғартады: халықаралық үлгіні сол күйінде қабылдау жеткіліксіз, оны ұлттық жазу нормасына бейімдеу міндетті. Сондықтан Қазақстан жағдайында қытай атауларын беруге арналған ғылыми негізделген, пиньинге сүйенетін, бірақ қазақ тілінің дыбыстық және орфографиялық заңдылықтарына икемделген стандарттау моделін әзірлеу қажеттігі айқындалады.

3.3 Қытай қазақтары қолданған латыннегізді әліпбидің тілтанымдық сипаты

Қытай қазақтарының жазу тарихында латын графикасына негізделген әліпбидің белгілі бір кезеңде ресми қолданыста болғаны ерекше назар аударады. XX ғасырдың орта шенінде жүргізілген тіл-жазу реформалары барысында араб графикасына негізделген бұрынғы әліпбидің қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық әрі дәл бере алмайтыны көрінді. Бұл әліпби бірнеше рет жетілдірілгенімен, араб әліпбиінде дауысты дыбыстардың аз болуы, қазақ тілінде дауысты дыбыстардың көп болуы салдарынан әртүрлі дауыстыларды жазуда дәл көрсету мүмкін болмады. Сонымен қатар, әріптердің сөз ішіндегі орнына қарай және басқа әріптермен тіркесуіне байланысты олардың формасы өзгеріп отырады, бұл әсіресе жаңадан үйренушілер үшін қиындық туғызды. Бұған қоса, ғылыми-техникалық мәтіндерде жол ауыстыру кезінде қолайсыздықтар туындап, оқырманға оқу мен қолдануды қиындатты. Сондықтан бұл жазу білім беруді кеңінен тарату мен ғылым мен техниканың дамуына кедергі келтірді. XX ғасырдан бастап Қытайдағы ұйғыр және қазақ халықтары арасында жазуды реформалау қажеттігі туралы пікірлер пайда болды.

Қазан төңкерісінен кейін Кеңес үкіметі бір жағынан жазуы жоқ халықтар үшін латын негізіндегі жаңа жазу жасап, екінші жағынан бұрыннан бар ұлттық жазуларға реформа жүргізді. Түркі тілдес халықтардың араб әліпбиіне негізделген жазуы XX ғасырдың 20-30 жылдарында латын графикасына көшірілді. Кейін, халықтар арасындағы өзара қарым-қатынас пен түсіністікті жеңілдету мақсатында, 40-жылдары кирилл әліпбиі негізіндегі латын жазуына ауыстырылды. Осы кезеңде кирилл графикасында жазылған қазақ тіліндегі көптеген басылымдар Қытайға еніп, Шыңжаңдағы әртүрлі ұлт өкілдерінің кадрлары мен зиялы қауымы бұл жаңа жазуды өздігінен меңгерді. Сонымен қатар, онда қазақ жазуын кирилл графикасына көшіру туралы ұсыныстар да айтылды [168, 125 б.].

Жаңа Қытай құрылғаннан кейін халық өз ұлттық жазуын үйренуді, ғылым мен техниканы меңгеруді талап етті, мәдени деңгейін көтеріп, өндірісті дамытуға ұмтылды. Ал араб жазуы күрделірек болғандықтан, сол кезеңде партия мен үкімет органдары ұйғыр, қазақ және басқа да ұлттардың жазуды реформалау талаптарын қолдады. Сондықтан Кеңес Одағындағы жазу реформасының ықпалы, қазақ және басқа да аз ұлттардың зиялы қауымының талаптары, сондай-

ақ социалистік мәдени құрылыстың қажеттіліктері жазу реформасының негізгі себептері мен қозғаушы күштері болды.

1955 жылы Бейжіңде өткен Бүкілқытайлық бірінші ұлттық тіл-жазу ғылыми конференциясында Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының Ұлттық тіл-жазу зерттеу және бағыттау комиссиясының өкілдері Кеңес Одағындағы ұлт жазулары негізінде жасалған ұйғыр, қазақ, қырғыз, моңғол және сібе сияқты 5 ұлтқа арналған кирилл негізіндегі жаңа жазу жобасын (нұсқасын) ұсынды.

1956 жылғы тамызда Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитеті мен халық үкіметі Үрімжі қаласында «Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының бірінші ұлттық тіл-жазу ғылыми конференциясын» өткізді. Конференцияда талқылау нәтижесінде ұйғыр, қазақ, қырғыз, моңғол және сібе халықтары үшін кирилл әліпбиіне негізделген 5 түрлі жаңа жазу жобасын қабылдау туралы келісім жасалды. Конференциядан кейін Үрімжі, Құлжа (Іле) және басқа жерлерде жаңа жазу мұғалімдерін даярлау курстары ұйымдастырылып, жаңа жазуды енгізуге дайындық жұмыстары басталды.

Қыркүйек айында автономиялық ауданның тіл-жазу зерттеу комиссиясының жоспарына сәйкес, жаңа оқу жылының басында негізгі аймақтардағы ұйғыр, қазақ, қырғыз, моңғол, сібе, ұйғыр, татар және басқа да ұлттардың 19 бастауыш мектебінде 2000-нан астам оқушыға кирилл негізіндегі жаңа жазу бойынша тәжірибелік оқыту жүргізілді [169, 12 б.].

Алайда 1957 жылғы қазанда қытай тілінің пиньинь жүйесі жөніндегі комитет латын әліпбиін толық қолданатын түзетілген жобаны (яғни қазіргі «қытай пиньинь жүйесін») ұсынғаннан кейін, аз ұлттардың жаңа жазуы қандай әліпбиге негізделуі тиіс деген мәселе жаңа жағдайға байланысты қайта қарастырыла бастады.

Қытай тілінің пиньинь жүйесі латын әріптерін қолдану туралы шешім қабылданған кезде Қытай үкіметі аз ұлттардың жазуындағы әріп мәселесіне қатысты жаңа қағидаларды ұсынды. 1957 жылғы желтоқсанда Мемлекеттік кеңес Қытай жазуын реформалау комитетінің «Фонетикалық (чжуинь) жазу жобасы мен аз ұлттар жазуы жобаларындағы әріптерді жобалаудың бірнеше қағидалары туралы баяндамасына» берген жауабында былай деп көрсетті: «Баяндамадағы фонетикалық жазу жобасына қатысты пікірлермен келісеміз»; «Аз ұлттардың жазу жобаларындағы әріптерді жобалаудың бес қағидасымен келісеміз, бұдан былай аз ұлттардың жазу жобаларын жасағанда осы қағидаларды басшылыққа алу қажет» [170, 211 б.].

Бұл «бес қағида» төмендегідей болды:

1. Аз ұлттар жаңа жазу жасағанда латын әліпбиін негіз етуі керек; бұрынғы жазуды реформалағанда да, жаңа әліпби жүйесін қабылдағанда да мүмкіндігінше латын графикасына сүйенуі тиіс.

2. Аз ұлт тілдеріндегі қытай тілімен бірдей немесе ұқсас дыбыстарды мүмкіндігінше қытай пиньинь жүйесіндегі сәйкес әріптермен беру керек.

3. Аз ұлт тілдерінде болып, қытай тілінде жоқ дыбыстар үшін, егер бір латын әрпімен беру қиын болса, әліпби жүйесінің айқындылығы, әріптердің қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы, әріп санының қолайлылығы және оқытуға

жеңілдігі ескеріліп, нақты жағдайға қарай мына тәсілдер қолданылуы мүмкін: бір дыбысты екі әріппен белгілеу; жаңа әріп енгізу немесе басқа қолайлы әріпті пайдалану; кейбір жағдайларда әріпке қосымша белгілер (диакритикалық белгілерді) қосу.

4. Тілдегі тон (әуездік) ерекшеліктерді нақты қажеттілікке қарай буын соңына әріп қосу арқылы немесе басқа тәсілдермен белгілеуге болады, не мүлде белгілемеуге де болады.

5. Әртүрлі ұлттардың жазулары, әсіресе тілдік тұрғыдан жақын халықтардың жазулары, әріп формасы мен орфографиялық ережелер жағынан мүмкіндігінше бірізді болуы тиіс[170, 223 б.].

1958 жылғы қаңтарда Чжоу Эньлай Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесінің жалпыұлттық комитетінде «Қазіргі жазу реформасының міндеттері» атты баяндама жасап, онда былай деді: «Қытай тілінің пиньинь жүйесі латын әріптерін қолдану туралы шешім қабылдағандықтан, мынадай қағиданы бекіту қажет: бұдан былай әр ұлт өз жазуын жасағанда немесе реформалағанда негізінен латын әліпбиіне сүйенуі керек және әріптердің оқылуы мен қолданылуы қытай пиньинь жүйесіне барынша жақын болуы тиіс. Бұл тәсіл қытай пиньинь жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ бауырлас ұлттардың жазуын жасау мен реформалауға және болашақта халықтар арасындағы өзара үйрену мен қарым-қатынасты дамытуға үлкен пайда әкеледі» [169, 15 б.].

Жоғарыда аталған «бес қағида» Қытайдағы аз ұлттардың жазуын жасау және реформалауға қатысты негізгі бағыт-бағдар болды. Чжоу Эньлай баяндамасындағы тұжырым осы саясаттың қысқаша мазмұнын білдіреді.

Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитеті мен халық үкіметінің басшылығымен жазу реформасы жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бастады. Бұл жұмыс ауқымды әрі тәжірибе жеткіліксіз болғандықтан, қоғамның әртүрлі салаларын қамтитын күрделі міндет еді. Сондықтан алдымен ұйғыр және қазақ халықтарының жазу реформасын жүзеге асырып, басқа ұлттардың жазу реформасын уақытша кейінге қалдыру туралы шешім қабылданды.

1959 жылдың қараша-желтоқсан айларында Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитеті мен халық үкіметі Үрімжі қаласында «Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының екінші ұлттық тіл-жазу ғылыми конференциясын» өткізді. Конференцияда латын әліпбиі негізіндегі ұйғыр және қазақ жаңа жазуының екі жобасы (нұсқасы) талқыланып, араб әліпбиіне негізделген бұрынғы ұйғыр және қазақ жазуын жою және жаңа жазуды кезең-кезеңімен енгізу туралы ұсыныс жасалды. Сол жылдың 31 желтоқсанында автономиялық аудан халық үкіметі Қытай Халық Республикасының Ұлттық істер жөніндегі комитетіне ұйғыр және қазақ жаңа жазу жобаларын (нұсқаларын) ұсынды.

1964 жылғы наурызда Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының үшінші халық өкілдері жиналысының бірінші сессиясында 4 жылдық тәжірибе негізінде түзетілген «Ұйғыр жаңа жазу жобасы» және «Қазақ жаңа жазу жобасы» қаралып, ұйғыр және қазақ жазуын реформалау туралы шешім қабылданды.

Сәуір айында автономиялық аудан халық үкіметі екі жаңа жазу жобасының (түзетілген нұсқаларын) Ұлттық істер комитетіне ұсынып, Мемлекеттік кеңеске бекітуге жіберуді сұрады. Сол жылдың қазан айында Мемлекеттік кеңес «Ұйғыр жаңа жазу жобасын» және «Қазақ жаңа жазу жобасын» бекітті. Соның нәтижесінде қытай тілінің дыбыстық жазу үлгісі негізінде қазақтың латын графикасындағы жаңа әліпби нұсқасы жасалып, әуелі сынақ ретінде, кейін ресми түрде қолданысқа енгізілді. Бұл жазу жиырма жылдан аса Қытайдағы қазақ қауымының білім беру, баспасөз, көркем әдебиет және қоғамдық коммуникация кеңістігінде белсенді қызмет атқарып, тұтас бір буынның сауаттануына, оқулықтар мен мерзімді басылымдардың кең таралуына, сондай-ақ жазба тіл тәжірибесінің жаңа арнада қалыптасуына негіз болды [170, 189 б.]

1954 жылы жарияланған қазақ әліпбиінде барлығы 30 әріп болды: (араб графикасындағы әріптер тізімі). Олардың ішінде бір «жіңішкелік белгісі» (ه) бар. Бұл белгі сөз басында келіп, сол сөздегі дауыстының жіңішке екенін көрсетеді (яғни алдыңғы қатар дауыстысы). Осылайша ا ،و ،و ،ي сияқты 4 әріп артқы қатар дауыстыларды [a], [o], [u], [ə] білдіреді, ал сөз басында жіңішкелік белгісімен келгенде ا ،و ،و ،ي әріптері алдыңғы қатар дауыстыларды [æ], [ø], [y], [i] білдіреді. Бұдан басқа тағы бір алдыңғы қатар дауысты [e] бар, ол ه арқылы беріледі. Алайда егер сөз ішінде [æ], [ø], [y], [i] және [e] дыбыстары кездессе, сөз басындағы жіңішкелік белгісі түсіріліп жазыла береді. Осылайша 5 араб әрпі мен 1 жіңішкелік белгісі арқылы қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыс беріледі.

Дауыссыз дыбыстарды білдіретін 24 әріп бар. Бұлар сәйкесінше [b], [p], [m], [f], [v], [w], [d], [t], [n], [l], [s], [z], [r], [ʤ], [ʧ], [ʃ], [j], [g], [k], [ŋ], [q], [ɣ], [x], [h] дыбыстарын білдіреді. Олардың ішінде [f], [v], [ʧ] дыбыстары кірме сөздерді жазу үшін қолданылды.

Қазақ жаңа жазуының әліпбиі де қытай пиньинь жүйесіндегімен бірдей 26 әріп пен жаңадан қосылған 7 әріптен тұрады, барлығы 33 әріп.

Әліпбидегі жеке әріптердің реті былай орналасты: *Aa Bb Cc Dd Ee Ff Gg Hh Ii Jj Kk Ll Mm Nn Oo Pp Qq Rr Ss Tt Uu Vv Ww Xx Yy Zz*

4 қосарланған әріп бар: *ng, zh, ch, sh.*

Әліпбидегі әрбір жеке әріптің атаулары: *a, bê, cê, dê, e, êf, gê, ha, i, jê, kê, êl, êm, nê, o, pê, qiu, ar, ês, tê, u, vê, wa, xi, ya, zê.*

Жобалау барысында қазақ тіліндегі [y], [ŋ] дыбыстарын пиньиндегі *Ü (ü), NG (ng)* арқылы беру керек пе жоқ па, сондай-ақ [e] дыбысын E (e) арқылы беру керек пе деген мәселелер бойынша пікірталастар болды. Қарсы пікірлер негізінен мынандай уәждерге сүйенді: Ü (ü), Ê (ê) сияқты әріптерде қосымша белгілер бар, бұл жазуды қиындатады; Ng (ng) тіркесінде буын жігі бойынша бөлінуі тиіс *n* мен *g* дыбыстары кейде бір буынға бірігіп кетуі мүмкін. Мысалы: *kün'gay* (күнгей), *en'gels* (еңгіз), *min'gen* (мінген) сияқты сөздерде.

Алайда талқылау нәтижесінде, егер бұл әріптерді қолданбай, мысалы, [y] дыбысын *Vv* арқылы, [ŋ] дыбысын *n ŋ* арқылы белгілеу ұсынылса, онда диакритикалық белгілер азаяр еді, бірақ бұл әртүрлі ұлттардың өзара үйренуі мен қарым-қатынасына қолайсыз болар еді деген қорытынды жасалды.

Мысалы, қытай халқының кісі есімдері мен жер-су атауларына қатысты Қытай үкіметі және халықаралық стандарттау ұйымдары қытай пиньинь жүйесін ресми транскрипция нормасы ретінде қабылдады. Бұрын ағылшын тілінде «北京» *Peking* деп жазылса, қазір *Beijing* деп жазылады. Сондықтан Қытайдағы әр ұлттың латындандырылған жазуы да мүмкіндігінше қытай пиньинь жүйесімен үйлесуі тиіс. Қытай тілі елдегі негізгі ортақ қатынас құралына айналған жағдайда, аз ұлт тілдеріндегі қытай тілімен бірдей немесе ұқсас дыбыстарды пиньинь жүйесіндегі сәйкес әріптермен беру қажет деген шешім қабылданды.

Қазақ тіліндегі ерекше дауыстылар: [æ], [ø], ал ерекше дауыссыздар: [q], [ʁ], [h]. «Бес қағидаға» сәйкес, бұл дыбыстарды беру үшін қосарланған әріптерді қолдануға, жаңа әріптер енгізуге немесе басқа қолайлы таңбаларды пайдалануға болады. Талқылау барысында барлық ерекше дыбыстарды қосарланған әріптер арқылы беру туралы ұсыныстар болды. Мысалы: AE (ae) немесе AE (ae) арқылы [ɛ] немесе [æ], OE (oe) арқылы [ø], KH (kh) арқылы [q], GH (gh) арқылы [ʁ] т.б. Осылайша жаңа жазу жобаларын әзірлеуде түрлі нұсқалар қарастырылып, олардың тиімділігі мен қолайлылығы жан-жақты талқыланды.

GH (gh) арқылы [ʁ], HH (hh) арқылы [h] дыбыстарын белгілеу ұсынылды. Мұның артықшылығы әріп саны азаяды. Алайда [ɛ], [æ] және [q], [ʁ] дыбыстары өте жиі кездесетіндіктен, кейбір сөздерде екі-үш, тіпті төрт-бес рет қайталанып, сөздің жазылуы тым ұзарып кетеді, бұл оқу мен жазуды қиындатады. Сондықтан бұл ұсыныс тез арада қабылданбады.

Сонымен қатар диакритикалық таңбаларды қолдану ұсынысы да болды: Ä (ä) арқылы [ɛ], Ö (ö) арқылы [ø] дыбыстарын беру. Бірақ басқа пікір бойынша, үстеме белгілері бар әріптерді қолдану қолайсыз, әсіресе *Ü (ü)* сияқты әріптер қазірдің өзінде қолданылып отырғандықтан, тағы да *ä, ö* сияқты жазуға қиын әріптерді енгізу тиімсіз деп есептелді. Сондықтан *Ә (ә)* арқылы қазақ тіліндегі [æ], ал *Ө (ө)* арқылы [ø] дыбыстарын беру ұсынылды.

Бұл тәсіл Кеңес Одағындағы кирилл негізіндегі жазуымен сәйкес келеді, әрі қазақ зиялыларына жақсы таныс. Сонымен қатар мұнда диакритикалық нүктелер жоқ, әріптерді қолмен бір сызықпен жазуға болады, үйренуге де жеңіл, сондықтан бұл нұсқа тез қолдау тапты.

[q], [ʁ], [h] дыбыстарын белгілеуде, қосарланған әріптер қолданылмайтын болғандықтан, дара әріптерді пайдалану қажет болды. Алғашында кейбір ғалымдар *Ğ (ğ)* арқылы [ʁ] дыбысын белгілеуді ұсынды, бірақ бұл әріпте де қосымша белгі болғандықтан, жазуға қолайсыз деп танылды.

Тағы бір ұсыныс бойынша халықаралық фонетикалық әліпбидегі *ɣ (ɣ)* таңбасын қолдану қарастырылды, бірақ ол кең таралмағандықтан және қазақ зиялыларына таныс болмағандықтан қабылданбады. Соның орнына кеңестік кирилл негізіндегі жазуда қолданылатын *Ғ (ғ)* әрпін алу ұсынылып, бұл нұсқа қабылданды [170, 254 б.].

[q] және [h] дыбыстары үшін де кеңестік тәжірибеге сүйене отырып, *k* әрпімен [q], Н әрпімен [h] белгілеу ұсынылды. Бірақ олардың кіші әріптері кириллдегі емес, латын графикасындағы *k* және *h* түрінде алынды. Осылайша [q],

[в], [h] дыбыстары дара әріптермен белгіленді және олардың жазба түрі де қолайлы болды. [h] дыбысына қатысты қазақ тілінде ол тек аздаған кірме сөздерде ғана кездесетіндіктен, арнайы әріп қажет пе деген мәселе талқыланды. Соңында бұл дыбысты H (h) әрпімен беру туралы шешім қабылданды.

Қытай пиньинь жүйесінде *ng*-ден басқа тағы 3 қосарланған әріп бар: *zh, ch, sh.* Алайда бұл дыбыстар қазақ тілінде жоқ. Қытай тіліндегі *zh, ch, sh* дыбыстары бар сөздер қазақ тілінде әдетте *j, q, x* дыбыстары арқылы беріледі.

Латыннегізді жобасын талқылау барысында ғалымдар кірме сөздер үшін арнайы әріптер қолдану басқа тілдерде де кездесетінін ескерді. Мұндай кірме сөздер саны көп емес, олармен көбіне оқушылар мен жазу үйренушілер сирек кездеседі, әрі мұғалімдердің көмегімен және баспа материалдары арқылы біртіндеп меңгеруге болады деп есептелді. Сондықтан *zh, ch, sh* дыбыстары бар қытай сөздері, әсіресе кісі есімдері мен жер-су атаулары сияқты жалқы есімдер, жаңа жазуда *zh, ch, sh* арқылы берілуі тиіс деп ұсынылды. Сонымен бірге, *zh* мен *j, ch* мен *q, sh* мен *x* арасындағы айырмашылық сақталуы қажет деп көрсетілді. Сонымен жобада *zh, ch, sh* әріптері қытай тілінен енген жаңа кірме сөздерді жазу үшін қолданылатын болды.

Қытай қазақтарының латын әліпбиі	*Қазақстандағы кирил әліпбиі*	*Қытай қазақтарының латын әліпбиі*	*Қазақстандағы кирил әліпбиі*
A a	А а	R r	Р р
B b	Б б	S s	С с
C c	Ц ц	T t	Т т
D d	Д д	U u	Ұ ұ
E e	Ы ы	V v	В в
F f	Ф ф	W w	У у
G g	Г г	X x	Ш ш
H h	Х х	Y y	Й й
I i	І і	Z z	З з
J j	Ж ж	Ö ö	Ғ ғ
K k	К к	Ң	Һ һ
L l	Л л	Қ қ	Қ қ
M m	М м	Ə ə	Ә ә
N n	Н н	Ǫ o	Ө ө
O o	О о	Ü ü	Ү ү
P p	П п	Ê ê	Е е
Q q	Ч ч	NG ng	Ң ң

Сурет - 4. Қытай қазақтарының латын қарпіне негізделген әліпбиі

Кестеден байқалатыны – бұл әліпби құрылымы жағынан ықшам болғанымен, қызметі жағынан бір ғана қазақтың төл дыбыстық жүйесін емес, Қытайдағы көптілді жазба ортаның қажеттілігін де ескеріп жасалған. Негізгі қоры 33 әріптен тұрғанымен, қазақ тілінің төл дыбыстарын беруде латын графикасының 26 таңбасы пайдаланылып, оған қазақтың ұлттық фонологиялық табиғатын танытатын арнайы таңбалар қосылған. Әсіресе *ң* дыбысының *ng* қосар әрпімен берілуі және қытай тіліндегі атауларды дәлдеу үшін *zh, sh, ch* тәрізді тіркестердің енгізілуі бұл әліпбидің таза ұлттық үлгімен шектелмей, практикалық транскрипциялық міндет атқарғанын көрсетеді.

Осы тұрғыдан қарағанда, аталған әліпби екі түрлі бағытты қатар ұстанған. Біріншісі − қазақ тілінің 9 дауысты, 24 дауыссыз дыбысын барынша жүйелі таңбалау, екіншісі − қытай және өзге тілдерден енген атауларды бұрмаламай жазуға бейімделу. Сондықтан мұнда *ф, х, в, ц* сияқты қазақтың төл фонологиялық

жүйесіне жатпайтын, бірақ қоғамдық қолданыста қажет болған таңбалар да әдейі енгізілген. Ал керісінше, орыс тілі арқылы енген кейбір кірме әріптердің бұл әліпбиде болмауы оның қазақ жазуын орыс графикасының ықпалынан ішінара ажыратып, ұлттық негізге жақындатуға ұмтылғанын аңғартады.

Қытай қазақтарына арналған латын әліпбиінің құрылымында қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне толық сәйкес келмейтін бірқатар таңбалардың орын алуы оның ең осал тұстарының бірі болып саналады. Мұндай сәйкессіздіктің негізгі себебі әліпби жасауда қытай пиньинь жүйесінің үлгісіне тәуелді болуымен байланысты. Соның салдарынан кейбір графемалар қазақ тілінің дыбыстық табиғатына емес, қытай тіліндегі дыбыстық мәніне қарай іріктеліп, қазақ графикасында шартты қызмет атқарған. Бұл құбылыс әліпбидің ұлттық фонологиялық негізін әлсіретіп, графема мен фонема арасындағы табиғи сәйкестіктің бұзылуына әкелді. Мысалы, *H h - [x]* түріндегі сәйкестік қытай пиньиндегі *h* таңбасының қатаң көмейлік фрикатив мәнінен туындағанымен, қазақ тіліндегі [х] және [h] дыбыстарының артикуляциялық табиғаты онымен толық қабыспайды. Сондықтан мұндағы таңбалау дәл фонетикалық емес, шартты сипатта болды.

Сол сияқты *Cc - [ш]* немесе [ц] түрінде қолданылуы да жүйелілікке қайшы келеді. Өйткені пиньинде *c* таңбасы, негізінен, [ts^h] тәрізді аффрикатты білдіреді, ал қазақ тілінде [ш] дыбысы үшін мұндай таңбаны қолдану дәстүрлі графикалық ұстанымға сәйкес емес. Бұл қазақ фонетикасы тұрғысынан бір таңбаның бірнеше әртүрлі дыбыстық мәнде жұмсалуына жол ашып, орфографиялық тұрақсыздық тудырды.

Осындай қайшылық *Xx − [ғ]* немесе [ш] түрінд жазудан да көрінеді. Пиньинь жүйесінде *x* таңбасы [ɕ] мәніндегі жұмсақ шұғыл-ызыңдауға жақын дыбысты білдіреді, ал оны қазақ тіліндегі [ғ] не [ш] дыбыстарымен алмастыру фонетикалық жағынан да, графикалық дәстүр тұрғысынан да дәл емес.

Сол сияқты *Qq − [ч]* сәйкестігі де қазақ тілінің ішкі дыбыстық жүйесіне толық үйлеспейді, өйткені [ч] қазақ тілінде дербес төл фонема ретінде емес, көбіне кірме қабатта ғана ұшырасады. Ал *Ee − [ы]* түріндегі таңбалау тіпті айқынырақ сәйкессіздікті аңғартады: пиньинде *e* ашық не жартылай ашық дауыстыны білдірсе, қазақ тіліндегі [ы] − артқы қатардағы қысаң дауысты. Сондықтан бұл жерде графикалық үнемділік фонетикалық дәлдіктен басым түскені байқалады.

Жалпы алғанда, аталған таңбалар қазақ тілінің табиғи дыбыстық жүйесін дәл беруден гөрі, пиньинь үлгісін механикалық бейімдеудің нәтижесі ретінде көрінеді. Соның салдарынан әліпбиде *Hh - [х], Cc - [ш] / [ц], Xx - [ғ] / [ш], Qq - [ч], Ee - [ы]* сияқты шартты және тұрақсыз сәйкестіктер қалыптасқан. Мұндай тәжірибе ұлттық әліпби құрастыруда бөгде тілдің транскрипциялық моделін сол күйінде көшірудің тиімсіз екенін көрсетеді. Әліпби ұлттық тілдің өз фонетикалық заңдылықтарына сүйенгенде ғана графикалық жүйе бірізді, орфографиялық норма орнықты болады.

Қытайдың латыннегізді қазақ әліпбиінің төмендегідей өзгешеліктері болды:

1) Әліпбиде алдымен классикалық латынның 26 әрпін реті бойынша тізіп шығып, соңынан *ɑ (ğ), қ (q), ə (ä), ө (ö), ü (ü), ê (e), ng (ñ)* әріптерін берген, яғни қазақтың төл дыбыстарын таңбалайтын әріптер әліпбидің ең соңынан берілген. Қазақ тілінің *е* дыбысы қытай тіліндегі *ê* арқылы таңбаланған.

2) Әліпбидегі *c, h, q* әріптері қытай тіліндегі *c, h, q* дыбыстарын таңбалау үшін қолданылады (*Cao Xueqin, Cangzhou, Hang Haidong, Hangzhou, Qiongzhou, Qingdao*). *V* таңбасы тек шеттілдік сөздер, аз саны ұлттар мен қытай диалектілерінде ұшырасатын төл дыбыстарды жазу үшін пайдаланылады: *êvênki* (Ewenki ethnic minority).

3) Әліпбиде қазақ тілінің *ң (ñ)* дыбысын қытай тіліндегі *ng* әрпіне ұқсас берілген.

4) Әліпбидің құрамына енбеген *zh, ch, sh* диграфтары тек қытай тілінен (немесе басқа ұлт тілінен) кірген кірме сөздерді, ономастикалық атауларды таңбалау үшін ғана қолданылады: *Zhejiang, Changsha, Shanghai, gawshan ulte* (*Gaoshan Ethnic Minority*), т.б. Мұндай диграфтар қытай тіліндегі дыбыстарды салыстырмалы түрде нақтырақ беруге мүмкіндік жасағанымен, қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне тән болмады. Сондықтан олар, негізінен, қытай тілінен енген атаулар мен терминдерді жазуда ғана жұмсалды. Кейбір деректерде *gh, ch, h* тәрізді әріп тіркестерінің де мәжбүрлі түрде енгізілгені айтылады. Бұл құбылыс әліпби жасауда қазақ тілінің ішкі дыбыстық заңдылығынан гөрі, қытай тіліндегі дыбыстарды сырттай дәлдеуге ұмтылыс басым болғанын аңғартады.

5) Қытайдың кісі есімдері мен қытай тілінде айтылып жазылатын жер-су атауларын, кірме сөздерді таңбалағанда, *o* дыбысы *w* арқылы таңбаланса, *u* дыбысы да *w* арқылы таңбаланады. *I* дыбысы *Y* әрпімен жазылады: *Ma**o** Zedong − Ma**w** Zedong, Lia**o**ning − Lia**w**ning, Zha**o** Shuli − Zha**w** Shuli* 6 *ga**o**shan − ga**w**shan* (Gaoshan Ethnic Minority), *ya**o**zu − ya**w**zu* (Yao minority) *Guangzho**u** − Guangzho**w**, Zho**u** De − Zho**w** De, Chunqi**u** − Chunqi**w*** (Chunqiu period) 6 *Be**i**jing − Be**y**jing, Shangha**i** − Shangha**y**, Ta**i**yuan − Ta**y**yuan, Ta**i**wan − Ta**y**wan.*

6) Буын айыру белгісі (’) қолданылған. Буын айыру белгісі мына жағдайларда қолданылған:

1) *N* дыбысына біткен сөздерге *g* дыбысынан басталатын қосымшалар жалғанғанда, қойылады: *iyt ürgên’gê, xêxên’gê, tün’gi, kêyin’gê, tikên’gê, deyin’gi*, т.б. Сөз құрамында қатар келген *n* мен *g* дыбыстарының *ng* болып оқылып кетпеуі үшін қойылады: *jən’ge salew, ên’gen, Ven’gria, Bên’gal, Kon’go, An’glia, Sin’gapor* т.б.

2) *S* дыбысына біткен сөздерге *хана* жұрнағы жалғанғанда қойылады: *as’hana (асхана), is’hana* (*іскана*). *S* мен *h* дыбыс қатар келгенде қойылады: *pas’ha mêrêkêsi, is’hema, pis’hologia*.

Әліпбидің елеулі әлсіз тұстарының бірі − қазақ тіліндегі дауыстылар жүйесінің графикалық тұрғыдан толық ашылмауы. Сегіз дауыстыны шектеулі таңбалар арқылы беру графикалық үнемділікті көздегенімен, мәтінді қабылдауда екіұштылық туғызып, жазуда да, оқуда да ерекше сақтықты талап етті. Осыған байланысты пиньинь негізінде жасалған бұл әліпбиде кейбір таңбалардың дыбыстық мәні тұрақсызданып, бір дыбысты бірнеше графикалық амалмен беру

жағдайлары орын алды. Соның салдарынан қазақ тілінің табиғи фонетикалық заңдылықтары толық сақталмай, бұл графика орнықты тілдік норма қалыптастыра алмады. Ақырында мұндай қайшылықтар оның ұзақ мерзімді орфографиялық жүйе ретінде бекімеуіне әсер етіп, 1982 жылы Шыңжаң қазақтарының жазуы қайтадан араб графикасына негізделген төте жазуға көшірілді.

Сонымен бірге бұл әліпбиде сәтті табылған тұстар да болды. Соның бірі − *Ww* және *Yy* таңбаларының жүйелі қолданылуы. *Ww* таңбасы [у] дыбысының дауыссыз қызметін, ал *Yy* таңбасы [й] дыбысын білдіру үшін жұмсалды. Бұл таңбалар көбіне [ы], [і], [ұ], [ү] дауыстыларымен қатар келіп, сөздің дыбыстық құрылымын дәлірек көрсетуге көмектесті. Мысалы, *keliw, suw, tiy, tuweskan* тәрізді тұлғаларда дыбыстық жіктің анығырақ берілуі жазудағы екіұштылықты азайтуға қызмет етті.

Қытай қазақтары қолданған латыннегізді жазудың емле жүйесі қазақ тілінің дыбыстық табиғатын, буын құрылымын және сөз құрамындағы дыбыстардың орын талғамын барынша ескеруге ұмтылған практикалық әрі жүйелі үлгі ретінде сипатталады. Бұл емленің басты артықшылығы − бір жағынан, қазақтың төл сөздеріндегі дыбыстардың тіркесу және қолданылу заңдылықтарын нақты көрсетуі, екінші жағынан, қытай тілі мен өзге тілдерден енген сөздерді таңбалауда арнайы графикалық амалдарды пайдаланып, жазудағы айқындықты сақтауында. Әсіресе дауыссыз дыбыстардың сөз басы, сөз ортасы, сөз соңы позицияларындағы қолданылу шегін көрсетуі, кірме элементтерді төл қабаттан ажырата беруі және транскрипциялық қажеттілікті ескеруі бұл емленің орфографиялық және фонетикалық негізінің қатар жүргенін аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, Қытайдағы қазақтардың латын жазуы қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын да, көптілді орта талаптарын да қамтыған ерекше орфографиялық тәжірибе болып саналады.

Дауысты дыбыстар сияқты дауыссыз дыбыстардың да қолданылуы бірдей емес. Дауыссыз дыбыстардың көпшілігі барлық буындарда талғаусыз қолданыла береді. Бірқатар белгілі сөздерде, белгілі орындарда ғана қолданылады делінген:

1. *з-z, қ-ķ, к-к, л-д, м-м, н-n, р-r, с-s, т-т, ш-х* дауыссыз дыбыстарының әріптері барлық буындарда (сөз басында, ортасында, аяғында) жазыла береді. Мысалы: *zang, қазақ, қaqaz, momen, tanem, layer, nar, xax, xal, ras, nan, sat, parasat, alpes, jap, serke, aseges, alar.*

2. *Ng (ң)* әрпі қазақтың байырғы сөздерінде де, өзге тілден ауысқан сөздерде де сөз басында келмейді, тек сөз ортасы мен аяғында ғана келеді*: tang, janga, zang, Huanghe, Jiguang.*

3. *Gj (г), J (ж)* әріптері қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек *muktaj, laj* сияқты сөздерде ғана сөз аяғында келеді.

4. *Q, c, zh, ch, sh* әріптері қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, қытай тілінен және басқа ұлт тілдерінен ауысқан сөздерде ғана қолданылады: *Qinghay, Daging, zhuxi, Changjiang, shuji, Fransiya.*

5. *V (в)* әрпі тек шет тілінен енген сөздерде ғана жазылады: *vitamin, Sovet, Pavlov, vagon, volt.*

6. *F (ф), h (х)* әріптері қытай тілінен және басқа тілдерден енген сөздерде және ертеректе араб, парсы тілдерінен еніп, осылай қалыптасып қалған кейбір сөздер мен адам аттарында ғана жазылады: *fapiaw, Fujian, telefon, fabrika, bianzhengfa, filosofiya, ajafuw et, lafuwr a, Fariyza, Hebey, Huayhe, tehnika, arhitektura, krahmal, hat, han, habar, haler, tareyh, Hameyt, Ahmet, heykimet, ahbarat.*

7. *B, v, g, d (б, в, г, д)* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек шет тілінен енген сөз аяғында келетін бұл дыбыстарға қатаңнан басталған қосымша жалғана береді. Мысалы: *Arabtar, klubқa, Lermontovtan, pedagogtar, Leningrad, dialogteng* [171, 111 б.].

Қытай қазақтарының латын әліпбилі жазуында буынға бөлу, буын айыру және тасымал мәселесі орфографиялық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл жазу тәжірибесінде сөздің дұрыс таңбалануы тек әріп пен дыбыс сәйкестігіне ғана емес, буын құрылымының дәл айқындалуына да тәуелді. Өйткені жол соңына сыймаған сөзді келесі жолға көшіру, яғни тасымалдау, буын жігін дұрыс тануды талап етеді. Осыған байланысты қытай қазақтарының латын графикасындағы емле жүйесі тасымалды кез келген жерден емес, тек буын шекарасы бойынша жүргізуді негізгі қағида етіп белгілеген. Мұндай ұстаным жазудың сыртқы тәртібін ғана реттемейді, ол қазақ сөзінің ішкі дыбыстық құрылымын сақтауға да қызмет етеді.

Буынға бөлудің негізгі заңдылықтары қазақ тілінің төл буын табиғатына сүйеніп берілген. Мысалы, байырғы сөздерде екі дауысты дыбыстың арасында бір дауыссыз келсе, ол соңғы буынның құрамына өтеді: *ә-ке, ba-la, i-ni-si, xa-ga-la-ga, o-zi, ko-zim.* Екі дауыстының арасында екі дауыссыз келсе, олардың алғашқысы алдыңғы буынға, соңғысы кейінгі буынға тән болады: *at-қa, jol-da, al-ga, ar-тек.* Ал екі дауыстының арасында үш дауыссыз келген жағдайда, алғашқы екі дауыссыз алдыңғы буынға, соңғы бір дауыссыз кейінгі буынға өтеді: *art-қa, tөrt-ten, қart-tar, dangқ-ta.* Осы үлгілер буынның тек фонетикалық бірлік емес, сөздің графикалық ұйымдасуын айқындайтын тірек құрылым екенін көрсетеді. Сондықтан сөздерді тасымалдауда *ke-re-ge* түріндегі бөлініс дұрыс деп танылып, *ker-ege* тәрізді буын табиғатына қайшы нұсқалар қате саналады; сол сияқты *қe-reқ, ayt-қan, ay-tar, ku-xi* тәрізді бөліністер сақталып, *қer-eқ, ay-tқan, ayt-ar, kux-i* нұсқалары қабылданбайды. Бұдан буын жігінің орфографияда дербес функционалдық жүк арқалайтыны аңғарылады.

Бұл жүйенің тағы бір маңызды қыры − жалаң ашық буынның жазудағы орнына қатысты шектеу. Бір әріптен тұратын ашық буынды жол соңында жеке қалдыруға да, келесі жол басына шығарып қоюға да болмайды: *әке* сөзі *ә-ке* түрінде, *arip-ter* сөзі *a-rip-ter* түрінде, *ara-se* сөзі *a-rase* түрінде, *ile* сөзі *i-le* түрінде бөлінбейді. Мұндай талап қазақ тілінің буындық тұтастығын сақтауға бағытталған. Сонымен бірге түбір мен қосымша жігінде болатын буын жылысуы да дәл көрсетіледі. Түбір сөз дауыссызға аяқталып, оған дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, соңғы дауыссыз келесі буынға ауысады: *at+e - a-te, bar+em - ba-rem, art+e - ar-te, tang+e - ta-nge, keste-ke-se, sixiang-e - sixia-ng*e. Бұл құбылыс буын құрылымының морфемалық шекарадан гөрі айтылым

заңдылығына бағынышты екенін танытады. Басқаша айтқанда, қытай қазақтарының латын әліпбилі жазуында буын жігі морфологиялық емес, фонетикалық принциппен айқындалады.

Аталған жүйеде буын айыру белгісінің арнайы қолданылуы ерекше назар аудартады. Кейбір сөздердің жазба тұлғасында буын жігі айқын көрінбесе, сөз мағынасы бұрмаланып не екі түрлі ұғынылуы мүмкін. Осындай шатастықтың алдын алу үшін буын айыру белгісі (') пайдаланылған. Ол, әсіресе, түбірдің соңғы дыбысы мен қосымшаның алғашқы дыбысы қосылған тұста екіұштылық тудыратын жағдайларда қажет болады. Мысалы, түбір соңында *n* болып, оған *g*-ден басталған қосымша жалғанғанда *ng* тіркесімен шатасу қаупі туады: *jawen'ger, xexen'ge, yen'ge, kun'gi*. Сол сияқты түбірдің соңғы дыбысы *s, z* болып, оған *h*-дан басталған қосымша жалғанғанда *sh, zh* тіркестерімен шатасу мүмкін: *is'hana, muz'hana, Neyaz han*. Қытай тілінен енген сөздерде де дауыстыдан басталатын кейінгі буынды алдыңғы буыннан ажырату үшін осы белгі жұмсалады: *Kan'an, xing'er shangxue, Hay'ow*. Мұндай қолданыс қытай қазақтарының латын жазуында буын айыру белгісінің жай техникалық шартты таңба емес, мағына дәлдігін сақтайтын орфографиялық құрал болғанын көрсетеді. Оның үстіне буын айыру белгісі қойылған тұстарда тасымал кезінде қосарлана қолданылмай, тек тасымал таңбасының өзі жеткілікті деп танылуы, мысалы *jawen'ger* емес, *jawen-ger* түрінде берілуі, бұл жүйенің ішкі ережелері бірізді қалыптасқанының дәлелі [172, 126 б.].

Кесте 10 – Қытайдағы латыннегізді қазақ әліпбиі (жаңа жазу) мен Қазақстандағы жетілдірілген жаңа әліпбидің салыстырмалы кестесі

Қытайдағы латыннегізді қазақ әліпбиі	Қазақстандағы жетілдірілген жаңа әліпби	Қытайдағы латыннегізді қазақ әліпбиі	Қазақстандағы жетілдірілген жаңа әліпби
A a	A a	R r	R r
B b	B b	S s	S s
C c	-	T t	T т
D d	D d	U u	Ū ū
E e	Y y	V v	V v
F f	F f	W w	U u
G g	G g	X x	Ş ş
H h	H h	Y y	İ i
I i	I ı	Z z	Z z
J j	J j	Ꝉ ꝉ	Ğ ğ
K k	К к	Ң h	H h
L l	L l	Қ қ	Q q
M m	М м	Ә ә	Ä ä
N n	N n	Ө ө	Ö ö
O o	O o	Ү ү	Ü ü
P p	P p	Ê ê	E e
Q q	-	NG ng	Ñ ñ

Қытай қазақтарының қолданысындағы латыннегізді әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жаңа графикалық негізде бейімдеуге бағытталғанымен, оның құрылымында ұлттық фонетикалық заңдылық пен қытай тілдік ортасының талаптары қатар қабаттасып жатқаны байқалады. Бір жағынан, бұл әліпби қазақ

қауымының білім беру, баспасөз және жазба қатынас тәжірибесінде белгілі бір тарихи қызмет атқарып, тұтас бір буынның сауаттануына негіз болды; екінші жағынан, пиньинь үлгісіне тәуелділік, диграфтардың мол қолданылуы, дауыстылардың толық дараланбауы және кейбір таңбалардың тұрақсыз дыбыстық мәні оның орфографиялық жүйесін әлсіретті. Соған қарамастан, буын айыру, тасымал, дауыссыздардың орын талғамы, [w] мен [y] тәрізді таңбаларды қызметтік тұрғыдан саралау сияқты құбылыстар бұл жазудың тілтанымдық тұрғыдан жай техникалық көшіру емес, қазақ тілінің ішкі құрылымын жаңа ортада сақтауға ұмтылған тәжірибе болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, қазақ латын жазу жобасы ғылыми-техникалық дамуға бейімделу, сондай-ақ тіл дыбыстарын неғұрлым дәл әрі ғылыми тұрғыдан беру жағынан орынды және тиімді болды. Олар ескі жазудағы жазу бағытының (оңнан солға) қазіргі ғылыми мәтіндермен, формулалармен, цифрлармен сәйкессіздігінен туындайтын қиындықтарды жойды. Сонымен қатар, дауысты дыбыстарды белгілеуді жетілдіріп, «бір дыбыс − бір әріп» қағидасына жақындады. Қытай тілімен ұқсас немесе жақын дыбыстарды пиньинь жүйесіне сәйкес әріптермен белгілеу де белгілі бір жүйелілік әкелді.

Латын жазуын енгізу кезеңінде ескі жазуда әр әріптің жеке, сөз басындағы, сөз ортасындағы және сөз соңындағы төрт түрлі формасы бар, сондықтан оны үйрену қиын деп есептеді және бұл ескі жазудың кемшілігі деп қарастырды. Ал латын әріптерінде де бас және кіші әріптер, баспа және жазба түрлері бар. Ал жазуда әріптердің баспа және жазба түрлері нақты бөлінбегенімен, іс жүзінде айырмашылық бар. Мысалы, әріптердің үстіндегі және астындағы ноқаттар жазуда өзгеріске ұшырайды, екі ноқат көбіне бір сызыққа айналады, үш ноқат доға тәрізді жазылады, элементтер толық жазылмайды. Сонымен қатар, араб жазуындағы төрт түрлі форма әріптің сөз ішіндегі орнына және алдыңғы әріппен жалғануына байланысты өзгереді. Сондықтан жүзден астам форманы меңгермейінше, еркін оқып-жазу қиын. Ал латын әліпбиінде бас және кіші әріптер болғанымен, алдымен тек бір түрін (мысалы, кіші баспа әріптерін) үйренсе жеткілікті, сол арқылы кез келген сөзді оқып-жазуға болады. Тіпті бірнеше әріпті (*a, e, d, t, n* сияқты) меңгеру арқылы-ақ кейбір сөздерді оқуға мүмкіндік бар. Осы тұрғыдан алғанда, бұл принциптер ғылыми әрі орынды болды және ұлттық тіл саясатына да сәйкес келді. Алайда, қытай тілінде бар, бірақ қазақ тілінде жоқ *zh, ch, sh* дыбыстарын енгізу мәселесінде «солшыл» саяси көзқарастардың әсері байқалып, шынайы тілдік қажеттіліктер мен халықтың сұранысынан алшақтап кетті.

Кейбір ғалымдар жаңа жазу жобасындағы кемшіліктерге қытай тілінен енген сөздерді жазу үшін *zh, ch, sh* сияқты қосарланған әріптердің қолданылуын; қытай сөздерін буынға бөліп жазу ережелерінің күрделілігін, халыққа меңгеру қиындықтарының артуын жатқызды. Жалпы жазу реформасының сәтсіздігіне әртүрлі факторлар әсер етті. Латын жазуын енгізу барысында тәжірибенің жетіспеуінен оқулықтарда әріптердің төрт түрлі формасы бірден беріліп, латын жазуының артықшылықтары көмескіленіп қалды. Соның салдарынан халық арасында «латын әріптері де араб жазуындай қиын» деген түсінік қалыптасты.

1970 жылдардың ортасында жазу реформасы комитеті «Қызыл сарай түсі» («红楼梦») романының аудармасын латын жазуымен басып шығаруды ұсынды. Бірақ баспа бұл кітаптың негізгі оқырмандары орта және егде жастағылар болғандықтан, олар жаңа жазуды қабылдамайды деп қауіптеніп, ескі жазумен шығаруды жөн көрді. Автономиялық ауданның партия және үкімет органдары да бұл жоспарды қолдамады. Бұл жағдай қызметкерлер мен зиялы қауымның жаңа жазуды үйренуі мен қолдануын ұйымдастыруда басшылықтың жеткіліксіз болғанын, сондай-ақ олардың өздерінің ескі дағдыдан арылудағы инерциясы өте күшті болғанын көрсетеді. Сонымен қоса, латын жазу реформасы толық енгізіле бастаған кезде «мәдени төңкеріс» басталып, қоғамда келеңсіздіктер орын алып, мемлекеттік саясат толық жүзеге аспады, басшылық мәдениет мәселелеріне көңіл бөле алмады. Сол кезеңде қате бағыттардың әсерінен ұлттық мәселелерге жеткілікті мән берілмеді, жаңа жазуды енгізу жұмысы жүйелі түрде жүргізілмеді. «Мәдени төңкеріс» кезеңінен кейін мемлекетте қаржы мен материалдық ресурстар тапшылығы туындап, жоспарланған жұмыстар жүзеге аспай қалды. Соның салдарынан «екі жазудың ұзақ қатар қолданылуы», «қызметкерлер мен зиялы қауымның халықтан артта қалуы», «білім беру мен қоғамдық өмір арасындағы алшақтық», «орта және егде жастағылар мен жастар арасындағы үзілу» сияқты күрделі қайшылықтар пайда болды.

Тұрақты әрі біртұтас әлеуметтік орта мен мықты экономикалық негіздің болмауы, сондай-ақ «мәдени төңкерістің» кері әсері қазақ латын жазу реформасының сәтсіздікке ұшырауының басты себептері болып табылады. Ғалымдар егер «мәдени төңкеріс» кезіндегі әлеуметтік қиындықтар болмағанда, 1963 жылы-ақ *zh, ch, sh* әріптерін алып тастау мәселесі шешілуі мүмкін еді, толық енгізу жоспары уақытында жүзеге асар еді, қызметкерлер мен зиялы қауымның халықтан артта қалуы ертерек жойылар еді, «білім беру мен қоғамдық өмір арасындағы алшақтық» та туындамас еді, сөйтіп жазу реформасы сәтсіздікке ұшырамас еді деген пікірде [169, 13 б.].

Латын жазу реформасы 1960 жылдан бастап жаңа жазуды сынақ ретінде енгізуден басталып, 1982 жылы оны тоқтатып, толықтай ескі жазуға қайта оралуымен аяқталды. Осы 22 жыл ішінде көп еңбек, материалдық және қаржылық ресурстар жұмсалды. Әсіресе, жаңа жазуды үлкен қиындықпен меңгерген жүздеген мың оқушы мен мәдениет қызметкерлері жиырма жыл бойы қалыптастырған оқу-жазу дағдыларынан айырылып қалды. Олар қайтадан ескі жазуды үйренуге мәжбүр болды, бұрынғы дағдыларын тастап, жаңа (яғни ескі жазуға негізделген) дағдылар қалыптастыруға тура келді. Бұл қоғамға елеулі әсер етті.

1983 жылдың 23 қыркүйегінде Шыңжаң Халық Үкіметі (People's Government of the Xinjiang Uygur Autonomous Region) «*Janga jazu*»-ды (латындандырылған әліпбиді) араб графикасы негізінде жасалған жазуға көшіру туралы шешім қабылдайды. Бұл жазуды қытай қазақтары «*Köne jazu*» деп атап кеткен. Көне жазу 1984 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазірге дейін қолданылып келеді. Көне жазудың әріп саны – 33, әліпби құрамындағы ۋ (v) графикасы кірме сөздерді таңбалау үшін қолданылады.

3.4 Латын графикасына негізделген орфографиялық транслитерациялау моделі

Ә.Жүнісбек: «Сонда бүгінгі қазақ әліпбиі дербес-дербес екі бөліктен тұрады. Төл әліпби өз таңба құрамы мен айтылым емле ережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және айтылым емле ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданбалық (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес» [173, 231].

Қытай ономастикалық атауларын латын графикасында таңбалау мәселесі қазіргі ономастика, орфография және қолданбалы лингвистика тоғысындағы өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Бұл үдеріс жалпы лексиканы аударудан өзгеше, өйткені жалқы есімнің негізгі қызметі мағынадан гөрі нақты нысанды бірмәнді таныту. Сондықтан мұнда семантикалық аударудан бұрын атаудың референциялық тұтастығын, яғни танылуы мен сәйкестенуін сақтау алдыңғы қатарға шығады. Қытай және қазақ тілдерінің жазу жүйесі, фонетикалық құрылымы мен мәдени негізі әртүрлі болғандықтан, қытай атауларын латын графикасында беру тікелей емес, көпсатылы үлгімен жүзеге асады: *иероглиф - пиньинь - латын графикасындағы нұсқа.*

Бұл модельді іске асыруда бірнеше негізгі ұстаным шешуші рөл атқарады. Біріншісі − *фонемалық сәйкестік,* яғни қытай буындарының латын графикасында тұрақты әрі қайтарымды таңбалануы. Екіншісі − *орфографиялық тұрақтылық,* мұнда бір атаудың әртүрлі мәтіндерде ала-құла берілмеуі көзделеді. Үшіншісі − *қолданымдық қолайлылық,* яғни транслитерацияланған нұсқа ғылыми дәл болумен қатар, оқырманға түсінікті әрі практикалық тұрғыдан ыңғайлы болуы тиіс. Қытай ономастикалық атауларын латын графикасында таңбалау дыбыстық дәлдік, жазудағы бірізділік және қоғамдық қабылдау арасындағы тепе-теңдікті сақтауға негізделген.

«ao», «ou» буындарын транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

Қытай тіліндегі пиньинь жүйесінде кездесетін *ao* дыбыстық тіркесі (йүнму) қазақ тіліне транслитерациялауда күрделі және бірізді шешімі қалыптаспаған мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тіркес фонетикалық тұрғыдан *[au]* ретінде сипатталады, яғни оның құрамындағы *o* элементі дербес *[o]* емес, дифтонг құрамында *[u]*-ға жуық дыбысталады. *ao* буыны *a* және *o* дыбыстарының қосылуынан тұрады. Қазақ тілінде ол тура солай *ao* болып оқылады. Ал пиньинь жүйесінде *ao [au]* бастапқы *a* кейінгі *o/u* ықпалымен жеке тұрған [a]-ға қарағанда артқа артикуляцияланады, нақты дыбысталуы шамамен [ɑ]-ға жуық. Тіл позициясы біртіндеп жоғарылап, *u* бағытына қарай сырғиды, бірақ соңғы элемент толық *[u]* деңгейіне жетпейді. Қазақ тілінде *a* және *o* дауысты дыбыстары қатар келмейді. Егер қатар келген жағдайда мысалы, *Baoshan* (保山) қаласының атауы *Б-а-о-ш-а-н* деп оқылады.

Қытай тіліндегі дыбыс тіркестерін қазақ тілінде таңбалау мәселесін қарастырған зерттеулерде *ao* тіркесін беру бойынша екі негізгі бағыт

қалыптасқан. Бірінші бағыт өкілі ғалым Т. Қалибекұлы *ao* тіркесін графикалық тұрғыдан өзгеріссіз сақтап, *ao* түрінде жазуды ұсынады. Ғалымның пікірінше, *ao* тіркесінің құрамындағы *o* дыбысы жеке тұрғандағы [o] емес, дифтонг құрамында [u] болып дыбысталғанымен, оны жазуда *ao* түрінде сақтау пиньинь жүйесімен сәйкестікті қамтамасыз етеді. Мысалы: *Mao Zedong − Мао Зыдоң, Qingdao − Чиңдао.* Бұл ұстаным халықаралық стандарттарға (ISO, UNGEGN) жақын келеді, себебі олар пиньинь формасын өзгеріссіз сақтауды көздейді.

Екінші бағытты ұстанатын зерттеуші Қ. Ғабитханұлы *ao* тіркесін қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына бейімдеп, *au* түрінде жазуды ұсынады. Ғалым *ao* дифтонгының нақты дыбысталуы *[au]* болғандықтан, оны қазақ тілінде дәл беру үшін *au* графемасын қолдану орынды деп есептейді [174, 21]. Мысалы: *Mao Zedong - Mau Zydūñ*. Бұл тәсіл фонетикалық дәлдікке негізделген және қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне жақынырақ.

И. Қошқари ұсынған жобада да *ao* тіркесінің қазақша баламасы *ау* түрінде берілетіні көрсетілген *(bao-бау, dao-дау, cao-цау)*. Бұл да қазақ тіліндегі дыбысталуға бейімделген транскрипциялық бағыттың бар екенін дәлелдейді. Аталған көзқарастарды салыстырмалы талдау *ao* тіркесін беруде екі түрлі принциптің қарама-қарсылығын көрсетеді:

1) халықаралық сәйкестікке негізделген графикалық тұрақтылық (*ao* сақтау);

2) ұлттық фонологиялық бейімдеуге негізделген фонетикалық дәлдік (*au* қолдану) [172, 108 б.].

Халықаралық тәжірибеде (ISO 7098, UNGEGN) қытай ономастикалық атаулары пиньинь негізінде өзгеріссіз беріледі, яғни *ao* тіркесі барлық жағдайда *ao* түрінде жазылады *(Mao, Qingdao).* Бұл тәсілдің басты артықшылығы бірізділік пен қайта қалпына келтіру мүмкіндігі. Алайда қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде *[au]* дифтонгы табиғи түрде «*ау»* тіркесі арқылы беріледі. Сондықтан *au* нұсқасы оқылым тұрғысынан анағұрлым түсінікті және қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына жақын. Осыған байланысты қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында беру үшін келесі компромистік модель ұсынылады: Халықаралық коммуникация мен ресми сәйкестік қажет болған жағдайда *ao* графемасын сақтау, ал ұлттық мәтіндерде, оқыту және медиалық қолданыста фонетикалық бейімделген *au* нұсқасын қолдану. Дәстүрлі және кең таралған атауларда (*Мао Цзэдун, Циндао сияқты*) тарихи қалыптасқан формаларды сақтау қажет. Бұл тәсіл транслитерациядағы негізгі екі талап −халықаралық стандартқа сәйкестік пен тілдік қабылдауды үйлестіруге болады. Сонда *Chaoyang* (朝阳) қаласының атауы *Chauiañ,* антропонимдер *Rao Zongyi* (饶宗颐) − *Rau Zoñi, Lao Zi* (老子) − *Lau Zı, Zhao Mengfu* (赵孟頫) − *Zhau Myñfu, Tao Yuanming* (陶渊明) − *Tau Üianmiñ* болып транслитерацияланады.

Қ. Ғабитханұлы қытай онимдерін латын графикасында таңбалауда бірқатар буындық үлгілерді қазақтың дыбыстық бейіміне икемдеп беруді ұсынады: *ou - u* (*Zhou Jianren − Ju Jianryn*), *ong - ūñ* (*Honghe − Hūñhy*), *iong - ioñ* (*Qiongzhou − Tşioñju*), ал *ai - ai, an - an, ang - añ, ia - ia, iao - iau, iang - iañ* тәрізді

тіркестерде *a* дыбысы өзгеріссіз сақталады. Алайда *uai* буынындағы *a* дыбысын *ä* арқылы таңбалау (*Huaihai − Hüäi häi*) бірізді шешім емес, себебі осы үлгінің өзге буындық қатарларында *a* фонемасы бастапқы графикалық тұлғасында беріледі. Сондықтан бір ғана дыбыстың бір жағдайда өзгеріссіз, екінші жағдайда өзгеше таңбалануы орфографиялық тұрақтылық қағидасын әлсіретеді және транслитерация жүйесінің ішкі қисынын бұзады. Қытай тіліндегі буындардың қазақ жазуына бейімдеуде дыбыстың нақты айтылым реңкінен бұрын, оның жүйедегі тұрақты графикалық репрезентациясын сақтау маңыздырақ [174, 22 б.].

Осы ұстанымға сәйкес, *ai* дыбыс тіркесін қазақ тіліндегі естілімге жуықтауына қарап *әй* түрінде беру ғылыми негізді емес. Қытай тілінде *a* дыбысының түрлі позициялық реңктері [A], [a], [ɑ], [ɛ] болғанымен, бұл оның графикалық тұрпатта бірнеше түрлі таңбалануын талап етпейді, бір фонеманың әртүрлі реңкін жеке-жеке әріппен жазу орфографияның емес, фонетикалық сипаттаманың нысаны болып табылады. Сол себепті *ai* тіркесін *ай* түрінде беру анағұрлым уәжді, өйткені ол қытай тіліндегі буын құрамын бұзбайды әрі қазақ графикасындағы таңбалау бірізділігін сақтайды. Қытай онимдерін латын графикасында беруде естілімге шектен тыс бейімделу емес, фонема мен графема арасындағы тұрақты сәйкестік жетекші принцип болуы тиіс.

«ei» буынын транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

ei [ei] инициальдың *e* дауыстысы соңғы *i* ықпалымен жеке тұрған *e [ɤ]*-ге қарағанда алдыңғы жаққа қарай артикуляцияланады және ауыз сәл тар ашылады. Айтылу барысында тіл жоғары және алға қарай жылжып, *i* бағытына сырғиды.

Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі *Ee [e]* таңбасы мен пиньинь транскрипциялық жүйесіндегі *e [e]* графикалық жағынан толық сәйкес келеді, дыбысталуы жағынан жартылай сәйкес келеді. Латыннегізді қазақ әліпбиінде *[e]* болып дыбысталады, мысалы: *erte, mine, jane, eki* т.б. Ал қытай транскрипциялық жүйесінде ол «*е*» және «*ы*» болып екі түрлі дыбысталады. Мысалы: *er, me, de, te,ne, le, ze, ce, se, zhe, che, she, re, ge, ke, he, en, eng, ueng* буындарында «*ы*» дыбысын берсе, *ei, ie, üe* буындарының құрамында *bei, pei, zhei, bie, pie, xie, que, xue* т.б. буындарында *e* болып дыбысталады. Сондықтан латыннегізді қазақ әліпбиінде *ei, ie* формасы сақталады, себебі дыбысталуы мен графикасы толық сәйкес келеді: *bei - bei, dei - dei, nei - nei, gei - gei, lei - lei, shei - şei, fei - fei, hei - hei, mei - mei, pei - pei* және *xie - xie, die - die, lie - lie, tie - tie, qie - çie, jie - jie, bie - bie* т.б.

Ал *en, eng* финалдарымен келген буындарда пиньиндегі *e (ы)* дыбысы латыннегізді әліпбиге *y* арқылы транслитерацияланды: *ben - byn, beng - byñ, cen - cyn, ceng - cyñ, fen - fyn, feng - fyñ, den - dyn, deng - dyñ, leng - lyñ, nen - nyn, neng - nyñ, gen - gyn, geng - gyñ, hen - hyn, heng - hyñ, ken - kyn, keng - kyñ, men - myn, meng - myñ, pen - pyn, peng - pyñ, ren - ryn, reng - ryñ, sen - syn, seng - syñ, shen - şyn, sheng - şyñ, teng - tyñ, zhen - zhyn, zheng - zhyñ, chen - chyn, cheng - chyñ, zen - zyn, zeng - zeñ.*

«Er» финалы мен «W» графемасын транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

er [ɚ] - ретрофлексті, жайылыңқы ерінді дауысты дыбыс. Айтылу кезінде ауыз қуысы сәл ашылады, тіл ортаңғы позицияда орналасады, тіл ұшы қатты таңдайға бағытталып, артқа қарай иіледі (ретрофлексия), еріндер дөңгеленбейді.

Қазіргі қытай тілінде *er* буынның бөлігі ретінде қолданылмайды, яғни ешбір инициальмен тіркеспейді. Сонымен қатар, бұл бірлік ретрофлексті *[ə]* ретінде айтылады. Оны белгілеу үшін, мысалы, А.Н. Алексахин арнайы таңбаны қолдануды ұсынады. Мұндағы *r* дауыссызы *wu, wai* және басқа да осындай буындардағы *w* және *y* сияқты буынды жазуда көмекші элемент қызметін атқарады және, әрине, алдындағы дауыстының артикуляциясына белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Бұл жағдайда *e* − тон жүзеге асатын бірлік, яғни централь болып табылады. Инициалмен тіркесе алмауына қарамастан, *er* финаль ретінде танылады [107, 131 б.].

Пиньинь жүйесінде *er* құрамындағы *r* әрпі дауыссыз фонеманы білдірмейді, тек ретрофлекстік артикуляциялық қимылды көрсетеді. Сондықтан екі графемамен жазылғанымен, *er* − дара дауысты финаль. Күрделі дауысты финальдар екі немесе үш дауыстының бірігуінен құралған финальдар. Артикуляция барысында сөйлеуші бір дауыстыдан екіншісіне үздіксіз әрі жылдам сырғу (глайд) арқылы өтеді. Латын әліпбиіндегі *e* таңбасының пиньинь транскрипциялық жүйесінде *ы* дыбысын да беретінін жоғарыда айтып өттік, сондықтан *er (ыр)* өзгеріссіз қалады.

W таңбасы кейбір роман және герман тілдерінің әліпбилерінде *у* дыбысының мәнін бере алады. Алайда латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде бұл дыбыс *и* таңбасы арқылы белгіленетіндіктен, *w* әрпін ұлттық әліпби құрамына енгізу қажеттілігі туындамаған. Қазақ тілінде екі түрлі модель қатар кездеседі, оның бірі орыс дәстүрі бойынша жазу (*Wang-Ван, Wei-Вэй*), екіншісі қазақша бейімдеу (*Wang -Уаң, Wei -Уэй* т.б.).

Пиньинь жүйесіндегі *wa, wai, wan, wang, wei, wen, weng, wo, wu* буындарын Палладий жүйесінде *ва, вай, вань, ван, вэй, вэнь, вэн, во, у* деп береді. И. Қошқари *уа, уай, уан, уаң, уей, уын, уың, уо, у* деп таңбалайды [175, 102 б.]. Ал Қ. Ғабитханұлы кирилл мен латында *ва - иа, вай - иаі, вань - иап, ван - иаң, вэй - иеі, вэнь - иуп, во - ио, у - и* деп таңбалайды [174, 28 б.]. Т. Қалибекұлы: «қазақ-кирилл жазуында *w*-ды *у* әрпімен таңбалаған жөн, өйткені *в*-ға қарағанда *у* дыбысын айтқанда дыбыстау мүшелеріне күш көп түспейді, яғни айтуға жеңіл», − дей келе *Wang Jie − Уаң Жие* деп таңбалайды [176, 30 б.]. Біздің ойымызша, бұл таңба арқылы жасалған буындарда түпнұсқа сақталғаны дұрыс. Әліпби құрамына кейбір таңбаларды енгізбей, оларды тек шеттілдік сөздерді жазуда қолдануға рұқсат ету тәжірибесі халықаралық орфографиялық жүйелерде де кездеседі.

Халықаралық стандарттарда (ISO 7098, UNGEGN) *w* - дербес дауыссыз емес, жартылай дауысты, көбіне буын басында ғана қолданылады. Мысалы: *Wang* (王), *Wei* (伟), *Wuhan* (武汉) т.б. *W* әрпі халықаралық ономастикалық стандарттарда тұрақты түрде қолданылады. Оны толық өзгерту халықаралық сәйкестікті бұзады. Қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында транслитерациялау барысында пиньинь жүйесіндегі *w* графемасын сақтау орынды, себебі ол халықаралық стандарттармен (ISO, UNGEGN) толық сәйкес

келеді. Алайда қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде [w] дыбысының дербес фонема ретінде болмауына байланысты, бұл графема оқылымда [у] немесе жартылай дауысты ретінде қабылданады. Сондықтан *w* әрпін графикалық деңгейде сақтау және фонетикалық деңгейде қазақ тілінің нормаларына бейімдеп қабылдау компромистік әрі ғылыми негізделген шешім. Осы жайттарды ескере келе, *wa, wai, wan, wang, wei, wen, weng, wo, wu* буындарының түпнұсқа графикасын сақтаған дұрыс деп есептейміз. Сонда қытай антропонимдері былай транслитерацияланады: *Wang Anshi*（王安石）– *Wañ Anshı, Wang Chong* (王充)– *Wañ Choñ, Wang Guowei*（王国维) – *Wañ Guowei, Wang Xizhi*（王羲之）– *Wañ Xizhı, Wang Yangming*（王阳明）– *Wañ Yañmiñ, Wen Tianxiang*（文天祥) – *Wen Tianxiañ, Wen Zhengming*（文征明）– *Wen Zhyñmiñ, Wu Cheng'en*（吴承恩）– *Wu Chyng'yn, Wu Daozi*（吴道子）– *Wu Dauzı, Wu Zetian*（武则天) – *Wu Zytian* т.б.

«x», «q», «j» және «zh» инициальдарын транслитециялаудың лингвистикалық негіздемесі

«x» инициалы

Қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *x* инициаль дыбысы транслитерация тұрғысынан ең күрделі және даулы фонетикалық бірліктердің бірі болып табылады. Бұл дыбыс халықаралық тәжірибеде де бірізді түрде бейімделмеген және әр тілде әртүрлі графемалар арқылы беріледі. Қытай тілінде ***X*** таңбасы ономастикалық атаулар құрамында өте жиі көрініс береді, антропонимдерде: 荀子 – ***X****un Zi,* 扬雄 – *Yang* ***X****iong,* 谢灵运 – ***X****ie Lingyun,* 残雪– *Can* ***X****ue,* 辛弃疾 – ***X****in Qiji,* 曹雪芹– *Cao* ***X****ueqin,* 徐则臣 – ***X****u Zechen,* 西川–***X****i Chuan,* 刘慈欣 –*Liú Cí****x****īn,* топонимдерде*:* 西藏 – ***X****izang,* 新疆 – ***X****injiang,* 宁夏 – *Ning****x****ia,* 陕西 – *Shan****x****i,* 山西 – *Shan****x****i,* 江西 – *Jiang****x****i,* 江西 – *Jiang****x****i,* 大兴区 – *Da****x****ing Qu,* 河西区– *Hexi Qu,* 西青区 – *Xiqing Qu* т.б. эргонимдерде: 夏朝 – ***X****ià Chao,* 新朝 – ***X****īn Chao* 戊戌变法 – *Wu****x****u Bianfa* *т.б.*

Бұл таңбаның дыбысталымы жағынан латын әлібиіндегі *s*-ға жақын келгенімен, оны *s* таңбасымен жаза алмаймыз. Себебі бұл *s* таңбасымен графикалық, дыбыстық жағынан сәйкес келетін қытай тілі таңбасы бар. *S* қытай ономастикалық атаулар құрамында жиі кездесетіндіктен (司马迁 - ***S****ima Qian,* 孙子- ***S****un Zi,* 孙中山 - ***S****un Zhongshan,* 四川 - ***S****ichuan,* 四平市- ***S****iping Shi,* 松原市 - ***S****ongyuan Shi,* 宋词三百首 - ***S****ong Ci* ***S****an Bai Shou,* 苏轼文集 - ***S****u Shi Wen Ji,* 隋朝 - ***S****ui Chao,* 宋朝- ***S****ong Chao*) *X* пен *S* таңбаларын бір ғана *S* таңбасымен беру түсінбеушілікке алып келері сөзсіз.

Ғалым Қ. Ғабитханұлы *sh* мен *x* әріптерін бір ғана *ş (ш)* мен таңбалау қажет деген ұсыныс айтады [174, 19 б.]. Ал И. Қошқари *ш* графемасымен таңбалайды: *xi - ши, xia - шя, xian- шян* т.б. [175, 100 б.]

Д.Мәсімханұлы мен А.Әбиденқызының «Қытайша-қазақша үлкен сөздігінде» *s* мен *x* таңбалары бір ғана *c* әрпімен берілген [59, 102 б.].

Пиньиндегі *x* дыбысы тіл ортасының қатты таңдайға жақындауы арқылы жасалатын палаталь фрикатив дыбыс. Қазақ тілінде мұндай артикуляцияға дәл сәйкес келетін дербес фонема жоқ. Қазақ тіліндегі *ш [ʃ]* дыбысы артикуляциялық

жағынан жақын болғанымен, толық сәйкес келмейді, ал *c [s]* дыбысы одан да алшақ. Халықаралық стандарттарда (ISO 7098, UNGEGN) *x* әрпі өзгеріссіз сақталады, себебі бұл жүйелер пиньинді базалық эталон ретінде қабылдайды. Мысалы: ***X**i'an, **X**injiang, **X**iamen*. Бұл тәсіл бірізділік пен қайта қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, алайда ұлттық тілдер үшін оқылым тұрғысынан қиындық тудырады.

Әртүрлі тілдердегі тәжірибе *x* дыбысының бейімделуінде айқын айырмашылық бар екенін көрсетеді. Орыс тілінде бұл дыбыс көбіне «*с*» немесе «*синь*» сияқты формалар арқылы беріледі (*Сиань, Синьцзян*), ал түрік тілінде көбіне пиньинь формасы сақталады (*Xinjiang*). Қазақ тілінде дәстүрлі түрде орыс транскрипциясының ықпалымен «*с*» немесе «*ш*» арқылы беріліп келген: *Сиань, Шыңжаң.*

Қазақ-латын графикасына транслитерациялау жағдайында *x* дыбысын беру мәселесі қайта қарастыруды қажет етеді. Бұл жерде бірнеше ықтимал стратегия бар:

1. Пиньинь формасын сақтау (*x - x*). Бұл тәсіл халықаралық сәйкестікті толық қамтамасыз етеді. Мысалы: *Xinjiang, Xi'an.* Алайда қазақ оқырманы үшін *x* әрпінің дыбысталуы түсініксіз болуы мүмкін.

2. Фонетикалық бейімдеу (*x - s* немесе *sh*). Бұл жағдайда *x* дыбысы қазақ тіліндегі ең жақын дыбыстар арқылы беріледі: *Xinjiang - Sinjiang - Shinjiang, Xi - Si*. Бұл тәсіл оқылымды жеңілдетеді, бірақ халықаралық сәйкестікті әлсіретеді.

Осыған байланысты қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында беру үшін компромистік шешім ұсынылады: халықаралық сәйкестік қажет болған жағдайда *x* графемасын сақтау, ал ұлттық мәтіндерде оқылымды жеңілдету үшін фонетикалық бейімделген нұсқаларды (*Шыңжаң*) параллель қолдану. Бұл тәсіл транслитерацияның екі негізгі талабы бірізділік пен түсініктікті ұштастыра аласыз.

Жалпы, *x* инициалын беру мәселесі қытай ономастикалық атауларын латыннегізді қазақ графикасында транслитерациялаудағы жалпы принципті көрсетеді: толық фонетикалық дәлдікке ұмтылудан гөрі, халықаралық стандарттар мен ұлттық тілдік нормалардың үйлесімділігін қамтамасыз ету басым болуы тиіс.

«Q» инициалы

Қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *q* инициаль дыбысы [tɕʰ] − қатаң, аффрикат, палаталь дыбыс. Бұл дыбыс артикуляциялық тұрғыдан тілдің орта бөлігі қатты таңдайға жақындау арқылы жасалып, қазақ тіліндегі классикалық дауыссыздар жүйесінде дәл сәйкес келетін фонемаға ие емес. Қазақ тілінде *q* әрпі фонологиялық тұрғыдан көмейлік (қатаң увуляр) [q] дыбысын білдіреді және ол пиньиндегі *q* ([tɕʰ]) дыбысымен артикуляциялық жағынан мүлде сәйкес келмейді. Сондықтан пиньинь *q* графемасын қазақ-латын әліпбиінде сол күйінде сақтау фонетикалық қате сәйкестікке әкеледі және оқылымда жүйелі бұрмаланулар туғызады, яғни графикалық жағынан сәйкес келетін, бірақ дыбысталуы сәйкес келмейтін *Qq* таңбасының оқылымы мен қабылдануында

қиындықтар туындайды. Мысалы, қазақ латын әліпбиінде бұл «*қ*» деп оқылады: *Қытай - **Q**ytaı; Қазақстан - **Q**azaqstan, Қырғызстан - **Q**yrğyzstan т.б.*

Қытай тілінде *-i,-ia, -iao, -ie, -iu, -in, -ing, -iang, -iong, -u, -ue, -uan, -un* финалдарымен қосылып, *«чи», «чүй»* дыбыстарын береді. *qi - чи, qia - чиа, qiao - чиау, qie - чие, qiu - чиу, qin - чин, qing - чиң, qiang - чиаң, qiong - чиоң, qu - чүй, que - чүйе, quan - чүйан, qun - чүн. Q* әрпімен келетін қытай ономастикалық атаулар көп. Ол Паллайдий жүйесі бойынша *Ц* таңбасымен белгіленіп келеді: *Qīng Chäo* (清朝) Паллайдий: *Цин әулеті*

Qín Chäo (秦朝) Паллайдий: *Цинь әулеті*

Qin Shihuang (秦始皇) Паллайдий: *Цинь Шихуан*

Qianlong（乾隆) Паллайдий: *Цянлун*

Qu Yuan (屈原) Паллайдий: *Цюй Юань*

Qín Guān (秦观) Паллайдий: *Цинь Гуань*

Qiäo Yè（乔叶）Паллайдий: *Цяо Е*

Qinghai（青海*)* Паллайдий: *Цинхай.*

Қытай тілінде бұл дыбысталуы ұқсас «*ch*» бар, (*Changchun* (长春市), *Chongqing* (重庆); *Chaoyang Qu* (朝阳区); *Chūnqiū Shíqī* (春秋时期) бірақ екеуінің дыбысталуы мен қолданылуында едәуір айырмашылық болғандықтан, *q* орнына *ch* қолдана алмаймыз. Африкат *ч* дыбысы латын негізді жаңа қазақ әліпбиінде *ch* диграфпен беріледі. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде *ч* дыбысы жоқ, бірақ синтагматикада жиі кездеседі. Мысалы, *айтшы - [айтчы], өтші - [өтчі], хатшы - [хатчы] с*өздерде *ш* фонемасының *ч* нұсқасы көрініс табады. Ал жазғанда орфографияның фонематикалық принципі бойынша фонеманың негізгі реңкі яғни *ш* әрпі жазылады. Сондай-ақ *тч* әріп тіркесімен келетін шеттілдік сөздерде *т* әрпі түсіріліп *ч (ch)* әрпінің өзі жазылады: *skoch, skech, mach* [177].

Халықаралық тәжірибеде (ISO 7098, UNGEGN) *q* әрпі өзгеріссіз сақталады (*Qingdao, Qian, Qiu*), себебі бұл жүйелер пиньинді толық графикалық эталон ретінде қабылдайды. Алайда бұл тәсіл ұлттық тілдердің фонологиялық ерекшеліктерін ескермейді және оқылым тұрғысынан қиындық туғызады. Қазақ тіліндегі қолданыста пиньинь *q* дыбысы көбіне «*ц», «ч», «к»* тәрізді әртүрлі нұсқалармен беріліп келеді (*Циндао, Чэнь, Кань*), бұл орфографиялық варианттылыққа және жүйесіздікке әкеледі.

Қ. Ғабитханұлы өз зерттеуінде қытай тіліндегі *q* дыбысының қазақ тіліндегі *«ш»* немесе *«ч»* дыбыстарына жақындығын атап өтіп, оны қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімдеу қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, қытай фонетикасы бойынша *q* дыбысы *j* және *x* дыбыстарымен бірге бір артикуляциялық альвеал-палатал қатарға жатады, бұл олардың қазақ тіліндегі *«ж/ш»* тәрізді дыбыстарға жақындығын көрсетеді[174, 27 б.].

Ал қазақ-латын графикасындағы таңбаны тікелей қабылдар болсақ, екі түрлі оқылым пайда болып, *Қиң, құй* деп оқылып, түсінбестік алары сөзсіз. Сондықтан қазақ-латын графикасымен таңбалауда бұл дыбысқа *Ç* таңбасын кірме таңба ретінде қабылдауды ұсынамыз. *Ç* таңбасы латын әліпбиіндегі

диакритикалық әріп. Ол *c* әрпінің астына қойылған седиль (¸) белгісі арқылы жасалады. Көптеген тілдерде *ç* әрпі *s* немесе *ts* тәрізді ызың дыбысты береді. Яғни, *c* әрпінің /k/ болып кетуін болдырмау үшін қолданылады. *ç* → /t͡ʃ/ (“ч”) беретін тілдер түрік тілі: *ç* = *t͡ʃ* (мыс.: çay, *küçük*); әзербайжан тілі (латын графикасы): *ç* = *t͡ʃ*; албан тілі: <*ç*> = *t͡ʃ* (албан орфографиясы/фонологиясы зерттеулерінде нақты көрсетіледі). Түрікмен тілі, құманжи (солтүстік күрд)/ зазаки латын әліпбилері, кейбір татар (латын) жүйелерінде *ç* көбіне *t͡ʃ* (немесе жақын аффрикат) ретінде беріледі. Бұл тілдерде *ç* көбіне алфавиттің жеке әрпі ретінде жүреді.

Бұл ұсыныс төрт ғылыми негізге сүйенеді:

1. *ç* графемасы (халықаралық латын негізді әліпбилерде) аффрикат немесе палаталь дыбысты белгілеу үшін кеңінен қолданылады және [tʃ] тәрізді дыбыстарды таңбалауға қызмет етеді. Бұл *q* ([tɕʰ]) дыбысының артикуляциялық табиғатына жақын.
2. *ç* таңбасы қазақ тіліндегі *ҫ (q)* әрпінен графикалық және фонологиялық тұрғыдан айқын ажыратылады, осылайша екі түрлі дыбысты шатастырмауға болады.
3. *ç* қолдану арқылы пиньиндегі *j-q-x* үштігін қазақ латын графикасында *j* → *j, q* → *ç, x* → *x* қатары ұсынылады. Осы арқылы бір артикуляциялық топқа жататын дыбыстарды бірізді графикалық жүйемен көрсетуге болады.
4. *ç* графемасын қолдану − фонетикалық дәлдік пен оқылым қолайлылығы арасындағы тиімді компромисс. Ол пиньиндегі *q*-ны толық қайталамаса да, қазақ оқырманы «*ч*» тәрізді дыбыс ретінде дұрыс қабылдай алады. Мысалы: *Qingdao – Çiñdao, Qian – Çian, Qin - Çin, Qiqihar – Çiçihar* т.б. Бұл үлгілерде *q* → *ç* сәйкестігі бірізді сақталып, оқылымда қазақ тілінің табиғи дыбыстық жүйесіне біршама жақындатады.
5. Пиньиндегі *q* инициалын қазақ-латын графикасында *ç* таңбасы арқылы беру халықаралық стандарттардың механикалық көшірмесінен гөрі, ұлттық фонологиялық жүйеге негізделген ғылыми бейімдеу тәсілі. Бұл шешім транслитерациядағы негізгі қағидалардың бірі-дыбыстық сәйкестік пен графикалық бірізділікті үйлестіре алады.

Бұл таңба графикалық жағынан *Q*-ға ұқсас келеді. Ономастикалық атауларды транслитерациялау барысында қытай пиньинь жүйесіндегі *Q* орнына *Ç* жазылса, оқылым жағынан түсінбестік азаяр еді. Сонда жоғарыдағы ономастикалық атаулар былай жазылады:

Qīng Chao (清朝) Паллайдий: Цин әулеті; қазақ -латын: ***Çıń äýleti***

Qín Chao (秦朝) Паллайдий: Цинь әулеті; қазақ -латын: ***Çın äýleti***

Qin Shihuang (秦始皇) Паллайдий: Цинь Шихуан; қазақ-латын: ***Çın Shi Hýań***

Qianlong (乾隆) Паллайдий: Цянлун; қазақ -латын: ***Çıan Loń***

Qu Yuan (屈原) Паллайдий: Цюй Юань; қазақ -латын: ***Çúi Úıan***

Qín Guān (秦观) Паллайдий: Цинь Гуань; қазақ -латын: ***Çın Gýan***

Qiäo Ye (乔叶) Паллайдий: Цяо Е; қазақ -латын: ***Çıaý E***

Qinghai (青海) Паллайдий: Цинхай; қазақ -латын: ***Çıńhaı***

Тараушада анықталған ғылыми жаңалықтың бірі - пиньинь жүйесіндегі «*q*» таңбасын қазақ тілінің латын графикасында сол күйінде сақтау фонологиялық тұрғыдан уәжсіз екені айқындалды. Өйткені бұл таңба қазақ әліпбиіндегі «*q»* графемасының дәстүрлі дыбыстық мәнімен қабыспай, «*ҧ»* фонемасымен шатасу қаупін туғызады. Осыған байланысты зерттеулер жасай отырып, пиньиндегі «*q*» дыбысының артикуляциялық табиғатына неғұрлым жақын және қазақ графикалық жүйесінде даралау қызметін атқара алатын *«ç»* графемасын қолдану ұсынамыз. Бұл шешім қытай тіліндегі дыбыстарды қазақ тілінде дәлірек таңбалауға және графема-фонема сәйкестігін біріздендіруге жол ашады.

***j* және *zh* инициальдары**

Қытай тілінің пиньинь жүйесінде *j* және *zh* инициальдары артикуляциялық және фонологиялық тұрғыдан екі түрлі дыбысты білдіреді. Алайда қазақ-латын графикасында бұл дыбыстарды бір ғана *j* таңбасымен беру тәжірибесі кездеседі, бұл өз кезегінде дыбыстық сәйкестіктің бұзылуына және оқылымда түсінбестікке әкеледі. Пиньиндегі *j* дыбысы фонетикалық тұрғыдан [tɛ] ретінде сипатталады. Бұл тілдің орта бөлігі қатты таңдайға жақындау арқылы жасалатын палаталь аффрикат. Ал *zh* дыбысы [ʈʂ] тіл ұшының артқа қарай иілуі арқылы жасалатын ретрофлекс аффрикат. Бұл екі дыбыс артикуляциялық орны мен жасалу тәсілі бойынша айқын ажыратылады және қытай тілінде фонологиялық оппозиция құрайды.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде *zh* ([ʈʂ]) дыбысына ең жақын балама *ж* [ʒ] дыбысы болып табылады. Сондықтан дәстүрлі қазақша транскрипцияда *zh* көбіне *«ж»* арқылы беріледі (*Чжоу - Жоу, Чжун - Жун*). Ал пиньиндегі *j* дыбысы қазақ тілінде дәл сәйкес фонемаға ие емес, бірақ артикуляциялық жағынан *«ж»* мен *«ч»* аралығындағы дыбыс ретінде сипатталады. Халықаралық стандарттарда (ISO 7098, UNGEGN) *j* және *zh* графемалары өзгеріссіз сақталады, себебі бұл жүйелердің негізгі мақсаты − графикалық бірізділік пен қайта қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Алайда бұл тәсіл ұлттық тілдердің фонологиялық ерекшеліктерін ескермейді.

Фонетикалық тұрғыдан *j* дыбысы тек алдыңғы қатар дауыстыларымен тіркесіп буын құрайды. Атап айтқанда, ол *i* негізіндегі финальдармен (*ia, iang, iao, ie, in, ing, iong, iu*) және *ü* негізіндегі тіркестермен (*üan, üe, ün*) ғана үйлеседі. Ал *zh* дыбысы, керісінше, тілдің артқы және орталық позициясындағы дауыстылармен тіркеседі. Ол *a* қатары (*ai, an, ang, ao*), *e* қатары (*ei, en, eng*), сондай-ақ *o* (*ong, ou*) және *u* (*ua, uai, uan, uang, ui, un, uo*) финальдарымен буын құрай алады. Бұл деректер *zh* пен *j* фонемаларының дистрибуциялық мүмкіндіктері де әртүрлі екенін көрсетеді. Оларды графикада теңестіру немесе бірінің орнына бірін қолдану қытай жалқы атауларының фонологиялық құрылымын бұрмалап, жүйелілік қағидасын әлсіретуі ықтимал. Бұл екі инициальды бір ғана *j* арқылы берсек, онда екі түрлі қытай дыбысы қазақ тілінде бірдей болып қабылданады. Бұл фонологиялық айырмашылықтың жойылуына және ономастикалық атаулардың бұрмалануына әкеледі. Мысалы: *Zhang* (张)

және Jiang (江) атаулары екеуі де «*Jang*» түрінде берілуі мүмкін, бұл олардың бастапқы айырмашылығын толық жояды. Сондықтан пиньиндегі *j* және *zh* дыбыстарын қазақ-латын графикасында дифференциалды түрде беру қажет. Бұл транслитерацияның негізгі қағидаларының бірі −әртүрлі дыбыстарды әртүрлі графемалармен таңбалау принципіне сәйкес келеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, келесі шешім тиімді деп ұсынылады: Ономастикалық атаулардың түпнұсқалық қалпын сақтау мақсатында *zh* таңбасын өзгеріссіз, яғни *zh* түрінде беру орынды деп санап, *zh* диграфын кірме таңба ретінде қабылдауды ұсынамыз. Сонда бұл онимдер оқылымы мен графикасында ерекшеліктері айқындалып тұрады. Бұл тәсіл арқылы қытай тіліндегі фонологиялық оппозиция сақталады, қазақ тіліндегі дыбыстық жүйеге сәйкестік қамтамасыз етіледі және транслитерациядағы бірізділік пен дәлдік артады.

Қ. Ғабитханұлы Пиньиндегі *zh* мен *j* әрібін қазақ латын әліпбиі бойынша бір ғана *j (ж)* мен, сол сияқты дыбысталуы өте жақын *ch* мен *q* әрібін *tş(ч)* мен, сол сияқты *sh* мен *x* әріптерін бір ғана *ş (ш)* мен, *c* мен *s* әрібі *s(c)* мен таңбалау қажет деп, былай мысал келтіреді: *zh/j=j; ch/q= tş; sh/x = ş; c/s=s.* [73]. Сонда Қ. Ғабитханұлы ұсынған әдіс бойынша, *Guang**zh**ou*（广州）- *Guañ **j**u, **Ch**angjiang* (长江) - ***Tş**añ jiañ, **Sh**an**x**i (陕西) - **Ş**an **ş**i, **C**ai **Ch**ang* (蔡畅) - ***S**ai **tş**añ, **Ch**ong**q**ing* (重庆) - ***Tş**oñ **tş**iñ, **Zh**ongguo*（中国)-***J**ūñ go* т.б. болып жазылады. Сол сияқты ***o*** таңбасына қатысты ғалым *«ng(ñ)*-ның алдына келетін ***o*** таңбасы *ū* болып дыбысталатындықтан сондай буындарды жазғанда *o*-ны дыбысталуы бойынша *ū* деп таңбалау қажет. Басқа буындарда кездессе *o*- ны *o* -мен жазу қажет»,− деген пікірде [174, 26 б.]. Сонда *Ch**o**ngqing-Tş**o**ñ tşiñ, Zh**o**nggu-J**ū**ñg**o**, D**o**ngbei-D**ū**ñbei* топонимдеріндегі *o* дыбысы бір атауда *ū*, бір атауда *o* болып жазылады. Латыннегізді қазақ әліпбиінде *ū* таңбасы *ұ* дыбысына сәйкес келеді. Біздің ойымызша, бір дыбысты бір атау ішінде екі түрлі таңбалау (мыс: *Zh**o**ngguo – J**ū**ñ g**o***) түсінбеушілік тудыруы мүмкін.

Пиньиндегі *j* және *zh* инициальдарын бір графема арқылы беру ғылыми тұрғыдан негізсіз, ол фонологиялық айырмашылықты жояды және транслитерацияның негізгі принципіне қайшы келеді.

Тұжырымдай келгенде, қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *j, q, x* инициальдары фонологиялық тұрғыдан бір артикуляциялық қатарға жататын альвео-палаталь аффрикат және фрикатив дыбыстар жүйесін құрайды. Олардың фонетикалық сипаты: *j-[tɕ]* (палаталь аффрикат), *q-[tɕʰ]* (қатаң, аспирацияланған палаталь аффрикат), *x-[ɕ]* (қатаң палаталь фрикатив). Бұл дыбыстар қытай тілінде өзара фонологиялық оппозиция түзеді және бір-бірінен аспирация, дауыс қатысы мен жасалу тәсілі арқылы ажырайды. Сондықтан оларды транслитерациялау барысында бір графемамен жалпылап беру емес, дифференциалды әрі бірізді таңбалау ғылыми тұрғыдан міндетті талап болып табылады. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде аталған альвеоль-палаталь дыбыстарға толық сәйкес келетін фонемалар жоқ; қазақ тіліндегі *ж [ʒ], ш [ʃ], с [s]* дыбыстары артикуляциялық жағынан белгілі бір деңгейде жуық болғанымен, дәл балама бола алмайды. Сондықтан пиньиндегі *j-q-x* қатарын қазақтың латын графикасында беру арнайы ғылыми негізде шешілуі тиіс.

Қазіргі қолданыста бұл инициальдар әртүрлі жолмен беріліп келеді: Палладий дәстүрі бойынша *цз, ч, с,* пиньинді сол күйінде сақтау арқылы *j, q, x,* не қазақша жуықтатып *ж, ш, с* түрінде таңбалау кездеседі. Алайда бұл тәсілдердің ешқайсысы толық бірізді жүйе ұсынбайды: әсіресе *j* мен *zh* дыбыстарын бір графема арқылы беру немесе *q* таңбасын қазақ тіліндегі *қ* дыбысымен шатастыру транслитерацияның дәлдігін төмендетеді. Осыған байланысты зерттеуде *j-j, q-ç, x-x, zh-zh* түріндегі графемалық модель ұсынылады. Бұл модель, біріншіден, *фонологиялық дифференциация* принципін сақтайды, яғни *j, q, x, zh* дыбыстары өзара ажыратылып таңбаланады. Екіншіден, *артикуляциялық жақындықты* ескеріледі, *q-ç* түрінде берілуі [tʃ]-тәрізді таңбалауға сүйеніп, [tɕʰ]-қа жуық шешім ұсынылды, *x* пиньиндегі пішіні сақталып, халықаралық танымалдықты қамтамасыз етеді. *j* мен *zh* да өзара ажыратылып беріледі. Үшіншіден, *графемалық жүйелілік* қамтамасыз етіледі, яғни бір артикуляциялық қатарға жататын дыбыстар қазақ-латын графикасында да жүйелі таңбаланады. Төртіншіден, бұл үлгі *қазақ тілінің оқылым дағдысымен* үйлеседі. Соның нәтижесінде қытай тіліндегі дыбыстық айырмашылықтар сақталып, атауларды оқудағы ауырлық азаяды.

Zh-ch-sh инициальдарын транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

Қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *zh-ch-sh* инициальдары ретрофлекс қатарды құрайтын, өзара фонологиялық оппозицияға түсетін дыбыстар, артикуляциялық сипаттамасы *zh* – [tʂ], *ch* – [tʂʰ], *sh* – [ʂ]. Бұл үштік қытай тілінде сөз мағынасын ажыратын дербес фонемалар ретінде қызмет етеді, сондықтан оларды транслитерация барысында бірізді әрі дифференциалды түрде беру міндетті. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде ретрофлекс дыбыстар жоқ, алайда артикуляциялық жағынан оларға ең жақын дыбыстар − *ж* [ʒ] және *ш* [ʃ]. Осыған байланысты қытай тіліндегі *zh-ch-sh* қатарын қазақ тіліне бейімдеуде толық фонетикалық сәйкестікке жету мүмкін емес, сондықтан транслитерацияда компромистік модель қолдану қажеттілігі туындайды.

Қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *ch* диграфы [tʂʰ] дыбысын білдіреді және ол ретрофлекс, қатаң, аспирацияланған аффрикат дыбыс. Қытай тілінде *zh-ch-sh* қатарындағы жүйелі фонологиялық оппозицияның құрамдас бөлігі. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде [tʂʰ] дыбысына дәл сәйкес келетін фонема жоқ. Сонымен қатар, қазіргі қазақ-латын әліпбиінің жаңартылған нұсқасында *ch* диграфы арнайы графема ретінде қарастырылмаған, бұл орфография жағынан қайшылық тудыруы мүмкін. Дегенмен, шет тілдік ономастикалық атауларды транслитерациялау барысында тек ұлттық фонемалармен шектелу әрқашан тиімді бола бермейді. А.М. Фазылжан *ch* диграфын әліпбиден алып тастау қазақ тілінің ішкі фонологиялық жүйесін оңтайландыруға бағытталған шешім дейді. Бұл негізінен, төл сөздер мен кірме лексикаға қатысты, ал ономастикалық атауларды беру мәселесінде басқа да факторлар, яғни, халықаралық сәйкестік, жүйелілік және қайта қалпына келтіру мүмкіндігі маңызды рөл атқарады [177]. Халықаралық тәжірибеде (ISO 7098, UNGEGN) *ch* диграфы өзгеріссіз сақталады (*Chang, Cheng, Chongqing*). Бұл жүйелерде *ch* тек жеке дыбысты емес, *zh-ch-sh*

қатарындағы құрылымдық элементті білдіреді. Сондықтан *ch* диграфын өзгерту бұл жүйелік қатынасты бұзуы мүмкін.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалау мәселесіне арналған зерттеулерде *zh-ch-sh* инициальдарын беру бойынша негізінен фонетикалық бейімдеу бағыты басым екені байқалады.

И. Қошқари еңбегінде *zh* дыбысы көбіне *«дж», ch − «ч», sh − «ш»* арқылы беріледі. Бұл тәсіл белгілі бір деңгейде айырмашылықты сақтағанымен, орыс транскрипциясының ықпалынан толық арылмаған [175, 111 б.].

Т. Қалибекұлы ұсынған модельде «*бір дыбыс - бір әріп*» қағидасы негізге алынып, *zh* мен *j* дыбыстары «*ж*», ал *ch* мен *q* дыбыстары «*ш*» арқылы беріледі. Бұл тәсіл орфографиялық ықшамдылықты қамтамасыз еткенімен, қытай тіліндегі фонологиялық оппозицияны айтарлықтай редукциялайды [176, 30 б.].

Қ. Ғабитханұлы еңбегінде де қытай дыбыстары қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімделіп беріледі, алайда *zh-ch-sh* қатарын жүйелі түрде ажырату мәселесі толық шешімін таппаған [174, 28 б.].

Бұл зерттеулерді салыстырмалы талдау олардың барлығында ортақ үрдіс бар екенін көрсетеді. Қытай тіліндегі ретрофлекс инициалдар қазақ тілінің жақын дыбыстарына сәйкестендіріліп, нәтижесінде *zh-ch-sh* арасындағы фонологиялық айырмашылық жойылады. Алайда қытай тілінде *zh, ch, sh* дыбыстары −дербес фонема, олар сөз мағынасын ажыратуда маңызды қызмет атқарады. Сондықтан бұл дыбыстарды бір немесе екі ғана графемаға біріктіру ономастикалық атаулардың дәл берілуіне кері әсер ету мүмкін. Мысалы, *ch* және *sh* дыбыстары бірдей «*ш*» арқылы берілген жағдайда, бастапқы қытай формасындағы айырмашылық жойылады. Осыған байланысты Пиньиндегі *ch* диграфын қазақ-латын графикасында сақтау ғылыми тұрғыдан негізделген шешім деп саналады. *Ch* диграфы *zh-ch-sh* қатарындағы элемент ретінде сақталса, қытай тіліндегі фонологиялық жүйе бұзылмайды. Ал халықаралық сәйкестік принципі бойынша *ch* формасын сақталса, ISO және UNGEGN стандарттарымен үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Қайта қалпына келтіру мүмкіндігі (reversibility) принципіне сәйкес, *ch* арқылы жазылған атауларды бастапқы пиньинь формасына оңай сәйкестендіруге болады.

Жалқы есімдер жалпы орфографиялық ережелерден белгілі бір дәрежеде ерекшеленуі мүмкін, себебі олардың негізгі функциясы нысанды дәл сәйкестендіру. *ch* диграфының графикасын қазақ-латын графикасында сақтау ұлттық орфография принциптерінен ішінара ауытқуды тудырғанымен, ономастикалық транслитерацияның негізгі талаптары дәлдік, бірізділік және халықаралық сәйкестік тұрғысынан ғылыми негізделген шешім болып табылады. Осыған байланысты *zh-ch-sh* транслитерциялау ұсынылады. Бұл ұсыныс келесідей принциптерді арқау етеді:

1. Фонологиялық дифференциация принципі сақталады, яғни *zh, ch* және *ş* деген үш түрлі графемамен берілсе, қытай тіліндегі фонемалық оппозиция жойылмайды.

2. Артикуляциялық жағынан жақындық болады, яғни *sh* дыбысы [ʂ] қазақ тіліндегі *ш [ʃ]* дыбысына жақындау болғандықтан, оны латын графикасында *ş*

арқылы транслитерациялаған дұрыс. Ал *zh* және *ch* аффрикаттары латыннегізді қазақ әліпбиінде жоқ болғандықта,н оларды *zh* және *ch* диграфтары арқылы беру олардың құрылымдық табиғатын сақтай алады.

3. Графемалық жүйелілік болады. *Zh-ch-ş* моделі бір жағынан пиньинь жүйесінің құрылымын сақтаса *(zh, ch)*, екінші жағынан қазақ латын әліпбиіндегі *ş* графемасын тиімді пайдаланады.

4. Халықаралық сәйкестік принципі ішінара сақталады: *zh* және *ch* формалары ISO және UNGEGN стандарттарымен толық сәйкес келеді, ал *sh*-ның *ş*-ға ауысуы ұлттық бейімдеу шеңберінде жүзеге асып, оқылымды жеңілдетеді.

5. Оқылым қолайлылығы немесе көзшалым жағынан тиімді. Оны төменде тарқатамыз.

Sh инициалы

2018 жылғы латын негізді қазақ әліпбиінде *sh* диграфы *ш* дыбысын таңбалауға ұсынылған. Алайда диграфтарды қолдануға көптеген ғалымдар қарсылық көрсетті. Ғалымдар жалпы диграфтар қазақ жазуын ұзартып, оқу мен жазуда кейбір қиыншылықтар тудырады деген пікірде. [ш] дыбысына [sh] диграфын беру акут нұсқасындағы үлкен кемшіліктердің бірі болатын. Өйткені қазақ тілінде [c] және [x] дыбыстары қатар келетін жекелеген сөздер мен кісі есімдері, кейбір жат сөздер бар. Нәтижесінде *Досхан* сияқты есімдер *Doshan* деп жазылып *Дошан* болып оқылуы мүмкін болды [141].

Жетілдірілген латын әліпбиінде *ш* әрібін беруге *ş* таңдап алынған. Бұл таңбаның дыбысталуы қытай пиньинь жүйесіндегі *Sh* диграфмен сәйкес келеді. Сондықтан ономастикалық атауларды дыбыстауда *ş* таңбасын қолдануға болады. Бұл бір жағынан қазақ латын әліпбиіндегі диграфты қолданбау қағидасына, яғни «бір дыбыс - бір таңба» принципіне сай келсе, үнемділік тұрғысынан да қолдау табады деген ойдамыз. Сонда, ономастикалық атаулар былай беріледі, антропонимдерде: ***Çin Şıhuañ*** (秦始皇) *Lao* ***Şy*** (老舍), ***Şyn Coñwyn*** (沈从文) , *Han* ***Şaugoñ*** (韩少功), *Su* ***Şı*** (苏轼), *т.б.* топонимдер: ***Şañhai*** (上海), ***Şanxi*** (陕西), ***Şandoñ*** (山东), *Baiş**an*** (白山), ***Şynıañ*** (沈阳), *Anş**an*** (鞍山), *Fuş**ün*** (抚顺), ***Şañ äuletı*** (商朝).

Қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *sh* инициалын қазақ-латын графикасында беру мәселесі тек фонетикалық сәйкестікпен ғана емес, сонымен қатар графемалық айқындық пен оқылым дәлдігімен де тығыз байланысты. Халықаралық тәжірибеде *sh* диграфы *[ʂ]* дыбысын белгілеу үшін кеңінен қолданылады. Алайда қазақ латын графикасы жағдайында бұл диграфты сол күйінде сақтау бірқатар практикалық және психолингвистикалық қиындықтар туғызады. Атап айтқанда, графемалық бөлшектену мәселесі байқалады. Қазақ тілінде әрбір дыбыс, әдетте, бір таңбамен белгіленеді. Ал *sh* диграфы екі әріптен құралғандықтан, оны қабылдау барысында *s* және *h* жеке дыбыстар ретінде интерпретациялануы мүмкін. Бұл оқылымда қателіктерге әкеледі. Мысалы, *ashana* сөзі «*ашана*» емес, «*асхана*» түрінде қате оқылып жүргені белгілі. Сондай-ақ, оқылымда екіұштылық туындайды. *Sh* тіркесін қазақ оқырманы бірде [ш], бірде [s+h] ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл әсіресе тілдік тәжірибесі әртүрлі аудитория үшін тұрақсыздық тудырады. Тағы бір мәселе − графемалық үнемділік

принципі бұзылады. Бір дыбысты екі таңбамен белгілеу жазу жүйесінің ықшамдылығына қайшы келеді.

Қазақ-латын әліпбиінің негізгі қағидаларының бірі - «*бір дыбыс - бір әріп*» ұстанымы. Осыған байланысты *sh* диграфын *ş* графемасымен алмастыру ғылыми тұрғыдан негізделген шешім. Бұл шешім бірмәнділікті қамтамасыз етеді, яғни *ş* әрпі тек бір ғана дыбысты [ʃ] білдіреді, оқылым тұрақтылығын қамтамасыз етеді, әрбір оқырман үшін бірдей қабылданады. Сонымен қоса, графемалық ықшамдылық орын алады, екі таңбаның орнына бір таңба қолданылады. Тағы бір артықшылығы қазақ-латын орфографиясымен үйлесімділік табады, *ş* графемасы қазақ тіліндегі *ш* дыбысына толық сәйкес келеді. *Sh - ş* транслитерациялануы *zh-ch-ş* жүйесінің ішкі логикасын да күшейтеді. Бұл модельде *zh* және *ch* диграфтары өз құрылымын сақтай отырып, *ş* арқылы жүйе ықшам әрі теңгерімді сипатқа ие болады: *Shanghai - Şañhai, Shenzhen - Şenzhyn, Shanxi - Şanxi* т.б. Бұл үлгілерде *ş* графемасы оқылымды жеңілдетіп, дыбыстық сәйкестікті қамтамасыз етеді. *sh* диграфын *ş* графемасымен алмастыру тек орфографиялық оңтайландыру емес, сонымен қатар графемалық айқындық, психолингвистикалық қабылдау және жүйелілік тұрғысынан негізделген ғылыми шешім болып табылады.

«i» графемасын транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

Пиньиндегі *i* графемасы бірмәнді фонетикалық таңба емес. Қытай фонологиясында ол кемінде екі түрлі ортада екі түрлі сипатта көрінеді: біріншісі − *zi, ci, si, zhi, chi, shi* буындарындағы *i*, мұнда ол, дауыссызға тәуелді, «апикалдық» дауыстыға жақын ерекше дыбысталу береді. Екіншісі − *ai, ei, dei, nei, lei* т.б. тәрізді дыбыстық тіркестердегі *i*, мұнда ол нағыз дауысты элемент ретінде айтылады. *li, di, mi* буындарындағы *i* финалы қазақ тіліндегі *[u]* дыбысына өте жақын артикуляцияға ие, ал *s, z, c, zh, ch, sh, r* инициальдарынан кейінгі *i* [ɿ;ʅ] әлдеқайда артқа ығысқан (қазақ тіліндегі [*i*]-ге ұқсас) болып айтылады. [ɿ] таңбасы *si, zi, ci* буындарындағы *i* финалын білдіреді. [ʅ] таңбасы *zhi, chi, shi, ri* буындарындағы *i* финалын көрсетеді. Соңғы төрт буынның артикуляциясы *zi, ci, si* буындарына жақын, бірақ тіл ұшы альвеолаларға көтеріліп айтылады, нәтижесінде [ɿ]-ден өзгеше *i* пайда болады, бұл басқа таңбамен беріледі. Сондықтан оларды қазақ графикасында бір ғана таңбамен беру фонетикалық және орфоэпиялық айырмашылықты көмескілейді. Бұл мәселе қытай ономастикалық атауларын қазақ тіліне таңбалау жөніндегі мақалаларда да жанама кейде тікелей көрінеді. Т. Қалибекұлы қытай тілінің буындарын қазақша беруде бір буындағы дыбыстардың қызметін ажырату керек екенін көрсетіп, *ei-ей/ый, ai-ай, ian, iang* тәрізді финальдарды бөлек қарастырады, яғни *i* әрпінің барлық позицияда бірдей қызмет атқармайтынын практикалық түрде мойындайды [176, 30 б.].

И. Қошқари кестесінде де қытай буындарының қазақша таңбалануында *i* бар барлық құрылымдар бірдей шешілмейді: мысалы, *chi → чи, ci → ци,* бірақ *bei → бей, biao → бяу, bing → биң* сияқты формаларда *i* әртүрлі фонетикалық ортада әрқалай игеріледі. Бұл да пиньиндегі *i* графемасының біркелкі емес екенін көрсетеді [175, 99 б.].

Қ. Ғабитханұлының латыннегізді үлгісінде де *i*-нің барлық позицияда біркелкі емес екені байқалады. Ол жалаң *i [i]*-ді бөлек көрсетіп, басқа финальдар құрамындағы *i*-ні сол финальдың фонетикалық табиғатына қарай береді, мысалы, *ai, ei, ia, ie, iang* сияқты тіркестер жеке қарастырылады. Сонымен бірге ол қазақ латын жазуында қытай дыбыстарын түпнұсқаға жуық, бірақ қазақ оқылымына ыңғайлы түрде беруді көздейді [174, 23 б.].

Халықаралық ережелер бұл жерде басқа мақсат ұстанады. UNGEGN мен пиньинге негізделген халықаралық романизацияда *zi, ci, si, zhi, chi, shi* буындарында да, *li, bi, di* буындарында да бір ғана *i* арқылы жазылады, өйткені олардың мақсаты − ұлттық тілге бейімдеу емес, бірізділік пен бастапқы формасын сақтау. Халықаралық стандарт үшін графикалық тұрақтылық маңыздырақ, ал ұлттық транслитерация үшін оқылым мен фонетикалық ажыратылым маңызды. Осыған байланысты біздің ұстанымымыз - қазақ-латын графикасында *i* графемасын позициялық принцип бойынша екі түрлі таңбамен беру. Оны мынадай бірнеше принцип арқылы ғылыми тұрғыда негіздей аламыз:

1. Фонетикалық дифференциация принципі. Пиньиндегі барлық *i* бірдей дыбыс емес. Сондықтан *zi, ci, si, zhi, chi, shi* буындарындағы *i*-ні қазақша *ı* арқылы беру олардың кәдімгі [і]-ден өзгеше екенін көрсетеді. Ал *ai, ei, dei, nei, lei* сияқты буындардағы *i*-ні *i* арқылы беру оның дауысты элемент екенін білдіреді.

2. Қазақ орфоэпиясына бейімдеу принципі. Қазақ оқырманы үшін *zi, ci, si, zhi, chi, shi* қатарын *зи, ци, си, жи, чи, ши* деп оқу пиньиндегі нақты дыбысталуынан алшақтау. Ал оларды *zı, cı, sı, zhı, chı, shı* түрінде транслитерациялау орфоэпиялық дәлдікті арттырады.

3. Графемалық үнемділік пен бірмәнділік. Егер барлық *i* бірдей таңбаланса, қазақ оқырманы *shi* мен *shei*, *ci* мен *cai, zhi мен zhui* қатарларындағы *i* - дыбысының дыбыстық қызметін ажыратпайды. Ал *ı / i* оппозициясы арқылы транслитерация ішкі жүйелілікке ие болады.

4. Латын графикасына негізделген транслитерацияның халықаралық транслитерациядан айырмасы. Халықаралық жүйе үшін *i*-ді сақтап қалу дұрыс, бірақ қазақ-латын графикасына транслитерациялау кезінде басты мақсат қайта кодтау емес, түпнұсқаға барынша жақын үлгіні ұсыну. Сондықтан пиньинді ұлттық графикаға сол күйінде көшіру міндетті емес деп ойлаймыз.

Пиньинь жүйесіндегі *i* графемасын қазақ-латын графикасында бір ғана таңбамен беру ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз, өйткені оның дыбыстық қызметі барлық позицияда бірдей емес. *zi, ci, si* буындарындағы *i*-ді *ı*, ал *ai, ei, dei, nei, lei* сияқты буындардағы *i*-ді *i* арқылы транслитерациялау фонетикалық дифференциация, орфоэпиялық дәлдік және графемалық бірмәнділік принциптеріне негізделген ғылыми шешім болып табылады.

Пиньиндегі «е» дауыстысының позициялық транслитерациясы

Қытай тілінің пиньинь жүйесіндегі *е* дауыстысы фонетикалық тұрғыдан бірмәнді дыбыс емес және оның дыбысталуы буындағы позициясына байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан оны қазақ-латын графикасында бір

ғана графемамен беру фонетикалық дәлдік пен орфоэпиялық сәйкестікті қамтамасыз ете алмайды.

Қытай фонетикасында *е* дыбысы екі негізгі позициялық түрде көрінеді. Бірінші жағдайда *е* орталықтанған, бейтарап дауысты ретінде дыбысталады (мысалы: *de, ge, ke, ze*, сондай-ақ *en, eng* финальдарында). Бұл позицияда оның артикуляциясы қазақ тіліндегі *ы ([ш])* дыбысына жақын келеді. Екінші жағдайда *е* дифтонг құрамында (әсіресе еі тіркесінде) алдыңғы, ашықтау дауысты ретінде естіледі. Мұндай позицияда оның дыбысталуы қазақ тіліндегі *е* дыбысына әлдеқайда жақын.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ графикасында жазу бойынша зерттеулерде бұл құбылыс жанама түрде байқалады. Мысалы, И. Қошқари және Т. Қалибекұлы еңбектерінде «*еі»* тіркесі көбіне «*ей»* немесе «*ай*» тәрізді беріледі, бұл оның таза [ш]-ға емес, алдыңғы дауыстыға жақын екенін көрсетеді. Сонымен қатар Қ. Ғабитханұлы еңбегінде де дифтонгтар құрамындағы дауыстылар жеке қарастырылып, олардың позициялық сипаты ескерілетіні байқалады [174, 22 б.].

Халықаралық стандарттар (ISO, UNGEGN) бұл позициялық айырмашылықты графикалық түрде белгілемейді және барлық жағдайда *е* графемасын сақтай алады.

Жоғарыдағы зерттеулерді талдай отырып, пиньиндегі *е* дауыстысын қазақ-латын графикасында позициялық принцип бойынша транслитерациялау былайша ұсынамыз:

1. Негізгі позицияларда (жалаң *е, en, eng, de, ge, ke* және т.б.) *е - y* (қазақша *ы*) Мысалы: *en - yn, eng - yñ, men - myn, meng - myñ* т.б.

2. Дифтонг құрамында, әсіресе *еі* тіркесінде *е-е* арқылы транслитерациялау. Мысалы: *bei - bei, dei - dei, nei - nei, lei - lei, mei - mei, shei - şei* т.б.

Бұл ұсыныс келесі принциптерге негізделеді:

1. *Позициялық дифференциация принципіне сәйкес,* бір графема әртүрлі фонетикалық ортада әртүрлі дыбысталатын жағдайда, оны бір ғана таңбамен беру ғылыми тұрғыдан дәл емес.
2. *Фонетикалық сәйкестік принципіне сай,* «*е»* дыбысының нақты артикуляциялық реңктері қазақ тіліндегі ең жақын дауыстылар арқылы беріледі.
3. *Орфоэпиялық дәлдік принципі* бойынша бұл ұсыныстар қазақ тіліндегі табиғи оқылымды қамтамасыз етеді.
4. *Графемалық жүйелілік принципіне* сәйкес, «*е*» дыбысының әртүрлі реңктері жүйелі түрде ажыратылып беріледі, бұл жазу жүйесінің ішкі логикасын күшейтеді.

С таңбасының қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялауда қолданылуы

Латыннегізді қазақ әліпбиі жағдайында қытай ономастикалық атауларын таңбалау мәселесінде *С* таңбасының қызметін екі деңгейде ажыратып қарау қажет: біріншісі − қазақ тіліндегі */c/* фонемасын беретін негізгі графема ретінде;

екіншісі − халықаралық латын жазуындағы *c* әрпінің қытай пиньиніндегі қызметімен арақатынасы ретінде.

Ғылыми әдебиеттердегі негізгі тұжырымдардың бірі қытай тіліндегі дыбыстарды қазақ жазуына көшіруде «*бір дыбыс – бір әріп*» қағидатын сақтау. Т. Қалибекұлы қытай антропонимдері мен топонимдерін қазақша таңбалауда дәл осы принципті басшылыққа алу қажеттігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, қазақ тілі қытай тіліндегі бірқатар дыбыстарды орыс тіліне қарағанда дәлірек бере алады, сондықтан таңбалау барысында қазақ тілінің өз дыбыстық заңдылығы негізге алынуы тиіс [176, 29 б.].

Ғабитханұлының латын графикалы қазақ әліпбиіне арналған мақаласында бұл мәселе нақтырақ көрінеді. Автор қытай пиньиніндегі *c [tsʰ]* және *s [s]* таңбаларын қазақ-латын графикасында *бір ғана s* таңбасымен беру қажет деп ұсынады. Оның кестесінде қытай пиньиніндегі *c [tsʰ]* − *s, s [s]* − *s* түрінде сәйкестендірілген, сондай-ақ мысал ретінде *Cai Chang* − *Sai tşañ, Sichuan* − *Si tşuan* тәрізді нұсқалар беріледі [174, 19 б.]. Бұл қытай пиньиніндегі латын әрпі мен қазақ-латын графикасындағы әріптің қызметі бірдей емес екенін көрсететін маңызды дәлел

И. Қошқари ұсынған кирилл негізді жүйеде пиньиннің *c* дыбысы көбіне *ц* арқылы, ал *s* дыбысы *с* арқылы берілетіні байқалады. [175, 98 б.]. Бұл кирилл жағдайында дыбыстарды айыруға ұмтылғанымен, қазақтың табиғи дыбыстау дағдысы үшін әрдайым оңтайлы бола бермейді. Кейінгі зерттеулер, әсіресе латыннегізді нұсқалар, осы күрделілікті азайтып, қабылдаушы тіл тұрғысынан ықшамдауға ұмтылады.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялау барысында пиньинь жүйесіндегі *c* таңбасын сақтау немесе оны қазақ тіліндегі *s* арқылы беру мәселесі транслитерация теориясындағы фонетикалық дәлдік пен графикалық тұрақтылық арасындағы тепе-теңдік проблемасына жатады. *c* таңбасын сақтау қазіргі лингвистикалық талаптарға толық сәйкес келеді және бірнеше ғылыми принциптермен дәлелденеді.

Пиньинь жүйесінде *c [tsʰ] мен s [s]* − екі түрлі фонема. Егер *c* − *s* деп берілсе, онда бұл екі фонема нейтрализацияға ұшырайды, яғни айырмашылығы жойылады. Мысалы: ***C**angzhou* − ***S**angzhou, **C**ai Lun* − ***S**ai Lun* т.б. Бұл жағдайда бастапқы дыбыстық құрылым бұзылады, атаулар арасындағы фонемалық айырмашылық жойылады, омонимия пайда болуы мүмкін. Сондықтан фонемалық контрастты сақтау маңызды.

БҰҰ-ның Географиялық атауларды стандарттау жүйесі (UNGEGN) және ISO стандарттары қытай атауларын беруде пиньинді базалық жүйе ретінде сақтауды ұсынады. Бұл тұрғыда *c* әрпі халықаралық деңгейде тұрақты танылған графема, ол өзгертілсе халықаралық сәйкестік бұзылады. Мысалы: *Cangzhou* барлық карталарда осылай беріледі, ол *Sangzhou* деп өзгертілсе, халықаралық сәйкессіздік пайда болады. *C* таңбасын сақтау арқылы жаһандық стандартпен үйлесімділік сақталады.

Транслитерацияның маңызды талаптарының бірі – кері қалпына келтіру мүмкіндігі (reversibility). Егер *Cai* − *Sai* деп берілсе, онда бастапқы пиньинь

формасын қайта қалпына келтіру мүмкін болмайды. Ал *Cai → Cai* сақталса, онда түпнұсқаға кері оралу мүмкін, дерекқор, GIS, халықаралық іздеу жүйелерімен сәйкестік сақталады.

Ономастикада маңызды қағида *«бір атау – бір таңба».* Егер бір жерде *Cai,* басқа жерде *Sai* жазылса, онда көпнұсқалылық пайда болады, ғылыми, ресми, медиалық қолданыста тұрақсыздық туындайды. Сондықтан *C* таңбасын сақтау – орфографиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. *c-s* трансформациясы фонетикалық тұрғыдан дәл емес. Керісінше *c* таңбасын сақтау фонетикалық айырмашылықты жанама түрде сақтай алады. Бұл толық дәлдік болмаса да, айырмашылықты жоя алмайды.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялау барысында пиньинь жүйесіндегі *c* таңбасын *s* арқылы алмастыру ғылыми тұрғыдан негізсіз, себебі бұл фонемалық айырмашылықты жояды, атаудың түпнұсқалық құрылымын бұзады, халықаралық стандарттармен сәйкестікті әлсіретеді, кері транслитерация мүмкіндігін шектейді. Осыған байланысты пиньинь жүйесіндегі *c* таңбасын қазақ-латын графикасында сол күйінде сақтау фонологиялық дәлдік, графикалық тұрақтылық және халықаралық үйлесімділік принциптеріне сай келетін оңтайлы шешім болып табылады.

Пиньинь жүйесіндегі y таңбасын қазақ-латын графикасында y (ы) арқылы транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында таңбалау барысында пиньинь жүйесіндегі *y* әрпінің берілуі - фонетикалық, графикалық және орфографиялық тұрғыдан күрделі мәселелердің бірі. Себебі пиньиндегі *y* таңбасы дербес фонема емес, көбінесе жартылай дауысты (*й* тәрізді) немесе буын құраушы элемент ретінде қолданылады. Ал қазақ тілінде *y* таңбасы (латын графикасында) көбіне *ы [ш]* фонемасын білдіреді. Осы айырмашылық дұрыс транслитерациялық шешім қабылдауды талап етеді.

Қытай тіл білімінде *y* буын басында келгенде (*ya, ye, yao, you*) дербес дауыссыз емес, ол *i* дыбысының алдындағы позициялық көрсеткіш қызметін атқарады, кей жағдайларда [j] немесе [ц] тәрізді жартылай дауысты сипатқа ие. Яғни, *y* - фонемалық емес, орфографиялық-маркерлік таңба [178, 56 б.].

Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиінде *y → ы [ш]* фонемасын білдіреді. Бұл - толыққанды, дербес дауысты дыбыс, сөз мағынасын айқындайтын маңызды фонема. Сондықтан қазақ тілінде *y* әрпінің тұрақты фонемалық мәні бар, ал пиньинде ол тек позициялық белгі. Біздің ұстанымымыз функционалдық сәйкестік, оқылым ыңғайлылығы, интерференцияны азайту, орфографиялық тұрақтылық сияқты ғылыми қағидаларға негізделеді.

Пиньинь жүйесіндегі *y* таңбасы − дербес фонема емес, буын құраушы позициялық көрсеткіш қызметін атқаратын графема. Ал қазақ тілінің латыннегізді әліпбиінде *y* таңбасы толыққанды *ы [ш]* фонемасын білдіреді. Осы айырмашылықты ескере отырып, қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялау барысында *y − y (ы)* сәйкестігін қолдану ғылыми тұрғыдан негізді. Бұл тәсіл графема-фонема сәйкестігін сақтауға,

оқылымды жеңілдетуге және тілдік интерференцияны азайтуға болады. Ол қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне сәйкес келіп, транслитерацияның бірізді және нормативті моделін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қазақ тіліндегі ж және пиньинь жүйесіндегі j дыбыстарын бір J таңбасымен транслитерациялаудың лингвистикалық негіздемесі

Қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында таңбалау барысында пиньинь жүйесіндегі *j [tɕ]* дыбысы мен қазақ тіліндегі *ж [ʒ]/[dʒ]* фонемасын бір ғана *j* таңбасымен беру мәселесі транслитерация теориясындағы маңызды сұрақтардың бірі болып табылады. Бұл мәселені шешуде графикалық сәйкестік, артикуляциялық жақындық және функционалдық эквиваленттілік қағидалары негізге алынады.

Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиінде *ж* фонемасының негізгі таңбасы – *j* болып бекітілген. Бұл таңба тарихи тұрғыдан латын графикасындағы көптеген тілдерде жұмсақ *ж* дыбыстарын беру үшін қолданылады. Халықаралық тәжірибеде кең таралған (түркі тілдері, ағылшын, француз орфографиялық дәстүрлері). Пиньинь жүйесінде де *j* әрпі қолданылады, яғни екі жүйеде де бірдей графема бар. Бұл − транслитерация үшін маңызды алғышарт, ортақ графеманы сақтау жүйелерді жақындастырады және графикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қазақ тіліндегі ж [ʒ]/[dʒ] – тіл ұшы мен қызыл иек аймағында жасалатын, жуысыңқы-аффрикат, ұяң дауыссыз. Пиньинь жүйесіндегі j [tɕ] тілдің алдыңғы бөлігі мен қатты таңдай арасында жасалатын, аспирациясыз аффрикат. Айырмашылықтарына қарамастан, екі дыбыстың ортақ белгілері бар, екеуінің де аффрикаттық табиғаты бар күрделі дауыссыздар. Сондықтан оларды бір графема арқылы беру толық сәйкестік емес бірақ артикуляциялық жақындыққа негізделген фонетикалық жуықтау. Қазақ тілінде *ж* фонемасының кейде *дж* вариациясы байқалады, яғни ол аффрикатқа жақындайды. Қазақ тілінің өзінде *ж* дыбысы аффрикаттық сипатқа ие бола алады. Осыған байланысты пиньиндегі *j* [tɕ] қазақ тіліндегі *ж* [ʒ]/[dʒ] толық емес, бірақ табиғи фонологиялық бейімдеу ретінде қарастырамыз. Бұл −транслитерациядағы фонологиялық адаптация. Егер пиньинь *j* үшін жаңа таңба (мысалы, *ž, ǰ, dj* т.б.) енгізілсе, онда қазақ әліпбиінің ішкі жүйесі бұзылады, артық графемалар пайда болады, оқылым күрделенеді. Ал: *j - j* сәйкестігі жүйені ықшам сақтайды, графикалық үнемділікке сай келеді.

Қазақ тіліндегі *ж* және пиньинь жүйесіндегі *j* дыбыстары толық фонетикалық сәйкестікке ие болмаса да, олардың артикуляциялық жақындығы (аффрикаттық сипат), графикалық ортақтығы (*j* таңбасы), функционалдық ұқсастығы (буын басындағы негізгі дауыссыз) және қазақ тіліндегі *ж* дыбысының аффрикаттық вариациялар оларды бір графема арқылы беруге болады.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ латын графикасында транслитерациялау барысында пиньинь жүйесіндегі *j [tɕ]* дыбысы мен қазақ тіліндегі *ж [ʒ]/[dʒ]* фонемасын бір ғана *j* таңбасымен беру ғылыми тұрғыдан негізді болып табылады. Бұл шешім графикалық сәйкестікке, артикуляциялық жақындыққа және функционалдық эквиваленттілікке сүйенеді. Екі дыбыс толық

сәйкес келмегенімен, олардың аффрикаттық табиғаты мен артикуляциялық ұқсастығы фонетикалық жуықтау қағидасын іске асырады. *j − j* сәйкестігі қазақ-латын әліпбиінің ішкі жүйелілігін сақтап, транслитерация процесінде артық графемалар енгізілмейді, әрі интерференцияны азайтады деп есептейміз.

Қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде транслитерациялауда антропоним негізінде жасалған табиғи және мәдени-әлеуметтік нысандарды беру тәртібі де өзіндік ерекшелікке ие. Мұндай атаулардың құрамында адам есімі атаудың негізгі айқындаушы бөлігі ретінде алдыңғы орынға шығып, бірге жазылады, ал нысанның түрін білдіретін жалпы атау соңынан беріледі. Бұл үлгі жалқы есімнің референциялық тұтастығын сақтауға және оның қандай нысанға қатысты екенін айқын көрсете алады. Мұндай атауларды беруде артикльдік не бөгде синтаксистік үлгілер қолданылмайды, өйткені қазақ тілінде ономастикалық бірлікті ресімдеудің табиғи жолы − антропоним мен жалпы атауды тікелей сабақтастыру. Осы принципке сай 志丹县 – *Zhıdan uezdı*, 欧阳海水库 – *Ouyañhai su qoimasy*, 郑和群礁 - *Zhyñhy rifi* түрінде беріледі. Бұл мысалдарда антропоним атаудың даралаушы өзегі болып, нысанның түрлік мәні кейінгі компонент арқылы ашылады.

Осы қағида мәдени-әлеуметтік нысандар атауларын беруде де сақталады. Егер атау антропоним және жалпы атау үлгісімен жасалса, антропоним транслитерацияланып, мекеменің немесе мәдени нысанның атауы қазақ тілінің мағыналық формасыиен беріледі. Мысалы, 黄继光纪念馆 – *Huañ Jiguañ memorialdy mūrajaiy* түріндегі қолданыста тарихи тұлғаның есімі сақталып, нысанның қызметі қазақ тілінде нақты ашылып тұр. Мұндай тәсілдің лингвистикалық артықшылығы бір жағынан, түпнұсқа бойынша жалқы есімді сақтау болса, екінші жағынан, қазақ оқырманына нысанның сипатын түсінікті ету. Антропонимдерден жасалған нысандарды транслитерациялауда атаудың ономастикалық өзегін сақтау және жалпы атауды мағыналық бейімдеу қатар жүзеге асады.

Ономастикалық атауларды транслитерациялау барысында тек жалпы әдістерді меңгеру жеткіліксіз. Бұл үдерісте орфографиялық рәсімдеудің техникалық тетіктері де шешуші рөл атқарады. Атап айтқанда, апострофтың қойылуы, *ü* дыбысының таңбалануы, буындардың бірге не бөлек жазылуы, тон белгілерінің берілуі, диалектілік нұсқалардың ескерілуі және қысқарған формалардың қолданылмауы атаудың графикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі шарттар болып табылады. Мұндай талаптар сақталмаған жағдайда атаудың оқылымы бұрмаланып, мағыналық дәлдік пен бірізділік әлсірейді.

Апострофтың қолданылуы.

а, о, е дыбыстарынан басталатын буындар алдыңғы буындармен түйіскен жағдайда, буын жігін нақты көрсету үшін апостроф қойылады. Бұл белгі оқылымдағы екіұштылықтан арылтып, атаудың морфо-фонологиялық құрылымын дұрыс тануға мүмкіндік туғызады. Мысалы:

西安市 – *Xi’an qalasy*

普洱市 – *Pu’yr qalasy*

兴安县 – *Xiñ’an uezdı*

建瓯市 – *Jian'ou qalasy*

Апострофты түсіріп жазу буын жігін шатастырып, атаудың дыбысталуын да, мағынасын да бұрмалауы мүмкін. Оны жоғарыда айтылған Қытайдың *Chang'an* көлік маркасына қатысты нақты мысалдан көруге болады.

ü дыбысының нүктелерін сақтау.

n, l дауыссыздарынан кейін келген *ü* дыбысы нүктелерімен бірге таңбалануы тиіс. Бұл оның *u* дыбысынан айырмашылығын көрсетіп, фонетикалық дәлдікті сақтайды. Мысалы:

闾河 – *Lühy özenı*

绿岛 – *Lüduo araly*

女山湖 – *Nüşan kölı*

Кейбір тарихи қалыптасқан атауларда бұл ереже толық сақтала бермейді. Мысалы: *Luchun uezdı, Nujiang özenı т.б.*

Буындардың бірге жазылуы.

Қытай ономастикалық атауларының буындары дефис арқылы бөлінбей, тұтас жазылады. Бұл қытай тіліндегі атаудың біртұтас графикалық тұлғасын сақтауға бағытталған. Мысалы: *Qingdao – Qingdao, Zhuzhou – Zhuzhou, Dalian – Dalian, Fuxin – Fuxin т.б.*

Тон белгілерінің берілмеуі.

Транслитерацияланған нұсқада тон белгілері көрсетілмейді. Бұл қағида жазуды ықшамдап, практикалық қолданысты жеңілдетеді. Атаудың негізгі танымдық қызметі тонсыз нұсқада да сақталады.

Диалекті атаулардың берілуі.

Егер атау жергілікті диалектідегі нұсқада қолданылса, негізгі норма ретінде стандартты қытай тілі алынады. Осылай ресми бірізділікті сақтауға және халықаралық деңгейде танылатын нұсқамен үйлесе алады.

Қысқарған формалардың қолданылмауы.

Қытай ономастикалық атауларын транслитерациялау барысында қысқарту тәсілі қолданылмайды. Атау толық тұлғасында берілуі тиіс, өйткені қысқарған нұсқа оның семантикалық, әкімшілік немесе тарихи мазмұнын толық ашпауы мүмкін.

Жалпы алғанда, бұл техникалық қағидалар қытай ономастикалық атауларын беру ісінде қосалқы емес, негізгі орфографиялық тетік қызметін атқарады. Олар атаудың бірмәнді оқылуын, жазудағы тұрақтылығын және ғылыми айналымдағы бірізділігін қамтамасыз етеді. Сондықтан транслитерациялау барысында техникалық рәсімдерге назар аудару атауды дұрыс берудің міндетті шарты болып саналады.

Пиньинь мен қазақ-латын әліпбиі арасындағы графикалық және фонетикалық сәйкестікке негізделген транслитерациялық модельдің ғылыми негіздемесі

Қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында бірізді таңбалау мәселесі қазіргі тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселенің күрделілігі қытай және қазақ тілдерінің типологиялық, фонологиялық және графикалық жүйелерінің түбегейлі айырмашылығымен

түсіндіріледі. Қытай тілі буындық-морфемалық құрылымға негізделген, тоналды және аналитикалық тіл болса, қазақ тілі фонемалық жүйеге сүйенетін, агглютинативті және сингармонизм заңдылығына бағынатын тіл болып табылады. Осы айырмашылықтар транслитерация барысында графикалық және фонетикалық сәйкестіктердің әртүрлі деңгейде көрінуіне алып келеді.

Ұсынылып отырған модель пиньинь мен қазақ-латын әліпбиі арасындағы сәйкестіктерді үш деңгейде қарастыруға негізделеді: толық сәйкестік, жартылай сәйкестік және сәйкестіктің болмауы. Аталмыш жіктеу арқылы транслитерацияның ғылыми принциптерін нақтыланып, әрбір дыбыстық бірліктің берілуін жүйеленеді.

Бірінші деңгей – *толық графикалық және фонетикалық сәйкестік.* Бұл топқа *a, b, d, f, g, h, k, l, m, n, o, p, s, t, z* сияқты таңбалар жатады. Аталған дыбыстар екі тілде де артикуляциялық және акустикалық тұрғыдан жақын, сондықтан оларды өзгеріссіз сақтау транслитерацияның дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда *«максималды сәйкестік»* принципі іске асады, яғни бастапқы форма да, қабылдаушы тілдегі форма да бірдей сақталады.

Екінші деңгей – *жартылай графикалық және фонетикалық сәйкестік.* Бұл топқа *e, i, j, r, ü* жатады. Мұнда графикалық ұқсастық болғанымен, фонетикалық мазмұны толық сәйкес келмейді. Мысалы, Пиньиндегі *j [tɕ]* дыбысы қазақ тіліндегі *j [ʒ]* дыбысына дәл сәйкес келмейді, алайда графикалық тұрақтылықты сақтау мақсатында *j-j* түрінде беріледі. Бұл жағдайда транслитерация фонетикалық жуықтау мен графикалық тұрақтылықтың компромисіне негізделеді. Қазақ тілінде *J j [jy]* дыбысы тіл ұшы мен қызыл иек арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының қызыл иекпен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады (сөз басында жабысыңқы, яғни аффрикат болып жасалады). Қытай тіліндегі *j [tɕ]* − тіл үстінің алдыңғы бөлігімен жасалатын, аспирациясыз қатаң аффрикат дауыссыз. Артикуляция кезінде тілдің алдыңғы бөлігі қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне жақындап, толық бөгет түзеді, ал жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолын жабады. Бөгет ашылғанда ауа тар саңылаудан өтіп, үйкеліс шуын тудырады.

Үшінші деңгей – *графикалық немесе фонетикалық сәйкестіктің болмауы.* Бұл топқа пиньиндегі *q, y* және қазақ-латындағы *ä, ö, ū, ı, ğ, ñ, ş, v* сияқты таңбалар жатады. Мұндай жағдайларда транслитерация бейімдеу және компенсация принциптері арқылы жүзеге асады. Маңызды шешімдердің бірі – пиньинь жүйесіндегі күрделі дыбыстарды қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне бейімдеу. Мысалы, пиньиндегі *ng [ŋ]* дыбысы қазақ тіліндегі *ñ* арқылы дәл беріледі (*ng → ñ*), ал *sh [ʂ]/[ɕ]* дыбысы *ş* арқылы таңбаланады (*sh → ş*). Бұл шешімдер қазақ тілінің фонетикалық мүмкіндігін толық пайдалануға негізделген. Пиньиндегі аффрикат дыбыстарды беру мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Осыған байланысты *q [tɕʰ]* дыбысын *ç* арқылы беру ұсынылады (*q → ç*), бұл оның артикуляциялық табиғатын сақталады. Ал *ch, zh* сияқты дыбыстар дифраф түрінде сақталады (*ch → ch, zh → zh*), бұл халықаралық тәжірибемен үйлесімді.

Бұл модельдің ғылыми жаңалығының бірі − пиньиндегі *c* және *y* таңбаларына қатысты шешімдер. *C* таңбасын *s* арқылы беру ұсынысы фонемалық нейтрализацияға алып келеді, себебі пиньинде *c [tsʰ]* және *s [s]* екі түрлі фонема болып табылады. Мысалы, *Cui* және *Sui, Cun-Sun, Can-San, Cong-Song, Cen-Sen* т.б. формаларының бірігуі ономастикалық дәлдікті бұзады. Осыған байланысты *c − c* принципін сақтау ұсынылады. Бұл шешім фонемалық айырмашылықты сақтайды, халықаралық стандарттармен (UNGEGN, ISO) үйлесімді, кері транслитерацияны қамтамасыз етеді, ономастикалық тұрақтылықты сақтайды. Пиньиндегі *y* таңбасы дербес фонема емес, буын құрылымын көрсететін орфографиялық элемент болып табылады. Ал қазақ-латын әліпбиінде *y* таңбасы *ы [ш]* фонемасын білдіреді. Осыған байланысты *y − y (ы)* сәйкестігін қолдану ұсынылады. Бұл тәсіл графема-фонема сәйкестігін қамтамасыз етеді, оқылымдағы түсінбестікті болдырмайды, қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне бейімделеді.

Аталмыш модельдің негізінде төмендегідей ғылыми принциптер бар:

– *Фонетикалық жуықтау қағидасы* бойынша қытай дыбыстары қазақ тілінің артикуляциялық базасына жақындатылып беріледі.
– *Графикалық тұрақтылық қағидасы*на сәйкес бір дыбысқа бір тұрақты таңба бекітіледі.
– *Фонемалық дифференциацияны сақтау қағидасы* арқылы бастапқы тілдегі дыбыстық айырмашылық жойылмайды.
– *Интерференцияны азайту қағидасын* ұстану арқылы орыс транскрипциясының ықпалынан бас тартылады.
– *Реверсивтілік қағидасы* бойынша бастапқы пиньинь формасын қалпына келтіру мүмкіндігі сақталады.
– *Оқылым ыңғайлылығы қағидасында* қазақ тілінің орфоэпиялық дағдысы ескеріледі.

Қорытындылай келе, ұсынылған транслитерациялық модель пиньинь мен қазақ-латын әліпбиі арасындағы графикалық және фонетикалық сәйкестіктерді жүйелі түрде үйлестіре отырып, қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде бірізді, дәл және нормативті түрде беріледі. Бұл модель көпнұсқалылықты азайтып, ұлттық орфографиялық стандарт қалыптастыруға және халықаралық ғылыми-ақпараттық кеңістікпен үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Үшінші тарау бойынша қорытынды

Қорыта айтқанда, қытай ономастикалық атауларын жетілдірілген латын әліпбиінде транслитерациялау мәселесі жай техникалық көшіру әрекеті емес, бірнеше тілдік жүйенің тоғысындағы күрделі орфографиялық және фонологиялық үдеріс екені айқындалды. Бұл үдерісте қытай тілінің иероглифтік табиғаты, пиньиньнің халықаралық стандарт ретіндегі орны, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен орфографиялық дәстүрі өзара сабақтастықта қарастырылуы тиіс. Зерттеу барысында жалқы есімдерді беру кезінде басты мақсат олардың тек дыбыстық қабатын көшіру емес, референциялық тұтастығын, графикалық тұрақтылығын және қазақ тіліндегі оқылым

қолайлылығын қатар сақтау екені нақтыланды. Сондықтан қытай атауларын латын графикасында таңбалау халықаралық үлгі мен ұлттық тілдік норма арасындағы тепе-теңдікке негізделген ғылыми модельді қажет етеді.

Жинақталған деректер қытай атауларын қазақ жазуына икемдеуде пиньинь жүйесін базалық үлгі ретінде қабылдау орынды екенін көрсетті, алайда оны сол күйінде механикалық көшіру қазақ тілінің орфоэпиялық және орфографиялық заңдылықтарына толық сәйкес келмейді. Әсіресе қытай тіліндегі *j, q, x, zh, ch* тәрізді инициальдардың қазақ фонологиялық жүйесінде дәл баламасының болмауы арнайы графемалық шешімдерді талап ететіні дәлелденді. Осыған байланысты зерттеуде фонологиялық дифференциация, артикуляциялық жақындық, графемалық бірізділік және оқылым қолайлылығы қағидалары негізінде бейімделген таңбалау үлгісі ұсынылды. Бұл ұстаным қытай тіліндегі дыбыстық айырмашылықтарды сақтап, қазақ оқырманы үшін қабылдауды жеңілдетеді.

Зерттеу нәтижелері тарихи тәжірибенің де маңызды екенін көрсетті. Қытай қазақтарының латыннегізді жазу тәжірибесі мен Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан республикаларының әліпби реформалары ұлттық жазу жүйесін жасау барысында фонема мен графема сәйкестігін дәл айқындау, орфографиялық қағидаларды біріздендіру және қоғамды жаңа жазуға кезеңдік бейімдеу шешуші мәнге ие екенін аңғартты. Бұл тәжірибелерден халықаралық үлгіні дайын күйінде қабылдау жеткіліксіз екені, оны ұлттық тілдің дыбыстық табиғатына икемдеу міндетті екені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, қытай ономастикалық атауларын жетілдірілген латын әліпбиінде таңбалау ісі де қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын сақтай отырып жүзеге асуы қажет.

Жалпы, ұсынылған транслитерациялау моделі қытай ономастикалық атауларын қазақтың жетілдірілген латын әліпбиінде дәл, бірізді және нормативтік тұрғыдан орнықты берудің ғылыми негізін қалыптастырады. Бұл модель бір атауға бір ғана жазылымды бекіту, тарихи қалыптасқан нұсқалармен сабақтастықты сақтау, цифрлық кеңістіктегі іздестіру ыңғайын ескеру, сондай-ақ ғылыми, ресми және публицистикалық қолданыста бірыңғай норма ұстану сияқты қағидаларға сүйенеді. Соның нәтижесінде қытай жалқы есімдерін қазақ тілінде жүйелі таңбалаудың қолданбалы тетігі ұсынылып қана қоймай, ұлттық орфографияны жетілдіру, ономастикалық стандарттауды дамыту және латын графикасындағы қазақ жазуының ғылыми негіздерін орнықтыру бағыты да айқындалды.

Қорыта айтқанда, латын графикасына негізделген орфографиялық транслитерациялау моделі қытай ономастикалық атауларын транслитерациялау барысында халықаралық стандарт пен ұлттық тілдік норманың арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған ғылыми жүйе ретінде танылады. Бұл модельдің мәні жалқы есімдерді жай дыбыстық көшірумен шектемей, олардың референциялық тұтастығын, графикалық тұрақтылығын және қабылдаушы тілдегі оқылым ыңғайлылығын қатар қамтамасыз етуде жатыр. Осыған байланысты транслитерациялау *иероглиф - пиньинь - латын графикасындағы нұсқа* тәрізді көпсатылы үлгі арқылы жүзеге асып, қытай тілінің фонологиялық

ерекшеліктері мен қазақ тілінің орфографиялық заңдылықтары өзара сабақтастықта қарастырылды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, мұндай модельдің тиімділігі фонемалық сәйкестік, орфографиялық бірізділік және қолданымдық қолайлылық қағидаларының қатар сақталуына тәуелді. Қытай тіліндегі дыбыстарды латын графикасында таңбалау барысында графикалық ұқсастықтан гөрі, олардың артикуляциялық табиғаты, буын ішіндегі қызметі және ұлттық тілдің дыбыстық жүйесі басшылыққа алынуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған диссертациялық жұмыс қытай және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйелерін салғастыра талдау негізінде қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында бірізді беруге мүмкіндік беретін ғылыми негізделген, практикалық қолдануға жарамды транслитерациялық модель әзірлеуді мақсат етті. Зерттеу барысында қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалау мәселесі тек графикалық көшіру не техникалық рәсімдеу деңгейінде емес, фонологиялық, орфографиялық, ономастикалық және лингвомәдени факторлар тоғысындағы күрделі тілдік құбылыс екені айқындалды. Жұмыста қытай жалқы есімдерінің қазақ тілінде берілуіндегі көпнұсқалылықтың себептері сараланып, оларды жүйелеуге болатын теориялық және қолданбалы ұстанымдар ұсынылды.

Зерттеудің алғашқы нәтижелерінің бірі − қытай ономастикалық атауларының лингвистикалық табиғаты мен зерттелу тарихын жүйелеу арқылы олардың жай атауыш бірлік емес, тарихи, мәдени, әлеуметтік және саяси ақпаратты жинақтайтын күрделі номинациялық жүйе екенінің дәлелденуі. Осыған байланысты қытай онимдерін өзге тілге көшіруде тек дыбыстық тұлғаны емес, олардың семантикалық уәжін, мәдени жүгін, референциялық тұтастығын және қоғамдық қызметін қатар ескеру қажеттігі нақтыланды. Бұл тұжырым қытай атауларын қазақ тілінде беруді таза графикалық ауыстыру емес, көпдеңгейлі тілдік бейімдеу үдерісі ретінде тануға негіз болды.

Зерттеу қытай ономастикалық атауларын қазақ тілінде таңбалаудың теориялық өзегін де айқындады. Атап айтқанда, референциялық тұрақтылық, мәдени сәйкестік, орфографиялық бірізділік, қабылдаушы тілдің фонологиялық заңдылықтарына бейімдеу, транскрипция мен транслитерацияның арақатынасын дұрыс белгілеу-осы жұмыста басшылыққа алынған негізгі теориялық бағдарлар болды. Пиньинь жүйесінің халықаралық деңгейде мойындалған стандарт ретіндегі қызметі мойындалғанымен, оны қазақ жазуына өзгеріссіз көшіру қазақ тілінің орфоэпиялық және орфографиялық табиғатына толық сай келмейтіні дәлелденді. Соған сәйкес қытай атауларын қазақ-латын графикасында берудің ұтымды жолы халықаралық үлгі мен ұлттық тілдік норманың тепе-теңдігіне негізделуі тиіс деген қорытынды жасалды.

Жұмыстың екінші ірі нәтижесі − қытай тілі фонетикасы мен латыннегізді қазақ әліпбиінің арақатынасын салғастыра зерттеу арқылы алынған қорытындылармен байланысты. Талдау қытай тілінде фонетикалық жүйенің негізгі ұйымдастырушы тетігі буын, инициаль-финаль құрылымы және тон екенін, ал қазақ тілінде фонемалық жүйе, үндесім заңы, жуан-жіңішке және еріндік-езулік әуездік оппозициялар жетекші рөл атқаратынын көрсетті. Осы айырмашылықтар қытай дыбыстарын қазақ графикасына көшіруде жай сыртқы ұқсастыққа сүйенудің жеткіліксіз екенін дәлелдеді. Транслитерациялық сәйкестік графикалық қабысу емес, ол екі тілдің ішкі дыбыстық ұйымдасу тетіктерін қатар пайымдауға негізделген лингвистикалық әрекет.

Салғастырмалы фонетикалық талдау қытай тіліндегі *zh, ch, sh, r, j, q, x* сияқты дыбыстардың қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстармен толық сәйкес келмейтінін, ал қазақ тіліне тән жуан-жіңішке әуез, буын үндестігі, позициялық түрлену сияқты белгілердің қытай тіліне тән еместігін нақты көрсетті. Бұл, өз кезегінде, қытай атауларын қазақ-латын графикасында берудің арнайы ғылыми моделін қажет ететінін айғақтады. Пиньинь мен жетілдірілген қазақ-латын әліпбиі арасындағы сәйкестіктерді талдау да графикалық ортақтықтың әрдайым фонетикалық барабарлықты білдірмейтінін, сондықтан таңбалауда дыбыстың артикуляциялық сипаты, буын ішіндегі орны және оқылым ыңғайы ескерілуі керектігін айқындады.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижесі − қытай ономастикалық атауларын жетілдірілген латын әліпбиінде берудің транслитерациялық моделінің ұсынылуы. Бұл модель қытай тіліндегі дыбыстық айырмашылықтарды мүмкіндігінше сақтауға, қазақ тілінің графикасы мен орфографиясына қайшы келмейтін шешім ұсынуға және бірізді нормативтік жүйе құруға бағытталды. Әсіресе қытай тіліндегі *j, q, x, zh* инициальдарын беруде фонологиялық дифференциация, артикуляциялық жақындық, графемалық бірізділік және оқылым қолайлылығы қағидалары негізінде *j-j, q-ç, x-x, zh-zh* түріндегі үлгінің ұсынылуы осы зерттеудің нақты жаңалығы болып табылады. Бұл шешім бір жағынан қытай тіліндегі дыбыстық айырмашылықтарды сақтаса, екінші жағынан қазақ жазуындағы графема-фонема қатынасын бұзбайды.

Зерттеу барысында тарихи тәжірибенің де маңызы анықталды. Қытай қазақтарының латыннегізді әліпбиі мен оның орфографиялық тәжірибесі, сондай-ақ Түркия, Өзбекстан және Әзірбайжан республикаларының латын графикасына көшу тәжірибесі жаңа жазу жүйесін жасауда фонема мен графема сәйкестігін дәл анықтау, орфографиялық қағидаларды тұрақтандыру, қоғамды жаңа графикаға кезең-кезеңімен бейімдеу және ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарын басшылыққа алу шешуші мәнге ие екенін көрсетті. Бұл тәжірибелер халықаралық үлгіні сол қалпында қабылдау тиімді емес екенін, оны міндетті түрде ұлттық тілдің фонетикалық және орфографиялық табиғатына икемдеу керектігін дәлелдеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияда ұсынылған модель сыртқы стандартқа тәуелділік пен ішкі тілдік заңдылықтың арасынан үйлесімді шешім табуға ұмтылады.

Жұмыстың маңызды қолданбалы нәтижесі – қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында берудің орфографиялық қағидаларының тұжырымдалуы. Бір атауға бір ғана нормативтік нұсқа беру, тарихи қалыптасқан қолданыспен сабақтастықты сақтау, ресми, ғылыми және публицистикалық стильдерде бірыңғай жазылымды ұстану, цифрлық ортадағы іздестіру қолайлылығын ескеру, антропонимдер, топонимдер, эргонимдер, хрононимдер мен өзге де атау түрлерін саралап беру сияқты қағидалар ұсынылған модельдің нормативтік негізін құрайды. Бұл қағидалар атауларды тек дұрыс жазуға ғана емес, оларды ғылыми айналымда, ресми құжаттарда, оқу әдебиеттерінде және ақпараттық жүйелерде бірізді қолдануға жағдай жасайды.

Диссертациялық зерттеу қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында транслитерациялаудың лингвистикалық негіздерін тұтас жүйе ретінде айқындады. Жұмыс нәтижелері қытай жалқы есімдерін қазақ тілінде таңбалаудың ғылыми алғышарттарын, фонологиялық және орфографиялық уәждерін, нормативтік ұстанымдарын және практикалық тетіктерін бір арнаға тоғыстырды. Соның нәтижесінде ұлттық орфографияны жетілдіруге, ономастикалық стандарттауды орнықтыруға, латын графикасындағы қазақ жазуының ғылыми негізін күшейтуге және қытай атауларын қазақ тілінде бірізді әрі дәл берудің қолданбалы мәселелерін шешуге бағытталған кешенді үлгі ұсынылды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қытай ономастикалық атауларын қазақ-латын графикасында беру ісі болашақта қазақ тілінің орфографиялық реформасымен, цифрлық лингвистикамен, ұлттық атаулар корпусын жасаумен және халықаралық стандарттау тәжірибесімен тығыз сабақтастықта дамытылуы тиіс екенін көрсетті. Ұсынылған транслитерациялық модель осы бағыттағы әрі қарайғы зерттеулерге ғылыми негіз бола алады және қытай жалқы есімдерін қазақ тілінде тұрақты, дәл және оқылымға қолайлы түрде берудің нормативтік базасын қалыптастыруға қызмет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 366 с.
2. Никонов В. А. Личные имена – социальный знак. Советская этнография. – 1967. №5. – с. 154-166.
3. Карпенко Ю. А. Специфика ономастики. В кн.: Русская ономастика (сб. статей). Одесса, 1984. – с. 13-14.
4. Реформатский А. А. Введение в языковедение (5-е изд., испр.). Москва: Аспект Пресс, 2004. – 536 с.
5. Bach A. Die deutschen Personennamen: aus «Deutsche Namenkunde». – Berlin: Walter de Gruyter, 2016. – 651 p.
6. Dauzat A. Les noms de lieux: origine et évolution; villes et villages; pays; cours d'eau; montagnes; lieux-dits. Paris: Delagrave, 1926. – 366 p.
7. Mill J. S. A System of Logic, Ratiocinative and Inductive. London: John W. Parker, 1843. – 412 p.
8. Frege G. Über Sinn und Bedeutung // Zeitschrift für Philosophie und philosophische Kritik. – 1892. – №1 (100). – pp. 25-50.
9. Kadmon N. Formal pragmatics: semantics, pragmatics, presupposition, and focus. - Malden: Blackwell, 2001. – 435 p.
10. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана: «1С-Сервис»ЖШС, 2006. – 400 б.
11. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам. - Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. 1. – 784 б.
12. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1985. – 487 б.
13. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) // Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 315 б.
14. Уәли Н. Сөз мәдениетінің теориялық негіздері. 2-басылым. – Алматы: Асыл, 2025. – 424 б.
15. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. Монография. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
16. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.
17. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 415 б.
18. Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 186 с.
19. Рысберген Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.
20. Мадиева Г. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 205 с.

21. 现代汉语词典 。(第 5 版)。- 北京： 商务印书馆，2007. −1869 页 (Қазіргі қытай тілі сөздігі (5-басылым). – Бейжің: Коммерция баспасы, 2007. – 1869 б.)

22. 黎锦熙. 新著国语文法. – 北京:商务印书馆，1992. – 497 页 (Ли Цзиньси. «Жаңа ұлттық тіл грамматикасы». – Бейжің: Коммерциялық баспасы, 1992. – 497 б.)

23. 杨伯峻. 中国文法语文通解. 上海:商务印书馆，1955. – 317 页 (Ян Боцзюнь. «Қытай грамматикасы бойынша жалпы түсіндірме». – Шанхай: Коммерциялық баспасы, 1955. – 317 б.)

24. 王力. 中国现代语法. 北京： 商务印书馆， 2011. − 402 页 (Ван Ли. «Қытай тілінің қазіргі грамматикасы». – Бейжің: Коммерциялық баспа, 2011. – 402 б.)

25. 陈建民. 中国语言和中国社会. 广州:广东教育出版社，1999. – 320 页 (Чэнь Цзяньмин. «Қытай тілі және қытай қоғамы». – Гуанчжоу: Гуандун білім баспасы, 1999. – 320 б.)

26. 马建忠. 马氏文通 . 北京： 商务印书馆精装版，2017. – 447 页 (Ма Цзянчжун. «Ма ши вэньтун». – Бейжің: Коммерция баспасы, 2017. – 447 б.)

27. 刘叔新. 汉语描写词汇学. 北京:商务印书馆， 2021. – 387 页 (Лю Шусинь. «Қытай тілінің сипаттамалы лексикологиясы». – Бейжің: Коммерция баспасы, 2021. – 387 б.)

28. Дашеева В. В. Китайские антропонимы: вопросы истории, семантики и функционирования. – Улан-Удэ: Бурятский государственный университет, 2014. – 246 с.

29. А.С. Қойбақова. Қытай және қазақ тіліндегі топонимдік атаулардың лексика-семантикалық топтастырылуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – 153-162 бб. https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.12

30. Реформатский А.А. Введение в языковедение. – Москва: Аспект Пресс, 2003. – 536 с.

31. Mill J. S. A System of Logic, Ratiocinative and Inductive. – London: John W. Parker, 1843. – 196 p.

32. Гак В. Г. Языковые преобразования. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1998. - 763 с.

33. Казакова Т. А. Практические основы перевода: учебное пособие. – Санкт-Петербург: Союз, 2001. - 320 с.

34. Арын Е. Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. - 509 б.

35. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 201 б.

36. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Жоғары оу орындарының қауымдастығы, 2002. – 664 б.

37. Коржова С.Б. Теория перевода. Учебное пособие. – Тюмень,Тюменский государственный нефтегазовый университет, 2007. – 114 с.

38. Newmark P. A Textbook of Translation.− New York: Prentice Hall, 1988.− 292 p.

39. Hermans, Theo. On Translating Proper Names, with Reference to De Witte and Max Havelaar. – London. The Athlone Press, 1988. – P. 11- 24.

40. Coates R. A New Theory of Properhood. Language. 2006. Vol. 82. № 2. – P. 356-382. DOI: 10.1353/lan.2006.0084.

41. Kadmon N. Exonyms, also called conventional names. Manual for the national standardization of geographical names. United Nations Group of Experts on Geographical Names. New-York, 2006. – P. 129-134.

42. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы: Дәуір, 2018. – 250 б.

43. Уәли Н. Орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері // Известия серия филология. №3. – Алматы, 2007. – 42-58 бб.

44. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.− 359 б.

45. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. - 200 б.

46. Уәли Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2020. – 181 б.

47. Рсалиева Н. М. Қазақ онимдерін ағылшын тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2008. – 199 б.

48. Zhang M., Li H. Direct Orthographical Mapping for Machine Transliteration // COLING 2004: Proceedings of the 20th International Conference on Computational Linguistics. Geneva, Switzerland, 2004. − P. 716-722.

49. Li H. Zhang M. A Joint Source-Channel Model for Machine Transliteration // Proceedings of the 42nd Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics (ACL-04). Barcelona, Spain, 2004. – P. 159-166.

50. Knight K. Graehl J. Machine Transliteration // Computational Linguistics. 1998. Vol. 24, № 4.− P. 599-612.

51. Суперанская А.В. Ономастика начала XXI века / отв. ред. Н.В. Васильева. – М.: Институт языкознания РАН, 2008. - 60 с.

52. Уәли Н. Сөз мәдениетінің теориялық негіздері. 2-басылым. – Алматы: Асыл, 2025. – 424 б.

53. Абдырақын Н. Қытай мифтерінің аудармасы: – Алматы: Дарын, 2023.− 208 б.

54. Қасымханұлы Қ., Сапарбаева Н.Б., Қасымханов С. Қытайдың жаңа дәуір әдебиеті. – Алматы: Дарын, 2025. – 452 б.

55. Алдабек Н. Ә. Қытай тарихы (Ежелгі және орта ғасырлар кезеңі). – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 330 б.

56. Кенжебаева А.Ә. Қытай қазақ әдебиеттеріндегі әйелдер шығармашылығының алатын орны. – Алматы: Эверо, 2016. – 256 б.

57. Құлманов С. Шет тілінен енген терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2017. – №3 (61). –80-86-бб.

58. А.С. Қойбақова. Қытай иероглифтерін транскрипциялау мәселелері. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті. «Қазақстан және шетелдегі қытайтану ғылымы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. 17 ақпан 2023 жыл. 44-48 бб. ӘӨЖ 81-23: (811.512.122; 811.581.11)

59. Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытайша-қазақша үлкен сөздік. – Алматы: Эксклюзив КА, 2017. – 1032 б.

60. Крисской А. Простите меня, отец Палладий // Papa HuHu 4.0. (2019, 21 ноября). URL: https://www.papahuhu.com/archive/201911215207/?utm_source=chatgpt.com

61. Орлова, О. В. Полемика о кириллической транскрипции китайских слов в метаязыковой дискурсивной практике: от наивной полемики к экспертной // Chinese Studies in Slavic Languages. – 2022. – №1 (1). – 51-83 с.

62. Концевич Л. Р. Китайские имена собственные и термины в русском тексте: пособие по транскрипции. – Москва: Муравей, 2002. – 263 с.

63. Койбакова А., Қалибекұлы Т. Қытай экзонимдік атауларын қазақ-латын графикасында транскрипциялаудағы фонетикалық мәселелер // Tiltanym. - 2024. - № 1 (93). – 177-188 бб. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-177-188

64. Мәсімханұлы Д. Қытайдағы түркологиялық деректер мен зерттеулер. - Алматы: Алгорифм, 2023. – 204 б.

65. Мемлекет басшысы Бейжің Тіл және мәдениет университетінің президенті Дуань Пэнді қабылдады // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-beyzhin-til-zhane-madeniet-universitetinin-prezidenti-duan-pendi-kabyldady-3191745

66. Омарова М.А. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар (1992-2010). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 340 б.

67. ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі. Қытайдың Ганьсу провинциясында 5,5 магнитудалы жер сілкінісі болды // https://kaz.inform.kz/news/kitaydin-gansu-provintsiyasinda-55-magnitudali-zher-slkns-boldi-2f5851/

68. Рысберген Қ. Жаңа әліпби бойынша атаулардың жазылуы // Жаңа әліпби негізіндегі жазба коммуникация: лингвотеориялық зерттеу. Жалпы ред.басқарған А.Фазылжан. – Алматы: ЖК Асыл, 2022. – 492 б.

69. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. (1860-1920 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 330 б.

70. Мәсімханұлы Д. Лу Шүнтану дәрістері. Оқу құралы. – Астана, 2011. - 198 б

71. Абдырақын Н. Қытай мифтерінің аудармасы. – Алматы: Дарын, 2023. – 208 б.

72. Ғабитханұлы Қ. Қытай тіліндегі ономастикалық атауларды латын графикалы қазақ әліпбиінде транслитерациялау жолдары // Tiltanym. – 2022. – № 3(99). – 14-29 б.

73. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы // тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 4-9 бб.

74. Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. – Ташкент, 1926. –16 с.

75. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2010. – 654 б.

76. Уәли Н., Күдеринова Қ., Фазылжан А. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жайында // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

77. Уәли Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайттардың басымдылығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

78. Қайдар Ә. Кемел елге кемел әліпби керек // Ана тілі газеті, 1993. –№52.

79. Әміржанова Н. Ресми ұсынылған әліпби жобаларына тілтанымдық талдау // Қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық негіздері / Жалпы ред. басқ.: А.М. Фазылжан. – Алматы: Akadem kitap, 2023. – 517 б.

80. Күдеринова Қ. Тілтанымдық әліпби // Қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық негіздері / Жалпы ред. басқ.: А.М. Фазылжан. – Алматы: Akadem kitap, 2023. – 517 б.

81. Bekzhanova Zh., Tsediso M. Latinization of the Kazakh Alphabet: Implications for Education, Inclusion, and Social Cohesion in Kazakhstan // SAGE Open. – 2022. Vol., 12, Issue 4. https://doi.org/10.1177/21582440221138820

82. Honkasalo S., Janhunen, J. A. Latinizing Kazakh: Searching for a Balance between Politics and Linguistics // International journal of Eurasian linguistics. – 2025. №7 (1). – p. 1-38. https://doi.org/10.1163/25898833-20250065

83. Қазақ тілінің орфографиялық электрондық базасы // https://emle.kz (қолжетімді: 21 наурыз, 2026).

84. Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі // https://egov.kz/cms/information/help/help-elektronnoe-pravitelstvo (қолжетімді: 21 наурыз, 2026).

85. Honkasalo S., Temirbekova T. The Writing Reform and “Latinization” of Written Kazakh: A Sociolinguistic Survey // International Journal of Eurasian Linguistics. – 2024. Vol. 6. – №1. – P. 48-80. https://doi.org/10.1163/25898833-20240056

86. Базарбаева З. Некоторые аспекты реформирование казахсмкого алфавита на основе латинской графики // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

87. Ермолович Д. И. Имена собственные на стыке языков и культур. - М.: О. Валент, 2001. - 200 с.

88. Журавлёва А. С. Анализ примеров транскрипции и транслитерации в технической литературе // Национальный исследовательский Иркутский

государственный технический университет [Электронный ресурс]. URL: https://www.istu.edu/images/icons/Zhuravleva.doc

89. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 27-ө өкімі «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [Электрондық ресурс]. – URL: https://primeminister.kz (жүгінген күн: 21.03.2024).

90. Рысберген Қ. Ономастикалық атаулардың латын графикасы негізінде таңбалану (транслитерациялану) мәселесі // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 560 б.

91. Рысберген Қ., Бармешова Н., Садырбаева З., Тұрғынбаев Ж., Садық Д., Сейітбатқал А. (2021) Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығы. – Алматы, 2021. – 535 б.

92. Қалибекұлы Т. Қытай тіліндегі кісі есімдері мен жер-су атауларын қазақ-кирилл графикасында жазу мәселесі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2022. – №1 (64). – 10-16 бб. https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.010

93. 黄伯荣，廖序东»现代汉语教学与自学参考»（第 5 版）. 北京：高等教育出版社， 2011, - 456 页 (Хуан Боцзюн, Ляо Сюйдун «Қазіргі қытай тілін оқыту және өздігінен меңгеруге арналған анықтамалық» (5-басылым). – Бейжің: Жоғары білім баспасы, 2011. – 456 б.)

94. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики / пер. с фр. А. М. Сухотина; под ред. и с примеч. Р. О. Шор. – Изд. 3-е. – Москва: ЛКИ, 2007. – 256 с.

95. Трубецкой Н. С. Основы фонологии / пер. с нем. А. А. Холодовича; ред. С. Д. Кацнельсона; послесл. А. А. Реформатского. 2-е изд. – Москва: Аспент пресс, 2000. – 351 с.

96. Ladefoged P. A Course in Phonetics. 3rd ed. – New York: Harcourt Brace Jovanovich College Publishers, 1993. – 308 p.

97. Ladefoged P., Johnson K. A Course in Phonetics. 7th ed. Stamford, CT: Cengage Learning, 2014. – 352 p.

98. Fromkin V., Rodman R., Hyams N. An Introduction to Language. 11th ed. Boston: Cengage Learning, 2018. - 624 p.

99. 黄伯荣，廖序东. «现代汉语»（增订七版，上册）. 北京：高等教育出版社， 2024. - 30 页 (Хуан Боцзюн, Ляо Сюйдун. «Қазіргі қытай тілі» (толықтырылған 7-басылым, 1-том). – Бейжің: Жоғары білім баспасы, 2024.– 300 б.)

100. 叶蜚声，徐通锵. 语言学纲要. 北京：北京大学出版社，2010.－278 页. (Е Фейшэн, Сюй Тунцян. Тіл біліміне кіріспе.– Бейжің: Бейжің университеті баспасы, 2010. – 278 б.)

101. 林焘，王理嘉. 语音学教程. 北京：北京大学出版社，2013. – 304 页. (Линь Тао, Ван Лицзя. «Фонетика курсы». – Бейжің: Бейжің университеті баспасы, 2013. – 304 б.)

102. Щерба Л. В. Фонетика французского языка: Очерк французского произношения в сравнении с русским. 6-е изд. – Москва: Издательство литературы на иностранных языках, 1957.− 311 с.

103. Поливанов Е. Д. Психофонетические наблюдения над японскими диалектами. Петроград: Тип. М. П. Фроловой (влад. А. Э. Коллинс), 1917. III – XXIV. [1]. – 113 с.

104. Драгунова Е. Н., Задоенко Т. П., Лю Цюань-ли. Учебник китайского языка: учебник для вузов. – Москва: Наука, 1965. - 480 с.

105. Касевич В. Б. Фонологические проблемы общего и восточного языкознания. – Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1983.− 296 с.

106. Румянцев М. К. Фонетика и фонология современного китайского языка. - Москва: АСТ: Восток-Запад, 2007.− 303 с.

107. Алексахин А. Н. Теоретическая фонетика китайского языка: учебное пособие. 3-е изд. – Москва: ВКН, 2017.− 368 с.

108. Драгунов А. Структура слога в китайском национальном языке // Советское востоковедение. 1955. − № 1.− С. 57-74.

109. 刘梦. 赵元任. 河北教育出版社, 2014. - 905 页 (Лю Мэн. «Чжао Юаньжэнь». – Хэбей: Хэбей білім баспасы, 2014. – 905 б.)

110. 罗常培. 汉语音韵学导论. 北京：时代文艺出版社, 2009.− 93 页. (Луо Чанпэй. Қытай тілінің тарихи фонетикасына кіріспе. – Бейжің: Дәуір әдебиет баспасы, 2009. – 93 б.)

111. 林焘. 林焘文选. 北京：北京大学出版社, 2010. − 276 页. (Линь Тао. «Линь Таодың таңдамалы шығармалары». – Бейжің: Бейжің университеті баспасы, 2010. – 276 б.

112. 王理嘉. 音系学基础. 北京：语文出版社, 1991. − 236 页. (Ван Лицзя. Фонология негіздері. – Бейжің: Тіл және әдебиет баспасы, 1991. – 236 б.)

113. 朱晓农. 语音学. 北京：商务印书馆，2010.- 365 页. (Чжу Сяонун. Фонетика. – Бейжің: Коммерция баспасы, 2010. – 365 б.)

114. 吴永焕. 现代汉语. 北京：中国人民大学出版社, 2003.− 290 页 (У Юнхуан. Қазіргі қытай тілі. – Бейжің: Қытай халық университеті баспасы, 2003. - 290 б.)

115. 胡裕树. 现代汉语. 上海:上海教育出版社. 2019. − 531 页 (Ху Юйшу. Қазіргі қытай тілі. – Шанхай: Шанхай білім баспасы, 2019. – 531 б.)

116. 何平，王静. 新汉语普通话教程.语音篇. 北京：北京语言大学出版社, 2014. – 413 页. (Хэ Пин, Ван Цзин. «Жаңа қытай әдеби тілі (путунхуа) оқулығы: фонетика бөлімі». – Бейжің: Бейжің тіл университеті баспасы, 2014. – 413 б.)

117. Спешнев Н. А. Введение в китайский язык: фонетика и разговорный язык. Санкт-Петербург: КАРО, 2015. – 250 с. ISBN 978-5-9925-1075-1.

118. Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань: Университетская, 1861.− 199 с.

119. Терентьев М. А. Грамматики турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Санкт-Петербург: Императорской академии наук, 1875. – 209 с.

120. Радлов В. В. Сравнительная грамматика северных тюркских языков. Ч. 1: Фонетика северных тюркских языков. – Лейпциг: T. O. Weigel, 1882. XLV, - 318 с.

121. Мелиоранский, П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I. Фонетика и этимология. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии наук, 1894. IV. – 72 с.

122. Аралбаев Ж.А. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі жайында // Фонетика казахского языка. – Алматы, 1969. – 27-42 б.

123. Катаринский, В. В. Грамматика киргизского языка. Оренбург, 1897. – 85 с.

124. Лаптев, И. П. Материалы по казак-киргизскому языку. Москва: Варвары Гатцук, 1900. [4]. IV. – 148 с.

125. Созонтов. Н. Записки по грамматике киргизского языка. Ташкент, 1912. – 25 с.

126. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы // Жаңа мектеп. 1927. - № 5. Б. 65-70.

127. 127. Солтанбекова А. Алаш көсемі А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарының жіктелімі туралы ғылыми тұжырымдары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. - №3 (129). – 85-97. https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.06

128. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. I том. Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

129. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана, 2002. – 784 б.

130. Базарбаева З. Қазақ фонологиясының негіздері. – Алматы: Everest, 2022. – 460 б.

131. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.

132. Маралбек Е. А.Байтұрсынұлының дыбыстарды жіктеу туралы мақаласы. [Электронды ресурс].URL: https://malim.kz/article/sports/baitursynulynyn-dybystardy-zikteu-turaly-maqalasy-15159 (қаралған күні 22. 03. 2026)

133. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика): оқулық. 2-бас. Алматы: Мектеп, 1975. – 302 б.

134. Аралбаев Ж. А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. 144 б.

135. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1999. – 200 б.

136. 吴中伟. 汉语语音与语音教学. 北京：人民教育出版社，2020.− 122 页. (У Чжунвэй. «Қытай тілінің фонетикасы және фонетиканы оқыту». – Бейжің: Халық ағарту баспасы, 2020. – 122 б.)

137. Duanmu San. The Phonology of Standard Chinese.− New York: Oxford University Press, 2000. - 300 p.

138. 汉语拼音方案. 北京：文字改革出版社，1978.− 20 页 (Қытай тілінің пиньинь жүйесі. – Бейжің: Жазу реформасы баспасы, 1978. – 20 б.)

139. Karlgren B. Études sur la phonologie chinoise. Archives d'Études Orientales, vol. 15. - Stockholm: K. Boktryckeriet P. A. Norstedt & Söner, 1915-1926.

141. 刘欣雨，邓雨晴，王飞华. 汉语拼音方案改良研究. 教育进展，2024 年，第 14 卷，第 8 期. 66-77 页 (Лю Синьюй, Дэн Юйцин, Ван Фэйхуа. Қытай тілінің пиньинь жүйесін жетілдіруді зерттеу. – Білім беруді дамыту журналы, 2024, 14-том, (8), 66-77 б.)

142. Sobieroj Florian. Creating Standards: Interactions with Arabic Script in 12 Manuscript Cultures. - Boston: De Gruyter, 2019.− P. 177-216.

143. Chen Zhaofei. «Xizi Qiji»: The Miracle of Western Words: Matteo Ricci's Innovations in Language and Faith. Sino-Platonic Papers. № 363. Philadelphia: University of Pennsylvania, 2025.

144. Morrison Robert. A Dictionary of the Chinese Language.− Macao: P. P. Thoms, 1815-1823. 6 vols.

145. Jyh-Ming, Yen. «汉字与拼音字母的难题：十九世纪晚期之前美国与中国的信息交流», Journal of East Asian Information and Libraries Studies, 20197- vol. 4. № 3. 第 23-48 页 (Йен Чжи-Мин. Иероглиф пен пиньинь әріптерінің мәселесі: XIX ғасырдың соңына дейін АҚШ пен Қытай арасындағы ақпарат алмасу. – Journal of East Asian Information and Libraries Studies, 2019, 4-том, №3. 23-48 бб.)

146. Lamasse Henri., Jasmin Ernest. La romanisation interdialectique: Écriture alphabétique naturelle et pratique de la langue chinoise. Peiping, 1934. - 76 p.

147.周祖谟. 广韵. 北京：中华书局，2022. – 1182 页 (Чжоу Цзумо. Гуанюн. – Бейжің: Чжунхуа кітап баспасы, 2022. – 1182 б.

148. 卢懿章. 一目了然初阶. 文字改革出版社，1956. – 72 页 (Лу Гуаньчжан. Бір қарағаннан түсінікті (бастапқы деңгей). – Бейжің: Жазу реформасы баспасы, 1956. – 72 б.)

149. Wade Thomas Francis. Yü-yen tzŭ-erh chi: A Progressive Course Designed to Assist the Student of Colloquial Chinese, as Spoken in the Capital and the Metropolitan Department; in Eight Parts, with Key, Syllabary, and Writing Exercises. London: Trübner & Co., 1867. 4 vols.

150. 陆志韦 等著. 汉语的构词法. 北京：科学出版社，1964, - 148 页 (Лу Чживэй және т.б. Қытай тілінің сөзжасамы. – Бейжің: Ғылым баспасы, 1964. – 148 б.)

151. 周有光. «汉字改革概论». 北京：文字改革出版社，1961. −362 页 (Чжоу Югуан. Қытай жазуын реформалау негіздері.− Бейжің: Жазу реформасы баспасы, 1961. – 362 б.)

152. 中国社会科学院语言研究所词典编辑室 编. 现代汉语词典（第 7 版）北京：商务印书馆，2016.−1800 页. (Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясы Тіл білімі институтының сөздік редакциясы. Қазіргі қытай тілі сөздігі (7-басылым). – Бейжің: Коммерция баспасы, 2016. – 1800 б.)

153. 全国语言文字工作会议秘书处 编. 新时期的语言文字工作. 语文出版社. 1987, − 333 页 (Ұлттық тіл және жазу жұмыстары жөніндегі кеңес хатшылығы (құраст.). Жаңа кезеңдегі тіл және жазу жұмыстары. – Бейжің: Тіл және әдебиет баспасы, 1987. – 333 б.)

154. Fevziye Abdullah Tansel. Arap Harflerinin Islahı ve Değiştirilmesi Hakkında İlk Teşebbüsler ve Neticeleri 1862-1884 // Belleten.− S. XVII/66. -Nisan, 1953.-S. 223-249.

155. Güler Metin. Türkçe İmlä Öğretiminde Yaşanan Karmaşada İmlā Kılavuzlarından Kaynaklanan Sorunlar // M.E.B. Öğretmen Yetiştirme ve Eğitimi Genel Müdürlüğü Bahçeşehir Üniversitesi, Türkçe Öğretimi Kongresi.−İstanbul, 2008.

156. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? // «Ана тілі» газеті. 24.01.2013.

157. Türk Dil Kurumu. Yazım Kılavuzu. 27. basım. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2012. 584 s. ISBN 978-975-16-1817-7.

158. Karaca, R. Kutay. Çin Dünyadaki Yeni Güç: Tek Kutuptan Çift Kutuba. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2017. − 239 s.

159. Tang Jiankun, Yin Tingting (çev.). Çin Ansiklopedisi [Özgün adı: Zhong Guo Bai Ke]. İstanbul: Kırmızı Kedi Yayınevi, 2. basım, Şubat 2017. − 300 s.

160. Huang, Ray. Çin Tarihi: Bir Makro Tarih Yaklaşımı / çev. Atilla Sönmez. İstanbul: İstanbul Bilgi Üniversitesi Yayınları, 2. baskı, 2007. − 379 s.

161. Ünal Chiang Gonca., Ceylan Fatma Ecem., Ceylan Ertuğrul (ed.). Çin Medeniyeti: Tarih, Kültür, Edebiyat, Felsefe: “Prof. Dr. Bülent Okay’ın 35. Meslek Yılı Anısına”. İstanbul: Kesit Yayınları, 2018. − 392 s.

162. Yıldırım, Kürşat. Çin Tarihi: Tarih Öncesinden 21. Yüzyıla. Editör: Ayşegül Büşra Paksoy. İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2021.− 334 s.

163. Bilgin, Hasan. Stratejik Açıdan Çin. Ankara: USAK Yayınları, 2010. − 370 s.

164. Dillon Michael. Modernleşen Çin’in Tarihi / çev. Eylem Ümit Atılgan, Aydın Atılgan. İstanbul: İletişim Yayınları, 2016.− 484 s.

165. Sarıtaş Eyüp. The General Characteristics of Sinological Researches in Turkey. Humanities and Social Sciences. vol. 3. - №6.− 2015.− pp. 293-298.

166. Калибекулы Т., Дильманова М.Т. Проблемы транскрибирования звуков «проекта фонетической транскрипции китайского языка» на казахской и узбекской латинице. // Материалы международной научно-практической конференции «Узбекистан-Китай на новом этапе: развитие исторических, культурных, научных и экономических отношений». Ташкентский государственный университет востоковедения. – Ташкент. 19 ноября 2022. – С. 104-111.

167. Abdullaev A. Toponyms of Tashkent Region in ‘Boburnoma’. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal.−2021, Vol.3. Iss. 5. Article 8. – 40-51 p.

168. «新疆通志» 第 76 卷：语言文字志. 乌鲁木齐：新疆人民出版社，2000. 756 页. (Шыңжаң жылнамасы, 76-том: Тіл және жазу бөлімі. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2000. - 756 б.)

169. 傅懋勋. 我国少数民族创造和改革文字的问题.«民族研究», 1979 (1), 9-17 页. (Фу Луньцинь. Қытайдағы аз ұлттардың жазуын жасау және реформалау мәселелері. «Ұлттарды зерттеу», 1979 (1), − 9-17 бб.).

170. 王均. «汉语拼音方案»与少数民族文字. 北京: 商务印书馆, 2004. 478 页 (Ван Цзюнь. «Ханьюй пиньинь» жүйесі және аз ұлт жазулары. Бейжің: Коммерциялық баспа, 2004. − 478 б.)

171. Ғабитханұлы Қ. Қытайдағы қазақтар қолданған төте жазу мен латын жазуының емле-ережелері // Жаңа Ұлттық Әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми тілтанымдық зерттеу). − Алматы, 2017. – 472-513 бб.

172. Жонкешов Б. Қытайдағы қазақтардың қолданысындағы латын әліпбиі // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы пен практикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2016.− 560 б.

173. Жүнісбек Ә. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағлымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

174. Ғабитханұлы Қ. Қытай тіліндегі ономастикалық атауларды латын графикалы қазақ әліпбиінде транслитерациялау жолдары. // Тілтаным.− Алматы. − 2022 - № 3 (87) − 14-29 бб.

175. Қошқари И. Қытай тіліндегі кісі және жер-су аттарын қазақша таңбалау ережелерінің жобасы // Тілтаным. − Алматы. − 2016. - № 1.− 104-114 бб.

176. Қалибекұлы Т. «Қытай тілінің фонетикалық дыбыстаңба жобасындағы» дыбыстар мен дыбыс тіркестерін қазақ латын графикасында таңбалау // *Тілдік тұлға және қазіргі филология мәселелері*. − Қарағанды: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2021.− 28-32 бб.

177. Фазылжан А. Жаңа әліпиде ч дыбысына әріп алу керек пе? // «Jaz Alash» газеті. 4 сәуір, 2020 ж. https://zhasalash.kz/

178. Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің фонетикасы. – Алматы: «Полилингва», 2021. – 128 б.

ҚОСЫМША А

Пиньинь әріптері мен буындарын Палладий және қазақ-латын графикасында транслитерациялаудың салыстырмалы кестесі

Пиньинь транскрипциялық жүйесі бойынша жазылуы	Палладий жүйесі бойынша жазылуы	Латыннегізді қазақ әліпбиінде таңбалануы
A		
a	а	a
ai	ай	ai
an	ань	an
ang	ан	aň
ao	ао	au
B		
ba	ба	ba
bai	бай	bai
ban	бань	ban
bang	бан	baň
bao	бао	bau
bei	бэй	bei
ben	бэнь	byn
beng	бэн	byň
bi	би	bi
bian	бянь	bian
biao	бяо	biau
bie	бе	bie
bin	бинь	bin
bing	бин	biň
bo	бо	bo
bu	бу	bu
C		
ca	ца	ca
cai	цай	cai
can	цань	can
cang	цан	caň
cao	цао	cau
ce	цэ	cy
cen	цэнь	cyn
ceng	цэн	cyň
cha	ча	cha
chai	чай	chai
chan	чань	chan
chang	чан	chaň
chao	чао	chau
che	чэ	chy
chen	чэнь	chyn
cheng	чэн	chyň
chi	чи	chı
chong	чун	choň
chou	чоу	chou
chu	чу	chu
chua	чуа	chua
chuai	чуай	chuai
chuan	чуань	chuan
chuang	чуан	chuaň
chui	чуй	chūi

chun	чунь	chūn
chuo	чо	chuo
ci	цы	cı
cong	цун	coñ
cou	цоу	cou
cu	цу	cu
cuan	цуань	cuan
cui	цуй	cui
cun	цунь	cun
cuo	цо	cuo
D		
da	да	da
dai	дай	dai
dan	дань	dan
dang	дан	dañ
dao	дао	dau
de	дэ	dy
dei	дэй	dei
den	дэнь	dyn
deng	дэн	dyñ
di	ди	di
dian	дянь	dian
diao	дяо	diau
die	де	die
ding	дин	diñ
diu	дю	diu
dong	дун	doñ
dou	доу	dou
dui	дуй	dui
dun	дунь	dün
duo	до	duo
E		
e	э	y
ei	эй	ei
en	энь	yn
eng	эн	yñ
er	эр	er
F		
fa	фа	fa
fan	фань	fan
fang	фан	fañ
fei	фэй	fei
fen	фэнь	fyn
feng	фэн	fyñ
fo	фо	fo
fou	фоу	fou
fu	фу	fu
G		
ga	га	ga
gai	гай	gai
gan	гань	gan
gang	ган	gañ
gao	гао	gau
ge	гэ	gy

gei	гэй	gei
gen	гэнь	gyn
geng	гэн	gyñ
gang	ган	gañ
gong	гун	goñ
gou	гоу	gou
gu	гу	gu
gua	гуа	gua
guai	гуай	guai
guan	гуань	guan
guang	гуан	guañ
gui	гуй	gui
gun	гун	gūn
guo	гуо	guo
H		
ha	ха	ha
hai	хай	hai
han	хань	han
hang	хан	hañ
hao	хао	hau
he	хэ	hy
hei	хэй	hei
hen	хэнь	hyn
heng	хэнь	hyñ
hong	хун	hoñ
hou	хоу	hou
hu	ху	hu
hua	хуа	hua
huai	хуай	huai
huan	хуань	huan
huang	хуан	huañ
hui	хуй	hui
hun	хунь	hün
huo	хо	huo
J		
ji	цзи	ji
jia	цзя	jia
jian	цзянь	jian
jiang	цзян	jiañ
jiao	цзяо	jiau
jie	це	jie
jin	цзинь	jin
jing	цзин	jiñ
jiong	цюн	jioñ
jiu	цю	jiu
ju	цюй	jüi
juan	цюань	juan
jue	цюе	jüe
jun	цюнь	jün
K		
ka	ка	ka
kai	кай	kai
kan	кань	kan
kang	кан	kañ

kao	као	kau
ke	кэ	ky
ken	кэнь	kyn
keng	кэн	kyñ
kong	кун	koñ
kou	коу	kou
ku	ку	ku
kua	куа	kua
kuai	куай	kuai
kuan	куань	kuan
kuang	куан	kuañ
kui	куй	küi
kun	кунь	kün
kuo	ко	kuo
L		
la	ла	la
lai	лай	lai
lan	лань	lan
lang	лан	lañ
lao	лао	lau
le	лэ	ly
lei	лэй	lei
leng	лэн	lyñ
li	ли	li
lia	ля	lia
lian	лянь	lian
liang	лян	liañ
liao	ляо	liao
lie	ле	lie
lin	линь	lin
ling	лин	liñ
liu	лю	liu
lo	ло	lo
long	лун	loñ
lou	лоу	lou
lu	лу	lu
lü	люй	lüi
luan	луань	luan
lüe	люе	lüe
lun	лунь	lūn
luo	ло	luo
M		
ma	ма	ma
mai	май	mai
man	мань	man
mang	ман	mañ
mao	мао	mau
me	мэ	my
mei	мэй	mei
men	мэнь	myn
meng	мэн	myñ
mi	ми	mi
mian	мянь	mian
miao	мяо	miau

mie	ме	mie
min	минь	min
ming	мин	miñ
miu	мю	miu
mo	мо	mo
mou	моу	mou
mu	му	mu
N		
na	на	na
nai	най	nai
nan	нань	nan
nang	нан	nañ
nao	нао	nau
ne	нэ	ny
nei	нэй	nei
nen	нэнь	nyn
neng	нэн	nyñ
ni	ни	ni
nian	нянь	nian
niang	нян	niañ
niao	няо	niau
nie	не	nie
nin	нинь	nin
ning	нин	niñ
niu	ню	niu
nong	нун	noñ
nou	ноу	nou
nu	ну	nu
nü	нюй	nüi
nuan	нуань	nuan
nüe	нюе	nüe
nuo	но	nuo
O		
o	о	o
ou	оу	ou
ong	он	oñ
P		
pa	па	pa
pai	пай	pai
pan	пань	pan
pang	пан	pa
pao	пао	pau
pei	пэй	pei
pen	пэнь	pyn
peng	пэн	pyñ
pi	пи	pi
pian	пянь	pian
piao	пяо	piau
pie	пе	pie
pin	пинь	pin
ping	пин	piñ
po	по	po
pou	поу	pou
pu	пу	pu

Q		
qi	ци	çi
qia	ця	çia
qian	цянь	çian
qiang	цян	çiañ
qiao	цяо	çiau
qie	це	çie
qin	цинь	çin
qing	цин	çiñ
qiong	цюн	çioñ
qiu	цю	çiu
qu	цюй	çüi
quan	цюань	çüan
que	цюе	çüe
qun	цюнь	çün
R		
ran	жань	ran
rang	жан	rañ
rao	жао	rau
re	жэ	ry
ren	жэнь	ryn
reng	жэн	ryñ
ri	жи	rı
rong	жун	roñ
rou	жоу	rou
ru	жу	ru
rua	жуа	rua
ruan	жуань	ruan
rui	жуй	rui
run	жунь	rün
ruo	жо	ruo
S		
sa	са	sa
sai	сай	sai
san	сань	san
sang	сан	sañ
sao	сао	sao
se	сэ	sy
sen	сэнь	syn
seng	сэн	syñ
sha	ша	şa
shai	шай	şai
shan	шань	şan
shang	шан	şañ
shao	шао	şao
she	шэ	şy
shei	шэй	şei
shen	шэнь	şyn
sheng	шэн	şyñ
shi	ши	şı
shou	шоу	şou
shu	шу	şu
shua	шуа	şua

shuai	шуай	şuai
shuan	шуань	şuan
shuang	шуан	şuañ
shui	шуй	şui
shun	шунь	şün
shuo	шо	şuo
si	сы	sı
song	сун	soñ
sou	соу	sou
su	су	su
suan	суань	suan
sui	суй	süi
sun	сунь	sün
suo	со	suo
T		
ta	та	ta
tai	тай	tai
tan	тань	tan
tang	тан	tañ
tao	тао	tau
te	тэ	ty
teng	тэн	tyñ
ti	ти	ti
tian	тянь	tian
tiao	тяо	tiau
tie	те	tie
ting	тин	tiñ
tong	тун	toñ
tou	тоу	tou
tu	ту	tu
tuan	туань	tuan
tui	туй	tüi
tun	тунь	tün
tuo	то	tuo
W		
wa	ва	wa
wai	вай	wai
wan	вань	wan
wang	ван	wañ
wei	вэй	wei
wen	вэнь	wen
weng	вэн	weñ
wo	во	wo
wu	у	wu
X		
xi	си	xi
xia	ся	xia
xian	сянь	xian
xiang	сян	xıañ
xiao	сяо	xiau
xie	се	xie
xin	синь	xin
xing	син	xiñ
xiong	сюн	xioñ

xiu	сю	xiu
xu	сюй	xüi
xuan	сюань	xüan
xue	сюе	xüe
xun	сюнь	xün
Y		
ya	я	ia
yan	янь	ian
yang	ян	iañ
yao	яо	iau
ye	е	ie
yi	и	i
yin	инь	in
ying	ин	iñ
yo	ио	io
yong	ён	ioñ
you	ю	iou
yu	юй	üi
yuan	юань	üian
yue	юе	üie
yun	юнь	ün
Z		
za	цза	za
zai	цзай	zai
zan	цзань	zan
zang	цзан	zañ
zao	цзао	zau
ze	цзэ	zy
zen	цзэнь	zyn
zeng	цзэн	zyñ
zha	чжа	zha
zhai	чжай	zhai
zhan	чжань	zhan
zhang	чжан	zhañ
zhao	чжао	zhau
zhe	чжэ	zhy
zhei	чжэй	zhei
zhen	чжэнь	zhyn
zheng	чжэн	zhyñ
zhi	чжи	zhı
zhong	чжун	zhoñ
zhou	чжоу	zhou
zhu	чжу	zhu
zhua	чжуа	zhua
zhuai	чжуай	zhuai
zhuan	чжуань	zhuan
zhuang	чжуан	zhuañ
zhui	чжуй	zhui
zhun	чжунь	zhün
zhuo	чжо	zhuo
zi	цзы	zı
zong	цзун	zoñ
zou	цзоу	zou
zu	цзу	zu

zuan	цзуань	zuan
zui	цзуй	züi
zun	цзунь	zün
zuo	цзо	zuo

ҚОСЫМША Ә

Қытай антропонимдерінің қазақ-латын графикасында транслитерациялау кестесі

	Антропонимдер	Пиньинь транскрипциясы бойынша жазылуы	Қазақ-латын графикасында транслитерациялануы
1	艾青	Ai Qing	Ai Chiñ
2	白居易	Bai Juyi	Bai Züi İ
3	班超	Ban Chao	Ban Chau
4	包拯	Bao Zheng	Bau Zhyñ
5	蔡伦	Cai Lun	Cai Lün
6	蔡元培	Cai Yuanpei	Cai Üianpei
7	常香玉	Chang Xiangyu	Chañ Xiañüi
8	陈景润	Chen Jingrun	Chyn Jiñrün
9	陈寅恪	Chen Yinque	Chyn İnçüe
10	陈省身	Chen Xingshen	Chyn Xiñşen
11	程颢	Cheng Hao	Chyñ Hau
12	程颐	Cheng Yi	Chyñ İ
13	狄仁杰	Di Renjie	Di Rynjie
14	邓稼先	Deng Jiaxian	Dyñ Jiaxian
15	邓世昌	Deng Shichang	Dyñ Şıchañ
16	杜甫	Du Fu	Du Fu
17	杜牧	Du Mu	Du Mu
18	范仲淹	Fan Zhongyan	Fan Zhoñian
19	冯友兰	Feng Youlan	Fyñ İoulan
20	冯梦龙	Feng Menglong	Fyñ Myñloñ
21	关汉卿	Guan Hanqing	Guan Hançiñ
22	关羽	Guan Yu	Guan Üi
23	郭守敬	Guo Shoujing	Guo Şoujiñ
24	顾炎武	Gu Yanwu	Gu İanu
25	韩非	Han Fei	Han Fei
26	韩愈	Han Yu	Han Üi
27	华佗	Hua Tuo	Hua Tuo
28	华罗庚	Hua Luogeng	Hua Luogyñ
29	黄帝	Huang Di	Huañ Di
30	霍去病	Huo Qubing	Huo Chüibiñ
31	贾思勰	Jia Sixie	Jia Sixie
32	贾谊	Jia Yi	Jia İ
33	姜子牙	Jiang Ziya	Jiañ Zıia
34	康有为	Kang Youwei	Kañ İouwei
35	孔子	Kong Zi	Koñ Zı
36	孔尚任	Kong Shangren	Koñ Şañryn
37	老子	Lao Zi	Lau Zı
38	李白	Li Bai	Li Bai
39	李冰	Li Bing	Li Biñ
40	李清照	Li Qingzhao	Li Çiñzhau

41	李时珍	Li Shizhen	Li Şızhyn
42	李四光	Li Siguang	Li Sıguañ
43	李大钊	Li Dazhao	Li Dazhau
44	李鸿章	Li Hongzhang	Li Hoñzhañ
45	李贺	Li He	Li Hy
46	李商隐	Li Shangyin	Li Şañin
47	梁启超	Liang Qichao	Liañ Çichau
48	梁思成	Liang Sicheng	Liañ Sıchyñ
49	林则徐	Lin Zexu	Lin Zyxüi
50	林徽因	Lin Huiyin	Lin Hui'in
51	刘邦	Liu Bang	Liu Bañ
52	刘彻	Liu Che	Liu Chy
53	刘禹锡	Liu Yuxi	Liu Üixi
54	鲁迅	Lu Xun	Lu Xün
55	鲁班	Lu Ban	Lu Ban
56	吕不韦	Lv Buwei	Lüi Buwei
57	马寅初	Ma Yinchu	Ma İnchu
58	孟子	Meng Zi	Myñ Zı
59	孟浩然	Meng Haoran	Myñ Hauran
60	米芾	Mi Fu	Mi Fu
61	莫言	Mo Yan	Mo İan
62	欧阳修	Ouyang Xiu	Ouiañ Xiu
63	欧阳询	Ouang Xun	Ouiañ Xün
64	裴秀	Pei Xiu	Pei Xiu
65	钱学森	Qian Xuesen	Çian Xüesyn
66	钱三强	Qian Sanqiang	Çian Sançiañ
67	钱穆	Qian Mu	Çian Mu
68	秦始皇	Qin Shihuang	Çin Şıhuañ
69	秦观	Qin Guan	Çin Guan
70	饶宗颐	Rao Zongyi	Rao Zoñi
71	任正非	Ren Zhengfei	Ryn Zhyñfei
72	司马迁	Si Maqian	Sı Maçian
73	司马光	Si Maguang	Sı Maguañ
74	苏轼	Su Shi	Su Şı
75	苏步青	Su Buqing	Su Buçiñ
76	孙武	Sun Wu	Sün U
77	孙思邈	Sun Simiao	Sün Sımiau
78	孙中山	Sun Zhongshan	Sün Zhoñşan
79	谭嗣同	Tan Sitong	Tan Sıtoñ
80	唐太宗	Tang Taizong	Tañ Taizoñ
81	陶渊明	Tao Yuanming	Tau Üianmiñ
82	陶行知	Tao Xingzhi	Tau Xiñzhı
83	屠呦呦	Tu Youyou	Tu Iouiou
84	王安石	Wang Anshi	Wañ Anshı
85	王充	Wang Chong	Wañ Choñ
86	王国维	Wang Guowei	Wañ Guowei
87	王羲之	Wang Xizhi	Wañ Xizhı
88	王阳明	Wang Yangming	Wañ Yañmiñ

89	文天祥	Wen Tianxiang	Wen Tianxiañ
90	文征明	Wen Zhengming	Wen Zhyñmiñ
91	吴承恩	Wu Cheng’en	Wu Chyng’yn
92	吴道子	Wu Daozi	Wu Dauzı
93	吴敬梓	Wu Jingzi	Wu Jiñzı
94	武则天	Wu Zetian	Wu Zytian
95	项羽	Xiang Yu	Xiañ Üi
96	谢安	Xie An	Xie An
97	辛弃疾	Xin Qiji	Xin Çiji
98	徐霞客	Xu Xiake	Xüı Xiaky
99	徐光启	Xu Guangqi	Xüı Guañçi
100	徐悲鸿	Xu Beihong	Xüı Beihoñ
101	玄奘	Xuan Zang	Xüan Zañ
102	杨振宁	Yang Zhenning	İañ Zhynniñ
103	杨辉	Yang Hui	İañ Hui
104	岳飞	Yue Fei	Üie Fei
105	袁隆平	Yuan Longping	Üian Loñpiñ
106	袁崇焕	Yuan Chonghuan	Üian Choñhuan
107	张衡	Zhang Heng	Zhañ Hyñ
108	张骞	Zhang Qian	Zhañ Çian
109	张居正	Zhang Juzheng	Zhañ Jüizhyñ
110	张仲景	Zhang Zhongjing	Zhañ Zhoñjiñ
111	张载	Zhang Zai	Zhañ Zai
112	赵匡胤	Zhao Kuangyin	Zhau Kuañin
113	赵孟頫	Zhao Mengfu	Zhau Myñfu
114	郑和	Zheng He	Zhyñ Hy
115	郑成功	Zheng Chenggong	Zhyñ Chyñgoñ
116	周恩来	Zhou Enlai	Zhou Ynlai
117	周敦颐	Zhou Dunyi	Zhou Dün’i
118	周培源	Zhou Peiyuan	Zhou Peiüan
119	朱熹	Zhu Xi	Zhu Xi
120	朱元璋	Zhu Yuanzhang	Zhu Üianzhañ

ҚОСЫМША Б

Қытай топонимдерін қазақ-латын графикасында транслитерациялау кестесі

	Топонимдер	Пиньинь транскрипциясы бойынша жазылуы	Қазақ-латын графикасында транслитерациялануы
1	阿坝	Aba	Aba
2	阿克苏	Akesu	Aqsu
3	阿拉善	Alashan	Alaşan
4	阿勒泰	Aletai	Altai
5	安庆	Anqing	Ançiñ
6	安顺	Anshun	Anşün
7	安阳	Anyang	Aniañ
8	鞍山	Anshan	Anşan
9	巴彦淖尔	Bayannur	Baiannūr
10	白城	Baicheng	Baichy
11	白山	Baishan	Baişan
12	白银	Baiyin	Bai’in

13	百色	Baise	Baisy
14	蚌埠	Bengbu	Byñbu
15	保定	Baoding	Baudiñ
16	保山	Baoshan	Bauşan
17	北海	Beihai	Beihai
18	北京	Beijing	Beijiñ
19	本溪	Benxi	Bynxi
20	滨州	Binzhou	Bynzhou
21	沧州	Cangzhou	Cañzhou
22	长春	Changchun	Chañchün
23	长沙	Changsha	Chañşa
24	长治	Changzhi	Chañzhı
25	常德	Changde	Chañdy
26	常州	Changzhou	Chañzhou
27	朝阳	Chaoyang	Chauiañ
28	成都	Chengdu	Chyñdu
29	承德	Chengde	Chyñdy
30	郴州	Chenzhou	Chyñzhou
31	赤峰	Chifeng	Chıfyñ
32	重庆	Chongqing	Choñçiñ
33	崇左	Chongzuo	Choñzuo
34	滁州	Chuzhou	Chuzhou
35	楚雄	Chuxiong	Chuxioñ
36	达州	Dazhou	Dazhou
37	大理	Dali	Dali
38	大连	Dalian	Dalian
39	大庆	Daqing	Daçiñ
40	大同	Datong	Datoñ
41	丹东	Dandong	Dandoñ
42	德宏	Dehong	Dyhoñ
43	德阳	Deyang	Dyiañ
45	德州	Dezhou	Dyzhou
46	定西	Dingxi	Diñxi
47	东莞	Dongguan	Doñguan
48	东营	Dongying	Doñiñ
49	鄂尔多斯	Ordos	Ordos
50	鄂州	Ezhou	Yzhou
51	防城港	Fangchenggang	Fañchyñgañ
52	佛山	Foshan	Foşan
53	抚顺	Fushun	Fuşün
54	抚州	Fuzhou	Fuzhou
55	福州	Fuzhou	Fuzhou
56	阜新	Fuxin	Fuxin
57	阜阳	Fuyang	Fuiañ
58	甘南	Gannan	Gannan
59	赣州	Ganzhou	Ganzhou
60	广安	Guangan	Guangan
61	广元	Guangyuan	Guanüan

62	广州	Guangzhou	Guañzhou
63	桂林	Guilin	Guilin
64	贵港	Guigang	Guigang
65	贵阳	Guiyang	Gui’iañ
66	哈尔滨	Harbin	Harbin
67	海东	Haidong	Haidoñ
68	海口	Haikou	Haikou
69	海拉尔	Hailar	Hailar
70	邯郸	Handan	Handan
71	杭州	Hangzhou	Hañzhou
72	汉中	Hanzhong	Hanzhoñ
73	鹤壁	Hebi	Hybi
74	鹤岗	Hegang	Hygañ
75	黑河	Heihe	Heihy
76	衡水	Hengshui	Hyñşui
77	衡阳	Hengyang	Hyñiañ
78	红河	Honghe	Hoñhy
79	呼和浩特	Hohhôt	Huhot
80	呼伦贝尔	Hulun Buir	Hulun buir
81	湖州	Huzhou	Huzhou
82	怀化	Huaihua	Huaihua
83	淮安	Huaian	Huai’an
84	淮北	Huaibei	Huaibei
85	淮南	Huainan	Huainan
86	黄冈	Huanggang	Huañgañ
87	黄山	Huangshan	Huañşan
88	黄石	Huangshi	Huañşı
89	惠州	Huizhou	Huaijou
90	吉林	Jilin	Jilin
91	济南	Jinan	Jinan
92	济宁	Jining	Jiniñ
93	嘉兴	Jiaxing	Jiasiñ
94	嘉峪关	Jiayuguan	Jiaüiguan
95	江门	Jiangmen	Jiañmyn
96	焦作	Jiaozuo	Jiauzuo
97	揭阳	Jieyang	Jieiañ
98	金昌	Jinchang	Jinchañ
99	金华	Jinhua	Jinhua
100	锦州	Jinzhou	Jinzhou
101	晋城	Jincheng	Jincheñ
102	晋中	Jinzhong	Jinzhong
103	荆门	Jingmen	Jiñmyn
104	荆州	Jingzhou	Jiñjou
105	景德镇	Jingdezhen	Jiñdyzhyn
106	九江	Jiujiang	Jiujiañ
107	九龙	Jiulong	Jiulong
108	开封	Kaifeng	Kaifyñ
109	克拉玛依	Karamay	Qaramai

110	喀什	Kashgar	Qaşqar
111	昆明	Kunming	Künmiñ
112	拉萨	Lhasa	Lhasa
113	来宾	Laibin	Laibin
114	兰州	Lanzhou	Lanzhou
115	廊坊	Langfang	Lañfañ
116	乐山	Leshan	Lyşan
117	丽江	Lijiang	Lijiañ
118	丽水	Lishui	Lişui
119	连云港	Lianyungang	Lianüingañ
120	凉山	Liangshan	Liañşan
121	辽阳	Liaoyang	Liau’iañ
122	聊城	Liaocheng	Liauchyñ
123	临沂	Linyi	Lin’i
124	临汾	Linfen	Linfyn
125	临夏	Linxia	Linxia
126	柳州	Liuzhou	Liuzhou
127	龙岩	Longyan	Loñian
128	泸州	Luzhou	Luzhou
129	洛阳	Luoyang	Luoiañ
130	凉山	Liangshan	Liañşan
131	吕梁	Lvliang	Lüiliañ
132	马鞍山	Ma'anshan	Ma’anşan
133	茂名	Maoming	Maumiñ
134	梅州	Meizhou	Meizhou
135	绵阳	Mianyang	Mianiañ
136	牡丹江	Mudanjiang	Mudanjiañ
137	南昌	Nanchang	Nanchañ
138	南充	Nanchong	Nanchoñ
139	南京	Nanjing	Nanjiñ
140	南宁	Nanning	Nanniñ
141	南通	Nantong	Nantoñ
142	南阳	Nanyang	Naniañ
143	宁波	Ningbo	Niñbo
144	宁德	Ningde	Niñdy
145	攀枝花	Panzhihua	Panzhıhua
146	平顶山	Pingdingshan	Piñdiñşan
147	平凉	Pingliang	Piñliañ
148	萍乡	Pingxiang	Piñxiañ
149	莆田	Putian	Putian
150	濮阳	Puyang	Pu’iañ
151	齐齐哈尔	Qiqihar	Çiçihar
152	秦皇岛	Qinhuangdao	Çiñhuañdau
153	青岛	Qingdao	Çiñdau
154	清远	Qingyuan	Çiñüian
155	庆阳	Qingyang	Çiñiañ
156	曲靖	Qujing	Çüijiñ
157	衢州	Quzhou	Çüijou

158	日照	Rizhao	Rızhau
159	三亚	Sanya	San’ia
160	三明	Sanming	Sanmiñ
161	厦门	Xiamen	Xiamyn
162	西安	Xi’an	Xi’an
163	西宁	Xining	Xiniñ
164	西双版纳	Xishuangbanna	Xişuañbanna
165	咸阳	Xianyang	Xian’iañ
166	湘潭	Xiangtan	Xiañtan
167	襄阳	Xiangyang	Xianiañ
168	新乡	Xinxiang	Xinxiañ
169	新余	Xinyu	Xinüi
170	徐州	Xuzhou	Xüizhou
171	烟台	Yantai	İantai
172	盐城	Yancheng	İanchyñ
173	延安	Yan’an	İan’an
174	延边	Yanbian	İanbian
175	扬州	Yangzhou	İañzhou
176	阳泉	Yangquan	İañçuan
177	宜昌	Yichang	İchañ
178	宜宾	Yibin	İbin
179	银川	Yinchuan	İnchuan
180	营口	Yingkou	İñkou
181	永州	Yongzhou	İoñzhou
182	榆林	Yulin	Üilin
183	玉林	Yulin	Üilin
184	玉溪	Yuxi	Üixi
185	岳阳	Yueyang	Üieiañ
186	运城	Yuncheng	Üinchyñ
187	枣庄	Zaozhuang	Zauzhuañ
188	湛江	Zhanjiang	Zhanjiañ
189	张家口	Zhangjiakou	Zhañjiakou
190	张家界	Zhangjiajie	Zhañjiajie
191	张掖	Zhangye	Zhañ’ie
192	漳州	Zhangzhou	Zhañzhou
193	昭通	Zhaotong	Zhautoñ
194	肇庆	Zhaoqing	Zhauçiñ
195	镇江	Zhenjiang	Zhynjiañ
196	郑州	Zhengzhou	Zheñzhou
197	中山	Zhongshan	Zhoñşan
198	舟山	Zhoushan	Zhouşan
199	珠海	Zhuhai	Zhuhai
200	株洲	Zhuzhou	Zhuzhou
201	淄博	Zibo	Zıbo
202	遵义	Zunyi	Zun’i